Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 94(574)«18»:353 Қолжазба құқығында

МАЛИКОВ БАХЫТЖАН УСЕНОВИЧ

Қазақ даласындағы болыстық билеушілер институты: қалыптасуы, қызметі, құрылымы (XIX ғасырдың екінші жартысы –XX ғасырдың басы)

6D020300 – «Тарих»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Тарих ғылымдарының докторы,
профессор Г.С. Сұлтанғалиева

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Философия докторы (PhD),
профессор Никколо Пианчолла

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві

РГИА – Российский гусударственный историчесий архив

РМТМ – Ресей Мемлекеттік Тарихи Мұрағаты

ПСЗ РИ – Полноесобрание законов Российской империи

РИЗТЖ – Ресей империясы заңдарының толық жинағы

ІІМ – Ішкі істер министрлігі

ҚР ҰҒА – Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы

қ. – қор

М. – Москва

Л. –Ленинград

п. – парақ

с. – страница

СПб. – Санкт-Петербург

т. – том

л. – лист

тип. – тапография

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....4

1 БОЛЫСТЫҚ БИЛЕУШІЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ – МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....17
1.1 Зерттеу мәселесінің теориялық – методологиялық негіздері.....17
1.2 Зерттеудің тарихнамалық тұрғыдан талдануы 23
1.3 Зерттеудің деректік құрылымы және талдануы 32

2 ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА БОЛЫСТЫҚ БАСҚАРУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ.....37
2.1 Қазақ даласындағы болыстық институттың құрылуының алғышарттары.....37
2.2 Семей және Ақмола облыстарының территориясындағы болыстардың құрылу ерекшелігі 47
2.3 Орал және Торғай облыстарында болыстықтардың құрылуы.....53
2.4 Сырдария және Жетісу облыстарының болыстары: географиялық орналасуының ерекшеліктері мен халқының құрамы.....60

3 БОЛЫСТЫҚ БИЛЕУШІЛЕР: ТАҒАЙЫНДАЛУ ПРИНЦИПІ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕРІ.....71
3.1 Болыстық съездер: болыстық билеушілерді тағайындау механизмі.....71
3.2 Болыстық билеушілердің қызметтік міндеттері.....89
3.3 Болыстардың қоғамдық қызметі.....95

4 БОЛЫСТЫҚ БИЛЕУШІЛЕРДІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ.....103
4.1 XIX ғасырдағы қазақ өлкесіндегі болыстық билеушілердің әлеуметтік жағдайлары.....103
4.2 Болыстық билеушілердің қызметіне қазақ халқының көзқарасы.....115
4.3 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі болыстық билеушілердің рөлі.....128

ҚОРЫТЫНДЫ.....139
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 142
ҚОСЫМША.....154

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі орыс отаршыларының қазақ даласында құрған әкімшілік-территориалдық басқару органдары, оның ішінде болыстық билеушілер институтының қалыптасуы мен қызметі және олардың дәстүрлі қазақ қоғамына тигізген ықпалы қарастырылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі таңдағы қоғам дамуының әлеуметтік-мәдени тенденциясын ашып көрсететін тарих ғылымының әлеуметтік тарих бағыты – маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Егемен еліміздің тарихында екі жүз жылға жақын аралықты қамтыған Ресей империясының қол астында болған отарлық кезең тарихын зерттеп, зерделеу бүгінгі күнде өзекті мәселелердің бірі. Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біз тарихтың сабағын айқын түсінуіміз керек. ... Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді.Бұдан сабақ ала білмесек, тағы да тарихтың темір қақпанына түсеміз. Ендеше, эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс. Бірақ, қоғамның эволюциялық дамуы қағида ретінде мәңгі тұмшаланудың синонимі емес. Сол себепті, тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай, өзіміз күнде көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу де айрықша маңызды. ... қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады», – деп жазды [1, 1-2 бб].

Қазақстан тарихындағы өзекті де қарама-қайшылықты құрайтын мәселелердің бірі «Ресей империясы құрамындағы Қазақстан» кезеңі. Оның ішінде әкімшілік-территориялық басқару органдары мен мемлекеттік билеу институтының рөлі мен функциясын, оның қазақ қоғамына тигізген артықшылығы мен кемшілігін көрсету маңызды болып табылады. Мұндай мәселелерге қызығушылық бірқатар жағдайлармен байланысты: Қазақстан республикасының қоғамдық-саяси даму қажеттіліктері мен тақырыптың кейбір бөлігінің зерттелмеуі, немесе зерттелген мәселелерде жаңа аспектілердің пайда болуымен байланысты. Қазақ даласындағы ресейлік билік жүйесінің төменгі сатыларының құрамына енген болыстық билеушілер институтын зерттеу XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени өмір салтының өзгеруін, тұрмыс тіршілігін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Басқарудың төменгі жүйесіндегі тарихи оқиғалар жайы, көшпелі өмір салтын ұстанған қазақтардың біріңғай империялық басқару жүйесіне енгізілу үдерісі мен қазақ қоғамының империялық әкімшілік құрылымына көшіп-қону барысына бейімделу механизмін қарауға ыңғайлы жағдай туындатты. Зерттеу барысында көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ қоғамы - орталықтың қабылдаған әрбір шешімдерін және әрекеттерін қандай дәрежеде мойынсұнып қабылдағандығын, сонымен қатар Ресей билігінің

болыстық басқару жүйесіндегі бақылау жүргізу барысының анық-қанығына жету маңызды болып саналады.

Ресейлік биліктің басқару жүйесінің төменгі сатысы болып табылатын Қазақстан тарихындағы далалық болыстық билеушілер институты феноменін зерттеу арқылы XVIII-XX ғғ. бас кезеңіндегі қазақ қоғамы мен орыс отаршыларының өзара қарым-қатынасындағы мәселелерді жаңа қырынан ашу, айқындау өте қажет. Өйткені осы кезеңдердегі орыс өкіметі құрған басқару және билеу институтының қазақ халқының өміріне, этникалық менталитетіне, қазақтардың бітім-болмысына, шаруашылығы мен мәдениетіне әсер ететіндей қандай өзгеріс әкелгені, ендігі жерде бұл өзгерістер қазақтардың дамуына оң әсерін берді ме деген сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап іздеу бүгінгі күн тәртібінде тұрған сауалдардың бірі болып табылады.

Тарихи қалыптасқан түсінік әлеуметтік-саяси құрылымның абстрактісіз және еш өзгешеліксіз зерттеп қарау деген емес, ол шын мәнінде тарихта болған, нақты ұжымды құрған, сонда өмір сүрген адамдарды зерттеу болып табылады. Бағамдасақ, бұл жағдайдан, XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі болыстық басқару жүйесінен, басқару тәртібінің төменгі сатысындағы қалыптасу үдерісіндегі тарихи жағдайды дұрыстап талдап қарамайынша қазіргі Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару органдарында болып жатқан ауылдық округ әкімдерін сайлау үдерістерін терең түсіну мүмкін емес. Атап айтқанда, Қазақ даласында қызмет жасаған болыстықтар, өмірлік тәжірибеде оларға нұсқау болған өздерінің тәжірибесі, дүниетанымы қазіргі Қазақстанның сайлау жүйесі мен демократиялық қоғамының даму негізінің тарихи сабақтастығын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының нысаны - XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі Торғай, Орал, Семей, Ақмола, Жетісу және Сырдария облыстарындағы болыстық басқару жүйенің қызметі, қалыптасуы мен ерекшелігі алынды.

Зерттеу жұмысының пәні - Қазақ даласындағы болыстық билеушілер институтының қалыптасуы, қызметі, құрылымы (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы)

Диссертация тақырыбын зерттеудің мақсаты мен міндеттері.

Зерттеудің **мақсаты** XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бас кезеңіндегі Қазақ даласында патша өкіметі құрған территориалдық-әкімшілік басқару органдары, оның ішінде болыстық билеу институтының дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік, саяси-экономикалық өміріне тигізген ықпалын кешенді түрде зерттеу.

Мақсатты жүзеге асыру барысында төмендегідей міндеттерді шешу керек:

- зерттеудің теориялық-методологиялық негіздеріне шет елдік, отандық зерттеулер мен осы кезеңдегі болыс билеушілерінің қызметін көрсететін мұрағаттық, жылнамалық және статистикалық деректерді талдау жасау, "метрополия-колония" дихотомиясының мәні, «билік», «болыс», «ауыл старшыны», т.б. теориялық ұғымдарын зерделеу;

- Қазақ даласында орыс отаршыларының әкімшілік-территориялық басқару органдарын құрудың алғышарттарын және болыстарды құру тетіктерін айқындау;

- Батыс-Сібір, Түркістан және Дала генерал-губернаторлықтарындағы болыстардың құрылуы мен әкімшілік жүйесіндегі ерекшеліктерді салыстыру;

- болыс билеушілерін тағайындау тетігін және көшпелі қазақ қоғамының өміріндегі болыстық съездердің рөлін анықтау;

- болыс билеушілерінің қызметтік міндеті, ел арасындағы рөлі мен тұлғалық қасиетін айқындау;

- болыс билеушілерінің әлеуметтік жағдайы (жалақы, зейнетақы, марапаттау және т.б.) мен білім деңгейінің халықты басқару саясатына тигізген ықпалын талдау;

- қазақ ақындарының шығармаларындағы болыстық билеушілер жөніндегі шығармашылығын талдау;

- болыстық билеушілердің тұрғылықты мекен еткен халықпен және сол аймақтың билеушілермен, соның ішінде: уезд басшылары, әскери губернатор, генерал-губернатор және т.б., ішінара қалыптасқан қарым-қатынасы және болыстық билеушілердің Ресей билігін қабылдауы мен олардың қызметтерін орыс шенеуніктердің бағалауы мәселелеріне салыстырмалы талдауды жасау болып табылады;

- 1916 жылы болған көтеріліс кезіндегі болыстық билеушілердің қабылдаған ұстанымдары мен олардың қызметін жан-жақты көрсету;

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері мен географиялық аясы.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шегі XIX ғ. II жартысындағы Қазақ даласына әкімшілік құрылымы ретінде болыстық билеушілер институтының таралу кезеңі мен XX ғ. бас кезеңі аралығын қамтиды. Зерттеудің территориялық ауқымы тақырыппен байланысты Қазақстан Республикасының аумағын қамтиды. Сонымен қатар қазіргі кезеңдегі көршілес елдер аумағындағы бұрынғы Қазақ даласы болып саналған аумақтардағы деректер мен мағлұматтар қоса алынды.

Диссертацияның теориялық-методологиялық негізі. Қазақ даласындағы болыстық билеушілер институтына арналған жұмысымыздың теориялық негізін шет елдік және Отандық зерттеушілердің басқару және билік институты жөніндегі тұжырымдары құрады. Мәселен, батыс елдері ғылымындағы «призматическая» атанған тұжырымына сәйкес Ф. Риггстің яғни бұрынғы институттардың жойылып, орнына жаңа билеу билік аппаратын құруы жөніндегі [2], Ресей империясындағы әкімшіліктің үш деңгейі жөнінде Марк Раевтың [3], Ресейлік империялық үстемдіктің жергілікті этникалық халықтарға әсері жөніндегі Майкл Станиславсийдің[4], американдық тарихшы Вирджиния Мартиннің [5] еңбектеріндегі тұжырымдамалар негізге алынды. Олардың тарихи түйісте жазылған еңбектері бірыңғай жүйелі тұтастықтағы тарихи-мәдени өзгерістерді салыстырмалы зерттеуге және талдап қорытуға мүмкіндік берді. Диахрония және синхрония теориялық әдістері жүз жылдықтағы көшпелі қазақ қоғамының әлеуметтік, мәдени және саяси өмірінің тарихи өзгерісін түсіндіруге,

қазақ халқының ой санасының өзгеруіне және қалыптасқан жағдайға бейімделудің жаңа формасын қабылдауына әсер еткен негізгі оқиғаларды анықтауға көмектеседі.

Зерттеудің методологиялық негізін ғылыми зерттеулердің жалпы және арнайы қағидалары құрайды. Бүгінде тарихи танымның әртүрлі саласындағы зерттеушілер обьективті ақиқат деңгейінде тіркелген ақпараттық мәліметтерді алуға мүмкіндік беретін тарихи және тарихнамалық деректер жөнінде ғылыми жүйе қалыптастырған. Солардың ішінде қарастырылып отырған зерттеуде тарихи факті ретінде нақты тәсіл болып табылатын тарихи қағиданың (принциптің) маңызы ерекше. Аталған қағида әрбір деректе тұтас және терең тәсілді қамтамасыз етеді. Әдеттегідей мәселеге қатысты фактілерді жан-жақты талдаудың нәтижесінде шынайылыққа қол жеткізуге мүмкіндік беретін тарихилық принцип басты негізге алынды. Осының негізінде зерттеуде келтірілген XVIII-XIX ғғ. қазақ даласындағы әкімшілік-территориалдық басқару органдары мен болыстық билеу институттары турасындағы мағлұмат беретін мұрағат құжаттары мен өзге де материалдар салыстырылды. Салыстырмалы талдау жұмысы Қазақ елінің әлемдік тарихтағы алған орнын және империялық биліктің басқару формасын анықтауға, зерттеу нәтижесінде XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басындағы Қазақ даласын басқару жүйесіндегі болыстық билеушілер институтының: қалыптасуын, құрылуын, қызметі мен ресейлік билікпен өзара әрекеттестігін айқындауға мүмкіндік береді.

Диссертацияда жүйелілік-құрылымдық қағида (принцип) да үлкен рөл атқарады, зерттеудегі үдерістің өзі жекелеп қарағанда өзара ұқсас элементтерден тұратын құрылымға сай өте күрделі жүйе болып табылады. Жұмыс барысында орыс өкіметінің басқару аппаратының бірі болған болыстықтарды құру, ол болыстықтарға басқаратын болатын болыс сайлау, олардың атқаратын негізгі қызметі мен халықты басқарудағы ұстанған саясаты мен құралы, орыс шенеуніктері мен қазақ болыс билеушілері арасындағы қарым қатынасқа басымдық беріледі. Диссертация мазмұны жүйелілік-құрылымдық қағидаға негізделген.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазақстан тарихнамасындағы өзекті дәрежеге ие қарама-қайшылықты құрайтын мәселелердің бірі де бірегейі Қазақстанның Ресей империясы құрамындағы кезеңі. Қазақ даласындағы әкімшілік-территориялық басқару органдары, билеу институтының атқаратын рөлі мен функциясын, қазақ қоғамына тигізген едәуір әсері турасы жеке дара зерттеу объектісіне айналмаса да, орыс отаршыларының құрған әкімшілік-территориалдық басқару органдары, XIX-XX ғғ. жүргізілген зерттеулерде көрсетілгендей, қазақ жерінің губернаторлыққа, облысқа, уездерге, болыстыққа бөлінуі жайында ақпараттар жоқ емес. Десе де, қазақ жерінде жергілікті басқару органы болған болыстық институттың қазақ қоғамындағы рөлі мен болыс билеушілерінің ел арасындағы қызметі, әлеуметтік жағдайы жөнінде кешенді түрде жазылған еңбектер жоқтың қасы.

Тақырыпқа қатысты зерттеулерді біз бірінші тарауда қарастырамыз, алайда кіріспеде біздің зерттеуімізге арқау болған негізгі жұмыстарды топтастыра отырып талдау жасадық.

Болыстық билеу институтының пайда болуына әкелген хандық биліктің жойылуын, 1822 және 1824 жж. «Ереже» бойынша басқарудың жаңа жүйесінің енуін зерттеу нысанына айналдырған қазан төңкерісіне дейінгі зерттеушілер Л.Л. Мейер, Н.И. Красовский, М.А. Терентьев, М.И. Венюков, А.К. Гейнс, А.И. Макшеев болды.

Осылардың ішінде А.К. Гейнстің «Дневник 1865 года. Путешествие по киргизским степям» [6] еңбегінде Батыс-Сібір генерал-губернаторлығындағы болыстық жүйеге байланысты жазған материалдары өте құнды болып табылады. В.А. Чижовтың «Краткое руководство для сельских старост, волостных старшин и волостных правлений» [7], А. Боровиковскийдің «Обязанности должностных лиц волостных сельских управлений» [8] деген еңбектері болыстық старшындар мен хатшыларға, енгізілген заңнамалық нормаларды тұрмыстық тілде мазмұндап беретін құрал болды.

Зерттеуге арқау болған деректердің бірі Ф.А. Щербина бастаған 12 уезді зерттеген экспедицияның материалдары [9].Онда «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдарының...» 12 томында Ақмола облысының 5 уезінің құрамына кірген 51 болыс жөнінде, Семей өңірінің 5 уезінің құрамына кірген 77 болыс туралы, Торғай өңіріне қарасты 4 уезінің екеуінің құрамына кірген 22 болыстың әлеуметтік экономикалық өмірі және де халқы жөнінде нақты деректерге сәйкес статистикалық мәліметтер келтіріледі. Түркістан генерал губернаторлығының құрылуы, ол жердегі болыстық билеу органдары туралы «Проект всеподданнейшего отчета генерал-губернатора К.П. фон Кауфмана по гражданскому управлению и устройству в областях Туркестанского генерал-губернаторства» [10] еңбегінің біздің жұмысымыз үшін маңызы жоғары болып табылады. Сол сияқты Жетісу және Сырдария облысындағы болыстық билеушілер институтын зерттеу барысында П.П. Румянцевтің «Киргизский народ в прошлом и настоящем» [11] атты еңбегі мен Н.С. Лыкошиннің уезд басшысы қызметінде болған кезіндегі қазақ болыстарының жағдайы жөнінде өзінің «Пол жизни в Туркестане: Очерки быта Туземного населения» [12] атты еңбектерінің маңызы зор. Лыкошин өзінің еңбегінде бірнеше бөлімді болыстық билеушілердің мәселесіне арнайды. Атап айтсақ, «Волостные управители у киргиз» және «Волостные управители по выборам и назначению» атты бөлімдерінде болыстық билеуші болып кімдердің және де қандай мақсатта сайланатынын, сайлау барысын және сайлау өткен соң халық пен болыстық билеушінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын толық сипаттайды. А.И. Добросмыслов «Тургайская область Исторический очерк» [13]атты еңбегінде Торғай өңірінің саяси-территориялық қалыптасуын, географиялық ерекшеліктерін атап көрсетеді. Н.А. Середа «Из истории волнений В Оренбургском крае» [14] еңбегінде Уақытша ережеге байланысты қателіктердің орын алғанын айтады. Сондай ақ, оның зерттеуі Орынбор ведомоствасының территориясындағы болыстардың құрылуына байланысты 1868 жылғы

әкімшілік жаңашылдыққа Торғай облысы қазақтарының үлкен қарсылығы баяндалады.

Кеңестік кезең зерттеушілерінің басты назары экспансионизм мәселесінің айналасында болып: жаулап алу немесе қосылу деген бағытта жүргізілді. Сол себепті, зерттеулердің басым көпшілігі қазақ жеріндегі аграрлық отарлау мәселесін зерттеуге арналды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық мәселесін зерттеуде аграрлық жоспар тарихы өзекті әрі күрделі болып қала берді. П.Г. Галузо «Туркестан-колония (очерк истории колониальной политики русского царизма в Средней Азии)» [15], Б. Сулейменов «Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX–начало XXвв. (1867-1907)» [16]. Бірақ кеңестік кезеңдегі еңбектерде болыстық басқармалардың құрылу принципі және болыстық билеушілердің көшпелі қазақ қоғамының өміріндегі рөлі туралы мүлде жазылмады.

Кеңестік тарихнамада Ресей империясының территориясында болыстық басқармалардың ұйымдастырылуы мәселесіне тек XX ғасырдың орта шенінде ғана қызығушылық туғыза бастады. Атап айтатын болсақ, А.В. Бондаревскийдің «Волостное управление и положение крестьян в царской России (1861-1917): автореф. дис… канд. ист.наук» [17]. Қазақ жеріндегі болыстық билеушілер институтының қалыптасуы мен болыстық әкімшілік жүйенің ұйымдастырылуы жөнінде мәселені алғашқылардың бірі болып С.З. Зиманов көтере бастайды. Оның «Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков» [18]еңбегі бүгінгі күнде де өз маңыздылығын жойған жоқ. Қазақстандық тарихнамада К.А. Жиреншин [19] XIX ғасырдағы реформалардың енгізілуі және оның дәстүрлі басқару жүйесіне әсері мәселесін қарастырады. Егер С.З. Зиманов [20] XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың бірінші жартысы кезеңіндегі жаңа әкімшілік реформалардың маңызы жөнінде жазса, К.А. Жиреншин [19] XIX ғасырдың екінші жартысындағы жағдайға назар аударады. Бірақ бұл жұмыстардың барлығында тек ғана болыстық басқарманың құрылуы жөнінде фактілер констатациясы тізбектеліп, ал болыстық басқармалардың қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени өміріндегі рөліне басты назар аударылмайды.

Қазіргі заманғы зерттеулерде XIX – XX ғғ. басындағы Ресей империясында болыстық басқарма жүйесінің ұйымдастырылуы мен болыстық билеушілер институты мәселесі жан-жақты зерттелінуде.

Дала облыстарында болыстық институттың қызметі мен болыстық әкімшілік жүйенің ерекшелігін зерттеген ресейлік ғалымдардың ғылыми жұмыстарының мазмұнына арнайы тоқталып кететін болсақ: Р.М. Ибрагимов «Взгляд генерал-губернатора Степного края Г.А.Колпаковского на основы управления «туземным» населением региона (50-80-е гг. XIX в.)» [21], Е.В. Безвиконная «Административно-правовая политика Российской империи в степных областях Западной Сибири в 20-60-х гг. XIX в.»[22] еңбектерін атап айтуға болады. Бұл авторлар XIX-XX ғғ. Дала облыстары аумағындағы жергілікті басқарудың ерекшелігі мен ұйымдастырудың әртүрлі аспектілерін зерттеумен айналысты. Б.А. Тынысовтың «Расселение казахов на территории Омского Прииртышья (конец XIX – первая треть XX в.)» [23] мақаласы

диссертациялық еңбекке қажетті мағлұматтары бар еңбек болып табылады. Мұрағат материалдарының негізінде, этнографиялық экспедиция барысында табылған статистикалық деректер мен мәліметтерге сүйене отырып, Ертіс маңындағы Омбы қазақтарының орналасу динамикасы зерттеліп, отырықшы өмірге өту үдерісінің негізгі кезеңдерін қарастырылды.

Қазіргі заманғы тарих ғылымында болыстық билеушілер институты мен болыстық басқару жүйесінің ұйымдастырылу ерекшеліктеріне салыстырмалы сын көзбен қарасақ, бұл мәселе өзінің өзектілігін жақында алған болатын. Ресей империясы кезіндегі қазақ даласы бойынша аталған мәселені зерттеудің өзектілігінде сөз жоқ. Сол секілді, Б.М. Абдрахмановаңың «История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке» [24] ол қазақ жеріндегі ресейлік биліктің салдарынан құрылған басқару органдарын, билік құрылымын, олардың атқаратын қызметін, негізгі рөлін жан-жақты ашып көрсетсе, Ж.М. Жампейісова [25] XIX ғасырдағы дәстүлі билік институттарының эволюциясын өз зерттеулерінде егжей-тегжей қарастырды. Түркістан генерал-губернаторлығының қолға тиген материалдарына сәйкес т.ғ.д. С.Сайфулмаликованың Жетісу, Сырдария облыстарындағы болыстардың құрылу тарихынан: қазақ қоғамындағы рулық қоғамды жою бағытындағы 1844, 1867 ж. Ережелердің әлеуметтік салдары [26], зерттеуші Г.К. Калиеваның «Влияние особенностей управления чиновничества в лице волостных управителей и аульных старшин на их социальный статус» [27], Г.С. Султангалиева [28] XIX ғасырдың екінші жартысында Батыс Қазақстандағы билеу институты мен Ақтөбе уезіндегі болыстардың құрылуы жөніндегі зерттеулері де біздің жұмысымыз үшін өте маңызды болып табылды. Қазақ даласындағы отарлау саясатының мәселелері бойынша З.Т. Садвакасованың «Современная историография по проблеме колонизации Казахстана» [29], атты мақаласы жұмысты зерттеу барысында пайдаланылды. Л.А. Бисембаеваның «1916 жылғы көтеріліс және Жетісу облысының тұрғындары» [30] тақырыбындағы мақаласы 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі болыстық басқарма тұрғындарының ахуалын салыстыру үшін өте маңызды болды.

Семей өңірінің құжаттары бойынша Г.Т. Мусабалинаның «Восточный Казахстан в контексте азиатского направления внешней политики Российской империи во второй половине XIX века» [31] еңбектерінің біздің жұмысымыздың мазмұнын ашудағы рөлі үлкен болды. Сондай-ақ, XIX-XX ғасырдың басында көшпелі қазақ қоғамындағы территориялық-әкімшілік құрылымның трансформациялық үдерісін Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының материалдары бойынша қарастырған Т.Т. Далаеваның [32], Жетісу облысы бойынша С.К. Удербаеваның [33] аталған тақырыпқа байланысты ғылыми мақалалары мен еңбектерін де маңызды деп айта аламыз.

Тәуелсіздік кезеңінен бастап Қазақстандық ғалымдар бұрын соңды зерттелмеген деректерге мән беріп, ғылыми айналымға қосуға кірісті. «Материалы по киргизскому землепользованию» атты көп томдық империяның заңнамалық актілері тарихи дерек ретінде зерттеле бастады [62] Тасилова Н.А. «Қырғыздардың (Қазақтардың) жер пайдалану материалдары…» – қазақ

қоғамының рулық-тайпалық құрылымы тарихының дереккөзі (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы) еңбегінің маңызы зор [34].

Шетелдік батыстық тарихнамада да басқару мен билік мәселесі жан-жақты қарастырылған. Батыстық ғылымда «призматическая» атанған концепция жақсы дамыған. Осы теорияға сәйкес Ф. Риггсеңбегінде дәстүрлі билеу институттарының жойылып, орнына билік жаңа билеу аппаратын құрып отырғандығы жөнінде жазады [2]. Осы модельдің Ресей империясы аумағында да таралғандығы жөнінде Марк Раев [3] зерттеп жазып, XIX ғасырда Ресей империясындағы әкімшіліктің үш деңгейін көрсетті. Ал, өз кезегінде неміс ғалымы Андреас Каппелердің зерттеуінде Ресейдің жүргізген ұлттық саясатына сәйкес мемлекеттік қызметтегі орыс емес халықтардың өкілдерінің бірігуі көрсетіліп жазылады [35].

Бірқатар шетелдік ғалымдар ресейлік империялық үстемдіктің жергілікті этникалық халықтарға әсерін зерттеуге назар аударады. Оларды орыс емес халықтардың өзінен әлде қайда ірі саяси құрылымдарды қабылдауы, сондай ақ, діни конфессиялармен және этникалық топтармен араласу нәтижесіндегі ойлау жүйесінің өзгеруі мәселесі қызықтырды. Осы мәселеге арналған алғашқы зерттеулердің бірі Майкл Станиславсийдің еңбегі [4]. Американдық тарихшы Вирджиния Мартин [5] орыстардың құқықтық ережесіне сәйкес көшпелілердегі сот дәстүрінің (адата) трансформациясын қарастырады.

Диссертациялық жұмыстың деректік негізі. Жұмысты жазу барысында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының қорларындағы төменде көрсетілген деректер зерттеуімізге арқау бола білді: 370-Орал облыстық басқармасы, 700-Орал облыстық статистикалық комитеті, 374-Сібір қырғыздарының шекаралық басқармасы, 267-Сырдария облысы, Ішкі істер министрлігінің Қазалы уезі басқармасы, 44-Жетісу облыстық басқарма әскери министрлік, 338-Омбы облыстық басқармасы, 375-Аман-Қарағай сыртқы округтік бұйрығы, 388-Атбасар сыртқы округтік приказы, 348-Баян-Ауыл округтік приказы, 744-Ақмола сыртқы округтік приказы сібір қырғыздарының облыстық басқармасы, 347-Қарқара сыртқы округтік приказы, 119-Сырдария облысы, Түркістан қаласы, Ішкі істер министрлігінің Түркістан уезі басқармасы, 432-Сырдария облысы, Ташкент округі 3-участкенің Халықаралық соты, Әулие -Ата уезі, 433-Сырдария облысы, 25-Торғай облыстық басқармасы, 318-Торғай облыстық статистикалық комитеті, 369-Ақмола облыстық басқармасы, Ташкент округі 2-участкенің Халықаралық соты, Әулие-Ата уезі, 232-Ішкі істер министірлігі Перовскі уезінің басқармасы, 291-Сырдария облысы, Перовскі уезі, Ташкент округінің 2-участкесінің Халықаралық соты және т.б. Сонымен қатар Ресей мемлекеттік тарихи мұрағытының қорларында: 1396-сенатор К.К. Паленнің Түркістан өлкесіне ревизорлық тексеруі, 1264-Бірінші Сібір комитеті, 398-Егін шаруашылығы департаменті, 1291-Земский бөлімі ІІМ, 1290-Орталық статистикалық комитет, 1276-Министрлер Кеңесі 1905-1917, 1284-Жалпы істер бойын департаменті ІІМ, 1282-Ішкі істер министрлігінің канцеляриясы және т.б. материалдар зерттеу барысында қарастырылды.

Сондай ақ, деректанулық талдаудың екінші бір тобын жер статистикасы материалдары, облыстар бойынша статистикалық комитет және мерзімді баспасөз беттеріндегі жарияланымдарды құрайды. Атап айтқанда Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстар бойынша болыстықтардағы халықтардың қоныстары жөніндегі деректер маңызды болып саналады.

Жарияланған деректердің ішінде заңнамалық актілер де маңызды орын алады. «Азиаттық Ресейдің губерниялары мен облыстарындағы қоныс аудару істері мен жерге орналастыру заңдары мен бұйрықтарының жинағы» еңбегінің де деректік құны жоғары[36].

Жекелей тұлғаларды айқындау мен зерттеуде XIX ғ.II жартысы мен XX ғ. бас кезеңіндегі Дала өлкесінің әкімшілік аппаратына қызмет еткен тұлғалардың, оларды мадақтаулар тізімі, т.б зерттеу мазмұнын ашу да арқау болды. Мәселен, жарияланған архив деректері: «О почетнейших и влиятельнейших ордынцах: алфавитные, именные, формулярные и послужные списки», [37,с.88], «Казахские чиновники на службе Российской империи: сборник документов и материалов»[38] жинақтарының маңызы жоғары. Волости и волостные управители (XIX – XX вв.) құжаттар жинағында келтірілген материалдар да пайдаланылды [39].

Басқарудың зерттеу нысанына айналған болыстық жүйесі туралы материалдарды жинау үшін XIX ғ. аяғы-XX ғ. бас кезеңіндегі мерзімдік басылымдар: «Торғай газеті», «Қырғыздардың дала газеті», «Қазақ» газеті, т.б. мағлұматтар маңызды деректер болып табылады.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

- XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі Орынбор, Батыс-Сібір, Түркістан және Дала генерал-губернаторлығындағы балыстардың атаулары мен болыстық билеушілер есімдерінің тізімдері жасалынды;

- болыстық билеушілердің қызметтегі әлеуметтік (болыстық үйлердің салынуы, бағалы сыйлықтармен, мақтау қағаздармен, медальдармен, ордендермен, әскери және азаматтық шендермен, жалақы және зейнетақы тағайындаумен) жағдайы жөніндегі материалдар жүйеленді;

- болыстық билеушілердің билік үшін сайлау алды таластарының нәтижесінде қазақ қоғамында бұрын кездеспеген парақорлық пен сыбайластық т.б. сияқты жаңа әлеуметтік құбылыстардың пайда болуы анықталды;

- жергілікті басқару өкілдігі ретіндегі болыс билеушілерінің тағайындалуындағы заңнамалық тетіктер мен болыстық съездердің қазақ қоғамы үшін рөлі мен орны нақтыланды;

- болыстық билеушілердің Ресей үкіметі жүргізген саясатты жүзеге асыру барысындағы бет-бейнесін жан-жақты көрсетіліп, тұрғылықты халықпен және аймақтық билеушілермен (әскери губернатор, уезд басшылары, генерал-губернатор және т.б.) өзара қарым-қатынасы және олардың қызметтерін отарлық шенеуніктердің қабылдауы талданды;

- қазақ даласындағы болыстық билеушілердің қызметі мен қасиетіне қазақ халқынан шыққан ақындардың шығармаларындағы көзқарастары сараланды;

Жұмыстың ғылыми және қолданбалық маңызы. Әлемдік тарихтың басым бағыттарының бірі әлеуметтік тарих болып табылады, әлеуметтік тарих әртүрлі қоғамның әлеуметтік мәдени үрдісін зерттеуге арналған мазмұны мен маңыздылығы жағынан алуан түрлі тарихи әдебиеттер мен деректерді жаңа әдіснамалық тұрғыдан қайта қарастыруға мүмкіндік береді. Диссертацияның ұлттық және халықаралық деңгейдегі ғылыми теориялық және тәжірибелік құндылықтары өте жоғары екендігі анық. Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару жүйесін жетілдіруде тікелей маңызды болып келеді, өйткені XIX ғасырдың екінші жартысында төменгі сатыдағы басқарудың қоғамда қалыптасу жолы мен қызметіне, басқарудағы тәжірибелерге анализ жасау Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын анықтауға көмектеседі. ҚР Тұңғыш Президенті, елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы атты Қазақстан халқына Жолдауында жергілікті билік органдарының басшыларын сайлау жөнінде идеясыныңалға тартылуы және 2013 жылғы 24 сәуірдегі ҚР Президентінің Жарлығымен Қазақстандағы қазіргі басқару жүйесінің төменгі сатысы болып табылатын аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің Ережелерін бекітуі жұмыстың маңыздылығын арттырады. Бұл тәуелсіз Қазақстанда жергілікті билік органдарының басшыларын алғаш рет сайлауы еді, әйтсе де Далалық өлкеде төменгі сатыдағы құрылымдарда сайлау өткізу тәжірибесі жүз жыл бұрын да болған. Мәселені зерттеу XIX ғ. әлеуметтік тәжірибелер мен ділдік ұстанымдардың бүгінгі күнге қалай әсеретіп жатқанын және қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени құбылыстардың шынайылығын түсінуге көмектеседі. XIX ғасырдағы болыстық билеушілерді сайлау жүйесін ұйымдастыруға тарихи-салыстырмалық талдау жасау демократия дамуының тарихи сабақтары мен бастауларын зерттеуге, бүгінгі басқарудың төменгі сатысындағы сайлау жүйесін ұйымдастыруды жетілдіруге көмектеседі.

Билік құрылымының екі жүз жылдық қызметінің әлеуметтік тәжірибесін зерттеу, халықаралық деңгейде маңызға ие, себебі жергілікті басқару жүйесінің тарихи сабақтастығының қалыптасуы төменгі басқару құрылымының даму деңгейін айшықтап, өзіндік тарихи дәстүрлі сайлау жүйесі бар Қазақстанның әлемдік тарихтағы орнын анықтап береді.

XIX-XX ғғ. басындағы жергілікті (болыстық) басқару жүйесі және қоғамдық-саяси өмірге ықпал еткен болыстар есімдері қарастырылмағандықтан зерттеу нәтижелері ЖОО мен жалпы білім беретін мектептердің Қазақстанның жаңа заман тарихы оқулықтарының тарауларында қолдануға әбден болады. Аталмыш диссертациялық жұмыстың әлеуметтік сұранысы, алынған нәтижелердің қазіргі Қазақстанның демократиялық жүйесін жетілдіруге және қазақстан қоғамының барлық өмірлік салаларының іргелі дамуына, әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайдың тұрақтануына, мемлекеттік басқарудың тиімді тұсын одан әрі арттыруға себеп болады деп есептейміз.

Зерттеу жұмысы барысында келтірілген барлық мәліметтер мен жасалған тұжырымдарды XIX-XX ғғ. бас кезеңіндегі «Қазақстан тарихы» бойынша

жазылатын оқулық, оқу құралдары мен ғылыми еңбектерде дереккөзі, қосымша құрал ретінде қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар:

- Ресей империясының құрамына кіретін аймақ (Сібір, Оңтүстік Орал, Қазақ даласы) территорияларында билік қолданған «болыс» терминіне жүйелі әдіспен талдау жасалынып, орыс деревнясы мен көшпелі қоғамдағы «болыс» термині ерекше басқару жүйесі екенін және басқару ісін ұйымдастыру барысында маңызды айырмашылықтардың болғандығын түсінуге мүмкіндік берді;

- Батыс-Сібір, Орынбор, Түркістан және Дала генерал-губернаторларындағы XIX ғ.-XX ғ. бас кезеңіндегі болыстарды құруы мен құрылымында ерекшеліктер болды, егер Батыс-Сібір губернаторлығында болыстық институт XIX ғ. 20 жылдары басталса, қазақ даласының басқа аумақтарында басқарудың болыстық құрылымы қырық жылдан кейін орнады;

- XIX ғасыр ішінде болыстық билеушінің сайлану қағидасы мен қызмет атқару мерзімі өзгеріп отырды. Егер XIX ғасырдың 20 – жылдары болыстыққа міндетті түрде төре тұқымынан сұлтан ғана тағайындала алатын болса, XIX ғасырдың 60-жылдары аймақтық әімшілік сұлтандарды болыстық билеуші етіп тағайындаған жағдайда, оның Қазақ даласында орыс үкіметінің саясатын жүргізе алатын ықпалды тұлғаға айналмайтындығын түсінді. Нәтижесінде құрметті қазақтарды болыстық билеуші қызметіне тағайындаудың жаңа бастамалары дайындалды.

- Ресейлік әкімшілік басқару тәжірибесінің арқасында кейінгі кезеңдерде болыстық билеушінің қызметтік міндеттері реттеліп, қызмет атқару мерзімін белгісіз уақыттан үш жыл аралығына (1868) дейін нақтылады. Уақыт өте келе болыстық билеушілердің іс-қағаздарды жүргізу құжаттары да ретке келтірілді.

- Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ережеге (1868), Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы жарғыға (1867), Дала жарғысына (1891) сәйкес болыстық билеушілердің сайлану тәртібі қаралады. Сайлау барысындағы жүзеге асырылған елуліктерді анықтау, сайлау қағаздарын дайындау, уезд басшысының және әскери губернатордың рөлін анықтайтын болыстық съезд материалдарынан байқағанымыз ресейлік сайлау жүйесінің көшпелі қазақ қоғамына еніп бастағандығын көрсетеді.

- архивтік деректер негізінде болыс билеушілерінің ел ішіндегі әлеуметтік-саяси мәселелерді шешудегі азаматтық қасиеті талданды, қызметтік міндетін орындауда халықпен жақын не алыстығы өздерінің рулық тобын қорғауымен анықталды;

- Болыстық билеушілердің әлеуметтік жағдайы (жалақысындағы айырмашылықтар 300 – 500 сом), құрметті азаматтар атағына иеленді (Кийкин, Нұрмұхамедов, Жазыев), әскери шендер, есауыл, хорунжи атақтарымен, медальдармен марапатталды,

- жергілікті басқару органдарының бірі - болыстық билеушілердің Ресей өкіметі саясатын жүзеге асыруындағы бет-бейнесі жан-жақты көрсетіліп, жергілікті халықпен және аймақтық билеушілермен (уезд басшылары, әскери

губернатор, генерал-губернатор және т.б.) өзара қарым-қатынасы және олардың қызметтерін отарлық шенеуніктердің қабылдауы талданды.

- Қазақ даласындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс барысында болыстық билеушілердің маңызды рөлі анықталды, себебі 1868 жылдан бері метрикалық кітаптар Орынбор мұсылмандары рухани қауымынан азаматтық басқаруға беріліп, орыс билігінің өкілі ретінде болыстық билеушілер тыл жұмысына алынатын азаматтардың тізімдерін дайындады.

- Қазақ даласындағы ақындардың шығармаларындағы деректердегі болыстық билеушілердің қызметі мен сайлау үдерісіндегі кемшіліктеріне сыни талдау жасалынды.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Диссертация жұмысының негізгі тұжырымдамалары мен нәтижелері 12 ғылыми мақалада түрінде жарық көрді. Соның ішінде 1 ғылыми мақала Web of Science және Scopus базасынаенетін Bylye Gody, 2017, Vol. 46, Is. 4, «Understanding of Kazakh Volost by Russian Officials of the XIX century» ғылыми журналында басылып шықты.

Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-теориялық және ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 7 ғылыми мақала жарияланды: III Халықаралық Фараби оқулары, «Тәуелсіздік құндылықтары және «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы» атты ғылыми – теориялық конференцияда - «XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ даласындағы әкімшілік (болыстық жүйе) реформалар жөнінде орыс зерттеушілерінің деректері бойынша салыстырмалы талдау»; Международная научно-теоритическая конференция «Гуманитарное сотрудничество России и Казахстана», посвященная 25-летию образования СНГ - «XIX – XX ғғ.басындағы қазақ ақындарының шығармаларындағы болыстық басқарушылардың тарихи портреті»; IV Халықаралық Фараби оқулары, «Қазақстанның жаңа жаһандық жаңғыруы: «Алаш және Мәңгілік Ел» атты халықаралық ғылыми-теориялық және әдістемелік конференцияда – «Қазақ даласында болыстық жүйенің құрылуы: Ақтөбе және Қазалы уездерінің материалдары бойынша»; Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Т. Жұмағұловтың 70 жылдығына және ғылыми-педагогигалық қызметінің 50 жылдығына арналған «Интеграция және модернизация жағдайындағы дүниежүзі тарихы және Еуразиядағы халықаралық қатынастар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда – «Қазақ даласындағы болыстық билеушілердің әлеуметтік портреті (Сырдария облысы материалдары бойынша)»; ҚР ҰҒА Құрметті академигі, т.ғ.д., профессор Талас Омарбековтың 70 жылдығына арналған «Қазақ тарихына жаңа көзқарас» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарында - «Жетісу облысы құрамына кіретін уездердегі болыстардың құрылу ерекшелігі»; «Роль волостных управителей как посредник между Российским государством и кочевым обществом» -материали XIII международна научна практична конференция achievement of high school –

София «бял град-бг одд»; «Волостные управители в казахской литературе в конце XIX в начале XX вв.» - materials of the XIII international scientific and practical conference conduct of modern science.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің тізіміне енген журналдарда 4 ғылыми мақала жарық көрді: ҚазҰУ Хабаршысы, тарих сериясы- «Қазақ даласындағы болыстық жүйе: Батыс-Сібір және Дала генерал-губурнаторлығы материалдары бойынша салыстырмалы анализ тәжірибесі»; ҚазҰПУ Хабаршысы, тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы - «Торғай облысының Ақтөбе және Ырғыз уездерінде болыстық құрылымның құрылу ерекшеліктері»; ҚазҰПУ Хабаршысы, тарих жәнесаяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы - «Сырдария облысының Қазалы уезінде болыстық құрылымның құрылу ерекшеліктері»;Отан тарихы ғылыми журналы «Болыстық билеушіден болыстық комиссарға дейінгі жергілікті әкімшілік билік (Бақай болысының материалдары бойынша) жарияға ұсынылып, сыннан өтті.

Диссертацияның мазмұнын ашып беретін автордың өзі жинаған деректер мен құжаттар ұжымдық авторлармен бірігіп жазған құжаттар мен материалдар жинағында «Волости и волостные управители», монографияда «Институт волостных в системе управления Казахской степью» жарыққа шыққан еді.

Диссертациялық жұмыс Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тарих археология және этнология факультетінің «Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану» кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде талқыланып қорғауға ұсынылды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, төрт тараудан, он үш бөлімнен, сондай-ақ, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

1 БОЛЫСТЫҚ БИЛЕУШІЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ – МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Зерттеу мәселесінің теориялық-методологиялық негіздері

Қазақстанның XIX ғасырдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуын теориялық-методологиялық тұрғыдан талдау, зерттеудің маңыздылығын арттырады. Себебі, Қазақстан империялық жүйенің құрсауында болғандықтан, оның қызметтік рөлін, құқықтық басқару формалары мен қағидаларын және империялық басқару механизмін анықтау қажет. Қазақ даласын басқару принципінің қалыптасуы келесі факторлардан: географиялық арақашықтықтан, кеңістік пен табиғи-географиялық жағдай барысынан, әскери-стратегиялық қажеттілік пен мүмкіндіктерден туындады.

Ресей империясының ұстанған стратегиялық саясатының аймақтағы мазмұнына: саяси-әкімшілік және территориялық құрылым, ұлты орыс емес халықтарды билеп басқару мен жергілікті басқару органдарында шенеунік аппараттарын құру мәселесінің мемлекеттік тетігін қалыптастыру енеді [40, 96 б.]. Аймақтың саяси-әкімшілік жүйесінің қалыптасуы мен эволюциясы объективті және субъективті бірқатар факторлар мен геосаяси (империя кеңістігінің кеңеюі), экономикалық (жер мәселесі, аймақтық нарықтың қалыптасуы), әлеуметтік-мәдени (жаңа элитаның қалыптасуы, зайырлы білім берудің таралуы) жағдайлармен байланысты [41, с. 13]. Алғашқы кезеңде мықты әскери-әкімшілік басқару жүйесі енгізіліп, жергілікті халықтар үшін дәстүрге айналған басқару институттар сақталды, ең қажетті деген мемлекеттік мекемелер құрылды. Елдің шет аймақтары мемлекеттің жақын бөлігімен мықтап байланған кезде ғана, орыс орталықтарына тартылу нығайып, жергілікті жағдай жалпы орыстардың ықпалына түсіп, арақатынас тұрақталған мезетте, басқарудың жалпы жүйесіне өкімет тікелей оны орталық үкіметтік қондырғыларға бағындыруды енгізуді шешеді. Сондықтан, мәселені зерттеу барысында біз алдымен төменде биліктің аясын көрсететін кейбір ұғымдардың теориялық негіздеріне басты назар аударды.

Қазіргі кезеңде Қазақстанның аймақтық басқарылу тақырыбы бойынша жазылған еңбектердің негізгі бөлігі мемлекеттік билік құрылымын зерттеуге басымдық берілген. Империяның саяси басқару ісін зерттеушілер белгілі ұғымдық аппарат қиындықтарымен, кеңестік тарихнамадағы «орталық», «ішкі губерния», «шет аймақтар», «отар», «периферия» және т.б. ұғымдық аппараттарға байланысты қиындықтарға кезігіп, оны өз бетінше шешуге тырыстық. Орыс ғалымы А. Ремнев империя мәселесін зерттеген кезде, «орталық» және «аймақ» ұғымдарының тарихи түсінігін берген. Оның пікірінше, «орталық» және «аймақ» терминдері ең алдымен биліктің географиясын сипаттайды. Басқару тұрғысынан қарағанда «орталық» стратегиялық басқару шешімдерін қабылдайтын астана ретіндегі мемлекеттің жоғары және орталық мекемелерінің орналасқан жері деп біледі. Бұл жағдайда империялық басқаруды зерттеу бағытының перспективалық бағыты биліктің кеңістіктегі құрылымы болып табылады. Аймақ бұл тарихи-географиялық кеңістік, оның аясында

территориялық жағынан бірегейленген халықтың жүзеге асыратын шаруашылық және әлеуметтік мәдени әрекеті жатыр. Бұл түрде аймақтық бірегейлік этникалықтан тыс тіпті мемлекеттен тыс, бірақ өзіндік әлеуметтік және территориалды бірлікке бағытталған болып көрініс береді [42]. Сонымен қатар, ол өзінің келесі бір еңбегінде теориялық тұрғыдан "метрополия - колония" дихотомиясының шегінен шығу орынды деп санайды, оның артында анық емес әлеуметтік-экономикалық сипаттамалардан басқа эмоциялық-этикалық бағалаулардың ұзын тізбегі созылып жатыр, сондықтан «әлем-империя» санаты арқылы өңірдің рөлі мен орны туралы мәселені түсінуге тырысу керек, – деп санайды [41, с.14].

Зерттеу барысында қарастырылған әртүрлі теориялық-методологиялық еңбектерді талдағанда әкімшілік құрылымдар ұғымдарының әртүрлі тәсілде қаралғандығын көрсетеді. Сондықтан, Ресей империясы территориясының әртүрлі аймақтарындағы әкімшілік-басқару этимологиясының шығу төркінін айқындауда методологиялық тұрғыдан қиындықтарға кездестік. Зерттеудегі әртүрлі тәсілдер «болыс» және «болыстық билеуші», «болыстық басқару» сияқты әкімшілік құрылым ұғымдары біршама өзгеріске ұшыраған. X-XII ғғ. ежелгі орыс жылнамаларында «болыс» термині (болыс (волость) және билік (билік) – бір мағынада жиі айтылған сөз қолданысы) бір билік қол астындағы территория дегенді білдірді, сонымен қатар алғашқы жылнамашылар болыс деп, княздікті және жерді атады. Зерттеушілер И. Я. Фроянов., А. Ю. Дворниченко «... болыс ұғымы барлық уақытта әлеуметтік-саяси (немесе территориалды-саяси) мағынада, сол ежелгі орыс әлеуметтік-саяси организмді білдірді, біз қазіргі ғылымның тілімен айтқанда «қала-мемлекет» дейміз»[43, с.146], Максим Жих, өзінің мақаласында біздіңше, Ежелгі Русьте болыс ұғымы антикалық ұғымның баламасы ретінде тура полис-қала-мемлекет ұғымында болды, басқа мағынада болған жоқ, – деп көрсетеді [44, с.13-15]. Ары қарай Максим Жих, «жер» және «болыс» сияқты орыстың ежелгі терминдеріне тоқталып, бұлар ежелгі орыс тілінде біз қазір атап жүрген ел не мемлекет деген ұғымды білдірді. Атап айтқанда болыс не жер Ежелгі Рустің территориалдық-саяси және әлеуметтік-саяси құрылымы екендігі тарихшыларға баяғыдан түсінікті, бірақ олардың нақты семантикасы осы кезге дейін көп жағдайда ашылған жоқ. Революцияға дейінгі тарихнамада бұл терминдер ежелгі орыс әлеуметтік-саяси бірліктерді белгіледі, қазіргі ғылым ұстанымы тұрғысынан алғанда «қала-мемлекеттер» деп атауға болады[44]. Сол кезеңдегі тарихшылар, әдеттегідей бұл ұғымдардың семантикасын талдамады және олардың ара жігін нақты ажыратқан жоқ. Сондықтан революцияға дейінгі тарихнамада екі жақты атау: «жер-болыс» деп қолданылды. Бұл бағыт кеңестік ғалым оларды бөліп, ежелгі Ресейдегі жер ұғымы екі мағынада қолданды деген қорытындыға келді: біріншіден, тәуелсіз мемлекеттерді белгілеу үшін (Орыс жері (оның саяси бірлігі кезеңіндегі мемлекет және оның барлық жекелеген бөліктерінің жиынтығы ретінде), грек жері, болгар жері, т.с.с.), екіншіден, Ресейдің ірі территориалдық бірліктері, оның жекелеген болыстары – Рюриковичтердің князьдік тұқымдарының иеліктері негізінде қалыптасқан, – деп көрсетеді. Сондай ақ, зерттеуші

Горскийдің мәліметі бойынша XIII ғасырдың ортасында «болыс» ұғымы шеткері аймақтардағы территориалдық бірлікті атау үшін қолданылды, – деп көрсетеді [45,с.9-12]. Шындығында ғалыммен келісуге болады, ежелгі орыс ұғымдары бойынша болыс пен жер ұғымы семантикалық жағынан бір емес. М. Жих жер ұғымын Ежелгі Русте мына мағынада қолданды дейді: 1) Ол әртүрлі мемлекеттерді-орыстың жақын және алыс көршілерін «грек жері», Угор жері, т.с.с. белгілеу үшін. Оның үстіне ол әлеуметтік-саяси мағынада емес, географиялық-территориялық және негізінен сол не басқа этнос немесе мемлекет алып жатқан территорияны белгіледі. Ал, А. Горский семантиканың географиялық-территориалдық және әлеуметтік-саяси белгілерінің мағынасының айырмашылығын білмеді, бұл әрине біздіңше дұрыс емес, 2) Ол барлық орыс жерін, анығырағы барлық орыс жерінің жиынтығын белгіледі. Бұл жағдайда ол территориалдық-географиялық және ментальды мағынада қолданды, яғни біз айтатын «ежелгі орыс халқы», сол сияқты Киев Русі кезіндегі шығыс славян этникалық қауымы, т.с.с. 3) Жер ұғымы Ежелгі Рустің кейбір аймақтарына қолдануы мүмкін, бірақ көбіне территориалды-географиялық мағынада емес, әлеуметтік-саяси мағынада қолданылды. Бұл жағдайда жер өзінің негізгі орталық-қала атауымен: Киев-Киев жері, Новгород-Новгород жері, т.с.с. қолданды. Сонымен, егер ежелгі орыс саяси атауда (қала-мемлекет) территориалды-географиялық мағынада деректерде жер терминімен белгіленсе, әлеуметтік-саяси мағынада – болыс белгіленді. Бұл ұғымдардың (болыс пен жер) ешқашанда мағынасы бір емес, яғни синоним емес. Олар әртүрлі ұғымдарды белгіледі және әртүрлі жағдайда әртүрлі ұғымдарды белгілеу үшін қолданылды. Зерттеушілер жер мен болыстың арасын жақындатты, тіпті бір деп санады, бұл біздіңше дұрыс пікір емес. Болыс ұғымы барлық уақытта әлеуметтік-саяси (немесе территориалды-саяси) мағынада қолданылды. Болыстың ежелгі орыс ұғымы тура мағынасында полис-қала-мемлекет мағынасының баламасы болды. [44, с.148].

Болыс ұғымын қазіргі заман тарихнамасында басқа тұжырымдамамен негіздеуге тырысқан А.П. Толочко болды. Тарихшы дербес мемлекет-жердің Киев Русінде болмағандығын нақты, айқын тұжырымдармен дәлелдеуге тырысады. Ғалымның пікірінше, Ежелгі Русте болыс – бұл княздік иелігінен басқа ештеңе емес, дейді. Сондай ақ, зерттеуші Горскийдің мәліметі бойынша XIII ғасырдың ортасында «болыс» ұғымы шеткері аймақтардағы территориалдық бірлікті атау үшін қолданылды, – деп көрсетеді [46, с. 37].

Ал, XIV ғасырда Солтүстік-Шығыс Ресейде осы терминді қаладан тыс "уездік" ауылдық округтерге қолдану тіркелген. Мәскеу баспасөз беттерінде болыстық ұғымы екі мағынада кездеседі: шаруа қауымы және әкімшілік округтік мағынасында. Осыған сәйкес ғалымдардың пікірінше, «болыс» ұғымы бастапқыда әкімшілік бөлініс ретінде ме, жоқ қауым ретінде пайда болды ма деген мәселеде екіге бөлінеді, осы екеуінің қайсысы бірінші, алғашқыда болыстық әкімшілік болды ма, жоқ қауым ретінде пайда болды ма деген мәселе тұрды. Кейінгі уақыттардағы деректерде XIV ғасырдан бастап болыс сөзі өз

территориясында қаласы жоқ, ұсақ әкімшілік бірлік ретінде кездеседі [44,с.89-93].

Қарастырылған барлық деректердің жиынтығы, монғол шапқыншылығына дейінгі Русте болыстық деп, өзінің болаттай қаласымен және онда тұратын адамдарымен, әлеуметтік-саяси қатынаста ұйымдастырылған белгілі бір аумақ түсінігін анық көрсетеді. Сондай ақ, болыстық-бұл" азаматтық ұжым", негізгі қаланың белгілі территориясын алып жатқан және оның аты бойынша болыстық өзінің атауын алады (бірақ оны басқаратын адамдар тарапынан емес), оны тек князь басқарады. Болыстық ежелгі орыс ұғымы – бұл полис – "қала-мемлекет"антикалық ұғымының тікелей мағыналық баламасы. Болыс және жер ұғымының айырмашылығы, тиісінше, аумақтық-географиялық (және кейбір жағдайларда аумақтық-саяси этникалық және ментальды) терминімен мағыналас, жерде болыстың алып жатқан аумағын әлеуметтік-саяси кеңістігін көрсетеді, жалпы кейбір деректерде болыстар территориясымен әлеуметтік саяси сипатымен айқын беріледі.

1797 жылғы, 7 тамыздан бастап «болыс» термині «Қазыналық селоларды болыстарға бөлу және оларды іштей басқару тәртібі жөніндегі» Мәртебелі бекітілген баяндамада әкімшілік бірлік болып белгіленді [45, с.56-57]. Аталған құжатта Ресей империясының мемлекеттік шаруаларын басқару мақсатында болыстық алғашқы рет әкімшілік құрылым ретінде бекітілді, сондай-ақ, құжатқа сәйкес болыстықтағы адам саны 3000 адамнан аспау керектігі көрсетілді. 1861 жылғы реформадан кейін, XIX ғ. екінші жартысынан бастап әкімшілік-территориалдық құрылым ретінде бұл ереже империяның өзге шаруа тұрғындарына енгізілді.

XVIII ғасырдағы Ресейдің азаматтық және әкімшілік құқығында «болыс» сөзі 1822 жылдан бастап қазақтың қоғамында қолданылып, 1920 жылдарға дейін өмір сүрді. 1824 жылы қазақ даласында хандық билік жойылып, аға сұлтандар билігі құрылса, ал 1868 жылы аға сұлтандықтың орнына уездік және болыстық басқару әкімшілік билігі орнықты.

Зерттеушілер болыс құрылымын құраған «түтін» саны жөнінде де өз пікірлерін білдіреді. Оған 1868 жылғы 21 қазандағы «Уақытша Ереже» бойынша «түтін» түсінігі, Ресейдің ішкі өңірлерінде жеке шаруа «үй қожалығы» түсінігіне жақын келіп, болыстық және ауылдық жерлер шаруа қожалығынан, кей жағдайларда сайланбалы үй қожалығынан тұрды. Әрбір жекелеген «үй қожалығы» шаруашылық бірлікті берді және белгілі бір қожалықтар санынан сайланатынның өзіндік шаруашылық мүддесі болды. Жеке дара «үй қожалықтарының» мүдделері болыстық немесе ауылдық жиындарда шаруа қауымдарына қосылып ұсынылып отырды [6, с.26].Осыған ұқсас әкімшілік-территориалдық қағидалар қазақ көшпелілеріне де енгізілген болатын. Көшпелі шаруашылық жүйесін негізге ала отырып, қазақтарда түтін үй (кибитка) жеке шаруашылықты құраған жоқ және әрбір түтін иесі орыстар сияқты өзінің ауласының не жеке меншік жерінің қожайыны мағынасында бола алған жоқ. Қазақтардағы жекелей «қожалық» деп, мағынасы жағынан шаруалардың шаруа қожалығына сәйкес келетін туыстық шаруашылық қатынастармен байланысқан

және қауымдық қыстау жайлауды бірге пайдаланатын қазақ отбасыларын (5-6 түтін) айтамыз. Осы отбасылық топтар қазақ халқында көшпелі қауым – «ауыл» деп (бір рудың адамдары жайлауда бірге өмір сүрген, кеңейген үлкен ауылдардан), немесе ру тармақтарынан құралған (қыстауларда) ауылдардан тұрды. Аталған ауылдардағы «түтін» саны көштің мезгіліне, табиғи-климаттық жағдайларға, малдың санына, қыстау мен жайлау жер көлеміне, ауыл старшынының экономикалық жағдайына байланысты болды. Сондықтан 1868 жылғы 21 қазандағы Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығының дала аймақтарын басқару туралы Уақытша Ережеде жобаланған әкімшілік бірлігі бойынша 1000-нан 2000 түтінге дейін (10 -15 ауыл) құрайтын әкімшілік бірлік ауылдық шаруа қауымына сәйкес болу керек, ал мәні жағынан бірнеше қазақ қауымы жиыны – қазақ көшпелі қауымы ұғымындағы ауыл болды [34, с.117]. .

1868 жылы 21 қазанда жобаланған «Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының дала облыстарын басқару жөніндегі Уақытша Ереже» бойынша ауыл шаруашылық қауымға сәйкес болу үшін, көшпелі қазақ қоғамының түсінігіндегі-бірнеше қазақ ауылдары біріктірілді. «Уақытша Ереже» бойынша болыс құрамына енген ауылдардың мүдделері бір-бірімен сәйкес келе бермей, көптеген қарама-қайшылықтар да туындап отырды. Қысқы уақыттарда әрбір болыстың көшпелі қауымдары таратылды, себебі, «Уақытша Ереже» бойынша болыс құрамына енетін әрбір «ауыл» аталғандар бір-бірінен өте алыс орналасса да, өзінің дәстүрлі көші-қонына бағыт алып отырды. Тағайындалатын аймақтық әкімшілік болыстық басқарушылар қол астындағы халыққа билік жүргізу мүмкіндігінен айрылып отырды.

Қазақ жерін әкімшілік-территориалдық жағынан басқару үшін енгізілген «болыс» термині қазақ даласында Ресей империясының әкімшілік құрылымы ретінде алғашқы рет Батыс-Сібір ведомствосындағы қазақтар тұратын жерде жүзеге асты (1822), қырық жылдай уақыт өткеннен кейін ғана Дала, Түркістан генерал-губернаторлығы территориясына (1867-1868 жж.реформалар) еніп XX ғ. 20 жылдарына дейін өмір сүрді[48,151б.].

Шет аймақтар «мемлекеттің жақын орналасқан бөліктерімен тығыз байланыста болып, орыс орталығына тартылыс күшейді, жергілікті жағдай реттеліп, басқаруда үкімет аймақтарды орталық басқару жүйесіне көшіріп, оған орталық үкіметтік басқаруды орнатуға шешім қабылдап отырды» [47,с.138]. Сонымен, орыс өкіметі отарланған жердегі халықтарды да өз билігіне енгізіп, билеп төстей берді.

Жалпы алғанда, Ресей үкіметінің заңнамалық құжаттарынан байқағанымыз ресейлік билік пен көшпелі халықтың территорияны қабылдау түсінігі әртүрлі болғандығын көрсетеді, себебі, болыстарға бөлу негізі тек формальды түрде ауылдар санын бірдей етіп бөле салған. Ал, бұл әкімшілік басқару мен лауазымды қызметкерлерді тағайындау барысында ыңғайлы болғанымен, көшпелі халық үшін тиімсіз болды. Себебі, бізге белгілі қазақтың ертеден келе жатқан дәстүрлі өмір сүру салты бар, ол шаруашылық-мәдени типі, қоныстану, әдет ғұрып, салт-дәстүрлер жүйесі. Сондықтан, болыстықтарды құру барысында

дәстүрлілік сақталған жоқ, яғни әр рудың өз жаз жайлауы, қыс қыстауы іргесін шайқалтып, рулар тобы араласа қоныстануы белең алды.

Басқару тетігі мен билік проблемалары жөніндегі теориялық тұжырымдар батыс ғалымдарының зерттеулерінде де көрініс тапты. Батыс ғылымында ол «призматикалық» тұжырымдар (концепция) деп аталды. Бұл теория Ф. Риггстің [2] еңбегінде мынадай пікірлерді білдірді, мемлекет саналы түрде дәстүрлі институттардың орнына мүшелеу жолымен экономиканы және әлеуметтік құрылымды модернизациялау мақсатына жауап беретін жаңаны құрды. Бюрократияға бұл үдерісте шешуші рөл берілді, ол алға қойылған мақсатты жүзеге асыруда белсенді түрде қатысты, – деп жазды. Бұл тұжырым шындығында Ресей империясына да қатысты еді. Оны, біз орыс өкіметінің Қазақ даласында құрған болыстық институттан көруге болады. Болыстық институттың құрылуы нәтижесінде бұрынғы сұлтандар мен билердің қызметтік міндеттері өзгеріске ұшырағандығын білеміз. Сол сияқты, Марк Раевта XIX ғ. Ресей империясы әкімшілігінің үш деңгейін: шағын тирандық, төменгі деңгейдегі сыбайлас жемқорлық және озбырлық, орта деңгейде – елдің мұқтаждықтары мен проблемаларына жауап беруге "ұмтылған шенеуніктердің құзыреттілігі, жоғары деңгейде – самодержавиелік абсолютизмнің зорлығы, жеке (дәстүрлі) байланыстардың үстемдігі [3], – деп көрсетеді. Ресей империясының ұлттық саясаты түйісіндегі мемлекеттік қызметтегі орыс емес халықтар өкілдері инкорпорациясы неміс ғалымы Андреас Каппелердің зерттеулерін де айтылады[35].

Зерттеуші В.Мартин пікірінше, Ресей үкіметінің басқару саясатындағы бір өзгерісі 1822 жылы Орта Жүз ханының титулын бекітпеу туралы шешім қабылдауы болып табылады. Соның нәтижесінде Ресей империясының қарамағында болған Шыңғыс ұрпақтары арасында өрбіген саясат пен билік үшін бәсекелестікте басты назар – ханға қызмет ету, көшпелі саяси құрылымдағы алшақтықтан шығу болды. Бірақ сонымен бірге жаңа империялық әкімшілік Аға сұлтан және болыс әкімшілік лауазымдарын ойлап тапты. Сондай-ақ Ресей үкіметі бұл лауазымдарды Шыңғыс тұқымдарынан шыққандарға ғана тағайындау артықшылықтарын сақтап қалды. Осылайша, дала саясатын құрудың принциптерінің бірі алынып тасталған кезде, күшейген Ресей империясы Шыңғыс ұрпақтарына, лауазымдарын сақтап қалуға мүмкіндік бергенімен оларды императордың қызметшісі етіп, жерге талап қоюға мүмкіндік беретін жаңа бюрократияны құрды. Орта Жүздегі Шыңғысхан ұрпақтарының көпшілігі осы жолмен орыс билігін пайдалануға тырысты, бұл өз кезегінде қазақтар арасындағы бақталастықты арттырды [49, p.5-6]. Бұл тұжырымдардан байқағанымыз, Ресей империясы бастапқыда елді басқару сұлтандарға тапсырылғанымен, кейіннен басқару жүйесі өзгеріске түсіп, ол ел арасындағы алауыздықты күшейтуге ықпал еткенін байқауға болады.

Американ тарихшысы В. Мартин орыс құқығы түйісінде көшпелілердің сот, билердің әдеттік құқығының трансформациялануын қарастырды. Ол өзінің еңбегінде қазақтар орыс шаруаларының қазақ даласында қоныстануының көбеюі және олардың жаңа заманғы, өркениетті құқықтық қатынастарды көшпелілер

арасында әкімшілік жағынан таратуға тырыса отырып, өздерінің сот тәжірибесін жаңа жағдайға бейімдеді, сондай ақ, өздері ойлап тапқан басқару лауазымдары жергілікті сұранысқа да сәйкес болуын қалады [50, с.78].

Сонымен, зерттеуде біз үшін ең бірінші кезекте әдіснамалық тұрғыдан «болыс» түсінігін, болыстық басқарманың географиялық конфигурациясы, қазақ руларының орналасу территориясы, болыстық билеушілердің халықпен ара қатынасы мәселелері талданды. Осылайша, тарихи материалдарды жинау және тарихи әдебиеттерді зерттеу барысында «болыс» терминіне салыстырмалы талдау жасалынды, Ресей империясының территориясына тиесілі әртүрлі аймақтарда аталған ұғымның билік қолданатын этимологиялық критерилері қазіргі заманғы зерттеулер тұрғысынан анықтау барысында, әдіснамалық қиындықтар анықталды; «болыс» терминінің мәндік ерекшелігін түсіндіру арқылы орыс ауылдары мен көшпелі қауымдардағы ерекше басқару жүйесіндегі басқару қызметін ұйымдастыру ашып көрсетілді.

Ал, келтірілген шет елдік зерттеушілердің басқару жүйесіне қатысты теориялық-методологиялық тұжырымдамалары көбіне Ресейдің қазақ территорисын билеп-төстеу мақсатында құрған басқару институттарының негізгі мән-мағынасын ашуға өз ықпалын тигізді.

1.2 Зерттеудің тарихнамалық тұрғыдан талдануы

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы империялық үкіметтің саяси басқаруындағы болыстық билеу институтын зерттеу мәселесі тарихнамада бұрын соңды арнайы және толыққанды зерттеу нысаны болған емес. Сонымен қатар тарих ғылымында XIX – XX ғасырдың бас кезеңіндегі қазақ даласындағы болыстық институтты орыс өкіметінің империялық саясаты түйісінде зерттеу тарихнамада арнайы және жан-жақты зерттеудің нысаны бола қойған жоқ.

Патшалық кезеңдегі яғни Қазан төңкерісіне дейінгі зерттеулерде жарық көрген еңбектерден, архив құжаттарынан, статистикалық материалдар мен өкіметтік құжаттар дерекетерінен Қазақ даласының әкімшілік-территориалдық бөлінісі жөнінде көптеген мәліметтерді байқауға болады. Ол еңбектерде XIX-XX ғасырдың бас кезеңіндегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын көрсететін, болыстық институттардың қалыптасуы мен оның қызметі мәселелері бойынша материалдар жеткілікті қарастырылған. Бұл жерде біз тікелей болыстық басқару институты жөнінде жазылған еңбектерді талдауға тырыстық.

1865 жылы мамыр айында бас штабтың орталық басқармасына арнайы тапсырмалар үшін қызметке тағайындалып, сол жылы заң шығарушы Дала комиссиясының құрамында Қазақ даласын аралап зерттеген А.К. Гейнстің еңбектерінің, атап айтқанда Батыс-Сібір генерал-губернаторлығындағы болыстық жүйеге байланысты жазған мәліметтері құнды болып табылады 1866 жылы Түркістан генерал- губернаторлығындағы жағдаймен таныс болған соң, ол болыстық жүйені Түркістан генерал-губернаторлығының аумағында енгізу қажеттілігін айқындап, былай деді: «...әкімшілік мақсатты ескере отырып,

Батыс-Сібір қазақтарындағы болыс және ауыл бірліктері, Ресейдегі болыстық және ауылдық қауым бірліктеріне толық қолдануға болады» [51, с.233].

Қазақ даласына зерттеу жүргізген комиссия Түркістан генерал-губернаторлығында қазақтарды басқару үшін болыстар мен ауылдардың құрылуы керектігін айтты, оған басты себеп, аймақ тұрғындарының барлығы дерлік қазақтар болғандығы. «...түсінігі мен өмір сүру салты өзара ұқсас ортақ тұстары өте көп, егер Сібірде болыстарға бөлу үдерісі оң нәтижелерін берсе, бұл жерде болыстарға бөлу сәтсіз болады деп ойлаудың мүлде қажеті жоқ», – деген еді. [52, с.235]. А.К. Гейнс болыстық жөнінде «Объяснительная записка к положению и штатам военно-народного управления Семиреченской и Сыр-Дарьинской областей» атты еңбегінде өзінің пікірін анық жазады [52, с146]. Өз еңбегінде: «...әр ру өз территориясының шекарасынан аспайды. Әр болыстықты (Сперанскийдің ережесіне сәйкес) құру кезінде бір рудан құралған ауылдарға басымдық беріледі. Әр рудың территориялық иелігі оның қыстауы мен жайлауы аумағымен сәйкес келеді», – деп жазды[6, с. 229]. Бағамдасақ, патша өкіметісол заманда қазақ даласында болыстықтарды құру барысында да қазақтың ертеден келе жатқан рулық топпен орналасу тәртібін негізге алғанын байқауға болады.

1872 жылы Мәскеу қаласында Бүкіл ресейлік политехникалық көрмеге А.Федченконың төрағалығымен Түркістан аумағына арнайы комиссия құрылып, зерттеу жұмыстары жүргізілді, нәтижесінде үш томдық «Русский Туркестан» деп аталатын үлкен жинақ жарық көрді. Аталған жұмыстан Түркістанның табиғи-географиялық жағдайы, халқы, орналасуы, әкімшілік-территориалдық бірліктері жөнінде көптеген мағлұматтарды алуға әбден болады. А.В. Буняковскийдің «Русский Туркестан» жинағындағы «Пространство и население Туркестанского края» атты бөлімінен Жетісу мен Сырдария облысындағы әкімшілік-территориалдық басқару, уездердегі барлық болыстар, олардың нақты саны, халқы жөнінде көптеген мәліметтерді білуге болады [53].

XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басындағы басылымдарда Ресей империясының шаруа тұрғындары мен болыстық билеушілердің қызметтік міндеттері жөнінде түсіндірме нұсқау құралдары жарық көрді. Олар осы кезеңдегі заңнамалық нормалар мен реформаларды жүзеге асыру үшін қажет болып табылды. Олардың қатарында В.А. Чижовтың [7], Н.П. Дружининнің [54], А. Боровиковскийдің [8] еңбектерін атауға болады. Ең бастысы бұл жарық көрген нұсқаулар мен жарияланымдар сауатты шаруалар – болыстық старшындар мен хатшыларға өкіметтік заңнамалық нормаларды тұрмыстық тілде мазмұндап беретін құрал сияқты болды. «Самоуправление крестьянского сельского и волостного общества» кітабы осыған нақты мысал болаалады [55].Сондай-ақ, бұл жерде болыстардағы шенеуніктердің халықты басқарудағы міндеттері мен уәкілдіктері жазылады. М.Д. Яковлевтің «Справочная книжка для аульных старшин, волостных управителей и народных судей инородческого управления областей Акмолинской, Семипалатинской, Уральской и Тургайской» [56] атты еңбегі назар салып қарайтын құнды еңбек болып табылады. Еңбектің ерекшелігі сол, автор Омбы уезінің 2-учаскесінде бір кездері шаруа басшысы болып қызмет еткендіктен, болыстық билеушілерге не қажет

екендігін жақсы білген. Қазақ даласында биліктің болыстық басқару тәсілі мен саясаты жөнінде Ф.А. Щербинаның 1896-1902 жж. аралығында жүргізген экспедициясы материалдарының мазмұны өте жоғары. Экспедицияның негізгі мақсаты көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылыққа қажет жер көлемін нақтылап, сонымен қатар Ресейден жер аударылатындарға арнап, қазақтардан тартып алынатын жердің көлемін анықтау болды. Ол 6-7 жыл бойы қазақ даласында болып, оның 12 уезін зерттеді. Ф.А. Щербина жетекшілігіндегі экспедиция құрамы қазақтардың жерді пайдалануындағы ерекшеліктер, әкімшілік басқару жүйесі, әлеуметтік құрылымы, т.б. жөнінде көптеген материалдар негізінде12 томдық жинағын жариялады. Жинақта Ақмолаоблысының 5 уезінің құрамына кірген 51 болыс, Семей облысының 5 уезінің құрамына кірген 77 болыс, Торғай облыстарының 4 уезінің екеуінің құрамына кірген 22 болыстықтың құрылымы, ондағы халықтардың орналасуы, шаруашылық жағдайы, тұрмысы мен мәдениеті жөнінде нақты статистикалық мәліметтермен деректер келтіреді. Оның жинаған «ҚЖПМ» бір жағынан статистикалық, ал екінші жағынан этнографиялық және сан түрлі позициялардан құнды мәліметтер бере алатын еңбек [9].

Төңкеріске дейінгі жарияланған еңбектерде Жетісу мен Сырдария облысына қарасты өзін-өзі басқару органдарының және болыстық басқарма институтының қалыптасуына және мен дамуына қарастыратын арнайы зерттеулер жоқтың қасы. Дегенмен төңкеріске дейінгі тарихнамада, аталған аймақтың тарихына қатысты аз болса да, орыс өкіметі жоғары шенеуніктердің есептері, мәлімдемелерінен біздің диссертациялық жұмысымызға қажетті мағлұматтарды кездестіруге болады. Түркістан генерал-губернаторлығының халқы мен әкімшілік-территориалдық құрылымына қатысты мәліметті 1867 жылғы 7-қарашадағы «Проекта всеподданнейшего отчета генерал-губернатора К.П. фон Кауфмана по гражданскому управлению и устройству в областях Туркестанского генерал-губернаторства» еңбегін ерекше атап айтпасқа болмас[57]. Жан-жақты зерттеліп, толыққанды жазылған еңбек генерал-губернатор, бұрынғы кеңсе басшысының көмекшісі, кеңесші П.Хомутовтың тапсырмасымен дайындалған еді. Бұл жұмыста жергілікті халықты азаматтық басқару тетіктері, олардың қоныстары, болыстықтар бойынша орналасуы туралы деректер, мал-жан саны және т.б. жөніндегі статистикалық мәліметтерге бай. Оның үстіне бұл еңбек Түркістан өңірі бойынша ең бірінші ресми әкімшілік және статистикалық жинақ материалы болғандықтан, Түркістанның көптеген аспектілерін зерттеу үшін таптырмас еңбек болып табылады.

Сонымен қатар, А.И. Добросмысловтың «Тургайская область Исторический очерк» атты еңбегінде Торғай облысының саяси-территориялық қалыптасу тарихын, географиялық ерекшеліктерін көрсетеді. Торғай облысының территориясында уездердің құрылуына орай 1868 жылы 12 наурыздағы әскери губернатор Баллюзектің генерал-губернаторға жазған рапортында төмендегі жағдайды баяндайды. Торғай облысына қарасты Николаевский және Торғай уездері толық құрылып болды, Ырғыз уезінде тек бар болғаны екі болыс құрылды, ал Илецкий уезіндеең қолайлы жағдай болғанына қарамастан бес

болыс құрылды, бұдан әрі қырғыздардың (қазақтар) қарсылығынан болыстарды құру мүмкін емес.

1868 жылдың жаз мезгілінің басында ғана, яғни маусым айының басында Торғай даласының қырғыздары тынышталып, әскери губернатор Баллюзек шекті және төрт қара руларының 11мың адамынан 5 болыс құрып қайтқандығы жазылады [58, с.470].

Жетісу және Сырдария облысындағы болыстық билеушілер институтын зерттеу барысында П.П. Румянцевтің «Киргизский народ в прошлом и настоящем» атты еңбегі де зерттеу жұмысында пайдалы болды [59, с.34]. Аймақты орыстардың отарлауымен Ресейлік Азияның далалық облыстарында басқару ісін оңтайландыру аса қажет болды. Ол үшін орыс өкіметі қазақ халқының шаруашылық-мәдени қалпын зерттеуге тырысқанын білеміз. Сондықтан көптеген еңбектерде қазақтарды қарастырғанда көшпелі, отырықшы-мал шаруашылығы және отырықшы-егіншілікке бөліп қарастырып отырды.

Самарқан облысының әскери губернаторы генерал-майор Н.С. Лыкошин «Пол жизни в Туркестане: Очерки быта Туземного населения» еңбегінде уезд басшысы қызметінде болған кезінен бастап қазақ болыстарының жағдайын өте жақсы түсініп, бірнеше бөлімді арнайы болыстық билеушілер мәселесіне арнап жазады. Сол еңбектің «Волостные управители у киргиз» және «Волостные управители по выборам и назначению» атты бөлімдерінде болыстық билеуші болып кімдердің және қандай мақсатта сайланатынын, сайлаудың өту барысын және сайлаудан кейінгі халық пен болыстық билеушінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын толық сипаттап жазады. Ал «Волостные съезды выборных, особые съезды уполномоченных и чрезвычайные съезды народных судей у киргиз» деген бөлімінде елуліктердің болыстық билеушіні сайлау механизмін сипаттап, белгілі бір деңгейде өз қорытындыларын жасайды.«Волостные управители по выборам и назначению»[60, с.29]. Біз үшін тағы бір құнды мәлімет ол – уездер құрамына кіретін әрбір болыстықтың атауы мен саны толық нұсқада берілгендігін көре аламыз. Автор Торғай облысының Илецкий, Ырғыз, Николаевский және Торғай уездерінің құрамына кірген 48 болыстың құрылу үдерісіндегі 25 жылдық динамикасын (1869-1895) көрсетеді. Оның негізгілерінің бірі ретінде болыстарды құру барысында реформаны ауылдарға түсіндіру жұмыстарының дұрыс жүргізілмегендін сынайды. Сонымен қатар реформа түсіндіру жұмыстарына қысқы климаттық кедергілердің болғандығын да жоққа шығармайды. Еңбектің тағы бір ерекшелігі болыстардың құрылуы мен бір-бірінен бөліну немесе бірігу үдерісі себеп салдарымен әр уезд бойынша айқын көрінеді.

Орынбор ведомоствасының қазақтарына реформаның енгізілуіне байланысты қиыншылықтар жөнінде екінші бір автор өз еңбегінде қарастырады. Н.А.Середа «Из истории волнений в Оренбургском крае» атты еңбегінде Уақытша ереженің енгізілуіне байланысты қателіктердің орын алғанын айтады. Н.Середаның зерттеуі Орынбор ведомоствасының территориясындағы болыстардың құрылуына байланысты 1868 жылғы әкімшілік жаңашылдыққа Торғай облысы қазақтарының үлкен қарсылығы баяндалады [61]. Осылайша

төңкеріске дейінгі әдебиеттерде арнайы болыстық әкімшілік жүйенің ұйымдастырылуы мен болыстық билеушілер институтының тарихына арналған зерттеу жоқтың қасы, тек басшылықтың ресми түсіндірме еңбектері ғана бар.

Кеңестік кезеңдегі тарих ғылымында зерттеушілердің басты назары экспансионизм мәселесінің айналасында болып: жаулап алу немесе қосылу деген бағытта жүргізілді. Сол себепті, зерттеулердің басым көпшілігі қазақ жеріндегі аграрлық отарлау мәселесін зерттеуге арналды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық мәселесін зерттеуде аграрлық жоспар тарихы өзекті әрі күрделі болып қала берді [15]. Бірақ кеңестік кезеңдегі еңбектерде болыстық басқармалардың құрылу принципі және болыстық билеушілердің көшпелі қазақ қоғамының өміріндегі рөлі туралы мүлде жазылмаған.

Кеңестік тарихнамада Ресей империясына қарасты жерде болыстық басқармалардың ұйымдастырылуы мәселесіне қызығушылық XX ғасырдың орта шенінде ғана басталды. Атап айтатын болсақ, А.В. Бондаревскийдің [62] еңбектерін жатқызуға болады.

Қазақ жеріндегі болыстық билеушілер институтының қалыптасуы мен болыстық әкімшілік жүйенің ұйымдастырылуы жөнінде мәселені алғашқылардың бірі болып С.З. Зиманов көтере бастайды**.** Бұл мәселені ол 1822-1824 жж. реформаларды зерттеу түйісінде қарастырады. Оның көзқарастарының құндылығы сонда, болыстардың ұйымдастырылуына байланысты негізгі сұрақтарды көтере білді, Сібір ведомоствасының сыртқы округтеріндегі болыстарға халықтың бөлінуі мен бекітілуіне рулық құрамның әсерін көрсетеді. С.З. Зимановтың еңбектері бүгіндеде өз маңыздылығын жоймай, екінші рет қайта басылып шығарылуда[18]. Қазақстандық тарихнамада К.А. Жиреншин[19], мен Б.М. Абдрахманова [24] XIX ғасырдағы реформалардың енгізілуі және оның дәстүрлі басқару жүйесіне әсері мәселесін қарастырады**.**

Егер С.З. Зиманов XVIII ғасырдың соңында – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қабылданған әкімшілік реформалардың енгізілуін зерттеген болса, XIX ғасырдың екінші жартысындағы басқару билігін К.А. Жиреншин зерттеген, ал өз кезегінде Б.М. Абдрахманова қазақ жерінде ресейлік билік енгізген реформалардың маңызын ашып көрсеткен. Бірақ бұл жұмыстардың барлығында тек ғана болыстық басқарманың құрылуы жөнінде фактілер констатациясы тізбектеліп, ал болыстық басқармалардың қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени өміріндегі рөлі мүлде қарастырылмайды. XIX ғасырдағы қазақ даласының басқару жүйесі, билік институты жөнінде жазылған сүбелі еңбектердің бірі деп, Б. М. Абдрахмановаңың «История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке» еңбегін атап айтуға болады. Еңбекте XIX ғ. 20-жылдар аяғына дейінгі Қазақстан жеріндегі Ресей империясының билігінің құрылу тарихы мен қызметі жөнінде егжей-тегжей жазылады. XIX ғасыр ішінде Орынбор және батыс Сібір генерал-губернаторлығы ықпалымен құрылған қазақ жеріндегі халықты жергілікті деңгейде басқарудың барлық сатыларының қызметі мен біліктілігі, ұйымдастыру құрылымдары қарастырылады. Зерттеуде автор орыс отаршыларының қазақ даласын басқару мен билігін жүзеге асырудағы басқару

құрылымдары, олардың міндеттері мен қызметі жөнінде жазады. Сонымен қатар, кезінде дәстүрлі басқару қоғамындағы хан, аға сұлтан, билердің орыс кезеңіндегі билікке араласуы жөнінде тың мәліметтер береді. Мәселен, сұлтан Қаратай Нұралиев кезінде орыс билігіне қарсы болғанмен, өзі орыс билігін жүзеге асырушылардың бірі болып билікке араласқасын өзінің қандастарына қарсы шыққандығы жөнінде айтады [24].

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезеңіндегі болыстықтар бойынша қазақтардың рулық топпен орналасу аумағы жөніндегі мәліметтерді В.В. Востров пен М.С. Мұқановтың еңбегінен көруге болады [63]. Бұл еңбекте бізді қызықтыратын негізгі мәселе ол XIX соңы – XX ғасырдың басында қазақ тайпалары мен рулары болыстардың, уездердің және облыстардың аумағында орналасуы болып табылады. Сондықтан аталған еңбекте болыстардың орналасуы жөніндегі маңызды мағлұматтарды береді.

Қазіргі заманғы зерттеулерде XIX – XX ғғ. басындағы Ресей империясында болыстық басқару жүйесінің ұйымдастырылуы мен болыстық билеушілер институты мәселесі жан-жақты зерттелінуде. Сөзсіз аталған мәселе ресейлік тарихшылар арасында да кең таралған тақырыптардың біріне айналуда. Қазіргі заманғы ресейлік басылымдарда бұл мәселе аймақтық деңгейде де зерттелуде. Оңтүстік Орал мен Оралдың шығысындағы жергілікті басқару мәселесін зертеуге арналған А.А. Ломцовтың [64], Ю.А. Зайцеваның [65] диссертацияларын айтуға болады. Басқару жүйесіне байланысты Байкалдың шаруа тұрғындарының жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мәселесі Т.А. Залюбовскаяның жарияланымдарында ғылыми зерттеу нысанына айналады. «Деятельность волостных сходов в Забайкалье в конце XIX- начале XX века» атты мақалада XIX соңы – XX ғасырдың басында Забайкал облысына қарасты жерде болыстық жиындардың жұмысы зерттеліп, жиындардың қызметі және жиындардың өткізілу еркшелігі анықталып, қатысушылар құрамы мен жиын барысында талқыланытын сұрақтар, шаруа істеріне ұйымның әсеріне байланысты зерттеушілердің көзқарастары келтірілген. Аталған ізденістердің нәтижесі ретінде Т.А.Залюбовскаяның «Крестьянское самоуправление в Забайкальской области (вторая половина XIX в.-1917г.» атты диссертациялық жұмысы жазылып, мынадай қорытынды жасалады: «Мемлекеттік және қоғамдық тепе-теңдікті ұстап тұру, ауылдық жерлерде экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге жағдай жасау үшін, шаруалардың өзін өзі басқару институтының маңызы өте зор» [66]. Жарияланған зерттеулердің қатарынан Б.Жасланованың «Система поощрений должностных лиц в органах местного самоуправления бурят в XIX в.» [67, с. 119 – 121.] атты мақаласын атауға болады. Автор мақаласында XIX ғасырдағы буряттардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды тұлғаларына материалдық және моральдық марапатталу жүйесіндегі ерекшелігіне назар аударады. Соңғы кездегі ресейлік басылымдардың ішінен, болыстық басқарманың ұйымдастырылуын зерттеуге арналған К.В. Купченконың мақаласын айта аламыз [68]. Қазіргі заманғы Ресей тарих ғылымында, болыстық әкімшілік жүйе мәселесін зерттеудің өзектілігі: Ресей Федерациясында жергілікті өзін-өзі басқару реформаларын

жүзеге асырумен тікелей байланысты. Ресейдегі Кеңестердің орнығуы кезеңіндегі билікте, болыстық органдардың ұйымдастарылуы мәселесіне жалпылама жазылған И.А. Троповтың мақаласын да айтуға болады [69, с.38- 42]. Автор 1917-1918 жж. Ресей болыстарындағы билік органдарының ұйымдастырылуы мен қызметіндегі ерекшеліктерін қарастырады. 1917 жылы ақпан-наурыз айларында самодержавие құлағаннан кейінгі саяси ахуалға мінездеме береді.

Дала облыстарында болыстық институттың қызметі мен болыстық әкімшілік жүйенің ерекшелігін зерттеген ресейлік ғалымдардың ғылыми жұмыстарының мазмұнына арнайы тоқталып кететін болсақ: Р.М. Ибрагимов [70, с. 52], Н.Г.Суворовалардың [71, с.397-405] еңбектерін айтуға болады. Жоғарыдағы авторлар XIX-XX ғғ. Дала облыстары территориясындағы жергілікті басқарудың ерекшелігі мен ұйымдастырудың әртүрлі аспектілерін зерттеумен айналысады.

Г.Т.Бакиеваның мақаласы Сібір татарларындағы болыстық жүйенің ұйымдастырылуының ерекшелігін салыстырмалы талдауы тұрғысынан өте маңызды болып табылады. Мұрағат құжаттарының негізінде болыстық жиын мен басқарудың қызметі, сонымен қатар болыстық әкімшілік қызметкерлердің құқықтары мен міндеттеріне талдау жасалынады. Г.Т.Бакиеваның ойынша аталған кезеңде сібір татарларындағы болыстық басқармалар орыстардағы шаруалармен теңестіріліп, болыстық басқарма ұйым ретінде құрылып, қауымның өзін-өзі басқаратын тұрақты органына айналды [72, с.156-164]. Салыстырмалы тұрғыдан А. Маматованың қырғыз халқындағы болыстық және ауылдық әкімшілік жүйе төңірегіндегі мағлұматтар маңызды болып табылады [73].

Б.А.Тынысовтың «Расселение казахов на территории Омского Прииртышья (конец XIX-первая треть XX в.)» [23] мақаласы мұрағат құжаттары бойынша болыстық билеушілер турасында жан-жақты жазылған. Этнографиялық экспедиция барысында жиналған статистикалық деректер мен мәліметтерге сүйеніп, Ертіс маңындағы Омбы қазақтарының орналасу динамикасы зерттеліп, отырықшы өмірге өту үдерісінің негізгі кезеңдері анықталды. Б.А. Тынысов мынадай қорытынды жасайды: «Ереже бойынша, алғашында қазақтар белгілі бір территорияға шағын топтармен қоныстанады. Уақыт өте келе қазақтардың ішкі көші-қонның нәтижесінде, ол территориялар ірі рулық бірліктерге тиесілі бола бастайды. Осындай жерге рулық бөліністер, әкімшілік бірліктердің бекітілуіне негіз болды» [23, с.142]. Түркістан өңірін тарихи-құқықтық бағытта зерттеген Ф.Т. Тухтаметовтың материалдарының да орны екекше «Правовое положение Туркестана в Российской империи: Вторая половина XIX века: Историко-правовое исследование» [74]. Осы арқылы Ресей империясында әртүрлі ұлттар мен әртүрлі діни сенімдегі ауыл тұрғындарында жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың ерекшелігін анықтауға мүмкіндік беретін зерттеулерді ұсынып отырмыз.

Қазіргі заманғы тарих ғылымында болыстық билеушілер институты мен болыстық басқару жүйесінің ұйымдастырылу ерекшелігі мәселесін басқа да

аймақтармен салыстырмалы түрде қарастыру, оның өзектілігін көрсетеді. Ресей империясы тұсындағы Қазақстанның аймақтары мен облыстары бойынша аталған мәселені зерттеу арқылы халықтың болыстық билікті қабылдауының қаншалықты оң не теріс болғанына көз жеткізуге болады. Ж.М. Жампейісова XIX ғасырдағы дәстүрлі билік институттарының эволюциясын өз зерттеу жұмыстарында қарастыра бастады [25]. Жұмыс Ресей империясының (XIX ғ.-XX ғ. басы) әкімшілік-саяси жүйесі төңірегінде қазақ қоғамының трансформациясы мен бейімделу жағдайларына арнап жазылған. Онда қазақтың тайпалық құрылымы, сегментарлық жүйесі «ақ сүйек» және «қарасүйек» мәселелері, Ресейдің мемлекеттік институттарының хандық билікке ықпалы, Ресейдің мемлекеттік институттарын қазақ қоғамының тайпалық құрылымына енгізуі және оның қоғамдық саяси нәтижелері жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар автор, XIX ғ.-XX ғ. басындағы Қазақстанның кең байтақ даласында отарлық басқару жүйесін құруы, территориалдық шекарасы, болыс билеушілері мен ауылдық старшындардың жергілікті биліктегі құрылымы мәселелерін жан-жақты талқылаған. Түркістан генерал-губернаторлығының материалдары бойынша т.ғ.д.,профессор С.С.Сайфулмаликованың [26], зерттеуші Г.К. Калиеваның [27], Семей облысының материалдары бойынша т.ғ.д., профессор Г.Т. Мусабалинаның [31], Батыс Қазақстан облысы материалдары бойынша XIX-XX ғасырдың басында көшпелі қазақ қоғамындағы территориялық-әкімшілік құрылымның трансформациялық үдерісін және XIX ғасырдың екінші жартысында Ақтөбе уезіндегі болыстардың құрылу ерекшелігін қарастырған Г.С. Султангалиеваның зерттеулері маңызды болып табылады [28], Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының материалдары бойынша Т.Т. Далаева 1822 жылы сыртқы округтердегі алғаш ұйымдастырылған болыстардың ерекшелігін [32], Жетісу облысы бойынша т.ғ.к., доцент С.К. Удербаеваның [33], аталған тақырыпқа байланысты ғылыми мақалалары мен еңбектерін айта аламыз.

Тәуелсіздік кезеңінен бастап Қазақстандық ғалымдар бұрын соңды зерттелмеген деректерге мән беріп, ғылыми айналымға қосуға кірісті. «Материалы по киргизскому землепользованию» атты көп томдықтың 27 томын жұсымызда пайдаландық, империяның заңнамалық актілері тарихи дерек ретінде зерттеле бастады. Соның бірі Н.А. Тасиловаңың «Қырғыздардың (Қазақтардың) жер пайдалану материалдары…» - қазақ қоғамының рулық-тайпалық құрылымы тарихының дереккөзі (XIX ғ. соңы-XX ғ. басы) еңбегі [34].

Ресей империясы тұсындағы жалпы басқару, билік институты жөніндегі зерттеулер шетелдік зерттеушілердің де қаламынан түспегендігін жоғарыда айтып өттік. Оның бірі Ф. Риггстің «Administration indeveloping countries: theory of prismatic society» [2] еңбегі. Автор аталған еңбекте өз кезегінде мемлекет дәстүрлі институттарды бөлшектей отырып, оның орнына экономика мен әлеуметтік құрылым модернизациясына сай келетін жаңа билік институттарын құратындығын, ол үшін олар жергілікті билікке арқа сүйейтіндігін айтты.

Сол сияқты Марк Раевта XIX ғасырда Ресей империясында территориалдық-әкімшілік басқару жүйесін жан-жақты көрсете отырып, парақорлық өрбіген жерде қателіктердің орын алатындығын, жоғары

шенділердің абсолюттік билікке жету жолында жасаған іс-әрекетін жан-жақты қарастырады [3]. Неміс ғалымы Андреас Каппелер өз зерттеуінде империялық Ресейдің отарлау жүйесіндегі жүргізілген ұлттық саясатқа сай мемлекеттік қызметтегі орыс емес халықтардың өкілдерінің билік мәселесінде ортақ мақсат, бірігуі байқалатындығын көрсетеді [35].

Енді бірқатар шетелдік ғалымдар ресейлік империялық үстемдіктің жергілікті қауымдастықтарға әсерін зерттейді. Оларды қызықтырған мәселе империялық мемлекеттің белгілеген ережелері ішінде орыс емес халықтар өз қауымдастықтары мен өзінен әлде қайда ірі саяси құрылымдармен, діни конфессиялармен және этникалық топтармен ойлау жүйесінің өзгеруі арқылы қалай қабылдағандығы қызықты болды. Осы мәселеге арналған алғашқы зерттеулердің бірі Майкл Станиславсийдің еңбегі. Ол өз жұмысында Ресей империясының еуропа халқынан бөлектену жағдайын және «бөтендік» ұғымын жоюға талпынысының нәтижесінде, орыс-еуропа интеллигенциясы қалыптасты және Ресейде еуропалық ағартудың мықты даму импульсін берді деп көрсетеді [75]. Сол сияқты американдық тарихшы Чарльз Стейнведелдің еңбегінде башқұрт қоғамының рулық құрылымнан территориялық ұйымға өтуі, башқұрт шендерінің пайда болуының әсерінен башқұрттардың әлеуметтік және әкімшілік ұйымдары құрылғандығы ерекше қызығушылық туғызады [76]. Аталған еңбектен қазақ пен башқұрттардың билеу жүйесін салыстыруда маңызды болып табылады.

Американдық тарихшы Вирджиния Мартин орыстардың құқықтық ережесіне сәйкес көшпелілердегі сот дәстүрінің (адата) трансформациясын қарастырады. Оның көрсетуінше, қазақ жерінде күннен-күнге саны артып келе жатқан шаруалар мен көшпелілер арасында жаңашыл, өркениеттік құқық қалыптастыруда, әкімшілік өзінің сот тәжірибесіндегі құрылымды жергілікті қажеттіліктерге бейімдеп өзгерте білді [5]. Осылайша, Қазақ даласында болыстық басқару жүйесінің ұйымдастырылуын, Империяның XIX ғасырдағы жүргізген әкімшілік реформаларының бірі ретінде дұрыстап зерттеуді қажет ететін өзекті де өткір мәселе болып табылады.

Тарихи әдебиеттерді талдап қараған кезде біз зерттеу нысанына айтналдырып отырған мәселені ашатын келесі бағыттарды көруге болады: 1)Ресей империясы саясаты түйісінде Қазақ даласында басқару реформасын жүзеге асыру және болыстық әкімшілік жүйені құру тетіктерін; 2)болыс билеушілері институтының құрылу тарихы, әлеуметтік статусы мен әлеуметтік құрамын сипаттау; 3) болыс институтының негізгі функциясы және өкілдігі; 4)болыстардың болыс соты қызметіндегі рөлі.

Сонымен, революцияға дейінгі әдебиеттерде болыстық әкімшілік жүйені ұйымдастыру мәселелері мен болыстық билеушілер институты тарихы жөнінде арнайы зерттеулер жоқ, тек ресми сипаттағы басшылықтың түсіндірмелері ғана бар.

Кеңес дәуірі кезеңіндегі тарих ғылымында зерттеу көбіне экспансионизм төңірегіне Ресейге қосылу мен отарлау мәселелеріне шоғырланды. Тарихнамалық талдаудан шығатын қорытынды зерттеулерде Қазақ даласын

аграрлық отарлау мәселесіне басымдық берілді. Әлеуметтік-экономикалық мәселеде Қазақстанның аграрлық тарихы ең өзекті және күрделі мәселе болып қала берді. Дегенмен де бұл жұмыстарда болыстардың құрылу қағидалары және қазақтың көшпелі қоғамы өміріндегі болыстардың рөлі аталған жоқ.

1.3 Зерттеудің деректік құрылымы және талдануы

XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғғ. басындағы Қазақ даласында болыстық билеушілер институтының қалыптасу тарихы мен қызметіне қатысты зерттеудің дерекнамалық қорын Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архивы мен Ресей мемлекеттік тарихи архивының құжаттары және сол кезеңдерде жарияланған зерттеушілердің өздері көріп, бақылаған еңбектері мен статистикалық деректер құрайды.

Жұмысты жазу барысында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивының төмендегі қорларындағы деректер зерттеуімізге арқау бола білді: 119-Сырдария облысы, Түркістан қаласы, Ішкі істер министрлігінің Түркістан уезі басқармасы, 432-Сырдария облысы, Ташкент округі 3-участкенің Халықаралық соты, Әулие-Ата уезі, 433-Сырдария облысы, Ташкент округі 2-участкенің Халықаралық соты, Әулие-Ата уезі, №25-Торғай облыстық басқармасы, № 318-Торғай облыстық статистикалық комитеті, №369-Ақмола облыстық басқармасы, № 370-Орал облыстық басқармасы, №700-Орал облыстық статистикалық комитеті, № 374-Сібір қырғыздарының шекаралық басқармасы, 267-Сырдария облысы, Ішкі істер министрлігінің Қазалы уезі басқармасы, 44-Жетісу облыстық басқарма әскери министрлік №338-Омбы облыстық басқармасы, №375-Аман-Қарағай сыртқы округтік приказы, №388-Атбасар сыртқы округтік приказы, №348-Баян-Ауыл округтік приказы, №744-Ақмоласыртқы округтік приказы сібір қырғыздарының облыстық басқармасы, №347 – Қарқарасыртқы округтік приказы, 232 - Ішкі істер министірлігі Перовскі уезінің басқармасы, 291-Сырдария облысы, Перовскі уезі, Ташкент округінің 2-участкесінің Халықаралық соты және т.б.

Архив қорларынан табылған құжаттар болыстық билеушілер институты тарихының келесідей мәселелерін зерттеуге негіз болды: 1) XIX-XX ғасырдың басында Қазақстан территориясында болыстық жүйенің қалыптасу кезеңдерінің тарихы мен болыстық басқармалардың ұйымдастырылуының негізгі принциптерін анықтауға, географиялық орналасуын, ру-тайпалық құрамын, территорияларының өзгеру динамикасы мен тұрғындар құрамын анықтауға мүмкіндік берді; 2) Болыстық билеушілер институтының тарихын, болыстық билеушілер құрамының әлеуметтік-экономикалық ахуалын, әлеуметтік дәрежесін, болыстық билеушілердің қызметтік міндеттерін анықтау. Болыстық билеуші қызметіне тағайындалу ережесінің ерекшеліктерін, әкімшілік қызмет атқаруға сайланатын кандидатураларға қойылатын талаптарды анықтауға мүмкіндік берді.

ҚР ОМА-да болыстардың құрылу тарихына байланысты құжаттар жеткілікті деңгейде, сол себепті болыстардың құрылуын кезеңдермен және Қазақстанның аймақтары бойынша жеке-жеке салыстыруға мүмкіндік береді.

Республиканың мұрағат қорларында зобалаң жылдары қазақтардың өзге болыстың құрамына біріктірілгендігі немесе қайта қалпына келтіріліп сыртқы округтерге қосылғандығы жөнінде көптеген өтініштері кездеседі. Әкімшілік басқару аппаратын ұстап тұру шығындарын азайту үшін бірнеше руды бір болыстың құрамына біріктіру жөнінде немесе бір болысты түтін санының өсуіне байланысы екіге бөлу туралы да көптеген құжаттар кездеседі.

Болыстардың тізімі бар ведомостваларды зерттеу барысында, болыс құрамындағы ру-тайпалардың атаулары, болыстық билеушілердің есімдері, жайлау мен қыстаулардағы рулардың қоныстану ерекшелігі, старшындардың, сұлтандар мен билердің, құрметті азаматтардың жергілікті әкімшілік атқарушы билікте қазақтардың қандай топ өкілдерінің қызмет атқарғандығына салыстырмалы түрде анализ жасауға мүмкіндік туды. Сонымен қатар, болыстық әкімшілікті ұстау шығындарына арналған құжаттар (ведомоствалар) болыстық билеушіден бастап, әкімшілік аппарат құрамындағы қызмет еткен адамдардың айлық немесе жылдық жалақыларын салыстыруға мүмкіндік жасайды.

Болыстық басқарма құрамының өзгеру динамикасы, болыс атауларының өзгеруіндегі жаңа топонимикалық атаулар, көші-қон басқармасының құжаттарын зерттеуде анықтағанымыздай, XX ғасырдың басында қарқынды түрде жүргізгендігін байқаймыз.

Қосымша материал ретінде ауыл тұрғындарының жерді пайдалану жөнінде, малдың саны мен шаруашылығы туралы жарияланған деректер пайдаланылды. Земство статистикасы, облыстар бойынша статистика комитетінің құжаттары мен мерзімді баспасөз басылымдарының материалдары да қолданылды. Орталық статистика комитетінің «Волости и населенные места Сибири» атты басылымының 1893 – 1896 жылдараралығында шығарған №11 санының материалдарынан болыстар мен елді мекендерге байланысты құнды статистикалық материалдар алынды.

Ақмола [77] және Семей облыстарының болыстары мен елді мекендері жөнінде құнды мәлімет беретін статистикалық басылымдар жүйелі түрде ақпарат береді [78].

Диссертацияның деректік қорына XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында көші-қон басқармасы жүргізген зерттеулер де маңызды болып табылады. Көші-қон ұйымының жұмысы нәтижесінде жинақталған құжаттар Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекттік Архивында арнайы қорларда сақталған. XX ғасырдың басындағы далалық территория жағдайындағы жерді пайдалану ерекшелігін түсіну үшін де көші-қон басқармасының статистикалық материалдарын міндетті түрде қарастыру қажет. 1898-1899 жж. Ф.А. Щербиннің жетекшілігімен өткен экспедиция барысында Торғай облысының Ақтөбе және Қостанай уездеріне қарасты зерттеу жұмыстарын жүргізген. Көші-қон басқармасының ұсынысымен 1904-1910 жж. аралығында қайта Торғай облысының уездерін зерттеу жүргізілді, бас аяғы -12 уезд. Зерттеу нәтижелері бойынша жарияланған еңбектер: «Материалах по киргизскому земле пользованию, собранные и разработанные Статистической партией Тургайско-Уральского переселенческого района» және Ырғыз, Темір, Ақтөбе уездерінің

материалдары. Ф.А. Щербиннің экспедициясының Ақмола, Семей және Торғай облыстарының 12 уезіне жүргізген зерттеулеріндегі деректер де жұмысты жазуда арқау болды. Ол еңбектерден біз жоғарыда аталған аумақтардағы болыстар атауы туралы, олардың шаруашылық жүйесі туралы басқару билігі бойынша құнды мәліметтер алдық [9].

1914 жылы жерді басқару және егіншіліктің бас басқармасы, көші-қон басқармасының жұмысын анық еш бүкпесіз көрсетіп, Қазақ даласына көшірілген шаруалар салыстырмалы түрде Еуропалық Ресейдің шаруаларына қарағанда, ауылшарушылығына қажет құрал-саймандармен әлдеқайда жақсы жабдықталған деп мәліметтер келтіретін «Азиатская Россия» атты еңбек жарияланды[79]. Аталған еңбектің деректік маңыздылығы сонда,орыс өкіметінің көші қон басқармасының мәліметі негізінде отарланған жерлердегі халықтарды орналастыру, олардың шаруашылық құрылымы жөніндегі мәліметтерді алуға болады.

Жарияланған деректер ішінен «Сборник законов и распоряжений по переселенческому делу и по поземельному устройству в губерниях и областях Азиатской России» [80] секілді заңнамалық құжаттар ерекше маңызға ие болды. Болыстық билеушілер институтының қызметіне қатысты заңнамалық нормалардың эволюциясын ресми түрде жарияланған заңнамалық материалдардан анық байқауға болады. Егер Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы аумағындасыртқы округтерге қарастыал ғашқы рет болыс лауазымы жайлы 1822 жылы «Сібір қазақтарының жарғысында» жазылған [81] Семей облысын басқару туралы ережеде[82], Сібір комитетінің Қазақ даласы мен Семей облысындағы болыстық билеушілерді сайлауды өзгертуді бекіткен ережесінде[83], Сібір қазақтары мен Семей облысындағы болыстық билеушілердің сайланатын мерзімін, олардың құқықтары мен қызметтік артықшылықтарын, қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі адалдығы үшін берілетін марапаттаудың түрлерін заңнамалық тұрғыдан Мемлекеттік кеңес бекіткен анық көрсетілген [84].

Қазақ халқының жерді пайдалануы туралы материалдарда Қостанай, Қарқаралы, Ақтөбе, Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Павлодар, Зайсан, Өскемен, Семей, Омбы, Петропавл уездерінің құрамына енген болыстардағы ауылдардың саны, ондағы үй саны мен халық саны туралы толық мәлімет беріп қана қоймай олардың атауларына да егжей-тегжей тоқталып кетеді. Сондай-ақ, Ақтөбе, Ырғыз, Темір уездеріндегі рулардың қалай орналасқанын көрсете отырып әкімшілік бөлінісін, үй санын, мал басының көлемін, көштің уақыты мен аумағы жөнінде толыққанды құнды ақпараттарды болыстық басқару жүйесімен бере білген**.** Торғаймен Оралға көшірілгендердің қоры негізінде Торғай облысының Торғай уезіне қарайтын Наурызым болыстығының табиғатына және тарихына шолу жасаған еңбекте [85] болыстықтың табиғи географиялық жағдайынан бастап, жергілікті тұрғындардың болыстық территориясында орналасуы, ондағы болыс билеушілері жөнінде мәліметтер беріледі. Сол сияқты Ырғыз уезінің Бақсай болысы [86], Ақтөбе және Қостанай уездерінің табиғи-тарихи жағдайын ашып көрсететін еңбектер[87] циклі жарық көрді.

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басында Қазақ даласындағы әкімшілік аппарат қызметкерлерінің қызмет көрсету және формулярлық тізімдері, марапаттау тізімдері де жеке тұлғаларды зерттеу барысында өте құнды дерек көзі болып келеді. Мұрағат құжаттарымен қатар жарияланған жинақтарда да құнды мәлеметтер бар. Мысалы: «О почетнейших и влиятельнейших ордынцах: алфавитные, именные, формулярные и послужныесписки. 12 ноября 1827 г.-9 августа 1917г. Том VIII. Часть1» және «О почетнейших и влиятельнейших ордынцах: алфавитные, именные, формулярные и послужные списки. 12 ноября 1827г.-9 августа 1917г. Том VIII. Часть 2» [88], «Казахские чиновники наслужбе Российской империи: сборник документов и материалов» [36] атты жинақтарды айтуға толық негіз бар.

Қазақстанның аймақтары бойынша болыстық билеушілердің тізімін құрастыруда ҚРОМА және облыстық мұрағат қорлары мен жергілікті қазақ халқымен сұхбат жүргізу арқылы өлкетанушылар үлкен жұмыс атқарып, зерттеу нәтижелеріне байланысты алғашқы еңбектерін жариялады. Екі кітаптан тұратын Ю.Г. Поповтың бірінші кітабы «Волостные управители и народные судьи (бии) Каркаралинского уезда: 1871-1919 годы (хроника фактов)» [89] деп аталынса, екінші кітабы «Хасен Бижанов: окружение, дела и встречи» [90] деп аталып 1872-1919 жж. Балхаш маңының бес болысы мен билері жөнінде мәлімет жинақталған. Павлодар аймағы бойынша өлкетанушылардан Даурен Аяшиновты айтуға болады. Осы аймақтағы сұлтандар мен құрметті ордалықтар жөнінде жиналған мәліметтер «Голос Экибастуза» [91] деп аталатын облыстық газеттің сайтында жарияланған.

Болыстық жүйеге байланысты маңызды дерек көзі ретінде XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында жарияланған мерзімді баспасөздегі материалдар бола алады. Атап айтатын болсақ, «Қазақ», «Тургайская газета», «Киргизская Степная газета», «Тургайские областные ведомости» «Туркестанские ведомости» және басқа да газет беттерінде, біз қарастыратын кезең мен мәселеге қатысты нақты мәліметтер беріп, болыстық билеушілердің тағайындалуы мен жергілікті әкімшілік тарапынан жүргізілетін саясаттың әдістерін анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, баспасөз беттерінде, бірнеше рет 1916 ж. көтеріліске қатысты қазақ зиялыларының үндеуі, мақалалары жарияланған. Онда бастапқыда халықты тыныштандыруға, бұйрыққа көнуге шақырған үндеулер болғанмен, кейін елдегі әділетсіздіктер жөнінде тылға жұмысқа алу барысында болыстар мен байлардың пара беріп өз адамдарының орнына ауру-сырқауына және жасына қарамастан кедейлерді жіберіп жатқаны жөнінде жан-жақты жазады.

Сонымен Қазақстан территориясындағы жергілікті әкімшілік басқару институты-болыстық институттың құрылу тарихы мен қызметі жөніндегі зерттеудің деректік базасы мұрағат құжаттары мен жарияланған материалдар жан-жақты қолданылды. Әрбір дерек біз үшін осы кезеңдегі қоғамдық құбылысты, әлеуметтік үдерістің дамуын айқындайтын құжат болып табылады. Сондықтан да осы деректер кешені біздің зерттеуімізде тарихи тұжырымдамалар жасауға мүмкіндік берді.

2 ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ БОЛЫСТЫҚ БАСҚАРУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

2.1 Қазақ даласындағы болыстық институттың құрылуының алғышарттары

XIX-XX ғғ.басында Қазақ даласындағы болыстық басқару жүйесінің құрылуын толыққанды зерттеу мақсатында төменде келтірілген мәселелерге талдау жасау арқылы ғана қол жеткізуге болады: 1) Қазақ даласындағы жергілікті әкімшілік жүйенің құрылу кезеңдерін 2) болыстықтардың ұйымдастырылуындағы басты факторлар мен принциптерді білу. Қазақ даласындағы басқару жүйесі жеңіл әрі халыққа тиімді құрыла қойған жоқ. Қазақ жүздерінің империялық саясатпен әкімшілік-құқықтық жағынан бірігуі біртіндеп, кезең-кезеңмен және біркелкі уақытта емес, ұзақ мерзімде жүзеге асқан үдеріс болды.

Қазақстанның Ресей империясының боданы болған аралықтағы тарихы - тәуелсіз қазақ елінің біртұтас тарихының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Қазақ даласында хандық билік жойылған кезде, ресей империясы енгізген үш сатылы басқару билігі жұмыс істей бастады. Қазақ даласындағы басқарудың формасын өзгерте білген патшалық Ресейдің алғашқы заңды құжаты 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғы» болды. Оған сәйкес Ресеймен шекаралас және шекараға таяу орналасқан Орта жүз қазақтарының қоныстары ауыл, болыс және округке бөлінді. Бір округтың құрамына 15 - 20 болыс кірді [92, 43б.].

1785-1786жж Орынбор ведомствосын басқарудың реформасын барон О.Игельстром жасаған еді. Бұл реформа бойынша қазақ даласын басқару органдарының мекемесі ретінде орыс шенеуніктері құрамына кірген Орынбор шекара соты болды. Бұдан басқа Кіші жүзде хандық билікті жою мәселесі тұрды. Бірақ бұған Кіші және Орта жүздің хан, сұлтандары, феодал байлары қарсы тұрды. Нәтижеде 1786 ж. құрылған Шекара соты мен басқару түкке алғысыз болып, әрі қарай жалғасын таппады [93, с.48]. Сөйтіп, қазақ жүздеріндегі дәстүрлі басқару жүйесі өзгеріссіз қалды.

Негізінен, Ресейдің қазақтармен өзара қатынас істері шет елдер Коллегиясына қарады. 1797 ж. I Павелдің кезінде Ресей бодандығын қабылдаған азиат халықтарымен қатар, сауда, т.б. араласатын халықтардың істерін жіберетін ерекше департамент немесе Экспедиция құрылған болатын. [24, с.20].Қазақ территориясының батыс аймақтары Шекаралық экспедиция немесе Шекаралық сот деп аталған билік органына жататын Орынбор өңіріне қарағаны белгілі еді. 1799 жылы Шекаралық экспедиция тоқтатылып, орнына Орынборда Шекаралық Комиссия құрылған еді. Комиссия төрағасы – комендант болды, мүшелері – 2 орыс азаматынан тұратын асессор, қазақтардан -1 сұлтан, Кіші жүздің тайпалық бірлестігінің негізгі үш руынан 2 старшын, 1 казначей, 1 хатшы, 1 хаттама жазушы, 1 тіркеуші және 3 азиаттықтар тілін аударушы болды [24, с.20].

Патша өкіметі өлкені басқаруды қайта ұйымдастыруға 1820 жылдары қайта оралды. Бөкей хандығында 1817 ж. Бөкей ханның және 1821ж. Орта жүзде Уали ханның өлімінен кейін сұлтандардың ішінен жаңа хан сайланбады. Бұл 1822ж.

«Сібір қырғыздары жөніндегі Жарғы» құқықтық жағынан бекітілді. 1822ж. Сібір аумағы Батыс және Шығыс Сібірге бөлінді. Батыс Сібірге Омбы, Тобыл және Томск облыстары енген еді [89, с.48].

Бұл территория генерал-губернатор басқарған Батыс Сібірдің негізгі басқармасында шоғырланып, 1822 жылы 26 қаңтардан бастап бұл қызмет енгізілген болатын. Аталған аймақтар қазақ территориясының шығыс аумағын қамтып, Омбы облысы әкімшілік жағынан Орта жүз жеріне қарады. Олар Сібір қазақтары облысы деген атау алды. Сібір қазақтарының өзін «ішкі»-линия бойындағы және «сыртқы» линия сыртындағы деп бөлді. «Ішкіге» Омбы қаласына жақын Петропавловск, Семей және Өскеменде тұратын қазақтар жатты, бұл кезеңдерде олар Сібірдің орыс халқымен тығыз қарым-қатынаста болды. Ал, «сыртқы қазақтар» даланың ішкері аумақтарындағы, әлі орыстың экономикалық және әкімшілік ықпалы тие қоймаған аймақтар болды. Олар деңгейі жағынан үш сатылы бағынышты әкімшілік жүйеге – округ, болыс, ауылға бөліну керек еді. Басқару жүйесінің төменгі сатысы ауыл болды. Оның басында «ауыл старшыны» тұрды, үш жылға сайланған оны Округтік приказ бекітетін. «Болыс билеушісіне» бағынатын болыстықтар 10-12 ауылдан тұрды. Болыс билеушілерін сұлтандар арасынан ауыл қоғамы сайлап, оны Омбы облыстық басқрамасы бекітетін. Округ 12-15 болыстықтықтан тұрды. Әрбір округтің территориясы белгіленіп, бір округтен екіншіге көшу тиым салынды. Басқаруға тиімді болу үшін Округтік приказдар құрыла бастады, оның басында сайланбалы аға сұлтандар қызметі тұрды. Округтік басқарма құрамында орыс шенеуніктерінен екі заседател, би, старшын сайланған екі елге сыйлы қазақтардан тұрды [89, с.48]. Бұл жөнінде Е.С. Сыздыкова да өзінің еңбегінде: «1822 жылы 22 маусымда «Сібір қырғыздары жөніндегі Жарғы» бұйрығына қол қойылды. Жарғы бойынша Орта жүзде хан билігі өзгертілген еді. Бұған дейінгі басқару жүйесінің құрамына старшындар (ауылды басқаратындар), сұлтандар (болысты басқарушылар) және аға сұлтандар (округты басқарушылар) мәселесі бойынша жаңа тәртіп енгізілді. Басқарудың үштік түрін енгізу қалыптасқан рулық жүйені құртуға әкелетін еді», - деп көрсетеді [94, с.118]. Өзіне жүктелген қызметті атқару барысында полицей Ресейдің ішкі губерниясындағы Земстволық сотқа теңескен еді. Ал өз кезегінде аға сұлтандар қазақтар үшін қалыптасқан ерекшелікті есепке алғанда, земстволық шенеуніктер секілді еді. Барлық Округтік приказдар тікелей Омбы облыстық бастыққа бағынды. Сол не басқа округтік приказды ашу жоғары өкіметтік бұйрықпен бекітіліп отырды. 1824 ж. Қарқара оругінде алғашқы приказ бекітілді, онан кейін Көкшетау, т.с.с. Алғашқы Қарқара приказының ашылуынан бастап Округтік приказдардың іс жүзіндегі әрекетіне екі жылға жетекшілік ету үшін 1824 ж. 11 сәуірде арнайы «Ереже» жасалды. Онда ең алдымен 1822 ж. Жарғыда қабылданған шараларды жүзеге асыруда мұқият қабылдау керектігі айтылды. Жалпы алғанда, округтік приказдар әлі заңға бағына қоймаған халықтарды басқаруға бағыттады. Сондықтан «Ережеде» екі жылға дейін қазақтардың өздері ықылас білдірмесе, болыстарға бөлуді тоқтата тұру жазылды [92, с.48].

1822 жылғы Жарғы қазақтардың экономикалық, әлеуметтік және саяси болмысы туралы зерттеудің жемісі деп атауға болады. Оның мән-мағынасын қарау, оның негізгі авторларының бірі М. Сперанскийдің қазақ халқының қоғамдық құрылымының қалыптасқан түріне сәйкес келуін және сонымен бірге қазақ жерінде орыс саясатының табысты болуын қамтамасыз етуге тырысқанын көруге болады. Оны, ережеде қарастырылғандай, қазақ жеріндегі Орта жүздің жерін шартты округке, болысқа, ауылға бөлуінен, яғни қазақтың табиғи-дәстүрлі қоғамдық құрылымына қарай бейімделуінен көруге болады. Рулар да өз ішінен тармақтарға бөлінетіні баршаға белгілі, ру тармақтарынан ауылды, ру бөлімінен-болысты, ал округтерді ортақ генеалогиялық тамырға жататын, ортақ шаруашылықпен байланысты халықтан құрған еді. Округтер негізінен әкімшілік бірлігі ережесі бойынша-бір рудан не бір ұрпақтан тұратын болыстықтан құралды [24, с.49].

1822 жылғы Жарғыға сәйкес ең көп дегенде әр округтың құрамында 20 болысқа дейін рұқсат етілген. Кейбір болыстықтардағы түтін саны толықтай есепке алынбады, сондықтан кейбір болыстықтардағы түтін саны артық болды [91. с. 93]. Түтін санының артық немесе кем болуы рулардың басын біріктіретін, болыстық билеушінің жеке беделіне тікелей байланысты болды. 1822 жылғы Жарғыға сәйкес болыстық билеуші болып тек сұлтандар ғана қызмет атқара алды. Сұлтандарға 1822 жылғы реформаны жүзеге асыру арқылы, Қазақ даласындағы жаңа әкімшілік жүйені енгізу жүктелді. Бірақ, 1822 ж. Жарғыда М.Сперанскийдің қазақ қоғамындағы билік ете алатын өкіл тек сұлтандар ғана деуі қателік болды. Іс жүзінде мұндай бағыттың қате екендігі анықтала берді. Орыс әкімшілігі нәтижеде былай деп жазды: «... негізінде бұл заңды қабылдау оңай емес, кей жағдайда тіпті мүмкін емес, себебі, кейбір болыстарда сұлтандар жоқ, бірінде болғанмен болысты басқаруға қабілеті жетпейді, болмаса өкіметке сенімсіз, бірі өздеріне болыс билеушісін сайлайтын қоғамның сенімінен шыға алмағандар, сол себепті де өздеріне қабілетті және беделге ие адамды сайлау мүмкіндігінен айырылып қалып жатады. Сібірде бұл заң жүзеге асырыла бастағанда Сібір округінің ведомствосында сұлтан тегінен 43 болса, сұлтан емес тектен шыққандар саны - 44 болды, ал 1856 ж. оның арақатынасы 11 сұлтан - 62 сұлтан емес болды», - деп көрсетеді [24, с.74].Сондықтан XIX ғ. ортасында заңнамаға өзгерістеренгізу қажет болды.

Ал, қазақ елінің батыс бөлігі Орынбор ведомствосына қарады. Б.М.Абдрахманова өзінің еңбегінде: «1824 жылы Ресей өкіметі заңдық құжатта қазақ жерін басқарудың жаңа тәртібін бекітіп, Орынбор өлкесі болып қайта құрылды. Өзгеріс тек шекаралық басқару жүйесіне қатысты болды да, Орынбор губерниясының жалпы ережесі өзгерген жоқ. Шекаралық басқару үш бөлімге: жоғары, линиялық және далалық болып бөлінді», -деп жазды [24, с.21]. Жайық казактарының Орал бойындағы (линиясында) суы бар жайылым жерлерді басып алуынан пайда болған линиялық әкімшілік-территориалдық басқару бірлігі. Орыс билігінің тыйым салғанына және казактардың жазалау экспедицияларына қарамай қазақтар сол жерлерге көші-қонын жалғастыра берді, ол жерлерге шаруалар мен казак қоныстары біртіндеп орныға бастады. Линия

дистанцияларға бөлінді, әрбір дистанцияны линия дистанциясының командирі басқарды. Линиялық басқарудың негізгі қызметі: линияда тәртіп орнату, полицей ісі, бастықтардың ерекше тапсырмаларын орындау. Далалық басқару Орынбор басқару жүйесінің бөлімшесі, линия сыртындағы қазақтарды басқаруды қамтиды. Оралдың барлық оң жағалауы орыс өкіметіне «ішкі» жер категориясына енді. XIX ғ. басында, 1808 ж. 17 шілдедегі бұйрықпен Оралдың оң жағалауын шектеумен пайдалануға рұқсат етілді. Орыс өкіметінің Орал және Орынбор казактарына жасалынған жеңілдіктердің барлығы қазақ халқының Оралдың сол жақ жағалауына ығысуына әкелді. Әкімшілік терминология бойынша олар бұрынғы «Кіші Орда» атауының орнына «Орал қазақтары» деп атала бастады. Олар 1824 ж. ереже бойынша «далалық» деп атала бастады. Олардың алып жатқан барлық территориясы үш бөлікке: Батыс, Орталық, Шығыс деп бөлінді [92,с.160]. Олардың әрқайсысы өзіндік жергілікті басқарудан: а) ауылдық басқарудан; б) ауылдық бірліктегі тайпалық басқару; в) ауылдық және тайпалық басқаруды қамтыған орданың толық бөлігінен тұрды. «Ауыл» басында старшын, «тайпа» басында жеке билеушілер, ал орданы сұлтандар басқару керек болды. Олардың барлығы «шенеунік» атанып (іс жүзінде-жергілікті әкімшілік), қазақтар арасынан оны Шекаралық комиссия тағайындайды. Тек «ауылдық старшын» мен «тайпа» билеушілері немен айналысатындығы анық болмады [24, с.23].

1822 жылғы Жарғыға сәйкес ең көп дегенде әр округтың құрамында 20 болысқа дейін рұқсат етілген. Кейбір болыстықтардағы түтін саны толықтай есепке алынбады, сондықтан кейбір болыстықтардағы түтін саны артық болды. Егер әр ауылда 50-мен 70 түтін, ал болыстың құрамына 10 нан 12 ауыл болса, онда әр болыста 500 ден 840-қа дейін түтін саны болуы тиіс болды [95, с.102]. Түтін санының артық немесе кем болуы рулардың басын біріктіретін, болыстық билеушінің жеке беделіне тікелей байланысты болды. 1822 жылғы Жарғыға сәйкес болыс болып тек сұлтандар қызмет атқара алды. Реформаны жүзеге асыру нәтижесінде, Қазақ даласындағы жаңа әкімшілік жүйені енгізу міндеттелді. Қазақ жерінде алғаш құрылған болыстықтар Сібірдегі болыстықтарға ұқсас еді. Сол себепті де, Сібір ведомоствасының аумағына енген Орта жүз қазақтарындағы болыстықтар 1822 жылғы реформаға сәйкес құрылған. Реформаға сәйкес сыртқы округтердің құрылуы сол жердегі жергілікті әкімшілік бөлініс те болыстық және ауылдық басқару жүйесінің енгізілуін қамтамасыз еткен.

Сұлтан-билеушілер 1824 жылы тамызда тағайындалды. Оларға жеке дара биліктің рәміздік белгілері – император гербі бар ту және алтын қылыш табыс етілді. Одан бөлек Сұлтан-билеушілерге тиесілі жерлерді басқару үшін арнайы жазбаша ереже берілді. Сұлтандарға айына 100 сомнан жалақы беріліп, әр сұлтанға екі жүзден бөлінген казак отрядтары, олардың билігін жүзеге асыруда нәтижелі болды. Мысалы бұл жөнінде Б.М.Абдрахманова өзінің еңбегінде: «Қаратай Нұралиев сұлтан ұзақ жылдар бойы хандық билікке кедергі келтірген орыс билігіне қарсы болды, орданың батыс бөлігіне билеуші сұлтан бола салысымен жоғарыдағылардың бұйрығын табысты орындай отырып, алғаш рет

казак отрядтарының көмегімен қазақтарды жазалауда үлгі болды»,-деп көрсетті [24, с.23]. Бұдан қазақ сұлтандарының билікке құштарлығын, билеуші болуға мүдделі екендігін, және билікке жету жолында орыс өкіметіне жағыну үшін өзінің руластарын да аямайтындығын аңғаруға болады. Ақиқатында, Шыңғыс тегінен шыққан сұлтандар билікке өзін ұсынып ұмтылғанымен, ол ойларын жүзеге асыра алған жоқ. Себебі, олардың билігінде әлеуметтік-саяси тірек, күштеу аппараты мен заңнамалық негіз болған жоқ. Ресей өкіметінің қызметкеріне айнала отырып, билікті жүзеге асырудың құралын алып, олар қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси организмін қирата бастады. Қазақтың көшпелі қоғамымен әлеуметтік-саяси жағынан тіпті де байланысы жоқ, сыртқы күш казак отрядтарының көмегіне сүйеніп сұлтандар билердің азаматтық –қылмыстық-процессуалды қызметі мен біліктілігін тарылта берді. Дәстүрлі қоғамдық-корпоративтік институттардың қарсылығын әлсірету үшін сұлтандар ресейдің ықпалын қолдана отырып, түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана білді. Хандар, сұлтандар қазақтарға өзінің ықпалын жүргізу барысында да өз жағына ықпалды билерді тартуға тырысты. Дегенмен де, бидің беделі жоғары танылған болса, халық соның жағында болды. Мұндай билердің қолдауынан айырылған ханның өзі сұлтан деңгейіне түсіп, оның билігі тек өз отбасы мен жақындарына ғана жүрді. Мәселен, Б. Абдрахманова еңбегінде сұлтан Қаратай, билігін жүзеге асыратын, өзіне сүйеніш болатын, бағынышты адамдар арасынан өз билігін құруға ұмтылғандығын айта келіп, қазақ билері заңнамалық, қауым үстінен қарайтын саяси бір сатыларға бағынышты болған жоқ, олар халық арасынан өсіп шықты, халықтың құрметіне, беделге ие болғандар, – дей келіп, орыстардың келуімен дәстүрлі билеу нормасына да өзгерістер ене бастағанына назар аудартады. Өзінің билігін билерден жоғары қою үшін, тұрақты би лауазымына өзіне жақындарды тағайындауға тырысады, оған халық та қарсылық білдірмейді,-деп көрсетеді [24, с.27]. Сол сияқты орыс өкіметі де қоғам үстінен қарай отырып, өздерінің тағайындаған билерінің шешімін ғана мойындады. Ал, дәстүрлі билер қоғамдық мәселелерді шешуде ысырылып қала берді. Сөйтіп, сұлтандар билерді шеттете отырып, өздеріне ыңғайлы жаңа «билер» институтын құрды. Сонымен, сұлтандар өздерінің билігін жүзеге асыру үшін өзіндік құрал жүйесін ойлап тапты. Нәтижесінде орыс әкімшілігі орыс саясатын жүргізуде сұлтандардың нашар көшбасшы екендігіне көздері жетті. Себебі, XIX ғ. 30-50 жылдары халық қозғалысы, бүлік көбейіп кетті. Міне, осындай себептерге байланысты орыс өкіметі өзінің билігін жүзеге асырудағы әкімшілік-территориалдық басқару аппаратын оның ішінде болыстықтарды күшейтуге тырысты.

Шекаралық басқару органдарымен жақын қарым-қатынас орнатқан Округтерді құру арқылы азаматтық әрі әскери отарлауға ықпал ету қажет еді. Олар қазақ жүздерінің Ресей империясына қосылуын аяқтау үшін қазақтың көшпелі өмір салтын ұстанған ауылдарын бір территорияға бекіту, жаңа саяси-әкімшілік басқаруды ұйымдастыруды мақсат етті. Округтерді ұйымдастыру негізіне қыстаулар алынды, қоғамның рулық бөлінісі есептелді, сондай ақ рулық және территориалдық белгілер біріктірілді. Әрбір округ белгілі территорияны

қамтыды. Шенеуніктер рулық тегіне қарай орналасу қағидасын назарға алды және округке сұлтан иеліктері де енген еді. Сұлтандық құрамындағы ру топтары болыстықты, бөлімді және ру бөлімдерін құрау керек деп болжанды. Дегенмен, іс жүзінде басқаша еді. Себебі, округтердің, болыс, ауылдардың сандық құрамы «Жарғы Ережесіне» сай келмейтін. Бастапқы кезеңінде ұйымдасқан әкімшілік бірліктер арасындағы халық пен территорияның біркелкілігіне назар аудара қоймады. Әсіресе, болыстықтарды құруда қиындық туындап отырды, себебі, рулық тегімен құруды сақтау кей жағдайларда мүмкін болмады [93. с.48]. Округтегі барлық жергілікті билік аға сұлтандар төрағалық ететін, сондай ақ, облыс бастығы анықтайтын екі ресей заседательдері мен «сайланған екі құрметті қазақ» құрайтын округтік приказға шоғырландырылды. Деректе көрсетілгендей, болыстарды құруда рулық тобына қарай құру мүмкін бола бермеді. Оның негізгі себебі, жоғарыда көрсетілгендей, болыстық құруда 1000-2000 түтінге дейін түтін санының болуы, екіншіден, қазақ руларының орналасуы ерекшелігімен де байланысты болды. Енді бір жағынан алып қарайтын болсақ, бұл орыс отаршыларының руларды араластыру арқылы олардың арасында жік туғызу саясаты. Өз ара жікке бөлінген жергілікті халықты басқару тиімдірек еді.

1822 жылғы «Жарғы» қазақ даласында алғаш рет сайлау жүйесін енгізді. Себебі, кең, әрі үлкен көшпелі және жартылай көшпелі қазақ территориясын басқару оңай бола қойған жоқ. Оның үстіне орыс әкімшілігінің қазақ даласында санының аз болуына байланысты, сайланған жергілікті халықтардың билеушілері көмегіне жүгінуге әкелді. Жергілікті халық арасынан басшы сайлау үдерісін жергілікті әкімшілік бақылап отырды. Әдетте, сайлауға көшпелілердің бірнеше тобы қатыса алады, ал оларды бекіту облыстық басқармалар қолында болды [93, с.50]. Дәстүрлі мұрагерлік құқық және өмір бақилық болыс бастығы болу тәртібі де көп сақтала қоймады. Біртіндеп, орыс патшасы сұлтандардың құқығын старшын-ру басшыларын тарту арқылы тарылта берді. Мұндай жағдай Омбы облыстық басқармаларында көбірек орын алды. Тіпті аға сұлтандарды сайлауда да тәртіп бұзылып, болыстық сұлтандарды сайлауда тегі сұлтандар мен сұлтан еместер теңесіп те жатты. Орыс өкіметі, қазақ ақсүйектерінің құқықтары мен артықшылығын біртіндеп жоя отырып, олардың құқығын қатардағы көшпелілермен теңестіруге бағытталды.

Қазақ болыстықтарын құрудағы алғашқы қадамды Омбы облысының алғашқы бастығы С.Б. Броневский жасады. Көшпелі қоғамда әкімшілік құрылымды құру әрине оңайға соққан жоқ, оған тек басқару қабілетіне ие болу ғана емес, көшпелі қазақ халқының мәдениетін де жетік білу қажет болатын. С.Б. Броневский болыстықты құруда әкімшілік-территориалдық принципті емес, қазақ руларын біріктіре отырып, жекелей ру басылары басқаруына беруді дұрыс деп тапты. Ол қазақ рулары мен ру тармақтары енетін жаз бен қыста көшпелі шаруашылық кауым ретінде өмір сүретін қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымын басшылыққа алды. С. Броневский көшпеліліктің бұл дәстүрлі жүйесін қолдану маңызды дей отырып, оған әкімшілік мән беру керек, деп есептеді [96, с.156].Тарихи, әдеби шығармалардан байқағанымыздай, әрине «болыстық», «болыстық басқаруды» қазақ халқы жағымды түрде қабылдай алған жоқ. Патша

өкіметінің негізгі мақсаты, хандық билікті жойған соң рулық билікті тарату, халықтың санасынан ұлттық дәстүрді жою болатын. Сондықтан әрбір руды бірнеше болыстыққа бөле отырып, патша өкіметі халықтың бірлігін бұзу тұрды.

Қазақстанның Ресейге біріктірілу үдерісі аяқталғаннан кейін әкімшілік-территориалдық жүйені, сот құрылымын, салық салуды үйлестіру мәселелері 1867-1868 жж. реформаларға алып келді. 1865 жылы Ерекше Комитет Реформаға дайындалу мақсатында Әскери министерлікке және Ішкі істер министрлігіне жергілікті жермен жақын танысып, жеке бөлімдерді дайындау үшін Комиссия құруды ұсынған. Комиссия басы болып әскери министрліктен статистика кеңесшісі полковник Ф. Гирс тағайындалды. Орынбор өлкесінен полковник К. Гутковский, Батыс Сібір өлкесінен Генерал штабынан капитан А. Проценко, ал Түркістан өңірінен В. Дандевиль, кейінірек Генс пен Гутковскийді Л. Баллюзек пен Л. Мейер ауыстырған еді [94,с.148]. Барлау әрекеттері мен шұғыл шаралар салдарынан комиссияның негізгі бөлігін қазақ даласы мен Қазақстанның оңтүстік бөлігінен алынған ақпараттармен таныс орыс армиясының генерал штабының шенеуніктері құраған болатын. Комиссияның жүргізген үш жылдық зерттеу жұмысының қортындысы негізінде жоба жасалынып, жобаны Шығыс және Батыс Сібір генерал-губернаторлығына, Әскери министрлік пен Ішкі істер министрлігінің талқылауына ұсынған болатын. 1867 жылы 11 шілде күні «Түркістан генерал-губернаторлығын құру бұйрығына» қол қойылып, сондай-ақ, «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі ережелердің жобасы» қабылданған еді. [94,с.149]. Түркістан генерал-губернаторлығына бір уақытта Түркістан әскери округінің басшысы қызметін атқаратын генерал-губернатор тағайындалды. Генерал-губернаторлық облысқа, облыс өз кезегінде уездерге, уезд-болыстыққа және ауылға бөлінді. Облыс басында әскери губернатор тұрды. Болыстарды болыс билеушілері басқарып, ауылдарға ауыл старшындары билік етіп, оларды халық сайлап отырды.

1868 жылы 21 қазан күні «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқарудың Уақытша ережесі» қабылданған еді. Ережеге байланысты Кіші және Орта жүзі территориялары бөлініп, олар Орынбор және Батыс – Сібір генерал-губернаторлығы құрамына кірді. Басқару жүйесі Түркістан өңіріндегідей бес сатылы болды. Болыс пен ауыл старшындары ғана сайланатын. Уақытша ереже Ресей империясының оңтүстік шекараларының ұлғаюымен және қазақ жерін толығымен басып алуына байланысты қазақ даласында жаңа әкімшілік басқару жүйесі енгізіліп, облыс, уезд, болыс және ауыл болып бөлінді. Қазақстан территориясының батыс, солтүстік, шығыс және оңтүстік аймақтарында жаппай болыстар құрылып, уақытша ережеге сәйкес әр болыста халық саны 1000-2000 түтінге дейін жетті [90,с.12]. Енгізілген әкімшілік органдар қазақ даласындағы дәстүрлі басқару жүйесін қиратып, ғасырлар бойы қалыптасқан әкімшілік билік иерархиясын ығыстырып шығара бастады.

1860 жылдары Ресей өкіметінде қазақ жерін басқару жүйесінде іргелі реформалаудың, қайта ұйымдастыру не болмаса бастапқы түрінде басқаруды сақтап қалу мәселесі талқыланды. Бұл мәселені шешу үшін 1865 жылы өлкені басқару ревизиясы бойынша «Ерекше комитет» және «Ерекше комиссия»

құрылды. Олардың пікірінше, 1867жылға қарай империядағы жаңа құрылымдарға сәйкес қайта құру қажет деді. Біріншіден, Кіші және Орта жүз қазақтарын басқарудың бірыңғай жүйесін құру ұсынылды. Екіншіден, көшпелілердің территориясы Ресей мемлекетімен онан әрі бірігіп кету мақсатында басқару нормаларын ішкі губернияны басқару талаптарына жақындату тұрды. Осындай әкімшілік жүйе тәжірибе үшін уақытша енгізілген болатын. Құқықтық жағынан ол 1867 ж. «Семиреченский (Жетісу) және Сырдария облыстарын басқару туралы Уақытша Ереже» 1868 ж. «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы Уақытша Ереже» болып бекітілді [94,с.149].

Ұлы жүз бен Кіші жүзге қарасты болыстықтар тек 1867-1868 жж. реформа негізінде ұйымдастырылды. Ресей құрамына қосылған жаңа аймақтағы халықтардың көшпелі, отырықшы сипатына қарай ресейлік әкімшілік «1867-1868 жж. Уақытша ережені» әзірлеп, оның өзіндік шартын ескерткен болатын. Шартқа сәйкес жергілікті басқару тәртібінде облыстар көшпелі және отырықшы халықтар болып бөлінді. Облыс халықтары Түркістан, Батыс-Сібір және Орынбор генерал-губернаторлықтарының құрамына кіргендігі белгілі.

Империя құрамындағы қазақтың жері 1867-1868 жж. облыстарға бөлініп, әкімшілік, әскери және шаруашылықты жүргізу бойынша үш генерал-губернаторлыққа – Орынбор, Батыс Сібір және Түркістанға бағынған. Жаңадан құрылған Орал және Торғай өңірі Орынбор генерал-губернаторлығына бағынды. Семей және Ақмола Батыс Сібір генерал-губернаторлығына, Жетісу және Сырдария Түркістан генерал-губернаторлығына қарады. Қазақтарды басқару облыстары облысқа, уезге, болысқа және ауылға бөлінді. Әкімшілік жоспар бойынша облыстар ресейдің ішкі губернияларымен теңесіп, уезд-уезге, болыс-болысқа, ауыл-деревняға сәйкес болды. Басқару сатысы бойынша облыс әскери губернаторға және оған қарасты облыстық басқармаға, уезд- уезд бастығына, болыс-болыс билеушісіне, ауыл- ауыл старшынына қарады [93,с.60].

Сонымен, Ұлы жүз бен Кіші жүз территорияларында болыстықтар тек 1867-1868 жж. реформа негізінде ұйымдастырылған болатын. Ресей құрамына енген жаңа территориялардағы халықтың көшпелі және отырықшы өмір салтына қарай, ресей әкімшілігі «1867-1868 жж. Уақытша ережені» дайындады. Оның шартына ерекше мән берді. Жергілікті басқару тәртібінде облыстар көшпелі және отырықшы халықтар болып бөлінді. Түркістан, Батыс-Сібір және Орынбор генерал-губернаторлықтарының құрамына облыс халықтары кіргендігі анық еді. Жергілікті басқару бөлімі уезде тұратын қазақтардың арасында азаматтық-құқықтық үдерістерді басқару тұрғысынан реттеуді тікелей жүзеге асыру керек болған. Сол себепті де, ауылдар100 бен 200 түтін (үй) саны арасында, уездер мен болыстар 1000 мен 2000 түтін (үй) санын құрау тиіс болды. Бұған байланысты болыс билеушісі мен ауыл старшыны бекітілді. Болыс билеушісі «болыс съездерінде», ауыл старшыны «ауыл жиынында» сайланып отырды. Болыс съезіне (сайлаушылардың жиыны) болыстағы әрбір 50 түтін санынан 1 адам, ауыл жиынына 10 түтін санынан бір өкіл қатысу керек болатын. Сайлау қортындысы бойынша болыс билеушісі 3 жылға әскери губернатор, ауыл

старшыны, уезд бастығының бұйрығымен бекітілді [24,с.82]. Болыс билеушілері және ауыл старшындары өздері басқарып отырған аймақтың полицейлік және атқарушылық билікті ұстанды. Бұл лауазымға төленетін ақыны өздері сайлаған болыс халқы төлеп отырды.

1869 жылдан бастап ауылдар мен болыстардың ресми шекарасын нақтылау жүзеге асырылса да, бұл процесс өте баяу жүрді. 1875 жылы Дала генерал губернаторы 1868 ж. Уақытша ережеде айтылған шекаралардың болыстық түгілі уезд және облыстарда да нақтыланбағанын 6 жылдан кейін біліп, жергілікті әкімшілік қызметкерлеріне барлық көші қон бағыттарын картаға түсіріп, олардың арасындағы шекара белгісін қоюды міндеттеді. Дегенмен, бұл тапсырма 1877 жылы орындалып, Ақмола және Торғай облыстарында ғана шекара айқындалды [98,с.143]. Шекараны анықтау мақсатында шенеуніктер ауыл-аймақтағы түтін санын қайта санау және ауылдарды топтастыру, нөмір және болыстарға ресми атау беру үшін, сондай-ақ жергілікті қазақ шенеуніктерді (ауыл старшындарын, болыстық билеушілерді) сайлауға бақылау жасау үшін өздерінің қызметкерлерін жіберді. Статистикалық жұмыстардың барлығын олар қыстау маңында жүргізді.

Қазақ жерінде әкімшілік-территориялық басқару институттарын құру оңай бола қойған жоқ. Болыстық құруда әр ру өз тобын жақтауы, өтірік жала жабу, жер телімдерін дұрыс бөлмеу, т.б. әділетсіздіктер өте көп болды. Осыған байланысты 1880 жылдардың басында орыс әкімшілік шенеуніктері жергілікті басқарудың төменгі сатысын ұйымдастыру қағидаларын түбегейлі қайта қарауды ұсынды. Оның мағынасы мынаған әкеп саяды: а) қазақтарға түсініксіз және тиімсіз «ондықтар», «елуліктер» деген дәрежені жою; б) қазақтардың тұрмысына сәйкес келмейтін басқару принциптін, ауылдарға бөлуді, ауылдық жиындар мен ауылдық старшындарды азайту; в) қоғамдық басқарудың бірлігі саналатын-болыстықты, болыстық ұйымдарды, сонымен қатар, болыстық съездерді, болыс билеушілерін және сот билерін қабылдау; г) болыстықтарды шаруашылықтардан-«ауылдардан», қазақ халқының түсінігінде қалыптасқан көршілес қыстау мен жайлау орындары бойынша құру; д) болыстық съездерді барлық жекелеген шаруашылық өкілдерінен, «ақсақалдардан» құру; е) қоғамдық лауазымдарға сайлау, жер мәселесін жалпы қоғамдық шаруашылық істерін ақсақалдар съезіне беру, болып табылады [24,с.87].

1867-1868 жж. «Уақытша ереже» тәжірибе ретінде екі жылға енгізілді, бірақ іс жүзінде Түркістан губернаторлығында 1886 ж. және 1891 ж. Дала губернаторлығында әкімшілік-саяси кодекстің енуіне дейін өмір сүрді. Бұл құжаттардағы өзгерістер Қазақстандағы орыс саясатын түбегейлі қайта қарауға бағытталған жоқ, керісінше, осыған дейін ішінара өзгеріске түскен әкімшілік-саяси құрылымды бекітіп берді. Мысалы, 1882 жылға дейін Ақмола және Семей облыстары Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы қол астында болды. 1882 жылы бұл екі облыс Түркістан генерал губернаторлығынан бөлініп кетіп, Жетісу (Семиреченский) облысымен бірлесе Дала генерал губернаторлығының құрамына еніп, жаңа негізгі құжатта көрініс тапты [99,с.126].

Алғашқыда «1886 ж. Түркістан өлкесін басқару жөніндегі Ереже» Түркістан ведомствосында қайта құрылды. Түркістан губернаторлығына Сырдария және Жетісу (Семиреченский) екі облысынан бөлек Ферғана облысы да қосылды. Жаңа қабылданған «Ережеде» отарлық аппараттың жоғарғы шенеуніктерінің атқаратын қызметі, олардың құқықтары мен міндеттері жөніндегі 1867 жылғы «Уақытша Ереже» баптары бекітілді. Төменгі сатыдағы әкімшілік аппаратының басқару жүйесі баспасөз беттерінде сынға жиі іліксе де айтарлықтай өзгеріске түсе қоймады. Назар аударатын өзгеріс тек көшпелі халықтан салық жинауға байланысты еді: «Уақытша ережеде» 2 сом 75 тиыннан 1886 ж. «Ережеде» 4 сомға дейін көтерілді [100, с.168-169].

Дала генерал-губернаторлығының әкімшілік-саяси жүйесіне де қатысты 1891 жылы жаңа «Ереже» бекітілді. Оның құрамынамына облыстар енді: Ақмола, Семей, Жетісу (Семиреченский), Орал және Торғай облысы. «Ереже» 1886 ж. Түркістан губернаторлығындағы реформаны қайталаған болатын. Ережелердің атап айтатын айырмашылықтары жергілікті басқару қала, көшпелі халық, орыс қоныстары, дұнғандар мен ұйғырлар қоныстарына бөлінгені еді. . Көшпелі және отырықшы халықтарды басқаруды бұрынғыдай 3 жылға сайланатын болыс билеушілері мен ауыл старшындары жүргізді. 1891 жылғы «Ережеде» қазақтардан шыққан барлық болыстар мен ауыл шенеуніктеріне баса назараударып, төменгі сатыдағы шенеуніктер заңға қайшы әрекет етсе, лауазымынан айыру, сайлауда бекітпеу не қайтасайлау өткізуге дейін барды. Өзгеріс тек жоғарыда айтып өткендей салықтың 4 сомға дейін көтерілуіне байланысты болды. Ал, отырықшыларда бұлай болған жоқ. Сонымен, XIX ғ. аяғы XX ғ. Басында орыс отаршылары енгізген жаңа ережелер Қазақстан территориясының басым бөлігінде біріктіріліп, сіңе берді [25, с.169].

Ресей империясының құрамындағы Қазақ даласы әкімшілік бөлінісінің соңғы кезеңдері 1886, 1891 жж. реформалар болды. Себебі, Қазақ жерінің Ресей құрамына қосылғандығының ең соңғы заңды құжаттары 1886, 1891 жж. Ережелереді Түркістан өлкесіндегі тұрғындар негізінен үшке бөлінді: а) көшпелі, б) жергілікті отырықшы, в) жергілікті емес орыстардың елді мекендері. Ал, Дала өлкесінде-1891 жылғы Ережеге сәйкес) көшпелі және отырықшы, б) орыс елді мекендері; в) дұнғандар мен тараншалар басқармасы болып бөлінді. Құрамы әртүрлі халықтар арасында болыстық жүйе қалыптасты. XIX ғасырдың 90-жылдарында Дала өлкесіндегі облыстарда қазақ болыстықтары мен жер аударылғандардың болыстықтарында бөліну тенденциясы байқалады. Жергілікті жердегі халықтардың әкімшілік аппаратының төменгі құрылымдарына тағайындалғандығының өзі, көшпелі және отырықшы жерді пайдаланудағы ерекшеліктеріне байланысты болып, ресейлік заңнамалар мен дәстүрлі құқықтық ережелерді біріктіру арқылы жергілікті бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік пайда болды.

Қазақ даласындағы болыстық әкімшілік жүйенің ұйымдастырылуы мен құрылуының бірнеше кезеңдерін көруге болады: 1) 1824-1868 жж.-Сібір ведомствосының аумағына енген сыртқы округтер құрамындағы рулық негізде құрылған болыстықтар; 2) 1868 жылдан бастап-Орынбор және Түркістан

генерал-губернаторлықтарының облыстарында территориялық принцип бойынша құрылуы. Сондай ақ, болыстықтардың атаулары да рулық атаулардан жергілікті топонимикалық атауларға ауыстырылды; 3) XIX ғасырдың 90 - жылдарының басында - далалық облыстарда біртіндеп қазақтардың және орыс шаруаларының болыстықтарына бөліну үдерісі байқалады, осы кезеңнен бастап көшпелі қазақ болыстықтарында міндетті түрде болыстық билеушінің қыстауында әкімшілік орталық ретінде болыстық үйлер анықтала бастайды. XX ғасырдың бас кезінен бастап болыстық бөліністер тұрақты сипат ала бастады.

2.2 Семей және Ақмола облыстарының территориясындағы болыстардың құрылу ерекшелігі

Семей және Ақмола облыстары Сібір генерал губернаторлығына қарап, Сібір қазақтарының жері деген атау алғандығын білеміз. Аталған облыстарда болыстықтардың құрылуынан бұрын, әкімшілік территориалдық басқару тарихына қысқаша тоқталайық.

Патша өкіметі Қазақ даласын басқаруды қайта ұйымдастыруға Бөкей хан өлгеннен кейін 1820 ж. қайта оралды. Осыдан кейін Орта жүзде сұлтандардан жаңа хан сайланып, бекітілмеді. 1822 жылғы Жарғыдан кейін Семей және Ақмола өңірлері, анығын айтқанда орта жүз жері әкімшілік-территориалдық басқарылуы бойынша Батыс Сібір генерал-губернаторлығына қараған. Орта жүз қазақтарының қоныстанған жерлер (әкімшілік мақсатта түсінікті болу үшін-Сібір қазақтарының) Омбы облысына қарасты болатын. Сібір қазақтарын «ішкі» - линия бойындағы (прилинейных) және «сыртқы» - линияның арғы бетіндегілер деп бөлді [101, с. 66]. «Ішкіге» Омбы, Петропавловск, Семей және Өскемен қалаларына жақын орналасқан қазақтарды жатқызды, оның үстіне олар XIX ғ. 20 жылдарында Сібірдің орыс халқымен тығыз қарым қатынаста болып, сауда қатынастарымен және пайда болған өнеркәсіптерде жалдамалы жұмыс күші ретінде жұмыс істеп, орыстың әкімшілік тәртібіне жақын бола түсті. Ал, «сыртқы қазақтар», көші қоны тереңдей орналасқан, әлі орыстардың экономикалық және әкімшілік ықпалына түсе қоймаған, бірақ біртіндеп өздерінің дәстүрлі қоғамдық құрылымымен сол тәртіпке бейімделе бастады. Олар әкімшілік жүйеге бағына отырып, үш саты бойынша- округ, болыс, ауылға бөліну керек болды [24, с.47-48].

Басқару жүйесіндегі ең төменгі буындағы билік ол – ауыл болды. Оның басында Округтік Приказға байланысты үш жыл мерзімге сайланатын «ауыл старшыны» тұрды. Болыстың басқарылуы «болыс билеушілеріне» беріліп, оған 10-12 ауыл қарайтын. Болыс билеушілерін ауыл халқы сұлтандардан сайлап, бекіту Омбы облыстық басқарма тарапынан бекітіліп отырды. Округ 12-15 ауылдан тұрып, әрбір округтің шекарасы болып, халықтың бір округтен екінші округке көшіп қонуына тыйым салынған еді. Басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында «Округтік приказдар» бекітілді, оның басында сұлтандар сайлаған аға сұлтандар болды. Басқарма құрамына Омбы облысының бастығы тағайындаған екі орыс шенеунігі, би, сұлтандар сайлаған бағалаушы және екі абыройлы қазақтар кірді.

Негізінде1822 жылғы Жарғы қазақтардың экономикалық, әлеуметтік және саяси болмысы жөніндегі мәліметтерді мақсатты түрде жүргізілген зерттеудің нәтижесі деп айтуға болады. Оның мазмұны мен талдануы М. Сперанскийдің қазақтардың қоғамдық құрылымына сәйкес келетін басқару жүйесін құруға тырысқанын, сонымен қатар қазақ жерінде орыс өкіметі саясатының қарқынды жүруін қамтамасыз етті деуге болады. Қазақ ру басыларының 1822 жылы Жарғымен енгізген сырттай түрі ұқсаған ауыл старшындарына айналуы билік институтының әлеуметтік-саяси мазмұнын шындығында өзгертті. Көшпелі қоғамның ру басылары «ауыл ақсақалдары» қазақ қоғамында ешқашан сайланған жоқ, олар табиғи дәстүрлі тәртіппен қоғамдық мүдделерді реттеп отырды. Сондықтан да қазақтарды басқаруға қатысты реформаларды дайындағанда орыс әкімшілігінің өкілдері 1867ж., 1891ж. бірнеше рет М.Сперанскийдің жарғысын басшылыққа алып отырды.

Жалпы, орыс өкіметінің өлкені басқаруындағы тәжірибелік және уақытша заңнамалары 1890 жылға дейін сақталды. Бұл кезеңдерде патша өкіметінің Дала облыстарын басқару бойынша тұрақты Ережесінің жобасы аяқталып, 1891 жылдан бастап іске көше бастайды. 1891 жылы 25 наурызда Басқарушы Сенат бойынша император Александр III-тің Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқарудың Ережесін іске енгізу жөнінде бұйрық шығарды [93, с.110]. Облыстарды басқару Ережесіне сәйкес, Ақмола, Семей және Жетісу облыстары Дала генерал-губернаторлығына қарап, басқаруы бойынша Омбы қаласына, ал облыстық басқармалары Семей өңірінікі – Семей қаласына, Ақмоланыкі – Омбы қаласына қарасты болды. В. Мартин бұл жөнінде өзінің еңбегінде: «1882 жылы басқада әкімшіліктерді қайта ұйымдастыру қолға алынып, ол Ақмола, Семей, Торғай, Орал және Жетісу (Семиреченский) бес облысты Дала генерал губернаторлығына біріктірді. Ал, Сырдария облысы (Ұлы және Кіші жүз қазақтары көп, және Орта жүздің бір бөлегі Сырдария өзенінің бойында көшіп қонды), Түркістан аумағы территориясының бір бөлегі болып қала берді», – деп жазды [49, с.117]. Сонда, көріп отырғанымыздай, қазақ даласын әкімшілік-территориалдық басқару қағидасы бірнеше рет өзгерген.

Болыстық институттарын құру Қазақ даласындағы орталықтанған алғашқы билік жүйесінің қалыптасуы еді. 1822 жылғы Жарғы бойынша сыртқы округтарда болыстықтарға бөлуді ұйымдастыру мәселесі оңай бола қойған жоқ. Омбы облысы бастығы С.Б. Броневский Қарқаралы округінің бақылаушысы, титулды кеңесші А.Л. Бубеновқа 1824 ж. 13 маусым күні № 643 хатын жолдайды, онда: «…болыстықтарды құруды бастау тиімді деп ойлаймын, себебі, басқаларға да үлгі болатын алғашқы болыстықтар құрылатын болады, өз мүддесі үшін аянбайтын сұлтандар болыстықтардың құрылымына қарай жалақы төленетіндіктен, олардың өздері халықты қыса отырып болыстықты бөлуді және басқарушы сайлауға мүдделі болады», - деп жазды [102, об.л. 12-12]. Бұл мәлімдемеде қазақтардың оның ішінде сұлтандардың болыстыққа бөлінуде өзіндік мүддесі бар екендігін байқатады. Болыстықты құру қағидаты бойынша әрбір сыртқы округтың құрамына Жарғыға сәйкес 15-20 болыс кіру керек. Негізінен, бұл құрылған болыстықтар билігі мықты болған сұлтандардың Бөкей

ханның ұрпақтарының болыстары: Әбілмұхамет Бөкеев, Абілғазы Бөкеев, майор Ғазы Бөкеев, Құдайменді Ғазин, Тәуке Бөкеев болды. Сонымен қатар хабарламада былай делінген «…ауылдар мен үй санын есептеу осыған дейін болыстықтардың құрылуымен есептелген жоқ, ол жарғыға байланысты құпия түрде өте сақтықпен жасалынды». Алғашқы сыртқы округтер ашылған кездері, олардың құрамында болыстардың жеткілікті болмағандығын көре аламыз.

Омбы облысының басшысы С.Б. Броневский 1826 жылы 14 тамыздағы Қарқаралы округтік Приказының № 968 нұсқауында жазады: «Қарқаралы округін шолғанда жекелей болыстық басқарудың жай-күйіне (округ ішіндегі жеке бөлік мағынасында б.) ерекше назар аудардым, онда басқару құрамына енетіндердің барлығы соған негізделеді және бекітіледі, осы басқарудың құрылымына деген менің барлық қажетті талабыма қарамастан, оның жағдайы округтік бұйрықтың белгіленген тәртібінен алыс екендігін байқадым. Округтегі болыстардың көпшілігі Жарғыда белгіленген тиісті бөліну ережесін сақтамай, осы уақытқа дейін ешқандай құрылып бітпеген», – деп жазады [103, об.л. 21]. Одан әрі «…сондықтан да болыстық басқару құрылымын ұйымдастыруды атқару үшін өзімнің міндетімді округтік бұйрықтың жауапкершілігіне аударамын, ол үшін көшпелі болыстан, атап айтқанда Сұлтан Тұрсын Шыңғысовтың болыстарынан бастап кірісеміз», – деп нақты іске көшетіндігін жариялайды [103, л. 21]. Яғни бұл деректен көретініміз, осы кезеңдерде болыстардың құрылуы әлі де жүйеге қойылмағандығын байқауға болады.

Омбы облыстық басқару нұсқауында болыстықтардың құрылуы үшін қандай жұмыстар жүргізілуі керектігі нақтыланып, онда: «болыстықтардың құрылуы мынадан тұрады: 1) ауылдарды құрайтын және ауылдардың белгілі саны болыстықты құрайтын түтін санын анықтау Жарлықтың §5; 2) ауыл старшындарының сайлануы және 3) ауылдық старшындар мен болыстық сұлтандарға берілген құқықтар мен міндеттерді жетілдіру және бекіту» [102, об.л. 12]. Көрсетілген деректер алғашқы сыртқы округтердің ұйымдастырылғанына екі жыл уақыт өткеніне қарамастан, нақты іске көше қоймағанын, сондықтан болыстық әкімшілік басқару жүйені жетілдіру мақсатында қағиданы күшейтуді қолға алады.

Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы мен Омбы облысы әкімшілігі Қазақ даласында жаңа әкімшілік жүйені орнықтыру және оның таралуын толық бақылауда ұстап отырғандығы белгілі. Омбы облыстық басшысының 14 қарашадағы № 2747 нұсқауында, Көкшетау жарлығының 1831 жылғы 26-шы қараша № 2858 баянатында былай дейді: «осы бұйрыққа енетін барлық болыстар туралы: болыс басқарушылары, ауыл старшындары мен барлық билер, қыстауларда, жазғы уақыттарда ұзаққа көшетініне қарамастан, олар көшіп қонатын барлық шатқалдарда мекендеп, болыстықтары қай жерде болмасын тең дәрежеде болады» [103, об.л.21].Сондай ақ, Көкшетау сыртқы жарлығының ведомоствосында 20 болыстың тізімі келтіріледі. Нақты болыстықтардың атаулары, болыстық билеушілердің есімдері және киіз үйлердің саны туралы мәліметтер келтірілген. Дәл осындай нұсқау Қарқаралы сыртқы жарлығынан да алынады, бірақ өзінің 1831 жылы 1-ші желтоқсандағы №2060 жауабында:

Есауыл Карбышевтан алынған мәлімет болмайынша болыстықтар туралы мәлімет келтіру мүмкін еместігі жөнінде, сондықтан қазіргі құрылған тізімге сүйенуге болатын, ауыл биі, старшындары туралы толыққанды, нақты мәліметтер жоқ, – деп көрсетеді [104, об.л 28].

1841 жылы қарашаның соңында Батыс Сібірдің корпус командиріне барлық сыртқы округтер бойынша қазақ болыстарының қыстаулары мен жайлаулары көрсетілген тізімі ұсынылады. Мән беретін бір жағдай 1831 жылғы мәліметтердегі болыстар санымен салыстырсақ, Кенесары Қасымұлының көтерілісіне байланысты болыстар санының азайғандығын байқаймыз. Үшбұлақ округі 1842 жылы жабылып, округ құрамына кірген болыстар Ақмола және Көкшетау сыртқы округтерінің құрамына қосылды. Мәселен, 1841 жылғы Ақмола сыртқы округінің территориясында 12-болыс; Баянауыл сыртқы округінде 12-болыс; Аягөз сыртқы округінде 28-болыс; Қаркаралы сыртқы округінде 17-болыс. Көкбекті шекара бөлімшесі командирінің ведомоствосында болашақта ашылатын Көкбекті сыртқы округінің құрамында 10-болыс болады деп жазылған (бұл округ 1844 жылы ашылды).

1831 жылғы сыртқы округтердің құрамындағы болыстарды 1841 жылғы болыстармен салыстырсақ, сыртқы округтер құрамына кірген болыстардың саны өзгеріп отырғанын байқауға болады. Бұл өзгерістердің себебі, сол кездегі қазақ жеріндегі Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліске тікелей байланысты болды. Сонымен XIX ғасырдың ортасына дейін нақты рулардың белгілі бір болыс құрамына кіріп тұрақты әкімшілік жүйе құра алмағандығын көреміз. Кейінге қалдырылып, қайтып болыс құрамыз деп қайтып келген руларға бұрынғы округтерінің құрамына қосылуға мүмкіндік беріліп, бірақ кейбір жағдайларда жалпы түтін санының өзгеруіне байланысты жеке болыс болып құрылуларына рұқсат етілмеді. Мысалы, 1843 жылы маусым айында сұлтан Әшімтай Батыров басқаратын қырғыз (қазақ-Б.М.) болысына қайта болыс болып құрылуына рұқсат етілмеді. Себебі, Шекара басқармасының 8 маусымдағы қаулысына сәйкес қазақ болысында не бары 347 түтін болып, жеке толық болыс құра алмайтындығы, тек түтін саны толық емес басқа болыспен біріккен жағдайда болыс болып құрылуына мүмкіндік бар екендігі түсіндіріледі [105, об.л. 3- 4].

1846 жылы қыркүйек айында Құсмұрын сыртқы округіндегі бұйрықта мынадай тұжырым жасалады, «округте 9 болыстықтан тұратын, оның кейбірі өзінің құрамы бойынша аса маңызды емес, тіпті қарсы жақтың 179 бап, 2 томына сәйкес жартысын да құрамайды, ауыл мен түтін (үй) саны болыстық билеушілердің жалақысы мен хат тасушылар және тілмаштарға қазынадын төленетін шығынды да жаппайтыны жайлы, және жиналған салық мардымды болмайтыны ескеріліп, осы жағдайға байланысты жарғы бойынша бірін екіншісімен қосуды ұйғарған еді», – деп жазылады [106, об.л.17]. Болыстарды өзара біріктіру барысында негізге алынған мәселелер: «өзара рулық байланысы бойынша және жазғы, қысқы көші-қонының ортақтығына назар аударды, Ал, өзара бірігу тиімді және ыңғайлы екендігін мойындатты [99, л.100].

1851 жылы Баянауыл сыртқы округінің құрамына кіретін Ақбура-Тұлпар-Көксал-Орманшы болысы қазақтарының сұрауы бойынша былай делінеді:

«біздің Орманшы болыстығы округ ашылғаннан үш жеке: Орманшы, Ақбура-Тұлпар және Көксал болыстықтан құрылды, әрбір болыстықта заңды түтін саны болды және ерекше болыстық билеуші басқарды, бірақ Кенесары жүргізген бүліншіліктен кейін бұл болыстықтардың халқы бытырап кетті, көбісі мал-мүлкінен айырылып, жол бойына қоныс аударды және әбден қиыншылыққа ұшыраған кейбірі сол округтерде қалып қойды, барлық осы қиын жағдайлар басшыларға үш болыстықты бір болыстыққа біріктіруге мүмкіндік берді, міне содан он жылдан бері бір болыстық билеуші қол астында тұрып келе жатырмыз. Осы уақыт аралығында халық ағылып келе бастады. Қазіргі кезеңде болыстық 1300 артық түтін санын құрайды. Мұнан басқа санаққа кірмеген Ақбура-Тұлпар және Көксал руларының бөлек жаз жайлауы, қыстаулары бар, жазғы кезеңдерде 100 шақырым кейде оданда ұзақ кеңістікте Орманшыда көшіп қонып жүреді, сөйтіп басқа болыстықтарда көшіп-қонып, халық шашырай орналасқан. Сондықтан бақылаудан кеткен халық әртүрлі тәртіпсіздіктер жасайды, кейін келе бұлтартпас зардаптарға ұшыратады, адамгершіліктен айырылу ойына келгенін істеуге әкеледі, бұлай істеу халықтың азғындауына жол береді. Сондықтан басшылар біздің арыз талабымызды орындап, Ақбура-Тұлпар және Көксал руларынан есепке кірмеген 350 үйді енгізе отырып, жеке болыстық құруды және Қарқынбаевты басшы етіп қалдыруды сұраймыз, ақпан 1851 жыл. [98, л.100]. Жоғарыда көрсетілген деректерге қарағанда, болыстық жүйенің жалпы территориялар бойынша нақты бөлінісінің, XIX ғасырдың ортасының өзінде әліде болса әлсіздігін байқатады. Себебі, Ереже бойынша болыстық құрудағы 1000-2000 үй саны болу талабы барлық жерде қамтыла қоймады, сондықтан рулық тегі бір топ болмаса да біріктірудің орын алғандығы анық.

Ресейлік зерттеуші Е.В. Безвиконнаяның айтуы бойынша: «…қазақ ауылдары мен болыстықтардың үнемі көшіп қонуы округтер арасындағы шекараны нақты белгілеуге мүмкіндік бермеді. Осыған байланысты XIX ғ. бірінші жартысы бойы Омбы облысының далалық округтері орналасқан жердің нақты координаты белгіленген бірде-бір карта не топографиялық түсірілім болған жоқ [22, с.97]. Сол сияқты болыстықтардың шекарасында да нақты белгілер болған жоқ. Қазақ рулары шаруашылықпен байланысты қыстау мен жайлаудың төңірегіне топтаса отырып, бір болыстық төңірегіне топтасты.

Дегенмен де орыс әкімшілігі қазақ жерінде өздеріне тән әдіспен «сынақ» түрінде тарала берді және тереңдей берді. XIX ғ. 60 жылдары орыс мемлекетінің әкімшілік-құқықтық тәртібін толық қамтымаған Батыс Сібір ведомствосының шеткергі оңтүстік шығыс бөлігін мекендеген қазақтар қалды. Олар ерекше округті құрап, Семей облысына қарады және өздерін Алатау деп атады [24, с. 74].

XIX ғ. 60 жылдары орынбор және сібір әкімшілігі өкілдері өлкенің экономикалық және саяси мәселелерін шешуде түбегейлі әкімшілік басқаруды қайта ұйымдастыру жөнінде пікірлер айта бастады. Қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымының өзіндік ерекшеліктерін, бір ғасырға жуық Ресей ықпалындағы терең өзгерістерге байланысты басқару жүйесін өзгертуді көтере бастады.

1868 жылы 21 қазанда «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы Уақытша Ереже» қабылдаған болатын. Ережеге сәйкес §59 келесі қағидаларды енгізу ұсынылды: «Уездерде болыстықтар мен ауылдарға бөлу жергілікті жағдаймен байланысты болып, ауыл 100-200 үйден, ал болыстықтар 1000-2000 үйден тұрды, барлық облыстар бойынша оларды бір мезгілде губернатор бекітеді.» [108, с.327]. Шындығында ауыл 100-200 түтіннен, болыстыққа бірігу үшін түтін саны 1000-2000 құрау керектігін және болыстықты басқарушылар мен ауыл старшындары 3 жылға сайланатындығы жөнінде мәліметтер Б. Абдрахмановаңың еңбегінде де кездеседі [24,с.95.]. Егер болыс не ауылға байланысты белгілі бір себептер болса, онда оның құрамына енетін үй саны нормасын облыс басшысы ғана бұза алады. Бұл жерде қазақ руларының бір беделді болыстық билеушінің қол астына бірігу мүмкіндігі жөнінде мәселе болып отыр. Ресей әкімшілігі ауылдардың қыстау тұрақтарының территориялық орналасуын көршілес халықтардың пайдалануы бойынша бір болыстың құрамында болуды анықтап отырды. Осылайша, 1824-1868жж. Сібір ведомоствосындағы болыстықтарды құру тәжірибесінен кейін, әртүрлі болыстықтардың құрамындағы ауылдардың алшақ орналасуын болдырмау үшін, бір болыстықтағы ауылдардың қыстаулары міндетті түрде қатар орналасып «көршілік» қағидатты сақтауын талап етті.

Көшпелі шаруашылықпен байланысты XIX ғасырдың ортасына дейін болыстықтардың әкімшілік орталығы анықталмады. Болыстың әкімшілік орталығы болған болыстық үйлер, тек алғашқы болыстар құрылғанына 70 жыл өткеннен кейін ғана, тұрақты елді-мекен етіп салу мәселесі көтеріле бастайды [109, с.46.].

Болыстық басқару уездік және ауылдық әкімшілік арасында дәнекер болып, басқарушы империяның орталығы мен қазақ даласы арасындағы құрылымдық басқаруды бір-біріне жақындатты. «Әкімшілік қайта құрудың жаңа кезеңі қоныс аударушы шаруалардың келуімен басталды. Империялық билік уезд құрамын қазақ тұрғындарымен қоныс аударушы шаруалар қоныстарын бірінен кейін бірі яғни кезектесіп орналасатындай етіп құрды. Ертеректе болыстықтардың атаулары сол территорияда өмір сүріп жатқан қазақ руларының атауына сәйкес келетін. XIX ғ. 70 жылдары ақ Семей облысының әскери губернаторы нұсқауы бойынша болыстықтардың атаулары өзгерген болатын. Болыстықтардың атауы шатқалдардың не сол аумақтағы территория атауымен сәйкес келу керек делінді. Мәселен, Семей уезіндегі 14 қазақ болыстықта 28483 үй саны болды. Мысалы, Ақымбет-Сыбан-Керей болыстығы Делбегетейге, Бай-Уақ болыстығы Белағашқа өзгертілді. XIX ғ. 90 жылдары Семейдегі барлық уездерде қазақтар тұратын болыстықтар өзгеріспен құрылды [29].

XIX ғ. 80 жылдарының басында жерді басқару жөніндегі әкімшілік тәжірибені және оның заң жобасы нәтижелерін іске асыруын талдаған, сондай ақ Кіші және Орта жүз қазақтарын бөлек басқаруды енгізудің тарихи алғышарттары жөнінде жазылған еңбектер жарық көрді. Соның ішінде Н.Б. Нарбаевтың [110, с.164-165], Н.Е. Бекмахановаңың «Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху каптиализма» [111, с.87], және «Национальные окрайны

Российской империи: становление и развитие системы управления» атты [112, с.339] еңбектер.

Ұлы жүздің территориясы уақытша Дала және Түркістан губернаторлығы аралығында бөлінді. Жетісу облысы Дала генерал губернаторлығында, Сырдария облысы Түркістан губернаторлығы құрамында болды. Бұл құрылыс 1881 жылдан 1898 жылға дейін сақталды. 1898 жылы Жетісу облысы қайтадан Түркістан губернаторлығына қайта оралды. Ұлы жүз мәселесі 1917 жылға дейін толық шешілмей екі жақты болып қала берді [93, с.110]. Өлкелерді басқарудың заңдық ережелерінің тәжірибелік және уақытша сипаты 1890 жылға дейін сақталды. Бұл кезең қарсаңында патша өкіметі қазақ жеріндегі облыстарды басқарудың тұрақты ережесінің жобасы әзірленіп, 1891 ж. енгізді.

Нәтижесінде, XX ғасырдың басына қарай Қазақ даласындағы болыстық жүйе бүкіл жерде таралып, Ресейдің өзге аймақтарынан әкімшілік жағынан айырмашылығы болмағандықтан, 1902 жылы далалық облыстарда шаруа басшылары институтының енгізілуі жүргізілді.

2.3 Орал және Торғай облыстарында болыстықтардың құрылуы

1868 жылы 21 қазан күні «Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы Ереже» бекітілді. 1869 жылдың 1 қаңтарынан бастап осы ережені 2 жылға енгізу туралы Министрлер комитеті шешім қабылдады. Содан кейін бұл ереженің атауы «Уақытша Ереже» деп аталды. 1868 жылдың 21 қазан күні «Уақытша Ережеге» сәйкес, Орынбор генерал-губернаторлығының құрамында (Орынбор ведомствосы қазақтарының жерінде) Орал және Торғай облыстары құрылған. Олар Орынбор генерал-губернаторлығына бағынды. Облыстық басқарма облыстық әскери губернатор билігі мен облыстық басқаруды біріктірген еді. Орал және Торғай облыстарының әскери губернаторларының құқықтары мен міндеттері Ресейдің ішкі губернияларымен тең болды[113, 76 -79 бб.].

Оралға Орал казак әскерінің жері, Орынбор облысы қазақтарының батыс және орта бөлігінің жартысы енді. Торғай облысының территориясына Орынбор облысы қазақтары жерінің шығыс және орта бөлігінің жартысы енді. Орал, Торғай облыстарының шекарасы Хобда өзені, одан әрі қарай Мұғалжар таулары және оңтүстік бөлігінде Арал теңізіне дейінгі аралықта болған еді [108, с. 78-98].

Торғай облысының ауданы 400830 шаршы шақырымды алып, солтүстік-батысында Орынбор губерниясы, шығысында – Ақмола облысына қарасты Петропавл және Атбасар уездері, оңтүстік бөлігінде Сырдария облысының Перовскі және Қазалы уездері, батыста Орал облысының Темір және Орал уездерімен шектесті. Торғай облысында төрт комиссия жұмыс істеді, олар уездер мен болыстық басқармаларды ұйымдастыру үшін уезд басшыларынан құралған еді. 1868 жылы желтоқсан айының ортасында құрылған комиссия «Ережені» енгізу мақсатында облыс аумағына шықты. Алғашқы кезде комиссия қазақтар тарапынан қарсылық көрмей 1869 жылы 1 – ақпанда Торғай облысында Николаевский және Торғай уездерін құрды. Әскери губернатор Л.Ф. Баллюзек өзінің Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановскийге (1864 -1881 жж.)

жасаған баяндамасында Ырғыз уезінің территориясында шекті руының жайлауы Үлкен Борсық құмдарында және бастысы Арал теңізінен Хиуаға дейін жеткендігін және одан әрі болыстарды құру мүмкін еместігін айтады. Біріншіден, территорияның өте үлкендігі старшындардың алдын ала жиналыстарға қатысуына кедергі болса, екіншіден, қысқы жолдың ауырлығы және жиі болатын боранның әсері комиссия мүшелеріне Қазақ даласына ішкері енуіне мүмкіндік бермеді, – деп жазады. Ырғыз уезінде не бары екі болыс құрылды [108, с.78-98]

1869 жылы қазан айының ортасына қарай Торғай облысы төрт уезге бөлінді*:* Илецкий (орталығы Илецкая Защитасында), Николаевский (Николаевская станицасы), Ырғыз (1869 жылдан бастап Ырғыз қаласына өзгертілген Орал бекінісі), Торғай (Орынбор бекінісі). Табиғи-климаттық жағдайы жағынан төрт уездің өзіндік бір ерекшеліктері болды. Мысалы, Қостанай және Ақтөбе уездері облыстың солтүстік бөлігін құраған болса, Ырғыз және Торғай уездері оңтүстік бөлігін құраған еді.

Орал мен Торғайдың облыстық басқармасы оқшауланып, бұл облыстар Кіші жүздің басым бөлігінің тарихын біріктіре отырып, кейбір автономиялық және арнайы басқаруды алды. Облыстың басшылары Орал және Торғай губернаторлары болды. Осымен қатар олардың Дала генерал-губернаторлығына қарамай-ақ алғаш рет жоғары шендегі мемлекеттік инстанцияларға тура шығуға заңдық құқығы болды.

Ал, енді болыстықтардың құрылуына келетін болсақ, 1869 жылы Ақтөбе уезінің аумағында 8 болыс: Ақтөбе, Аралтөбе, Терекелі, Тұзтөбе, Бүрті, Қаратоғай, Ойсылқара, Хобда құрылды. Болыстықтардың жаңадан құрылған әкімшілік шекарасы ғасырлар бойы тарихи көшпелі шаруашылық тәртібімен қалыптасқан шекараға сәйкес келмеді. Болыстықты құру негізінде таза формальды өлшемдер жатты. Мысалы, көшпелі шаруашылық ыңғайын есепке алмай-ақ, әкімшілік басқару және лауазымды тағайындауға қолайлы болу үшін ауылдың санын теңестіру арқылы құрылды. Алайда, Ф. Щербинаның экспедиция материалдарында көрсетілгендей, басқа аймақтармен салыстырғанда Ақтөбе уезінде әкімшілік бөліну бойынша ауылдың құрылуы жазғы және қысқы жайылымдармен сәйкес келетін. Бұған әкімшілік ауылдардағы қазақтардың 150 жылдан аса уақыт бойы құрылған көшпелі өмір сүруі дәлел болады [113, 76 б.].

Құрылған әр болыстың құрамына орта есеппен 1474 шаруашылық қожалығы енсе, нақтырағы әрбір болыстық 900-ден 2320-ға дейін шаруашылық қожалығынан тұрды. Болыстықтар шаруа қожалығына жақын неалыс әкімшілік бірлігі бойынша құрылады. Ақтөбе уезінің солтүстік-шығысында Аралтөбе (Ор өзенінің төменгі ағысы, Орал өзенінің солтүстік-батысы), Ойсылқара (Ор өзенінің сол жақ саласы, Мамыт, Қызыл-Қайың, Дүбер-Су, Ойсылқара) болыстықтары орналасқан еді. Солтүстік аймақты аталған болыстықтың көшпелі қазақтары Қостанай уезінің Қомақ болысымен шекаралас болатын. Аралтөбе болысының аумағында Жағалбайлы ұрпағының көшпенді халқы Ор бойымен және Ащыбұтақ жолымен Ақ-құдық, Ақжар, Рары-бұлақ, Қоянды-құл жерлерінде 40 жылдан астам уақыт өмірсүруде. [114, с.8]. №8 ауылда (Қос-құл

мен Сымтас және Қайыршақты-қамысты-құл қ.) Ырғыз уезінен қоныс аударған шөмекей, қаракесек, төртқара, шекті ұрпақтарының көшпенділері тұрақтаған [113 , 77 б.].

Орта - Бөрте, Бөрте, Бердянка, Орал өзенінің бойында орналасқан Бөрте, Тұзтөбе, Тереклі болыстықтары (уездің батыс бөлігі), Орынбор казак әскерлерінің жерлерімен шекаралас. Бұл жерлердің топырағы өте құнарлы, жері таулы, отырықшыларға, сондай-ақ көшпенділерге де өте қолайлы болып табылады. Ф. Щербина экспедициясы Бөрте болысының қазақтарының рулық құрамында Орта жүздің атап айтқанда уақ рулары кездесетіндігін айтады. Бұл болыс аумағында Кіші жүздің ханы Шерғазы Айшуақов, Нұрмұхамед Шерхазының ұлы және Темірболат Мұхамедқазының немересі қоныстанған. Олардың көшпенділері салықтан босатылған [116, с.13-14].

Тереклі болыстығының аумағында осыдан 140 жыл бұрын Сырдария болыстығынан көшіп келген қазақтар мекендейді. Олар малға арналған жертөле салған және негізгі жайылымы Әлімбет өзенінің бойында орналасты. Хобда болыстығы солтүстігінде Темір уезінің (Елек өзенінің жоғарғы ағысы) Қалмақ - қырған болыстығымен және Орал уезінің Орал болыстығымен шекаралас болды. Осы болыстықтың қазақтары Хобда өзенінде жәнеоның салаларында (Терісаққан, Тамды, Қарағанды, Құмсай) орналасқан. Хобда болысының орналасу бойынша оның мекен еткен жерінде және Темір уезінің солтүстік-шығыс бөлігінде – Елек пен Хобда өзендерінің жоғары ағысындағы суды бөліп тұратын Темір-Өркеш болысы, бір жағынан Темір мен Елек, екінші жағынан Темір мен Ақтөбе уезінің шекарасы жоғары Үстіртте орналасқан. Шығыстан батысқа қарай ағатын Елек өзені (Темір уезінің негізгі су күре тамыры) Хобда болысының аумағынан өтті. Елек өзенінің орта ағысының сол жағында Темір уезінің Елек, Құмды - Елек (сол жағында Ақтөбе уезімен шекаралас) болыстықтары орналасқан. Ақтөбе облысының батыс бөлігіндегі жер бедері – үстірт тәрізді биік және төмен толқынды дала арасындағы сипатта болды. Ембі өзенінің жөғары ағысында Хобда болысы, Темір уезінің Ембі-Темір, Ембі болыстықтарымен байланысты. Хобда болыстығының кең байтақ аумағынан 1897 жылы Қарахобда болысын бөлуге әкелді [108, с. 475].

Темір, Елек және Жұрын өзендері Темір уезінің Темір-Өркеш болысы, Ақтөбе уезінің Қарахобда болысы арасындағы суды бөліп тұру қызметін атқарды. Ақтөбе және Қаратоғай болыстықтары уездің ішкі аудандарын құрап, көшпенділері болыстар арасындағы шекара болған Жақсы-Қарғайлы өзені мен оның саласында орналасты. Ақтөбе уезі болыстықтарының саны ұлғайып, 1917 жылы 19-ға жетті. Жоғарыда айтылған көптеген болыстықтар бөлініске ұшырады. Жаңа болыстарды құрудың негізгі себебі, бір жағынан халықтың табиғи өсімі мен 59 бап "Уақытша ережелер..." 1868 жылдың 21 ақпанына бастап және 56 бап бойынша салықтың артуы.

1891 жылғы дала ережелері, екінші жағынан ұрпақаралық тартыс.Уездің нақты батыс бөлігінде орналасқан болыстықтардың қайта-қайта бөлініске ұшырағанын атап айтқан жөн. Бұның себебі жердің құнарлылығынан өсімнің өте жоғары болуы. Осылайша, Бөрте болыстығы 30 жыл ішінде үш рет бөлініске

ұшырады. 1884 жылы Бөрте болысындағы үй саны 3 мыңға жетті, сондықтан жаңа Бөрлі болысын құру үшін құрамынан 3 ауыл бөлініп алынды. Рулар арасындағы тартыс (тама және жағалбайлы) нәтижесінде жаңадан құрылған болыстық құрамына Терекелі болысынан екі ауыл қосылды [108,с.475].Он бес жылдан кейін (1899 ж.) Бөрті болысы халықтың орналасу тығыздығы бойынша көш бастап тұрды, оның құрамына 12 әкімшілік ауылға кіретін 2302 шаруашылық қожалығы болды. 1902 жылы халық саны өсіп, түтін саны 2465 үйге жеткендіктен, басқару процесінде қиындықтар туындап, нәтижесінде Бөрті болысы қайта бөлініске ұшырады. Нәтижесінде қарамағына 1200 үй саны енген екінші Бөрті болысы құрылды [117,л.142-144].

XIX ғ. соңында халық санының өсуіне байланысты жаңа екі болыс құрылды: Бестамақ (1890 жылы Ақтөбе болысынан) және Елек (1895 жылы Қаратоғай болысынан) бөлінді [108,с.475]. Бестамақ болысы Орал жотасының жалғасы болып табылатын, нақты айтсақ, Гүберлі деп аталатын аумағында Ор мен Елек өзендерінің арасындаорналасқан.

XX ғ. басында тағы да 7 болыстық: Әлімбет, Тоқан, Істемік, Батбақты, Қамсақты, Тастыбұтақты, Қарабұтақты құрылған еді. Уездің оңтүстік-шығысында Батбақты болыстығы орналасып, көшпенді қазақтар Ілек өзенінің жоғарғы ағысында және оның Батбақты, Таласбай, Жарықу, Көк - төбе саласында тұрақтады. Оңтүстікте қазақ көшпенділерін Ырғыз уезінің болыстықтарымен байланысты.

XX ғ. басында жаңа болыстардың құрылуына қоныс аудару қозғалыстары себеп болды. Мәселен, Хобда болысының аумағында қоныс аударушылар ауылдарының пайда болуы (Астрахан, Өспен, Алексеев және т.б.), Хобда мен Терісақан өзендерінің жоғарғы бөлігі және Хобда мен Тамды өзендерінің төменгі бөлігідеп, екіге бөлінуінеалып келді. 1913 жылы болыстықтар съезінде Хобда болысын бөлу және жаңа Тамды болысын құру жөнінде жарлық шықты. Шекара Хобда өзенінен солтүстігінде Жусалы арқылы "Үкімтай" тауынан "Оба" төбесіне (№ 7 ауыл) дейін, № 5 пен № 6 ауыл арасындағы Терісаққан және Қарағанды - Сай өзендерінің қайнар көздерінің су бөлінісі аралығында созылып жатты. Хобды болысының құрамына 827 қара үйі бар № 4-9 ауылдар кірді, ал қалған ауылдар жаңа болыс құрамына енді [118, л. 4].

1914 жылы Ақтөбе уезінің екінші бөлім бастығы А.А. Андреев атақты Сарбай Медетов сияқты болыстың өзіне басқаруға қиындық тудыратындығын және 2602 үйден тұратын Тұзтөбе болысын бөлу туралы ұсыныс жасады [119, л. 1]. Нәтижеде оның құрамынан 1280 түтін саны бар Тұмар-Өткел болысы бөлініп алынды. Болыстықтар арасындағы шекаралар Хобда және Елек өзендерімен бойлай Тамдық болысына дейін жетті. Тұмар-Өткел болысында марқұм болған сұлтан Баймұхамет Айшуақтың ауылдары, сонымен қатар генерал-майор Мұхамеджан Баймұхамедтің ұрпақтары – Селім, Шыңғалы, Шанта, немересі Сағыз Азаматов (№ 1, 5 ауылдың түтіндері), сұлтан Арслан Жантөренің ұрпақтары – Ханғали, Қасымкерей, Мұхамеджанкерей, Шәкім, Бақыткерей, жиені Бәкен Ханкерей (№ 3, 12 ауылдың түтіндері) салықтардан босатылды [120, л.1-83]. Қарабұлақ болысы өзіне шектен тыс ауылдарды қосқанына қарамастан

(1049 қар үй), рулар арасындағы тартыс әсерінен 1914 жылы бөлініске ұшырады. Оның құрамынан ішінде 514 қар үйі бар Бүркітсай болысы бөлінді [121, с.34].

Ырғыз уезі облыстың оңтүстік – шығыс бөлігінде орналасып, территориясы 127 000 шаршы шақырымды немесе 13 миллион десятина жерді алып жатты. Ырғыз уезінің барлық территориясын үш бөлікке бөліп қарастыруға болады: оңтүстігі – Қарақұм, Үлкен және Кіші Борсық құмдары алып жатқан Аралмаңы орташа – өзен аңғары. Және де Торғай өзенінің төменгі ағысы, Ырғыз өзені, Қарасу өзенінің арнасы; солтүстігі – көлді, далалы қыратты болып келеді. Мәселен, уездің батысында Орал облысымен бөліп тұрған Мұғалжар тауларын атап айтпағанда, уездің барлық амағы далалы жазық еді. Құнарлы топырағы баржерлер уездің солтүстігіндеорналасқан және Ырғыз өзенінің оң жағасы тұзды болып келеді. Солтүстік жағының басым бөлігінің топырағы қарашірікті және құмды – саз, Мұғалжар тауына жақындағын сайын жері құнарлы болып келеді. Бұл жерде тек тары өсірумен ғана емес, бидай егістігімен айналысуға да әбден болар еді. Ырғыз уезі құрылмай тұрып ол жерлерде көшпелі қазақтардың жайлауы, көктеуі мен күздеуі болған болса, қыстаулары Қарақұмда болған. Көктем келесалысымен қазақтар солтүстікке қарай ығысып, Орға дейін барып, одан әрі Ақтөбе уезінің солтүстік бөлігіндегі Аралтөбе және Ойсылқара болыстарының жеріне дейін көшкен. Арал теңізінен Үлкен және Кіші Борсықты қыстап шыққан оңтүстік – батыстағы қазақтар солтүстік – батыс бағытта Мұғалжар тауларынан өтіп, Темір уезінің және Ақтөбе уезінің Ойсылқара болысының (оңтүстік - батысы) территориясына дейін көшіп қонатын болған.

Торғайдың Ырғыз уезі батыста Темір уезімен (Орал облысы) және Ақтөбе уезімен шектесіп, солтүстік бөлігінде Қостанай, шығысында Торғай, оңтүстігінде Қазалы (Сырдария облысы) уездерімен, сондай-ақ оңтүстігі Арал теңізімен шектесіп жатты. Ал енді Ырғыз уезінің болыстықтарына бөлек тоқталып кететін болсақ, уездің Аралшы болыстығы 1882 жылы қазыбай руы мен таңірберген руының арасындағы үздіксіз талас тартыстың нәтижесінде таратылып, халқы Қабырға болысы мен Қызылжар болыстықтарына бөлініп, қалған халқы жаңадан құрылған Шеңгел болыстығына бірікті. Жалаулы болыстығы 1874 жылы қазан айында өздерінің қыстауы болмағандықтан 800 түтін үй Қызылжар болыстығына, 200 түтін үй Толағай болыстығына қосылып кетеді. Қызылжар болыстығы 1875 жылы 1 қаңтарда Қызылжар және Бақсай болыстықтары болып екіге бөлінеді. Оның артынан 10 жылға жетпей Бақсай болысындағы құлман мен құлтас руларының билікке талас-тартысы нәтижесінде 1884 жылы құлмандар осы болыстықта қалып, ал құлтастар жаңадан құрылған Талдық болысына бірігеді. Ордақонған болыстығы ішкі тартыс әсерінен 1872 жылы 1 қаңтардан бастап Ордақонған болыстығы мен Қошқарата болыстығы болып екіге бөлінеді. арада үш жыл өткенде 1875 жылы 1 қаңтарда Ордақонған мен Құланды болысына бөлініп кетеді. Ырғыз уезіндегі Қошқарата болыстығы ру басыларының өтініші бойынша 1873 жылы Темір уезінің Орал болыстығына толығымен қосылып кетеді. Қажыкөл болыстығы да1872 жылы 1 қаңтарда ішкі тартыстан Қажыкөл жәнеАманкөл болыстығы болып екіге бөлінеді. Қажыкөл болыстығының қыстаулары болмағандықтан 1874 жылы қайта бөлініп, Қажыкөл

көлі Аманкөл болыстығының территориясына өтеді. Осыған байланысты Қажыкөл болыстығының атауы өзгеріп Кенжеғара болысы деп атала бастайды. Ақырында, 1875 жылы 1 қаңтарда Кенжеғара болыстығынан 1000 түтін өз өтініштерімен бөлініп жаңа Тәуіп болысының құрамына енеді. Бағамдасақ, уезд құрамындағы болыстықтар бір бірімен қосылып, не басқа болыстыққа бірігіп, бей-берекет тұрақтылықты сақтамағай жүретін болған.

Содан, 1902 жылы Ырғыз уезі әкімшілік жағынан 12 болыстыққа бөлінді: Олар: Аманкөл, Қызылжар, Кенжеғара, Тәуіп, Бақсай, Талдық, Темірастау, Құланды, Ордақонған, Қабырға, Толағай, Шеңгел. Олардың құрамына 121 ауыл кірді [121, л.141].

Болыстықтардың арасында халық саны бойыншаең ірілері: Кенжеғара, Тәуіп, Талдық, Толағай болыстықтары болған болса, халық саны ең аз қоныстанған Қызылжар болыстығы еді. Ырғыз уезі халқының тіршілігі мен мен негізгі табыс көзі мал шаруашылығы болды. Уезде негізінен қазақтар өмір сүрді, тек Талдық және Шеңгел болыстары басқалардан ерекшеленді. Себебі, Талдық болыстығына Қарабұтақ ауылы кіріп, алғашқы староста Александр Зянин болды. Старостаның мәлімдеуінше Қарабұтақта көбіне қазақ пен орыстарға қарағанда татарлар тұрды [122 с. 4]. Ал, Шеңгел болыстығының құрамына кірген Шалқар (Челкар) «Челкар» көлінің атымен аталды.

Жер аударылғандардың көптеп келуі уездің әлеуметтік - этникалық құрамын өзгертті. Уезд басшылары басқарып отырған аумақтың үлкендігінен және болып жатқан өзгерістерге байланысты өздеріне жүктелген жауапты міндеттерді толық орындауға мүмкіндіктері болмады. Соның нәтижесінде 1902 жылы Қазақ даласында шаруа қожалығы басшылары институты енгізілген еді. Осыдан бастап уезд жерлері шаруа учаскелеріне бөлінді [123, с. 4].

1902 жылғы әкімшілік территорияғасәйкес Ырғыз уезі 3 шаруашылық учаскелерге бөлінген болатын.

1 – шаруашылық учаске құрамында: Аманкөл болыстығы (11 ауыл), Қызылжар болыстығы (10 ауыл), Кенжеғара (10 ауыл), Тәуіп (12 ауыл).

2 – шаруашылық учаске құрамында: Бақсай болыстығы (12 ауыл), Талдық болыстығы (12 ауыл), Темірастау болыстығы (11 ауыл).

3 – шаруашылық учаске құрамында: Құланды болыстығы (10), Ордақонған болыстығы (10 ауыл), Қабырға болыстығы (6ауыл), Толағай болыстығы (11 ауыл), Шеңгел болыстығы (6 ауыл). Барлық көрсетілген болыстықтар құрамы Талдық және Шеңгелді болыстықтарынан басқасы, таза қазақтардан құралған болатын [124, л. 142].

Темір уезінің солтүстік бөлігінде Торғай облысының Ақтөбе уезімен, батыс бөлігінде Орал облысының Лбищен және Гурьев уездерімен, шығыс бөлігіндеТорғай облысының Ырғыз уезімен, оңтүстік бөлігінде Закаспий облысымен шектесіп жатты. Темір уезінің шығысында солтүстік – шығыстан оңтүстік – батысқа дейінгі территориясын Мұғалжар тау сілемдері алып тұр. Темір уезі Орал облысының шығысындаорналасып, оның құрамына 16 болыс кірді. Олар: Қазыбек, Қарағанды, Қыилы – Ойыл, Қайынды, Ойыл, Құмды – Ойыл, Қалмақ – Қырған, Ембі – Темір, Темир – Орқаш, Жетікөл, Жиделі – Сағыз,

Оймауыт – Желтау, Доңғыз - Тау – Аққолың [Донгуз-Тау-Акколинская], Қошқарата, Самматай, Ұлысам. Ембі және Сағыз, Сағыз және Ойыл, Ащы – Ойыл өзендерінің аралығында Жиделі – Сағыз, Оймауыт – Желтау және де Ойыл болыстары орналасқан. Қазіргі таңда Ойыл, Хобда және Байғанин аудандары аумағының топонимикалық жүйесін қарастыру үшін, Қыйлы – Ойыл және Ойыл болыстықтарына назар аудару қажет болады. Қыйлы – Ойыл болысы Темір уезінің солтүстігін алып, Қыйлы өзенінің орта ағысы мен оның солтүстік арнасындағы Батпақтының аңғарында мекендеді. Қыйлы өзені болыстың жерін екіге бөліп тұрды: батыс және шығыс [124,с.78-82].

Темір уезінің орталық бөлігінде Ойыл өзенінің сол жағалауының ортаағысында Ойыл болысы орналасты. Болыстың солтүстік бөлігінің ерекшелігі су көздерінің болмауы еді, ал оң жағы жеткілікті суармалы болды, өйткені Ойыл, Қуырдақты, Үш-қатты, Қандағаш, Шилі-сай сияқты тұщы сулы өзендер мол болды [124, с.98-105]. Құмды-Ойыл болыстығының солтүстік бөлігі Су – Қайың, Батпақты және Қарағанды - Сай өзендерінің Хобда өзеніне, екінші жағынан Бабатай және Кең – Ащы өзендерінің Ойыл – Шағырлы өзеніне құяр сағасында орналасты.

Қалмақ-Қырған болыстығы Ойыл өзенінің жоғарғы алабында орналасты. Болыстың батыс бөлігі Ойыл Құмды өзенінің су айрығында орналасып, Ойылдан солтүстікке қарай Сары-Хобдтың жоғарғы жағына қарай созылып жатты.

Темір ауданының оңтүстік-шығысын орналасқан Темір-Орқаш болысының сипаттамасында Темір, Көлденең - Темір, жәнеоның арналары Жұрын, Құбылмалы – Темір, Толғанай өзендері маңызды еді.

Ембі-Темір болыстығындағы Ембі өзенінің үстіңгі жағалауы бассейнінде Орқаш жотасы орналасып Мұғалжар таулары жалғасып жатады.Темір және Ырғыз уездерінің шекарасында Қошқарата болысы орналасу себебінен оны шекаралас болыс деп атайды. Темір ауданының оңтүстігінде орналасқан көшпенді болыстықтар туралы Қошқаратаның (болыстық) халқы Ырғыз уезінің батысынан Арал жағалауына дейінгі көлдер мен Қошқар-ата құмдарын мекендеді деп Борис Скалов жазған. Ал, Сағыз бен Ащы - Ойыл өзендерінің арасындағы кең аймақтағы көшпенділер тұрмысының ерекшелігі жөнінде, Жиделі Сағыз болыстығы қазақтары қыстаудан басқа, Сағыз өзенінің оң жағалауы бойындағы шабындық жерлерде және құмдарда мекендеді, – деп жазады [124, с. 98-105]. Борис Скалов осы болыстықтардағы қазақтардың ақпараттарына сүйене отырып, Самматай және Доңғыз - Тау – Аққолың [Донгуз-Тау-Акколинская] болыстығы арасындағы шекараны белгілейді. Ол Ақтілеу мазарының оңтүстігінен (Асмантай-Матай көлінен оңтүстік-шығысқа қарай) және солтүстігінде Құр – сайдан Замыстан тауына дейін, одан әрі Маңысай (Бөрлі – тау және Қаражар аралығы), Баймырза мазараты, Түгіскен және Талды – сай өзендерінің арасынан Жайынды өзенінің жоғарғы ағысына дейінгі аралықта орналасты.

ХХ ғасырдың басында уездік мекеменің енгізілуіне байланысты көптеген мәселелер болды. Полиция қызметкерлерінің міндеттерін есептемегенде, уезд

басшысы екі көмекшісімен бірге қаржы басқармасының қызметін атқарды сондай ақ, шаруа қожалықтары мен қала әкімшіліктері мекемелерінің қызметін орындады. Уезд басшысының шаруа қожалығында уездік деңгейдегі төрағаретінде қызмет етуі, қазақ даласындағы облыстарда жер аударылған шаруалар санының көбеюіне ықпал етті.

1903 жылы Ақтөбеде Торғай облысының әскери губернаторы А.А. Ломачевский қатысқан шаруа басшыларының съезі ашылды. Негізінен съезде қазақ жерінде жаңа қызметтердің пайда болғандығы жайында, сонымен қатар көршілес қазақ және орыс халқының арасындағы ынтымақ-достық мәселелері тілге тиек етілді [125, с. 4].

Ақтөбе уезіндегі 1 – учаскеге жер аударылғандардың үш болысы (Павловская, Золотоношская, Петровская) сондай-ақ, қазақтардан құралған (Бөрілі, Қарахобда, Бестамақ, Қаратоғай) төрт болысы кірген еді. Қазақтардың саны 34 135 еді [123, л.18]. 1-учаске солтүстігінде Бөрті болысымен шекаралас болып, Орал өзенін жағалай Теректі болысына дейін созылып, шығыс бөлігінде Теректі, Ақтөбе, Ойсылқара болысымен, батыс бөлігінде Хобда және Елек болыстарымен, оңтүстік бөлігінде Орал облысының Темір уезімен шекараласып жатты. 2 – учаскеге 5 болыстық кірді: (1 – 2 Бөрті, Елек, Тұзтөбе, Хобда) халқының саны - 38 384 [127, л.20]. 3 – учаске құрамына 4 болыстығы кірді: (Ақтөбе, Теректі, Аралтөбе, Ойсылқара) халқының саны - 37 061 [124, с. 22]. Бұлардың барлығы қазақтардан құрылған болыстық еді.

Шаруа қожалығы басшылары уезд басшыларына қарағанда болыстықтарды жылына 5-6 рет аралап шығуға мүмкіндіктері болатын. Лауазымды қызметкерлер (болыстар мен ауыл старшындары) өздері басқарып отырған жерлерге бақылауды күшейтіп, сайлаушылар мен халық соттарының болыстық съездеріне қатысып отырды [113, с. 77]. Мысалы, 3 – учаскенің шаруа басшысы 1903 жылы халық соттарының жұмысына көңіл бөліп, 1000 – ға жуық сот үдерісіне қатысып, өзіне бөлінген болыстарда барымтаның азаюына үлес қосып отырды. Осылайша, жергілікті жердегі басқаруға өзгерістеренгізудің қажеттілігі туындап, жаңа басқару жүйесінің жобалары дайындалған болса да, 1917 жылға дейін жаңа территориялық – әкімшілік басқару жүйесі енгізілген емес.

2.4 Сырдария және Жетісу облыстарының болыстары: географиялық орналасуының ерекшеліктері мен халқының құрамы

Жоғарыда көрсетілген Дала комиссиясының екі жылдық қызметі нәтижесінде 1867 жылы маусымның соңында «Түркістан генерал-губернаторлығының Сырдария және Жетісу облыстарын басқарудың» дайындалған жобасы толықтай жасалып, оны патша 1867 ж. 11 шілде күні бекітті. Аталған ереже 3 жылға тәжірибе ретінде уақытша енгізілді. 1867 ж. құрылған Түркістан генерал-губернаторлығына Сырдария және Жетісу облыстары қарағандығы белгілі. Жетісу облысы құрамында: Сергиополь, Қапал, Верный, Ыстықкөл және Тоқмақ уездері болды.

Сырдария облысы құрамында: Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Ташкент, Ходжент, Жызақ уездері болды. Жетісу облысы басқармасының орталығы-Верный қаласы болған болса, Сырдария облысының орталығы-Ташкент қаласы болған еді. Уезді әкімшілік және полицейлік билікке ие уезд басшылары басқарып отырды. Оларды генерал губернатордың ұсынысымен император тағайындаған.

Көшпелі халықтарды жергілікті жерде басқару үшін Жетісу және Сырдария облыстарында әрбір уезд болыстыққа, болыстық ауылға бөлініп отырды. Оларды Ережеге сәйкес, жергілікті жағдайға байланысты барлық облыс бойынша бір уақытта әскери губернатор бекітіп отырады. Ауылда 100-200 түтін саны, ал болыстық үшін 1000-2000 түтін санының болуы тиіс. Болыстықтар қыстаулармен көршілес ауылдардан тұрды. Бір болыстықтан екіншіге көшу, сол сияқты ауылдан ауылға көшу ауыл старшыны мен болыс билеушілерінің рұқсатымен, ал түгелдей дерлік ауылдың басқа аумаққа қоныс аударуы уезд бастығының келісімімен жүзеге асырылады. 86 параграф бойынша болысқа және ауыл қызметіне екі адам: бірі қызметке тағайындалады, ал екіншісі бірінші қайтыс болған жағдайда не шығып кеткенде орнына тағайындалатын кандидат ретінде сайланады [128, с. 205-206]. Сырдария Қазақ даласында оның ішінде Жетісу облысы территориясында болыстықтардың құрылуы негізінен екі қағидаға негізделді: 1) 1867 жылдан бастап алғашқы болыстықтар құрыла бастаған кезеңде – рулық принцип басым болды. Себебі, қазақ халқы ғасырлар бойы өз ру тобымен қоныстанған еді. Ресей империясы отарлау саясатын жүзеге асыру барысында жергілікті қазақ халқының наразылығын болдырмау үшін болыстықтарды рулық принцип негізінде құруға мүдделі болды; 2) XIX ғасырдың аяғы және XX ғасырдың басында халық санының ұдайы өсуі және басқада факторлардың әсерінен жаңа болыстықтар құрылды. Осы ретте болыстықтардың құрылуы территориялық принцип арқылы жүзеге асырылып, «көршілік» ерекшелігі де негізге алынды. Ендігі жерде бір болыстың құрамына бірнеше рудың өкілдері біріктіріліп отырды. Оның бірден бір себебі, Қазақ даласындағы болыстықтарды саны мен территория аумағы бойынша ортақ біріңғайландыру процесі жүзеге асырылып отырды.

Верный уезі Қапал уезінің оңтүстік – батысында, Іле өзенінің сол жақ жағалауында 1867 жылы 14 сәуірде құрылды. Онда Ұлы жүздің: албан, дулат, шапырашты, ысты, сары-үйсін және жалайыр тайпалары тұтастай қоныстанған еді [62, с.39]. 1897 жылғы санақ қортындысына сәйкес уезде 151 485 қазақ, 25701 ұйғыр, 35500 орыс тұрды [129, с. 31-34]. Верный уезінде: Бақай болысы (12 әкімшілік ауыл) [130, 192 б.]., Үлкен – Алматы болысы (13 әкімшілік ауыл), Шығыс-Кастек болысы (9 әкімшілік ауыл), Шығыс – Жаманты болысы (9 әкімшілік ауыл), Кіші-Алматы, Ботпай болысында (10 әкімшілік ауыл), Шығыс – Талғар болысында (7 әкімшілік ауыл), Шығыс – Ұзын-Ағаш болысында (7 әкімшілік ауыл), Жайылмыш болысында(13 әкімшілік ауыл), Батыс – Ұзын – Ағаш болысында (7 әкімшілік ауыл), Батыс-Қастек болысында (13 әкімшілік ауыл), Батыс – Жаманты болысында (11 әкімшілік ауыл), Батыс – Талғар болысында (12 әкімшілік ауыл), Қарғалы болысында(9 әкімшілік ауыл), Киікбай

болысында (4 әкімшілік ауыл), Қордай болысында(15 әкімшілік ауыл), Күрті болысында (9 әкімшілік ауыл), Қызыл бөрік болысында (9 әкімшілік ауыл), Кіші – Алматы болысында(11 әкімшілік ауыл), Мойынқұм болысында(5 әкімшілік ауыл), Төменгі-Ілеболысында (13 әкімшілік ауыл), Жаңа-Іле болысында (7 әкімшілік ауыл), Сарытоқым болысында (5 әкімшілік ауыл), Сүгеті болысында(13 әкімшілік ауыл), Тайторы болысында (7 әкімшілік ауыл), Түрген болысында (11 әкімшілік ауыл), Шамалған болысында(13 әкімшілік ауыл) болған. Барлығы 26 болыстық болатын [129, с. 31- 44]. Сол 26 болыстықта шамамен 254 әкімшілік ауыл болған еді.

Қапал уезі Іле өзенінің оң жақ жағалауының батысында Балхаш көліне дейін, солтүстігінде ЖоңғарАлатауына дейін және Лепсі уезімен шекараласып жатты. Уездің жалпы жер көлемі 6910 шаршы шақырым (шамамен 78640 шаршы км.). Уезд 1867 жылы 14 сәуірде құрылды. 1897 жылғы санақ нәтижесі көрсеткендей, уезде127774 қазақ, 2639 татар, 11512 орыс, украйындар қоныстанды. Бұл жерде қазақтардың саны басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болды.

Қапалда Ұлы жүз тайпалары қоныстанды. Оның ішінде Жалайырдың балғалы, байшегір, сыпатай, қалпе, ақбейім, мырза, қарашапан, арықтыным, күшік, андас, орақты, сиыршы рулары мекендеп, Жалайырдың 12 руының ішінде тек қайшылы руы болмады. Ұлы жүздің қаңлы тайпасының 3 ру тобы өмірсүрді. Ал, Орта жүздің Найман тайпасының матай руы болды. Сонымен қатар мұнда жүзге жатпайтын төре мен төленгіттерде мекендеді [62, с.144].

Қапал уезі төмендегідей әкімшілік бөліктерден тұрды: Ақешкі болыстығының (9 әкімшілік ауыл) орталығы – Ақешкі пикеті, қазіргі кездеАлматы облысы Есенкелді ауданының Ақешкі ауылы, Алтын-Емел болыстығының (12 әкімшілік ауыл) орталығы – Қоғалы, қазіргі кезде Алматы облысы Кербұлақ ауданының Қоғалы ауылы, Андас болыстығы(12 әкімшілік ауыл), Арасан болыстығының (10 әкімшілік ауыл) орталығы – Арасан, қазіргі кезде Алматы облысы Ақсу ауданының Арасан ауылы, Ақсу болыстығы, Балғалы болыстығы (8 әкімшілік ауыл) қазіргі кездеАлматы облысы Кербұлақ ауданының Балғалы ауылы, Биен – Құланды болыстығы (6 әкімшілік ауыл), Жоғарғы – Қаратал болыстығы (16 әкімшілік ауыл), Таулы – Жалайыр болыстығы (15 әкімшілік ауыл), Іле – Балхаш болыстығы(10 әкімшілік ауыл), Күшік болыстығы (9 әкімшілік ауыл), Көлдей – Жұма болыстығы (9 әкімшілік ауыл), Төменгі – Қаратал болыстығы (12 әкімшілік ауыл), Таз болыстығы (6 әкімшілік ауыл), Шу болыстығы (8 әкімшілік ауыл), Шолақ болыстығы(8 әкімшілік ауыл), Оңтүстік – Балхаш маңы болыстығы (9 әкімшілік ауыл), Коксу станицасы қазіргі кезде Алматы облысы Көксу ауданының Көксу станциясы, Қапал станицасы қазіргі кезде Алматы облысы Ақсу ауданының Қапал ауылы, Қоғалы болыстығы, Сұпатай болыстығы, Қарабұлақ болыстығы, Гаврилов болыстығы барлығы 20 болыстық әкімшіліктен құралған болатын [128, с.38-46].

1901 жылғы Жетісу өңіріне қарасты мұрағат құжаттарда Қапал уезінің 16 болыстық билеушісінің есімдері көрсетілген [131, с. 38 - 46].

Жаркент уезі 1882 жылы Жетісу облысының құрамында құрылған. 1897 жылғы жүргізілген санақ қортындысы бойынша уезде122,6 мың адам өмір сүрген. Оның ішінде пайыздық көрсеткіш бойынша, қазақтар – 66,6% , ұйғырлар – 24,6%, орыстар – 4,6%, қытайлар – 2,1% құраған. Жаркент қаласының өзінде 16 094 адам қоныстанған [120]. Жаркент уезінің территориясы Жетісу облысының оңтүстік – шығыс бұрышында Іле өзенін жағалай орналасты. Уезд аумағында рулардың нақты бір территорияда мекендеуі, олардың әрқайсысының белгіленген шекараларының болғандығын дәлелдейді. Жаркент уезінің қазақтары Ұлы жүздің албан және суан тайпаларынан тұрды. Албан тайпасынан қоңыр – бөрік, қызыл – бөрік, айтбозым, сегізсары, құрман, әлжан рулары болды. Ал суан тайпасы тоқарыстан және байтүгей руларынан құралды [62, с.164].

1898 жылғы мәлімет бойынша Жаркент уезінің құрамына төмендегідей болыстықтар кірді: Айт болыстығы (7 әкімшілік ауыл), Байтүгей болыстығы (9 әкімшілік ауыл), Баянкөл болыстығы (6 әкімшілік ауыл), Борохұдзыр болыстығы (5 әкімшілік ауыл), Бөтетін болыстығы (9 әкімшілік ауыл), Дардамты - Қойнар болыстығы (5 әкімшілік ауыл), Қожмамбет болыстығы (7 әкімшілік ауыл), Қоңырбөрік болыстығы (8 әкімшілік ауыл), Құрман болыстығы (5 әкімшілік ауыл), Кеген болыстығы (8 әкімшілік ауыл), Құлұқтау болыстығы (6 әкімшілік ауыл), Меркі болыстығы (құрамында 8 әкімшілік ауыл), Тоқ – Арыстан болыстығы (7 әкімшілік ауыл), Түгірек болыстығы (5 әкімшілік ауыл), Тұрдымбет болыстығы (5 әкімшілік ауыл), Торайғыр болыстығы (4 әкімшілік ауыл), Текес болыстығы (8 әкімшілік ауыл), Тұзкөл болыстығы (6 әкімшілік ауыл), Чалқұды болысы (5 әкімшілік ауыл), Шілікті болыстығы (9 әкімшілік ауыл), ал Жаркент уезінде барлығы 20 болыстық болды [133, 192 б.].

Жетісу облысы қызметкерлерінің 1901 жылғы мекен – жай тізіміне қарағанда Жаркент уезіне 12 болыс қарады. Олар: Айт – Аламан, Айт, Байтүгей, Борохұдзыр, Қожмамбет, Қоқырбұр, Құрман, Ыр, Темірлік – Құлұқтай, Тоқ – Арыстан, Шілік, Шонжы болыстықтары [119]. Жаркент уезінің құрамына 1924 жылы 8 болыс кірді: Ақтоғай (орталығы – Жалаңаш ауылы), Баянкөл (орталығы – Нарынқол ауылы), Беркетмен (орталығы – Беркетмен ауылы), Интефак (орталығы – Погорненская станциясы), Қоңыр – Өлең (орталығы – Қоңыр – Өлең станциясы), Тортыл (орталығы – Жаркент қаласы), Тұзкөл (орталығы – Қарасаз аймағы), Өсек (орталығы – Қосташ станциясы) болыстықтары болды [133].

Лепсі уезі Жетісу облысының солтүстік – шығыс бөлігінде орналасып, солтүстігі мен солтүстік – шығысында Семеймен, оңтүстігі мен оңтүстік – оңтүстік – шығысында Қытаймен, Батысында Жетісу облысының Қапал уезімен шекаралас болды. Жер көлемі 87080 шаршы шақырымды құрады. 1897 жылғы санақ мәліметтері бойынша уезд аумағында 156 197 - қазақтар, орыс, украйын, белорустар – 22107, ұйғырлар – 1908 адам болды [62, с.116]. Лепсі уезінде негізінен Орта жүз қазақтары өмір сүрді. Оның ішінде Найман тайпасының қаракерей (163 қауымы), садыр (49 қауымы), төртуыл және матай (30 қауым) және Ұлы жүздің дерулары болды [62, с.117].

1893 жылы әкімшілік орталық Лепсі қаласына ауыстырылды. Уезд құрамына мынадай әкімшілік бөлімдер кірді: Қысқаш – Садыр, Мәмбетбай –

қысқаш, Батыс – шынжылды, Шынжылды, Қаракөл, Сергиополь станицасы, Лепсі станицасы, Уржар станицасы, Сарқанд станицасы, Ақшаулы, Аягөз, Арғыната, Тауқым – Балхаш, Мырзатай – Қарасу, Үржар, Барлық, Емел, Алакөл, Шербақты, Мақаншы – Садыр, Балхаш – Лепсі, Захавьевская (Бахты) станицасы, Константиновская, Герасимовская, Стефановская (Үш-Арал), Колпаковская, Тополёвская болыстары.

1898 жылғы мәліметке сәйкес Лепсі уезінің құрамына 21 болыстық кірді. Олар: Ақшаулы болыстығы (10 әкімшілік ауыл), Алакөл болыстығы (7 әкімшілік ауыл), Арғыната болыстығы (12 әкімшілік ауыл), Аягөз болыстығы (8 әкімшілік ауыл), Балхаш – Лепсі болыстығы (8 әкімшілік ауыл), Барлық болыстығы (7 әкімшілік ауыл), Басқан – Сарқан болыстығы (12 әкімшілік ауыл), Биен – Ақсу болыстығы (5 әкімшілік ауыл), Батыс – Шынжылы болыстығы (9 әкімшілік ауыл), Емел болыстығы (8 әкімшілік ауыл) болды.

1901 жылғы Жетісу өңірінің мекен жай тізіміне сәйкес Лепсі уезінде 18 болыстық болған. Олар: Мақаншы – садыр, Балхаш – Лепсі, Қысқаш – садыр, Шынжылды, Қаракөл,Ақшаулы, Аягөз, Арғыната, Биен – Ақсу, Басқан – Сарқан, Сарытау, Төменгі – Ақсу, Мырзатай – Қарасу, Үржар, Барлық, Емел, Алакөл, Шербақты [129].

1906 жылы Пржевальский уезі екі учаскеден тұрған. Олар: Пржевальский және Атбашинский. Пржевальский учаскесінің құрамына екі шаруа болыстары кірді: Пржевальский және Сазан. Маринская дұңған болысы және 11 қазақ болысы: Жетіоғыз, Зауқын, Кеңсу, Күнгей – Ақсу, Күрмекті, Семізбел, Тон, Торайғыр, Түрген, Түп, Ұлахол, сондай-ақсарт қалмақтардың старшындықтары. Атбашы учаскесінің құрамына Атбашы және Нарын екі шаруа болысы кірді: Нарын бекінісінің жанында Аджын, Борықшы, Жуанарық, Есенғұл, Нарын, Он - аршын, Саяқ, Шаштөбе, Шорын, Шарқаратма атты 10 қазақ болысы болған [133].

1898 жылғы мәлімет бойынша Пржевальский уезінің құрамына барлығы 26 болыс кірді. Олар: Аджын болысы (4 әкімшілік ауыл), Барысқауын болысы (7 әкімшілік ауыл), Байтемір болысы (7 әкімшілік ауыл), Бұрықшы болысы (9 әкімшілік ауыл), Шығыс – Жетіоғыз болысы (6 әкімшілік ауыл), Жуан – Арық болысы (7 әкімшілік ауыл), Зауқын болысы (5 әкімшілік ауыл), Батыс-Жетіоғыз болысы (9 әкімшілік ауыл), Есенғұл болысы (10 әкімшілік ауыл), Кеңсу болысы (11 әкімшілік ауыл), Күрмекті болысы (7 әкімшілік ауыл), Күнгей – Ақсу болысы (7 әкімшілік ауыл), Нарын болысы (6 әкімшілік ауыл), Он – Аршы болысы (10 әкімшілік ауыл), Саяқ болысы (7 әкімшілік ауыл), Семізбел болысы (6 әкімшілік ауыл), Тон болысы (11 әкімшілік ауыл) Торайғыр болысы (3 әкімшілік ауыл), Түрген болысы (12 әкімшілік ауыл), Түп болысы (9 әкімшілік ауыл), Ұлахол болысы (8 әкімшілік ауыл), Шоры болысы (9 әкімшілік ауыл), Шонтөбе болысы (6 әкімшілік ауыл), Шоқтал болысы (5 әкімшілік ауыл), шаштөбе болысы (8 әкімшілік ауыл) және Шарқыратма болысы (9 әкімшілік ауыл).

1901 жылы Жетісу облысы қызметкерлерінің мекен-жай тізіміне сәйкес Пржевальский уезінде қазақтардың 20 болыстығы болған. Олар: Барысқауын, Бұрықшы, Жуан – арық, Жетіоғыз, Есенғұл, Кеңсу, Күнгей – Ақсу, Он – Аршын,

Саяқ, Семізбел, Тон, Торайыр, Түрген, Түп, Ұлахол, Шорын, Шаштөбе, Шарқыратма [129, с.115].

Пішпек уезі 1867 жылы Тоқмақ уезі болыпашылған. 1878 жылы сәуір – мамырайларында уезд орталығы Тоқмақтан Пішпекке ауыстырылуына байланысты Пішпек уезі деп атала бастады. Уезд қазіргі Шу өңірі территориясының Қара – Балта қаласынан бастап Рыбачье қаласына дейін, сондай-ақ Қошқар, Жұмғал және Тоғызторы алқабы аймағына кіріп, үш участкеден құралды: Пішпек, Беловод және Тоқмақ. Аймақ 1910 жылы барлығы 33 болыстан тұрды. Халық саны 1897 жылы – 176,6 мың, ал 1910 жылы – 241,8 мың адамды құраған көп ұлтты аймақ болды.

Пішпек уезінің құрамына 1898 жылғы мәлімет бойынша 33 болыс кірді. Олар: Абайылды болыстығы (9 әкімшілік ауыл), Атеке болыстығы (9 әкімшілік ауыл), Бағыш болыстығы (15 әкімшілік ауыл), Бөлекпай болыстығы (13 әкімшілік ауыл), жаман – Сарт болыстығы (құрамындақанша әкімшілік ауылбар болғаны белгісіз), Жаныш болыстығы (6 әкімшілік ауыл), Жұмғал болыстығы (8 әкімшілік ауыл), Жыланкөз болыстығы (9 әкімшілік ауыл), Дулат болыстығы (9 әкімшілік ауыл), Ыссықата болыстығы (8 әкімшілік ауыл). Қарабалта болыстығы (15 әкімшілік ауыл), Қашқар болыстығы, Көкірек болыстығы, Қаракешін болыстығы, Сарыбағыш болыстығы, Сусамыр болыстығы, Сұқұлұқ болыстығы, Сыйқым болыстығы, Темірболат болыстығы, Тынай болыстығы, Шуболыстығы , Шөміш болыстығы, Шамсын болыстығы.

1901 жылғы Жетісу облысының мекен жай тізіміне сәйкес 23 қазақ болыстығы болды: Аламедина, Атеке, Бағыш, Бөлекпай, Дулат, Жұмғал, Жыланкөз, Қарабұлақ, Қарабалта, Қашқар, Көкірек, Қаракешін, Сарыбағыш, Сусамыр, Сұқұлұқ, Сыйқым, Темірболат, Тынай, Шу, Шөміш, Шамсын [129, с.87]**.** Нәтижесінде XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың басында Жетісу облысындағы 6 уездің құрамында қазақтар қоныстанған 136 болыс құрылды. Олар 50 жылдан астам уақыт бойы әкімшілік басқарушы орган ретінде өз қызметін атқарып отырды. Жаңадан құрылған әрбір болыс Ресей империясының қазақ жеріндегі отаршыл саясатының күшейгендігінің айқын көрінісі іспетті болатын.

1867 жылы Семей облысының Сергиополь, Қапал және Алатау округінен және Түркістан облысының солтүстік бөлігінің аймақтарынан Жетісу облысы құрылған еді. 1886 жылы облыс территориясының жалпы көлемі 353 016 шаршы шақырым болды [134]. Аталған облыс 1867 жылы 11 маусымда орталығы Верный қаласы болып құрылды. Облыстық басқару орталығы болып 1868 жылдың 19 ақпанында құрылды. 1891 жылы 31 наурызда Жоғарғы Мемлекеттік кеңестің шешімімен Семей облысы қайта құрылып, Дала генерал – губернаторлығының құрамына берілді. 1897 жылғы 26 желтоқсандағы Үкіметтік Сенаттың Жоғарғы Жарлығымен 1899 жылдың 1 шілдесінен бастап Түркістан генерал – губернаторлығына берілді. XX ғасырдың басында құрылған Жетісу облысы құрамындаалты уезд, 164 болыс, алты қала және 668 басқадаелді-мекендер болды. Жетісуға Верный, Жаркен, Қапал, Лепсі (Сергиополь), Пішпек,

Пржевальский, (Қаракөл) уездері құрамына кірді. Жаркент уезі халық саны бойыншаең үлкені болды.

1867 жылы 11 шілде күні Сырдария облысы құрылды. Облыс орталығы Ташкент қаласы болып бекітілді. Облыс құрамында XX ғасырдың басында 6 уезд, 161 болыстық, жеті қала және 1848 елді мекен болды. Сырдария облысының уездері: Ташкент, Әулие ата, Қазалы, Перовскі, Шымкент және Әмудария бөлімі де кірді. Облыс аймағы Түркістан өлкесінің солтүстік – батыс бөлігінде орналасып, жер көлемі 504 700 шаршы шақырымды (443442 шаршы шақырым) құраған еді. Солтүстігінде - Торғай және Ақмола облыстарымен, шығысында – Жетісу облысымен, оңтүстігінде – Ферғана және Самарқан облыстары және Бұхарамен, оңтүстік – батысында – Хиуа жерлерімен, батысында – Арал теңізімен шектесіп жатты. Сырдария облысы Түркістан өлкесінің 70% алып тұрды. 1897 жылғы санақ мәліметтеріне сәйкес облыста 1 478 398 адам (803 411 ер және 674 987 әйел) қоныстанған. Қалаларда 205 596 адам өмір сүрді [135, с.244].1868 жылы 2 сәуірде Қазалы уезінде болыстық ашу жөніндегі уезд бастығының Сырдария облысы Әскери губернаторға жазған №194 баянатын келтіре кетсек, онда: «Жоғары мәртебелі, болыстар мен ауылдарды құру бойынша ұйымдастыру комиссиясының әрекеті жабық болып отыр. 1 сәуірден бастап уезді басқару маған тапсырылды. 1 сәуір бойынша 11, 314 түтін саны баралты болыс ашылды, жетіншісі қазақтардың Қызылқұмнан Сырдарияға көшу кезінде ашылады. Комиссия әрекеті жөніндегі есеп ұсынылады», – уезд бастығы капитан Соболев делінген [136, л.2].

Қазалы уезі 1868 жылы 21 қазанда құрылды. Құрамында 18 болыс болды.[137, 49-50 бб.]. Сырдария облысының солтүстік – батыс бөлігінде орналасты. 1872 жылғы мәлімет бойынша уезд аумағы 1610 шаршы миль, халық саны 89 966 адам. Қазалы уезінің территориясында Кіші жүз рулары, оның ішінде көпшілігі әлімұлының: шекті, қарасақал, төртқара, шөмекей және кетерулары болды [62, с.142]. Кіші жүздің тайпалары мен рулары уезд бойынша келесідей орналасты: 1. Аққыр болыстығы – әлімұлы (кете, шөмекей), 2. Ақшатау болыстығы – әлімұлы (шекті, кете, төртқара), 3. Ақтоғай – әлімұлы (төртқара, шөмекей, шекті, кете), жетіру (кердері), 4. Ақтөбе болыстығы – әлімұлы (шекті, төртқара), 5. Жамансыр болыстығы – әлімұлы – (шөмекей кете), байұлы (алтын, алаша), арғын, төре, 6. Заңғар болыстығы – әлімұлы (шөмекей), қажа, 7. Қалымбас болыстығы – әлімұлы (қарасақал, төртқара), қожа, 8. Қарабастоғай болыстығы – әлімұлы (шөмекей), қожа, 9. Қаракөл болыстығы – әлімұлы (шекті, қаракесек, шөмекей), жетіру (керейт, байұлы (алтын, алаша), 10. Қармақшы болыстығы – байқлы (алтын, шеркеш), жетіру (табын, керейт), әлімұлы (шөмекей), қыпшақ, арғын, төре, төленгіт, 11. Қостам болыстығы - әлімұлы, қожа, төре, төленгіт, 12. Қуандария болыстығы – әлімұлы (шөмекей, кете), жетіру (керейт, телеу, рамадан), 13. Көшербай болыстығы – әлімұлы (шөмекей), 14. Мақбал болыстығы – әлімұлы (шекті. Төртқара, кете), 15. Райым болыстығы – әлімұлы (шекті, шөмекей), төре, төленгіт, 16. Сарытоғай болыстығы – әлімұлы (төртқара), қырғыз, 17. Шебінді болыстығы – әлімұлы (шекті, төртқара, шөмекей), 18.

Қорғаншы болыстығында – әлімұлы (шөмекей, төртқара) рулары тұрды [138, с. 313-316].

1868 жылғы сәуір айының 1-ші жұлдызында қызметіне кіріскен уезд басшысы әскери губернаторға берген есебінде Қазалы уезінің құрамына кіретін болыстық құрылымдар туралыатап өтті. Қазалы уезінің аумағында не бәрі 6 болыстық құрылған еді. Олар: Қаракұл, Қостам, Райым, Сарытоғай, Қарабастоғай және Заңғар болыстығы, ондағы халық саны 11 314 түтінді құрайды, жетінші болыстық Қызыл құмнан қырғыздар (қазақтар) көшіп келген жағдайда құрылуы мүмкін екенін баяндайды [139 , л.14]. 1874 жылдың 15 қаңтар күні Қазалы уезінің басшысы Қаракұл, Қостам, Райым және Сарытоғай болыстары халқының санының ұлғаюына байланысты, тағыда үш болыстық құрылу қажеттілігі жөнінде Сырдария облысының әскери губернаторына жазған рапортында былай деп баяндайды «Қаракул, Райым, Қостам және Сарытоғай болыстықтарындағы үй санының өсуіне және олардың егіншілікпен байланысты Сырдарияда жаз бойы қалатындығын, ал басқалардың көшпелі тұрмыспен Торғайдағы жайлауға кететіндігін ескере отырып, басқа қазақтарды да басқаруға көрсетілген үш болыстықтан өзге де тағы 3 болыстық құрған жағдайда, қазіргі болыстық пен жаңадан құрылатын болыстықтағы түтін саны кем дегенде 1000 – нан аз болмайтыны,сол себепті мәртебелім, осыған рұқсат беруіңізді сұраймын», – деп жазады [139, л.15]. Байқағанымыздай, Қазалы уезіндегі халықсаны саяси-территориялық әкімшілік өзгерістерге байланысты өсіп, жеті болыстықтың орнына тағыда жеті болыстық ашылған. Сонымен, Қазалы уезінде 1874 жылы барлығы 14 болыстық құрылды.

Уезд басшысының әскери губернаторға жазған хатында өзіне сеніп тапсырылған жеті болыстықтан тағы үш болыстықты құруға рұқсат сұрағанын көреміз. Сонымен қатар оның өзі аздық еткен жағдайда он төрт болыстықты құру керек екендігі айтылады. Себебі, Сыр бойы қазақтары отырықшы – егіншілер мен мал шаруашылығымен айналысатын көшпелілер болды. Осы қазақтардан түтін салығын жинау барысында, жаңа болыстықтар құрылмайтын болса әртүрлі қиындықтардың туындайтындығы анық деп ескертеді [140, л.2]. Қазалы уезінде құрылған болыстықтардың санының ұлғаюына тікелей әсереткен жағдай, орыс әсекерлерінің Орталық Азияға енуімен тығыз байланысты болды. Себебі, бұрын Хиуа хандығы билігінің ықпалында болған қазақ рулары біртіндеп Ресей империясының билігін мойындады. Болыстықтардың бірінен кейін бірінің құрылуына әсереткен екінші бір фактор Сыр бойы қазақтарының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығы болды. Өзенге жақын жерде қоныстанған аймақтардың қазақтары суармалы егін шаруашылығымен айналысқан, отырықшы мәдени типтің өкілдері болатын.

Ресей империясы құрған жаңа әкімшілік-территориялық құрылымдар ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи, көшпелі шаруашылық тәртібіне сәйкес келе бермеді. Болыстықтарды құру, бөлу негізінде таза формальды өлшемдер қарастырылды. Мысалы, әкімшілік басқаруға және лауазымды тағайындауға қолайлы болу үшін, ауылдың санын теңестірді, бірақ көшпелі шаруашылық үшін емес. Әрине болыстықтардың бөліну критерийлеріне рулық, туыстық қарым-

қатынас ескеріліп отырды. Бірақ Ресей әкімшілігі болыстықтардың атауларын қою жөнінен рулардың атауы емес жер-су атауларын негізгі басшылыққаалды. Төмендегі беріліп отырған №1 кестеде

№	Болыстың атауы	Болыстық билеушінің атағы мен есімі	Болыстық билеушіге кандидат
1	Каракульская	Заурядный – хорунжий Кульбарак Бигбаулин	Буранбай Кульбаев
2	Алайгырская	Тюлеп Бигильдиев	Рустембек Туяков
3	Раймская	Джетес Кыстаубаев	Арыстан Калкаков
4	Чебиндинская(часть Райымской)	Урунбай Итугулов	Абдыр Мендыкулов
5	Костамская	Кулпубай Айбусунов	Мамбет – Баки Айтуов
6	Актюбинская (часть Костамской)	Баяке Юсупов	Алим Куянбаев
7	Караман - Макбаловская	Алдасугур Джарылгасынов	Мендыкул Утепов
8	Сарытугайская	Алданазар Байменов	Тенизбай Казангапов
9	Ак – тугайская (часть Сарытугайской)	Заурядный – хорунжи Умбет Галиев	Тайлак Байтаканов
10	Карабас – Тугайская	Заурядный – Хорунжи Салмурза Мурзабеков	Оспан Бачекинов
11	Кучербаевская (часть Карабас - Тугайской)	Куртебай Малыбаев	Кармыс Коскулаков
12	Зангарская	Бака Айбеков	Тайлак Таджиев
13	Курганчинская(часть Зангарской)	Мамбет Таспенов	Карен Турганов
14	Калымбасовская	Берден Бегайдаров	Биктас Санкубаев

1874 жылы Қазалы уезінде құрылған болыстықтар мен болыстық билеушілер, болыстық билеушіге кандидаттарының есімдерін жариялауды жөн көрдік. Аталған уездің болыстық билеушілерінің ішінде заурядный – хорунжи атағын алған Ресей әкімшілігінің сеніміне кірген шенеуніктердің барекендігін байқаймыз [139, л.17-23]. Нақтырақ айтатын болсақ, Қарақұл, Ақ – тоғай және Қарабас – тоғай болыстықтарының болыстық билеушілері. Біздің ойымызша аталған болыстардың билеушілері Сыр бойында Ресей билігінің орнығуына қызмет жасап көмектескен.

1868 жылы 21 қазанда Перовский уезі құрылды. Уезд Сырдария өзенінің оң және сол жағалауында орналасып, оңтүстік – батысында Қазалы уезімен шектесті. 1907 жылғы мәліметтерге сүйенсек, Перовский уезінің құрамына 18 болыстық енген. Олар: Царская, Айнакөл, Кеңтүб, Қараөзек, Қарауыл-Қуаң-Дария, Күткеншек, Қысбөгет, Баюзакская, Масловская, Шаған, Жөлек, Жаңа - Қорған, Приречная, Головачевская, Гродековская, Телікөл, Сауран, Скобелевская. Барлығы 25 186 түтін саны, оның ішінде орыстардың түтін саны - 154 [140, л.321-326]. Перовск уезінің негізгі халқын Кіші жүздің жетіру, байұлы, Орта жүздің – қыпшақ, найман, арғын рулары құрады. 1872 жылғы мәлімет бойынша уезде 107567 адам өмірсүрді [62,с.145].

1868 жылы 21 қазанда құрылған Шымкент уезінде 540 ауылдық қауымы бар 28 болыстық болды. Шымкент уезі Сырдария облысының оңтүстік бөлігінде

орналасты. Уезд солтүстігінде Ақмола облысы, оңтүстік – шығысында Әулие ата уезі, оңтүстігінде Ташкент уезі және Ферғана облысының Наманған уезі, Самарқан облысының Жызақ уезі, батысында Әмудария бөлімімен, солтүстік – батысында Сырдария облысының Перовскі уезі шекаралас болды. Уездің солтүстік шекарасы Шу өзеніне дейін тірелді. Сырдария өзені уезді оңтүстіктен бастап солтүстікке қарай, халықтың аз қоныстанған шөл, шөлейтті Қызылқұм басқан батыс бөлігінен халық тығыз орналасқан құнарлы оңтүстік – шығыс бөлігіне дейін бөліп тұрды. XX ғасырдың басында уезд аумағында 250 794 қазақ, 11 000 – дай орыс және 41 350 өзбек өмірсүрді [140, с.145].

1907 жылғы мәлімет бойынша Шымкент уезі 39 болыс пен келесідей әкімшілік аймақтардан тұрды: Темірлан, Георгиевская, Беловодская, Вановская, Высокинская, Түркістан қалалық ақсақалдық, Созақ, Иқан, Қарнақ, Сайрам, Қарабұлақ, Ақтас, Арыс, Арыстанды, Байырқұқ, Бөген, Бүржар, Сырдария, Сарыкөл, Бадам, Бұралдай, Түлкібас, Машат, Сарыбұлақ, Қазығұрт, Қарамұрат, Майлыкен, Хантақ, Ақтөбе, Ноғай - Күрең, Жылыбұлақ, Жаңасу, Қаратау, Қаракөл, Көкшеқұм, Шу, Құр - Шу, Шағатай, Шаян, аймақтардағы барлық түтін саны – 51347 болды [141,с. 313-316.]. Бұл өңірдің шаруашылығының ерекшелігі территориясында көлемі бойынша ірі шаруашылық ауылдар болды. Орташаауылдың құрамында 30 шаруашылық болып, тұрғындарсаны 200 -ге жетті [142, с.151]. Шымкент уезін мекендеген қазақ рулары үш жүздің өкілдері болды. Бірақ негізгі басымдылық Ұлы жүз (Дулат, Сіргелі, Ошақты т.б.) бен Орта жүз (қоңырат, арғын, қыпшақ) руларында болды. Сонымен қатар Кіші жүздің жағалбайлы, тама руларының да өкілдері мекендеді [62, с.151].

Әулие ата уезі 1868 жылы 21 қазанда құрылды. Әулие ата уезі Сырдария облысының шығыс бөлігінде орналасып, Ақмола, Жетісу және Ферғана облысымен шектесіп жатты. Жер көлемі 62. 164,2 шаршы шақырым, халқының саны 336,8 мың адам (1 шаршы шақырым жерге5,4 адам), соның ішінде қалалық аймақта 15,2 мың адам. Қазақ халқы - 90,9%, Орыс халқы бар болғаны - 3,85%, қалған халқының 3,1% - өзбектер, түріктер мен сарттар.

Әулиата уезі 26 болыстықтан құралды: Аса аймағы 1. Аса, 2. Тастөбе, 3. Билікөл, 4. Ботмойнақ - Алмалы, 5. Күйік, 6. Талас, 7. Мақбал, Таулы аймақ: 8.Үшқорған, 9. Қарабура, 10. Күркіреу, 11. Кеңкөл, 12. Қаракөл, 13. Көшеней, 14. Қарабақыр, 15. Аққолтық, 16. Ағашақ, 17. Ошақты, 18. Ойық, 19. Шу, Мерке аймағы, 20. Шоңғыр, 21. Қырықсейтақ, 22. Аспара, 23. Құм - Арық, 24. Құрақата, 25. Толқан, 26. Жайыл барлығы 40687 түтін болды [141,с.316-321]. Бұл аймақта қазақтың көптеген тайпалары мен рулары мекендеген.

Кеңес дәуіріне дейінгі зерттеушілердің басым бөлігі болыстарды құру үдерісі біртіндеп қазақтардың рулық құрамының құлауына әкеледі деді. XIX ғ. аяғындағы рулық құрылымның деңгейін сипаттай отырып, былай деп жазды: «Рулардың бұл кезеңдерде үнемі жауласуы қазақтар арасындағы тыныштықтың бұзылуына әкелді. Басқаға қарсы тұру үшін бір топқа бірігудің қажеті шамалы болып қалды, ортақ мүдделері жеке мүддемен орын ауысты» [25, с.172]. Келтірілген мағлұматтардан байқағанымыз XIX ғ. екінші жартысындағы территориялық бөлінулер көшпелі шаруашылықтың ыдырау негізін қалап,

жартылай көшпелі және отырықшы шаруашылықтың пайда болуына және рулық байланыстың ыдырауына да әкелді деп айта аламыз. Сондай ақ, жоғарыда көрсетілген болыстықтардың әкімшілік – территориялық бөлінісі сол аймақты зерттеген ғалымдардың ойын дәлелдеп, болыстар тек қана рулық принципке байланысты емес, территориялық принципке сәйкес құрылып отырды. Ал негізне келетін болсақ, болыстар шаруашылықтың бір түріне байланысты (көшпелі немесе отырықшы) құрылған деп айтуға болады. Бағамдасақ, 1867-1868 жж. және 1886-1891 жж. жүргізілген әкімшілік реформалар нәтижесінде құрылған болыстық институттар белгілі бір топты нақты бір жерге бекітіп берді.

3 БОЛЫСТЫҚ БИЛЕУШІЛЕР: ТАҒАЙЫНДАЛУ ПРИНЦИПІ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

3.1. Болыстық съездер: болыстық билеушілерді тағайындау механизмі

Ресей отаршыларының қазақ даласындағы жоғары билігі генерал-губернаторлықтан уезд бастығына дейінгі тағайындалған шенеуніктер метрополиясы болды. Әкімшілік баспалдақтың төменгі сатысы жергілікті халық өкілдерінен сайланған болыс билеушілері және ауыл старшындары болғандығын жоғарыда айтып өттік. Қазақ даласында орыс отаршыларының жергілікті халықты басқаруда арқа сүйері де өздері ойлап тапқан лауазым - болыстар болды. Болыстықты басқару кез келген адамға тиесілі болған жоқ. Сондықтан, болыс болып сайланудың да өз тәртібі, тетіктері болды.

1822 жылғы Сібір қазақтарының Жарғысы бойынша сыртқы округтердегі лауазымды қызметкерлерді тағайындау және ауыстыру үшін сайлау жүйесі енгізілді. Сайлауға лауазымды қызметкерлер қатарындағы аға сұлтандар, сыртқы округ приказының мүшелері, ауыл старшындары қатыса алды. Болыстық сұлтан лауазымы мұрагерлік жолмен берілетін қызмет ретінде қарастырылды, бірақ болыстық сұлтан ауысқан жағдайда бүкіл болыстың халқы сайлауға қатысуға міндетті болды. Сайлаудың ұйымдастырылу үдерісіне байланысты Жарғының §41 былай делінді: «Барлық сайлау бұйрық бойынша өтетін жерде және басым дауыспен жүзеге асырылады, егер сайлаушы ауруына немесе басқа да себептер бойынша келе алмаса, онда олар белгілі мерзімге өз пікірлерін жазбаша жібере алады, ол дауыс санын аесептеледі», – деп жазылды [143, с.95]. Сайлаудың өтуіне байланысты да Ж. Джампейсова өз еңбегінде: «Сайлау болысты сайлауда да, ауыл старшынын сайлауда да екі сатылы жүйеден тұрды. Болыстық билеушіні сайлау үшін 50 түтін саны алдымен біреуін таңдайды, ал съезд сайлауында болыс билеушісі мен оның кандидатын сайлайды. Ауыл старшындарын сайлау үшін 10 түтін саны біреуді таңдайды, бұл ауыл старшыны мен оның кандидатын анықтады», - деп жазды [25,с.115]. Біз, отаршылардың көшпелі қауымды басқаруы үшін дәстүрлі басқару құрылымдарымен дәстүрлі саяси мәдениетті қалыптастыруда белгілі бір еркіндікті құрғанын көріп отырмыз. Болыстыққа сайлау барысында уезд бастығы не оның көмекшісі қатысады, олар тәртіпті қадағалайтын, бірақ оған кедергі келтірмейтін. Ал, сайлаудың нәтижелері «бүкіл халықтық жиналыста» жарияланады. Сайлау біткеннен кейін, оны мерекелеуге халыққа еркіндік те беріп отырған. Мәселен, мына бір деректе: «Сайлауға қаншалықты ынғайлы болса, соншалықты халыққа өзінің дәстүрін өткізу үшін белгіленген күні округтік Приказ орналасқан жерде округте тұратын қазақтар үшін мейрамдауға тиісті штат бойынша қаржы бөлінеді», - деп көрсетеді [143, с.95]. 1822 жылғы Сібір қазақтарын басқару жөніндегі Жарғы қазақ халқында болыстық билеушіні сайлау жүйесінде нақты қалыптасқан тепе-теңдік жоқ екендігін байқатады. Назар аударуға тұрарлық мәселе, 1822 жылғы Жарғыда болыстық билеушіні сайлау үшін жиынға әр ауылдан сайлаушы өкіл болатындығы көрсетілмей,

бірақ болыстық билеушіні сайлауды ұйымдастыру кезіндегі құжаттарда, жазбаларда және талқылауларда «съезд» термині қолданысқа түскен [143, с.190].

Сайлауды ұйымдастырып өткізудің тәртібіне сәйкес, қазақтар сайланатын лауазымға (аға сұлтан, приказ мүшелері, болыстық сұлтан) сайлаушылар құрамында айырмашылық болды. Мәелен, аға сұлтанды сайлау құқығы тек сұлтандарда бар болды [144]. Приказ мүшелерін сайлау тек билер мен старшындардың құзырында еді, ал болыстық сұлтанды сайлау өткізілген жағдайда оған сұлтандар, старшындар, билер және беделді қазақтар да қатысып, өз даусын бере алатын. Мәселен, 1824 жылы 9 желтоқсанда Шат аймағын мекендеген, Көкшетау сыртқы округінің бұйрығында, «Құдайберді және Байымбет-Атығай және Қылды-Қарауыл болыстығынан Уали Әбілмамет және Шеген сыйлы адамдарымен және старшындар мен билер келді. 11-ші рет қатарынан болыс сұлтандары болып Құдайберді-Атығай болыстығына старшын Сұлтан Жылғарин және Әбілмамет Уалиев тағайындалды, ал, Байымбет-Атығай болыстығына сұлтан Тортай Шыңғысовтың орнынасұлтан Шеген Уалиев тағайындалды. Ал, Қылды-Соқыр-Қарауыл болыстығы Қылды-Қарауыл болып қайта аталды, округтік Приказдың қатысуымен Ш. Уалиевке болыс болғандығын жарияласа, султан Тортай Шыңғысовқа келесі лауазымды күтуге бұйрық оқыды. Ноғай-Қарауыл болыстығынан келген құрметті адамдар мен Жанатай би оның басқаруына кіруге ниет білдірді, оны ауыл старшын етіп тағайындады», – деп баяндайды [145, об.л.23-23]. Бұл жерде болыстыққа сұлтандардың сайлануымен бірге бірадам кандидат ретінде сайланатындығын көруге болады. Ол болыс қайтыс болған жағдайда не өзі бас тартса, не болмаса оған жүктелген міндеттемелерді орындай алмағанда сайланған кандидат лауазымға отырады. 1824 жылдың 14 желтоқсанында Көкшетау Приказы С.Б. Броневскийге сұлтандардың болыстыққа сайлануы жөнінде баянатты 5 күннен кейін жібереді. Деректен көріп отырғанымыздай, болыстыққа, ауыл старшынына да XIX ғ. бірінші ширегінде тегі сұлтандардан сайланды, кейін келе ол өзгеріске түсті.

XIX ғасырдың 20-жылдарында болыстыққа сайлау үлкен талас- тартыспен өтетін. Мысалы, 1860 жылы 23 мамыр күні өткізілген Сібір қазақтарын басқару бойынша сұлтандарды болыстыққа сайлау мен басқада мәселелер талқыланған Облыстық кеңесте мынадай қорытынды жасалынды: «...сайлау округтық Приказдың қатысуымен, бірақ сайлау барысына ешқандай араласуынсыз, дауыс берушілерге ықпал етілмеу керек. Ал, егер халықтық съездердің жиналуына қиындық туғызатын шалғай аймақтарда жағдайлар болған болса, онда, сайлау жергілікті жерде аға сұлтан мен учаскелік бақылаушының қатысуымен, өткізіледі», - деп көрсетілді [143, с.190]. Сонымен қатар, Сібір қазақтарының облыстық жалпы кеңесінде еркін дауыс беруге қатысты қандай да бір ықпалдарды болдырмау және де сайлау барысында дауысты шарлар арқылы санау туралы айтылды. Аймақтық приказдарда әр болыстық басқармалардан сайлауға қатысатын тұлғалар жөнінде шынайы тізімнің болуының

маңыздылығы және сайлау өткізердің алдында оны хабарлап отыру мәселесі көтерілді [143, с.190].

Түркістан генерал губернаторлығына кіретін өңірлердегі көшпелі халықты басқару отырықшы халықпен салыстырып қарағанда өзіндік ерекшелігі болды. Көшпелі халықтың әрбір уезі болыстыққа, болыс ауылға бөлінді. Ол ауылдарды 100-200 түтін, ал болыстарды 1000-2000 түтін саны құрады (бұл талап барлық аймаққа тән). Болыстар қыстау жерлерді көршілес пайдалануына байланысты орналасқан ауылдардан тұрды. Болыстықты болыс билеушілері, ал ауылды- ауыл старшындары басқарды. Жоғары сатылардан жергілікті билеушілердің өзгеше тұсы, олар лауазымға сайланатын. Ауыл старшындарын сайлау үшін әрбір ауылдың 10 түтін санынан бір сайлаушы қатысу тиіседі, оларды «ондық» деп атады. Болыс билеушісін сайлауға 50 түтін санынан бірсайлаушы оларды «елулік» деп таатады. Ауыл старшындарын сайлау ауыл жиындарында, болыс сайлау болыс сьездерінде шарларарқылы сайланды. Таңдалған шарлардың көптігіне қарап сайланушы үш жылға, одан кейінгі шар санына қарай – кандидат сайланды. Оларды айырып тұру үшін қола белгілер, сондай ақ шығыс қағаздарына басатын мөр беріліп отырды. [25,с.164].

Сібір қазақтарында да ауызша сайлау тәртібінің орнына шарлар арқылы сайланып, сайлаушылар тізімге енуі тиіс болды. Сібір қазақтарының облыстық жалпы кеңесінде сұлтандардың ендігі жерде мұрагерлік құқықты пайдалану арқылы болыстық билеуші қызметіне тағайындалуға жол берілмей, бұл үрдістің тоқтатылғандығы айтылды. Онда былай делінді: «Болыстардың мұрагерлік құқығын тоқтату, себебі қазіргі қолданыстағы шешім бойынша, халыққа басқа билеушіні өз еркімен сайлау мүмкіндігін шектемеу қажет. Болыстық билеуші лауазымына сайлауға, ерекше қажеттілік туындамаған жағдайда, оларды ұзақ мерзімге қалдырып, қазақ халқының арасында сұлтандар мен ру басыларына рулық құрметтің сақталуын қамтамасыз ету» [143, с.190]. Болыстыққа сайлау бұрынғыдай сұлтандардың мұрагерлік жолымен емес, отаршылардың билігін жүзеге асыра алатын, ру тобына өзінің сөзін өткізе алатын адамдарды қою қажеттігін орыс өкіметі де түсінді. Бұл ұсыныстар егжей-тегжей қарастырылып, 1861 жылы 4 сәуірде толық нұсқада «Сібір комитетінің Қазақ даласы мен Семей облысындағы болыстық билеушілердің сайлау тәртібін өзгерту туралы бекітілген Жарғыға енгізілді. Оның ішінде болыстық билеушілерді сайлау тәртібіне байланысты төмендегі ережелерге мән берілді:

1. Сайлау болыстық аймақтың өзінде, аға сұлтан мен учаскелік бақылаушының көзінше өткізіледі.

2. Еркін дауыс беруге әртүрлі кедергілер болмау үшін сайлау шарлармен беріледі.

3. Сайлауға келмеген сайлаушы өз атынан сенімді өкілдер жіберіп, жазбаша қалауларын білдіре алады.

4. Сайлауға келмеген және сайлауға қатысуға өз өкілдерін жібермеген сайлаушылар тек осы жолғы сайлау құқығынан айрылады.

5. Басым дауыс жинаған сайланушы әрине жеңіске жетіп тағайындалады. Егер де дауыстар саны тең болған болса, аға сұлтанның пікірі ескеріліп, қызметке сенімді және қабілетті деген үміткер тағайындалатын болады.

Бұл сайлану тәртібі Семей облысының болыстық билеушілеріне де қатысты» [61, с.557 – 558]. Осылайша, сайлау тәртібінің регламенті бекітілгенімен, сайлау нәтижелерін анықтау мен үміткерлерді қызметке тағайындауға қатысты құжаттарды рәсімдеу қиындай бастайды. Себебі, сайлану парақтарын, сайлаушы актілерін, сайлау үдерісіне қатысушылардың әртүрлі жазбалары мен қатынас қағаздарын рәсімдеу қажет болды. Осы жағдайға байланысты 1867 жылы 14 маусым күні шенеунік Меньшиков Сібір қазақтарының әскери губернаторына жазған баяндама хатында болыстық билеушілерді және бақылаушылар мен аға сұлтандарды сайлау тәртібін жеңілдетуді ұсынады, онда: « ...Сібір қазақтарының облысында болыстық билеушілері, бақылаушылар мен аға сұлтандарды сайлаудың артық ресми кезеңдері өте көп. Бұл жерде, облыстық басқарманың 1861 жылғы 20 қарашадағы тапсырмасы бойынша әр сайлау өткен сайын сайлану тізімінен басқа сайлану тізімін қайталайтын сайлау актілері және сайлаушылардың сайлауға қатысқаны және оның өткізілгендігі жөнінде жазбалары бар. Осы екі актіге де сайлауға келген барлық сайлаушылар қол қояды. Бұл шартты түрде заңда көрсетілмеген, ешқандай маңызды пайда әкелмейтін формальдылық, сайлауды өткізіп отырған және оған сайлаушы болып қатысқан тұлғаларды қиындыққа ұшыратады. Себебі, аға сұлтандарды сайлау кезінде жүздеген сайлаушылар және сайлауға келмеген сайлаушылардың өкілдері сайлау болатын жерде бірнеше күн бойы таңбалары мен мөрлерін көрсету үшін жиналуға мәжбүр болады», – деп жазды [143, с. 201].

Әрбір болыс әкімшілік ауылдарға бөлінді, Ақтөбе уезінде олардың саны 92-ге тең болатын. Әр болыста әкімшілік ауылдың саны 5-тен 10-ға дейін өзгерді, бұл көлемге, рулар санына және бөлімшелер санына байланысты болды. Орташа алғанда, әр ауылда 164-тен 243 шаруа қожалықтары орналасқан. Жаңадан қалыптасқан болыстар (Бөрлі, Елек, Қарақобда) ең аз әкімшілік ауылдардан - 5 ауылдан тұрады. Түзтөбе (10) және Бөрте (12) болыстарында әкімшілік ауылдардың ең көп саны орналасқан.

Ауыл басшылығында, 1868 жылғы «Уақытша Ереже» бойынша, әрбір ауылдағы 10 түтіннен бір адам қатысатын, ауыл жиналысында сайланған ауыл старшындары болды. Сотталмаған және халыққа сыйлы, жасы 25 –тен асқан ауылдың кез келген тұрғыны сайлануға мүмкіндігі болды [72, с.27-28]. Ауыл старшындарын сайлаудан кейін үш жылға уезд басшысы тағайындайды. Ауыл старшындарының еңбек ақысы, оны сайлаған, ауылдың тұрғындарына, қосымша міндет ретінде, жүктелді. Ауыл старшындарында да болыс билеушілері секілді ерекше қола белгілері және олардан шығатын қағаздарды куәландыратын мөрлері болды [146, л.143]. Болыстыққа тұлғалық көшбасшылығы басым, отаршылық қызмет аппараты сенім арта алатын, өзінің көшпелі тобының мүддесін қорғай алатын және салық төлеу, сот шешімдерін орындауда үлгі болатын қасиеттері басым адам ғана сайланды. Бұл жағдайлар

барлық уақытта басқа ауыл адамдарының мүддесін қорғай алған жоқ, сондықтан сайлау алдында арыз, шағым, жала жабу, сатқындық жасау, т.б. көп болды. Мұндай топтарды экономикасы күшті ауылдар басқарды, малдың арқасында басқа топтарға ықпал ете алды. Сайлау нәтижесі жиналған дауыс санына байланысты болғандықтан бәсекелес партиялар дауысты сатып алу арқылы көбейтуге тырысқаны белгілі. Олар жеңістен үміті жоқ ауылдарды сатып алу, өз партиясындағы түтін санын жасанды түрде көбейтіп жазу арқылы қол жеткізуге тырысты. Сонымен, сол кезеңдегі саяси күрестің негізгі әдісі сатып алу және артық жазу болды.

Болыстарды сайлауға қатысты ел арасында наразылықтар болып, орыс шенеуніктеріне арыз шағымдар көп жазылды. Мысалы, Верный уезінің Сарытоқым болыстығындағы 700 түтін иесінің Дала генерал-губернаторлығына жазған хатында: «... біздің үш ауылдан сайланғандар өтпей қалды, салық пен зекет төлейтіндер тізімін болыс сайланған жақ тізіп отыр, негізгі салық төлеушілер біз болып отырмыз, 700 түтін саны бар біздің сенімімізбен Халықовты үш жылдық басқаруға сайлау ереже мен заңға қайшы», – деп жазады [146, с.43].Сол сияқты, 1894-1896 жж. Қапал уезі, Биен-Ақсу болыстығы қазақтарының да болыс билеушісі Мырзағұловтың дұрыс сайланбағандығы жөніндегі арыз шағымы қаралды. Бұл хатта дааталған болыстың 700 түтін саны қазақтары қол қойған. Жетісу облысының әскери губернаторы резолюциясында көптеген арыз шағымдардың өтірік, жалған екендігін айтады [146, с.43]. Осындай арыз шағымдар жазылған деректер өте көп, мұның бәрі сол кезеңдегі болыс ішіндегі көшпелі топтар арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді. Мұндай көріністер XIX ғ. XX ғ. бас кезеңіне тән болды. Бұл жөнінде сенатор, гофмейстер граф К.К. Пален Түркістан өлкесін ревизиялау есебінде былай деп жазды: «Қырғыз (қазақ-Б. М.) өмірінде рулық мүддемен ерекшеленетін рулық бастаудың маңызы жоғары. Сайлауға қатысу әрбір ру құрамына қарай бөлінген, мұндай жағдайда қай ауылда қай ру көп, сол артықшылыққа ие болады, басым ру күшке ие, нәтижеде әлсіз ауыл ауыртпашылыққа ұшырайды. Ренжігендер мұндай ауылдарды ру құрамына сәйкес бөлуді не жәй бір бірлікке бөлуді ұсынады », – деп жазды [147, л.3].

Сонымен бірге сайланған болысқа халық қарсы болып, өздерінің адамдарын таңдауға ұмтылу сияқты халық арасында наразылықтардың болып тұрғандығын да айта кету керек. Мысалы, Баба-бағыс болысының билеушісі, старшын штабс-капитан Маңдай Тоқтамысов Сібір қырғыздарының шекара бастығына: «баба руы өзіне бағынбай, тәртіпсіздіктер жасап жатқанын, олар өздерінің болыс билеушісін таңдайтындығы», жөнінде жазады. Осындай тәртіпсіздіктер Қарқараокругінің Құшық-тобықты болыстығында да болған. Округтың аға сұлтаны Құнанбай Өскенбаевқа старшын болыстардың бөлінуін қаламайтындығы жөнінде: «Мәртебелі, сіз көп біле бермейтін шығарсыз, жігітек руы болыстығы Ботай Ералин, күтебақ руынан Байтай Сапақов және Бектас Елентаевтар белгісіз себептермен Майбасар Өскенбаевқа (аға сұлтан Құнанбай Өскенбаевтың інісі) қарсы екенін білдіріп, жоғары жақтан болысты бөлуді сұрайды» [25, с.116]. Келтірілген деректер, халықтың болыс

билеушісінің рулық, туысқандық жақындығына қарамай наразылығын ашық білдіре алатындығын көруге болады. Ресей өкіметі болыстықты құруда рулық белгісін есепке алдық дегенімізбен де болыстықты құрудағы 1000-2000 түтін санының болуы, болыстың толық рулық жақындығына қарай құрылуын қамтамасыз ете алған жоқ. Сондықтан болыс құрамында басқа дарулардың болуы кездейсоқ емес. Болыстар арасындағы алауыздықты осындай жағдайлар да тудырды десек, қате айтпаймыз.

Халықтың басым бөлігі үшін танымал, ақыл-оймен және әділдігімен дүйім жұртты аузына қаратқан адамдардың өзі кей кездері болыстық ішіндегі рулардың тартысын тоқтата ала алмады. Бұндай беделді адамның үстінен де шағымдар жазғандар болды. Сондай бір шағым Абай Құнанбаевтың үстінен де жазылды. Мысалы, Абай басқарған Қоңыр Көкше Тобықты болыстығында бір болыс билеушісі 3 жылға дейін қызмет етпеген. Болыс сайланғандардың барлығы тергеуге, сотқа беріліп, ақталып шыққан. Мұның бәрі әрбір ықпалды адамның өзінің болыс болуға ұмтылуымен байланысты болды. Үстінен арыз шағым түспеген, ықпалды, бай адамды таба алмайсың. Сондықтан бұрынғы уезд бастығы Измайлов барлық халыққа беделді, ақылды, әділетті басқа болыстық өкілі Ибрагим (Абай) Құнанбаевты сайлауды ұсынады. Халық Абайды бірауыздан сайлайды. Абай халық арасында темірдей тәртіпті сақтай білу қасиетімен ерекшеленді. Күн сайын кездесетін барымташылық пен өлім оның тұсында қысқарып, бірде бір қылмыстық іс болмаған. Бұрабаев оның үстінен шағым жазған кезде, Абай өзін болыстыққа бөтен екенін, олармен тіл табысудың қиын екенін айтып, босатуды сұрайды. Ал, Бұрабаев Абайдың болыс болғысы келмейтінін, сол себепті де өздеріне жақын адамды қалайтындығын жасырмайды. Сол жылдардағы уезд бастығы Кареев, Құнанбаевтың тек уезде ғана емес облыста да ең үздік болыс болғандығын айтады [143, с.196]. Қандай деректер келтірмейік болыс болу, не сайлануда болыс билеушілері ең алдымен өздерінің ру тобына сүйенді, онда да олардың мүддесін қорғауы қажет болды.

1868 жылы 21 қазандағы дала облыстарын басқару туралы уақытша ережеде болыстық съездердің ұйымдастырылуы мен өткізілуіне ерекше мән берілді. Болыстық съездердің екі түрі болған:

- сайлаушылардың болыстық съезі,
- билердің болыстық съезі.

Съездің екі түрінің ортақ тұсы ретінде екеуінің де өткізілетін жері мен болатын уақытын уезд басшысы анықтайтындығы ережеде айтылған. «§ 66. Сайлау үшін болыстық съездер мен ауылдық жиындардың уақыты мен орнын уездік басшы белгілейді §152. Болыстық съездерді (билер жиыны) өткізудің ыңғайлылығы мен белгілі пункттерде жыл бойғы уақытын және бір рет белгілі уақыт пен орынды уездік бастық белгілейді» [143, с.327, 333]. Съездердің мақсаты, құрамы, қарастыратын мәселелерінің құзіреттілігінде атап айтатын ерекшеліктер болды:

2 таблица.

	Сайлаушылардың болыстық съезді	Билердің болыстық съезді
Болыстық съезге қатысушылардың құрамы:	§ 68. Әр болыстықта 50 түтіннің иесі бірсайлаушыны сайлайды; сайлаушылардың съезі болыстық билеуші мен оның үміткерін сайлайды.	§ 150. 300 сомнан асатын істі қарастыру үшін билердің болыстық съезі кезеңді тағайындап, оған болыстықтың барлық билері қатысуға міндеттеледі. Егер съезге сайланған болыстық билердің жартысынан аз бөлігі қатысса, съезд өткізілмеді деп есептелінеді.
Болыстық съездің өткізілу тәртібі мен жауапты лауазымды тұлғалардың қатысуы :	§ 64. Болыстық билеушілердің сайлауы ауыл старшындарының сайлауынан бұрын өткізіледі. § 67. Лауазымды тұлғаларды сайлау болыстар мен ауылдарда бөлек өткізіледі. § 69. Болыстық билеушіні сайлау уезд басшысы немесе оның көмекшісінің қатысуымен өтеді, олар сайлаудың өткізілу ретін бақылағанмен сайлаудың барысына араласпайды.	§ 153. Болыстық билер съезі болыстық билеушінің қатысуымен, бірақ болыстық билеушінің сот ісіне араласуынсыз өткізіледі.
Болыстық съездердің өткізілу рәсімі мен құзыреттілік деңгейі:	§ 72. Болыстық билеуші мен ауыл старшынының лауазымды қызметіне сайлау болыстық съезбен ауыл жиналысы ұсынған тұлғалар арасында шарлармен немесе басқа шартты заттармен өткізіледі; саны жағынан ең көп шар жинаған адам қызметке тағайындалып, саны жағынан одан кейін тұрған адам кандидат болып есептелінеді.	§ 154. Болыстық съездер кез келген соммадағы істерді қарауға құқығы бар, бірақ тек 500 сомнан (25 жылқы, 250 қой) аспайтын жағдайда ғана олардың шешімі соңғы болып табылады.
Болыстық съезде қарастырылатын мәселелер:	§77. Болыстық съездер болыстық басқарма мен ауыл старшындарының қаржылық ұстау үкімін анықтайды, Болыстық билеушінің өзіне және хатшы жалдауына жалпы 300 сомнан кем емес қаржы бөлінеді, ауыл старшындарының барлығына бірдей көлемде болыстық сайлаушылардың шешімімен қаржы төленеді.	§ 156. Бірнеше болыстықтың арасында іс қозғалса, уезд басшысының тапсырмасымен, қажеттілігіне байланысты төтеншесъезд шақырылады; егер іс бірнеше уезд болыстықтарына қатысты болса, съезд сол билікке қатысты жиналады. Төтенше съездер сонымен бірге облыстық басқарманың тапсырмасымен де жиналып,

	§ 78. Қаржылық ұстау үкімін болыстық съездің сайлаушы өкілдері дайындап, уезд басшысына бекітуге ұсынады. § 170. Болыстықтағы түтін саны жөнінде мәліметті болыстық сайлау съезінде болыстық сайлаушы өкілдер дайындап, болыстықтағы түтін саны жөнінде мәліметті ортақ қол немесе өз таңбаларын қойып, съезге қатысатын орыс шенеунігіне ұсынады. § 179. Болыстық съездің ауылдар бойынша түтін салығы жөнінде үкімдері, болыстықтың баумен байланған кітаптарына енгізіледі.	болыстық съездер соңғы шешімін шығара алмаған арыздарды қарастырады.

Ауыл жиындары мен болыс съездеріне лауазымдарды сайлау процесіне әрбір ондық және елулік түтін санынан сайлаушы қатысатын. «Уақытша Ереже» бойынша құрған «ауыл» құрамына дәстүрлі бірнеше ауыл топтастырылды, ал, олардың мүддесі бір-біріне қарама-қайшы, белгілі бір қоғамның тұтас мүддесін білдіре алмайтын еді. Сондықтан ауыл старшынына не болыс билеушісіне сайланғысы келетін адам сайлаушылар өзінің жақтастары болуын, басқаларды сатып алуға дейін баруға тырысты. Торғай облысының вице-губернаторы былай деп жазды: «... олар «ондықтар», «елуліктер» деп аталатын сайлаушылар, шындығында қоғамдық мүддені түсінбейтін, шаруалар қоғамы үй санынан сайлайтын белгілі бір шаруашылық мүддені көздемейтін, тек кездейсоқ сайлауға үй санын санау нәтижесінде түсіп қалған адамдар тобырын құрады. Әрине, мұндай тобырдың сайлаушылары сатылуға, байлар мен күштілердің қысымына тез беріліп, бір партияның қаруына айналады, қоғамның құрметті және мәртебелі адамдары «ондықтар» мен «елуліктердің» сайлауын өздерін кемсіту деп есептеп, қоғамдық жұмыстардан қашқақтайды»,- деп көрсетеді [24, с.86.].

1868 жылғы Уақытша Ереже бойынша болыстық съездердің өткізілу нормалары анықталған болатын, бірақ ережелерді жүзеге асыру барысында кейбір жағдайларда, далалық облыстарда әскери губернаторлар тарапынан қосымша инструкциялар енгізіп отыруына тура келді. Мысалы, Семей облысының әскери губернаторы В.С. Цеклинский өзінің Дала генерал-губернаторы Г.А. Колпаковскийге 1884 жылы 30 наурызда № 3316 жазған баяндамасында былай дейді: «…мен осы наурызда 3-ші наурызда № 2081 ... сайлауларды жүргізу кезінде колледждік кеңесшіге Дужанға нұсқау бердім: 1) географиялық тәртіп бойынша болыстықтарды жібермей, сайлауды өткізу; 2) әрбір болыстықта оны міндетті түрде бітіру керек. Оны мен Дужан мырзаға

міндеттеймін, егер халық тағайындалған күні сол немесе басқа да себептер бойынша сайлау жүргізуге келіспеген жағдайда, – сайлау үшін соңғы күнді үшінші тәулікке тағайындауға сондай-ақ, сол жағдайда қарсы тараптың жартысы келмесе де сайлауды аяқтауға өкілеттік бердім, және оны дұрыс деп санаймын» [136, л. 7]. Бұл құжаттан болыстық съездің шешімдеріне одан жоғары тұрған әкімшілік өкілдері болып саналатын уезд басшысы мен оның көмекшісі тікелей әсер ететінін көрсетіп, 1868 жылғы Уақытша Ереженің §69 қарама-қайшы екендігін аңғартады: «Болыстық басқарушыны сайлау уездік бастықтың немесе оның көмекшісінің қатысуымен жүргізіледі, олар тәртіпті қадағалайды, алайда сайлау бағытына араласпайды» [143, с.327]. Болыстық сайлаулардың өткізілуіне халық тарапынан арыз шағымдардың көбеюіде кездейсоқтық емес болса керек. Кей жағдайда болыстық билеуші мен оның үміткерін сайлау барысында қарсылас өкілдері сайлаушыларының саны жұп болған жағдайда, тең дауыс жинап қалатын кездері де болып, уезд басшысы сайлауды қайта өткізуге мәжбүр болған. Мысалы, 1874 г. 5 наурызда Сырдария облысының әскери губернаторы Ташкент қаласындағы Түркістан уезінің басшысына жіберілген № 2261 хатында, Маңғытай болыстығында өткізілген сайлау барысында рулар екі жаққа бөлініп, сайлаушылар 5 адамға тең дауыс бергенін, сайлауды қайта өткізудің керек екендігі жазылады. Бірақ, әскери губернатор уезд басшысына ескерту жасай отырып, бұрын істі болған, уезд басшысының беделі төмен кіші көмекшісі Арзықұловты сайлау үдерісіне араластырмау керектігін айтады. Себебі, кіші көмекші сайлаушыларға теріс әсер етіп, лауазымды тұлғаның сайлануына кедергі келтіруі мүмкіндігін айтады [143].

1879 жылы Шығыс – Сібір губернаторы Д.Г. Анучин Ресейдің шығыстағы саясатының негізгі принциптері мен аймақты басқарудың реттілігін жүзеге асырудың тетігін құрастырған болатын. Алғашында мықты әскери – әкімшілік басқару жүйесі енгізіліп (генерал-губернаторлық, наместниктер), жергілікті халықтар үшін дәстүрлі басқару институттары сақталып, ең қажет деген мемлекеттік мекемелер ғана құрылып отырды.

1891 жылғы Жарғыға сәйкес, жер мемлекеттің меншігі болып есептелініп, қазақтарға мерзімі шектеусіз уақытқа қоғамдық пайдалану мақсатында берілді. Бұдан әрі қарай, уездермен болыстық басқармалар «жерді бірлесе пайдалану» принципі бойынша құрылып, оларға қатаң белгіленген территориялар ғана берілетін болды. Бір іздендірілген (унификация) жерге орналастыру халықтың көші-қон қозғалысының артуымен және жаңадан құрылып жатқан шаруа ауылдары мен казак бекеттерінің салынуы маусымдық көшіп-қону бағыттарын қиындатып жіберді. Торғай облысының әскери губернаторы (1883 – 1899 жж.) Я.Ф. Барабаш жайлауларды пайдалануда, көшіп- қону бағыттарын анықтауда, өтпелдер мен су көздерін пайдалануда көшпелі қазақтар арасында көптеген талас – тартыстар туғызатындығын және реттеуді талап ететіндігіне баса назар аударады. Жерді пайдалану мен жерді бөлу ережесінің жоқтығы егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының дамуына өзінің кері әсерін тигізіп отырды [149, л.2]. Сонымен қатар уезд орталықтарын, ат зауыттарын, пошта

станцияларын т.б. салу үшін қазақтардың жерлерін тартып алудың нәтижесінде, жайылымдық жерлер күрт азайып кетті. 1894 жылы аймақтық әкімшілік Дала Жарғысының 127 бабына сәйкес, әр болыстың құрметті азаматтары шақырылған Ерекше съездер ұйымдастырылып, ортақ жайлауды пайдаланып жүрген қазақтар арасында суатты жерлер мен жайылымдық жерлердің көшіп – қону шекаралары анықталып отырды [149, л.2].

1885 жылы Көкшетау уезіне қарасты Шалқар болысы тұрғындарының шағымдарын тексеру барысында, аталған болыста сайлаудың дұрыс өткізілмегендігі анықталды. Осы жағдай туралы Дала генерал-губернаторының кеңсесі өкілдері өздерінің баяндамасында былай деп көрсетеді: «…осы шағымды Көкшетау уездік сотының анықтауымен бірге қарап, сол жылдың маусым айындағы Сіздің жоғары мәртебелі лауазымыңыздың баяндамасында бұрынғы Көкшетау уездік бастығы, колледждік асессор Туполевтің «елуліктерді» (пятидесятниктерді) сайлау бойынша жүргізілген әрекеттері дұрыс емес, демек болыстық басқарушыны таңдау заңды деп тануға болмайды», – деген пікірін білдіреді» [150, об.л. 24-24]. Осы шағымға байланысты Ақмола облыстық басқармасы істі екі рет қарап, бірақ Дала генерал-губернаторының кеңсесінің пікірі бойынша «Туполев мырзаның «елуліктерді» таңдау кезінде іс-әрекеттері дұрыс болды ма? деген негізгі сұрақты назардан тыс қалдырыппын», – деп жазады [150, л.27]. Кеңсе басшысының уақытша міндетін атқарушы мынадай қорытындылар жасайды: «Ақмола облыстық басқармасының қорытындысы бойынша шағымданушылардың шағымдары салдарсыз болса негізсіз болып табылады, немесе Туполев мырза сайлау жүргізу тәртібінен ауытқуға жол берді, ол неге сөгіс немесе ескерту жасауға тиіс деген шағымдарға себеп болды, бірақ ол уездік бастықтың лауазымын иеленбегендіктен және кезінде Туполев мырзаны басқа лауазымға ауыстыруға себеп болғанын, осы іс басқалардың қатарына жататынын назарға ала отырып, Кеңсе Ақмола облыстық басқармасының қорытындысын өз күшінде қалдыруы мүмкін …» [150, л.28].

1891 жылы 25 наурыздағы Дала облыстарын басқару жөнінде Жарғыда болыстық съездерді ұстау шығыны мен үдерістері жөнінде өзгерістер енгізіліп, бұдан былай болыстық билер съезі мүлде өткізілмей, ендігі жерде халық соттарының төтенше съездері өткізілетін болады. Жарғының 117 тармағында: «Халық билерінің төтенше съездері уездер мен болыстардың тұрғындары қатысатын істерді шешу мақсатында губернатордың өкімі бойынша тағайындалады. Төтенше съездер болыстықтардан кемінде бір биді қоса отырып, санына байланысты болып келіп, сотталушы болып табылатын болыстардың билерінен тұрады», -деп жазды. [127, с.395]. Сайланбалы болыстық съездің өткізілетін жері мен уақыты бұрынғысынша уезд басшысының құзыретінде қалып, олардың құрамы ауыл съездерімен анықталып отырды. Егер оған сайланғандардың барлық санының кемінде үштен екісі қатысса, болыстық съезд өтті деп саналады. §69. Болыстық съезд екі үміткерді сайлайды: бірі – болыстық басқарушы болса, екіншісі – оған үміткер. Қатысушыларды уездік басшы ұсынады, оны әскери губернатор бекітеді. §70. Әскери губернаторға сайлауды бекіту немесе бекітпеу ұсынылып отырады.

Соңғы жағдайда губернатор не жаңа сайлау тағайындайды не болыстық басқарушы және оған үміткер лауазымын өз қалауы бойынша ауыстырады» [127, с.392].

Болыстық билеушілер мен оның аппаратын ұстау шығындарына қатысты ақшалай нормасы анықталды: «§71. Болыстық съездер болыстық басқарушыларға, оларды сайлағанға дейін, болыстың шамасы мен әл-ауқатына сәйкес, үш жүзден бес жүз сомға дейінгі мөлшерде, сондай-ақ жылына үш жүзден төрт жүз сомға дейінгі мөлшерде хатшылар мен шабармандарға жалға алуға арналған қаржыны анықтайды. Ескерту: болыс басқарушылары жанындағы хатшылар уезд бастығының рұқсатымен жалданады. §72. Болыстық съездер болыстық басқарушыны ұстау шығыны мен хатшыларды, шабармандарды жалдау қаржысы туралы үкімдерін уезд бастығы облыстық басқарманың бекітуіне ұсынады» [127, с.392].

1891 жылғы Жарғыға болыстық сайланбалы съездің енгізілуіне төмендегі сұрақтар қосылды: «бірнеше ауылдық қоғамға жататын халық билерін сайлау және халықтық жиындар мен міндеткерлікті тағайындау және орналастыру мәселесі» [127, с.392]. Сонымен бірге, түтін салығының тәртібі болыстық съездер шешіміне байланысты екендігі айтылды: «§139. Тексерілген тізімдерді (ауылдардағы түтін-үй иелері) ауылдық старшындар болыстық съезге ұсынып, ол жерде барша болыс қайтадан тексеріледі. Одан соң, болыстың және ауылдық старшындардың қолдарымен қойылып, және мөрлерімен баслылып, құжат уездік бастыққа келіп түседі. §145. Түтін салығы сомаларын бекіту әрбір түтін иесінің жағдайы бойынша жүргізіледі. Түтін салығының жинағы жөніндегі болыстық және ауылдық съезд мәліметтері мықты байланып, шнурланған кітапқа түседі. §148. Түтін салығын төлеушінің жағдайы болмаса, салық төлеуге ақшасы жетпесе, оны ауыл қоғамының қалған түтін иелері төлейді, ал, ауыл қоғамының жағдайы келмесе, онда болыстық съездің міндеттеуі бойынша болыстықтағы басқа да біріккен ауылдық қоғамына жүктеледі. Қарызданушылардан салықтарды жинау шараларын салық өндірушілер халықтық әдет-ғұрыптар тәртібімен іске асыру керек» [127, с.397-398].

1895 жылы 18 маусым күні Торғай облысы Торғай уезінің, Орал облысы Темір уезінің, Сырдария облысы Қазалы және Перовскі уездерінің болыстарынан құрметті өкілдер қатысқан Ерекше съезд болып, Ырғыз уезінің территориясындағы жайылымдық жерлерді бөліске салды. Съезде жайлаудағы суаттарын, көшіп-қону жолдарындағы егін егетін және шөп шабатын шабындық орындарын анықтайтын үкім дайындалды [151, л.1]**.** Сонымен қатар Ерекше съездерде талас тартыстарды шеше алмады. Мысалы, Теректі – құл шатқалы екі уездің шекарасында орналасып, екі уездің де жайлаулары тізіміне енгізілген [152, 35-35об.]**.**

Мұрағатта сақталған XIX ғасырдың аяғындағы Ақмола және Семей облыстарының жергілікті басқарушы лауазымдарының сайлау туралы құжаттарында, болыстық билеуші лауазымына сайлауға түскен азаматтардың толтырған парағының талдауы барысында, сайланбалылардың белгілі бөлігі сауатсыз болғасын актілер мен сайлау парақтарына таңбаларын қоя салғандығы

анықталды. Сайлауға түскен азаматтардың аз ғана бөлігі өздерінің аты-жөндерін араб графикасымен жазып толтырған. Мысалы, 1893-1896 жж. Ақмола уезінің Қызылтопырақ болыстығында болыстық билеушіні сайлау кезінде 30 сайлаушының – 1-нің жеке мөрі басылған, 8-нің жеке қолдарын қойған, 21-таңбаларын қойған [153, л.147]. Сол сияқты Петропавл уезі Преснов болысының болыстық билеушісі мен оның үміткерінің 1893-1896 жж. үш жылдық сайлауына қатысқан 38 сайлаушының 5 – жеке мөрі болды, 10 – жеке қолын қойған, 23 – таңбасының суретін салған [153, л.167-168].

Бір қызығы XIX ғасырдың аяғына қарай болыстық билеуші мен оның қарсылас үміткері лауазымға сайлауға түскенде тұлғалар сайлаушылардан тең дауыс жинаған жағдайда, уезд басшысы өзінің қалауымен біреуін қызметке тағайындауға ұсыныс жасауға мүмкіндік алады. Мысалы, 1893 жылы 6 қыркүйекте Петропавл уезінің басшысы Мамонтов сайлаушылардың актісіне қол қойып, былай дейді: «1893 жылдың 6 қыркүйегінде болыстық басқару лауазымына және Становской болысы бойынша үміткер ретінде Малдығұл Дүйсенов пен Дүйсембі Қарақұтовқа он сегіз шардан беріп сайлау өткізді. Петропавл уезінің бастығы болыстыққа сайланушылардың қатысуымен Дүйсенов пен Қарақұтовқа шек (жребий) алдырды, нәтижеде ол қазақ Малдығұл Дүйсеневке бұйырды. Мұны уезд бастығы қаулы етіп, оны осы актіге жазуды тапсырды» [153, л.167-168].

XX ғасырдың басында 1902 жылы шаруа басшысының қызметі енгізілгеннен кейін болыстықтардың территорияларын учаскелерге бөлу мен болыстық билеушілердің сайлауын бекіту ережесі де өзгеріске ұшырайды.

Бұдан былай, шаруа басшыларының съездері уездерде болыстық сайлаушылардың болыстық билеушіні және халық соттарын, олардың кандидаттарын сайлау жөнінде үкімдерін қарастыратын болады. 1902-1903 жж. қыс мезгілінен бастап шаруа басшыларының съездері өткізіліп, олардың шешімдері хаттамаларға- журналдарға жазыла бастады. Шаруа басшыларының съезіне: уездің бір шаруа басшысы, мүшелері - уезд басшысы, уезд участкелерінің шаруа басшысы, уездің салық инспекторы және хатшы қатысатын болды.

Болыстық сайлаушылардың съездерінде уезд басшысының немесе оның көмекшісінің орнына болыстық қарайтын учаскенің шаруа басшысы қатысады. Болыстық съездерде бұрынғысынша салық жинау мен болыстық билеуші, оның үміткері мен халық сотын сайлауды өткізу үшін түтін иелерінің тізімін қадағалайды. Болыстық сайлаушылардың съездеріндегі сайлаудың нәтижесі бойынша дауыс беру парағы толтырылады.

1910 жылғы Семей облысының әскери-губернаторының есебінде: «мен генерал-губернатордың рұқсатымен есеп беру жылында қабылданған бір шара жөнінде айта кеткенді жөн санаймын, атап айтқанда: қырғыз (қазақ) сайлауында мен алғаш рет болыстық басқарушылар мен оларға үміткер лауазымдарына сайлауға түсетін адамдар орыс тілін, ең болмаса сөйлесе алатын деңгейде болса деген талап қойдым, егер орыс тілін білмесе осы лауазымдарға бекітпеймін дедім, – деп жазады» [143, с. 422] Келтірілген дерекке қарағанда, алғашқы рет

қазақ даласында қазақтар арасында болыстық билеуші мен оған үміткер лауазымына сайланатын адамға орысша ауыз екі тілде сөйлеу білу міндеттеліп, орысша білмеген жағдайда қызметке тағайындамайтындығы айтылады.

Ендігі жерде сайлауға түсетін үміткерлердің дауыс беру парағында, сайлауға түсетін болыстық билеуші немесе оған үміткердің міндетті түрде орыс тілін меңгеру деңгейі көрсетіледі. Болыстық билеуші немесе оның үміткері дауысқа түсер алдында шаруа басшысының немесе учаске меңгерушісі мен уезд басшысының алдында орыс тілінен емтихан тапсырады. Орыс тілін меңгермеуі немесе нашар меңгеруі қазақтардың генерал-губернаторға және облыстық басқармаға болыстық съездің нәтижелерін қайта қарауды сұрауда қиындық тудыруы мүмкін. 1914 жылы қаңтарда Семей облысының әскери-губернаторына Зайсан уезінің 2 учаскесінің шаруа басшысы Базар болысынан Даутбек Ибраев, Құдайберді Ұрысаев және Мырзахан Назаровтардан түскен екі өтінішті қарастырады. Онда былай делінеді: «1913 ж. Базаров болысының болыстық басқарушысы лауазымына сайланған Ғ. Ыдырышев пен үміткер Жұмақан Есеналин орыс тілінде ештеңе білмейді, және де олар аталған лауазымдарға халықтың таңдауымен емес, епті құрылған қулықпен өткен, оларды қоғамда және қол астындағы адамдардың құрметіне ие емес, олар халықты езуге, мал ұрлығына жақын адамдар, керісінше бұрынғы басқарушы Шұрытпаев құрметке ие», - деп жазады [154, л.17].

Деректен байқағанымыз Базар болысының болыстық билеуші қызметіне 1913 жылы сайланған Ғаббас Ыдрысов пен оған үміткер Жұмақан Есеналин мүлде орыс тілін білмейтіндігі және әртүрлі әдіс тәсілдерарқылы халықтың наразылығына қарамастан сайланғандығы, зорлық зомбылық пен ұрлық жасауға үйренгендігі, керісінше Шұрытбаев сияқты бұрынғы болыстық билеушінің халықтың қолдауына ие екендігін айтады. Осыған байланысты мынадай шешім шығарылады: «1) болыстық сайлаушылар өкілдері Дала жарғысының 66 бабына сәйкес ауыл съездерін де қарапайым көп дауыс жинау арқылы сайлады, ауыл қоғамын құрайтын барлық түтін иелерінің жартысынан көп бөлігінің қатысуымен өткізілді. Арыз берушілер айтқандай Ыдрысов пен Есеналиннің жақтастарының басымдығымен емес, болыстық халықтың басым бөлігінің қатысуы арқылы өтті. 2)…Ыдрысов болыстыққа сайлауға түсер алдында 3-учаскенің меңгерушісі және уезд басшысының алдында орыс тілінен білімін анықтайтын емтихан тапсырып, оның орысша сөйлеу және жазу қабілетінің жаман емес екендігі белгілі болды. Шешім шығардым: … осы сұраулар бойынша барлық мәліметтердің бар болуына байланысты ешқандай тексеру жүргізілмейді» [155,17 об.л.-18].

Осылайша, болыстық сайлаушылар съезі жергілікті басқару органдарының құрамында болып, болыстық билеуші мен болыстық басқарма аппаратының қызметіне тікелей әсер ете алу мүмкіндігіне ие болды. XIX ғасыр ішінде болыстық съездердің өткізілуіне байланысты енгізілген түрлі реформалар дәстүрлі қазақ қоғамындағы рулық тұрақтылықты жойып, Ресей империясының құқықтық нормаларына халықты бағындыруға арналды.

Алғашында, сыртқы оруғтер құрамындағы болыстарды құру кезінде, 1822 жылғы Жарғы бойынша: «§16. Болыстарды сұлтандар басқарады. §30. Сұлтандық атақ мұрагерлікпен беріледі. §31.Олардың болыстарды басқару құқығы бір тік сызық бойынша яғни бастапқы туыстық бойынша өтуі тиіс; бірақ қазіргі әдет-ғұрыптарға сай болған жағдайда, басқа сұлтанды сайлай алатын болса, бірақ облыстық басқарманың бекітуінсіз оған билікті сеніп тапсырмай, қоғамның келісімін алдын ала талап етуге тиіс". § 32. Егер Сұлтанның мұрагері болмаса, онда болыстықтың таңдауы бойынша және облыстық басқарманың бекітуімен оның ағасы немесе жақын туысы орнына отыра алады. § 33. Осылайша, Сұлтандық тұқымы толығымен жойылады» [157, с.94]. Сонымен патша өкіметі басқарудың осы жүйелерін енгізу арқылы болыстарды сұлтандардың басқару құқығын жоюға тырысты. Бұл фактор да бір жағынан қазақ арасына іріткі салудың бір түрі еді. Сонымен, 1) Болыстық билеушінің қызмет бабы нақты бір уақытпен анықталмады; 2) Болыстық билеушіні ауыстыраалатын жаңа мұрагерлік жолмен тек сұлтандардың тікелей ұрпақтарын облыстық басқару міндетті түрде бекіткен жағдайда, халық сайлау арқылы таңдай алды. Болыстық билеуші лауазымын иемдену үшін сайлауға қатысу міндетті болмады. Бірақта, бұрынғы болыстық билеушіні жаңа адаммен ауыстырған кезде, міндетті түрде сол болыстың билері мен старшындары дауыс берген сайлау қағазы талап етілді. 1832 жылы қыркүйек айында Аягөз сыртқы округінің Приказына қатысты болыстық билеуші сұлтан Жанкүшік Бопин өтініш хат жазады. Онда былай делінеді: «ол өзінің балаларының жоқтығын және отбасылық жағдайға байланысты басқара алмайтындығын, сондықтан қызметтен босатып, өзінің орнына ағасы Сұлтан Ади Бопинді бекітуді сұрайды» [156, л.48].Осыдан кейін халыққа басқа болыстық билеушіні таңдау ұсынылды. «Сиван болысында Түке мен Байғүбек руларындаҮлкен сұлтан Сарт Ючин және Сұлтан Солтыбай Бопиннің қатысуымен Сұлтан Жамантай Бопинді бірауыздан 554-түтін сайлады, ал Жарасқұл және Әкімбет руларында 536 түтін ішінен сұлтанның болыстық басқарушысы етіп Ақымбек Бопинді сайлады», – деп көрсетеді [157, 48об.]. Екеуінің сайланғандығы жөнінде дауыс берілген қағаз ұсынылып, болыстықтар кейдеекіге бөлініп, бұрыңғы бір болыстық билеушінің орнына екі болыстық билеуші анықталған жағдайлары болып тұрды.

Келесі бір мысалда 1842 жылы Аманқарағай сыртқы округі, Сыбан – Керей болысының старшыны Есеней Естемісов өзін болыстық билеуші қызметіне осы болыстың билеушісі би Жұман Қондыбаевтың орнына сайлауына қол жеткізеді. Құрметті билер мен ауыл старшындарының сұрау қағазында былай делінеді: «Сыбан-Керей болыстығына болыстықты уақытша басқарған, бірақ ден-саулығына байланысты өз еркімен басшылықтан бас тартқан, әрі лайықты мұрагері жоқ Жұман Қондыбаевтың орнына басшы сайлау жөнінде, оның орнына осы міндеткерлікті жақсы білетін және жақсы мінез-құлқымен танымал би Есеней Естемесовты осы лауазымға бірауыздан сайлаймыз, орыс үкіметін оны осы лауазымға бұрынғыдай бекітуді сұраймыз, біз бұрынғыдай өз таңбамызды қоямыз» – деген [157, об.л.7-7]. Жұман

Қондыбаевтан, Есен Естемісов пен оны қолдап жүген Аман-Қарағай приказының аудармашысы Қопытовтың заңсыз іс әрекетін айып жазған арыз шағымға қарамастан, 1842 жылы шілде айында Сібір қазақтарының шекара басшысы полковник Н. Вишневский болыстық билеуші қызметіне Есеней Естемісовты тағайындап, ол жөнінде: «Мен шекаралық басқарудағы Сібір қырғыздарының (қазақтар) өткен шілденің 25 № 677 хаттама және оған тіркелген бұйрық бойынша, менің жеке куәлік етуіммен Есен Естемісов бидің қабілетін ескеріп, Сыбан-Керей болыстығы басшысына лауазымына оны бекітемін, осы бойынша тиісті өкім жасауды ұйғарамын» – дейді [158, л.11]. Кейіннен Есеней Естемісов 1853 – 1859 жж. аралығында Құсмұрын сыртқы округінде аға сұлтан болып, одан соң 1859 – 1862 жж. аралығында – Омбыдағы Сібір қазақтарының басқаруында қазақ ұлты арасынан кеңесші болып, болыстық билеушінің лауазымына ресейлік билікке көрсеткен қызметі мен адалдығы үшін, билер мен старшындар, жергілікті жерде басқару жүйесінде билікке қол жеткізді. Ауыл старшындарын үш жылға сайлап, оны уезд басшысы бекітеді. Ауыл старшиналарының еңбек ақысы оны сайлаған ауылдың тұрғындарына қосымша міндет ретінде жүктелді. Ауыл старшындарында болыс билеушілері секілді қола белгілері және олардан шығатын қағаздарды куәландыру мақсатында пайдаланылатын ерекше мөрлері болды. Ауыл старшындары полиция мен атқарушы билікті жергілікті жердегі өкіл ретінде таныстырды, және болыс билеушілеріне бағынышты болды. Нақтысында сол болыстық билеушіге жүктелген міндеттерді оларда атқарып отырды. Ауыл старшындарының орнын ауыстыру және оларды орнынан алып тастау құқығы уезд басшысына берілді. Ауыл старшындарының асыра сілтеушілігі қауымдық жерлерді заңсыз жалға беруде көрініс тапты. Мысалға, тек Бөрте болысында ғана 50 мың десятинаға дейін жер жалға берілді. Дала Ережелерінің 126-бабына сәйкес ауыл старшындары қауымдық 2-3 мың десятина жерді болысқа хабарлау арқылы ғана беруге құқығы бар болса даөз бетімен беріп жібергендігі мұрағат құжаттарында кездеседі [159, л.143].

1822 жылғы Жарғыға сәйкес, болыстық билеушілерді сайлау мен қызметке бекіту рәсімі 1861 жылға дейін өзгеріссіз болып, 1862 жылы ақпан айында Сібір қазақтарының облыстық басқаруында жаңа жарғының 929 және 930 баптарына сәйкес болыстық билеушілерді сайлау туралы ережесіне өзгеріс енгізу мәселесі қарастырылды. Үкіметтік сенаттың № 24 1861 жылғы 17 мамырдағы жарлығы бойынша жобада: «1) қырғыз (қазақ - т.б.) болыстарының басқарушыларына Сұлтан тұқымынан шыққан адамдар сайланады, сондай-ақ офицерлік шендері, әскери орденнің ерекше белгілері, медальдары, құрметті шекпендері (кафтандар), генерал-губернатордың берген грамоталары және ешқандай айырмашылығы жоқ, бірақ халықтың ерекше құрметіне ие болған ордадан шыққандардың барлығы сайлауда басым дауысалса, болыстыққа бекітіледі. 2) сайлаушылар құқығы Сібірдегі жат жерліктерді басқару жарғысының II том, 10 және 194 баптары бойынша барлық сұлтандарға, шығу тегі сұлтан еместерге де, шендері барлар, медальдар, құрметті шекпенділер (кафтандары), ауылдық старшындар, және округтік бұйрықтардың тізіміне

енгізілген құрметті билерге, әрбір ауылдың мал санын есепке ала отырып, салық төлемі көрсетілген 5 бай қазақтарына беріледі» [143, с.194.]. Аталған жоба1824 жылдан алғашқы қазақ болыстары ұйымдастырылғаннан бергі жасалған өзгеріс болып табылады. 1861 жылдары болыстық билеуші болып сайланып, тағайындала тындардың қатарына тек ғана сұлтандар емес, Ресей империясына қызмет еткісі келетіндігін дәлелдеп, марапаттаулар мен шені бар кез келген қара қазақ кірді. Сонымен қатар болыстық билеушіні сайлаушылар тізімінен кедей қазақтар алынып тасталды. Осы арқылы болыстық билеушіні сайлаушылар мен болыс болып сайлана алатын адамдардың нақты ортасы анықталды. Қарапайым халық болыстық билеушіні тікелей сайлау құқығынан айрылып қалды. 1866 жылдың мамырайында Мемлекеттік кеңестің болыстық билеушілерді үш жылға сайлау жөнінде пікірі бекітіліп, болыстық билеушілердің сайланған уақыты біткен мерзімде қайта сайланатын болды: «1.Болыс басқарушылары үш жылға сайланады және лауазымдарды әскери губернатордың бекітуіне жібереді. 2. Үш жылдық мерзім өткеннен кейін болыстық басқарушылар келесі үш жылға сайлануы мүмкін» [143, с. 200].

Болыстық билеушілерді сайлау бойынша ережеге өзгерістер Сырдария және Жетісу облыстарын басқару туралы Ережеге (1867ж.) және Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөнінде Уақытша Ережеге (1868ж.) сәйкес қабылданған еді. Болыстық билеуші лауазымы енді жерде облыстардың барлығында енгізілді. Болыстық билеуші « халықтың құрметі мен сеніміне ие болған, сот қарауына ісі түспеген, тергеуде жоқ, 25 жастан асқан кез келген адам таңдап алынуы мүмкін», – деп жазады [143, с. 327]. Сонда жоғарыда келтірілген талапқа сай кез келетін адам бағын сынап сайлана алатын еді. Ереже жобасының (1867 ж.) және Уақытша Ереженің (1868 ж.) негізгі ерекшелігі «сайлау өткізетін болыстық съездер мен ауылдық жиындардың уақытын және өткізілетін орнын уездік бастық белгілейді» [143, с. 290,327] деп нақты көрсетілді. Сайлау тәртібі өзгеріске ұшырады: болыстық билеушіні сайлау үшін 50 түтіннен бір өкіл сайланып, сол адам елуліктен бекітілген сенімді өкілі болған еді. Сайлау барысына міндетті түрде уезд басшысы немесе оның көмекшісі қатысып, сайлаудың өткізілу тәртібін бақылап отырып, сайлау үдерісіне тікелей араласпайтын болды. Сайлауға қатысқан елуліктерден ең көп дауыс жинағаны болыстық билеуші болып, одан кейін дауысты аз жинағаны болысқа үміткер болып сайланды. Болыс билеушісін және оған үміткер адамды бекітіп, егер де олар өз қызметін толыққанды орындамай жатқан болса уезд басшысының ұсынысына сәйкес болысты орнынан босататын облыс губернаторы болды. Болыстық билеушінің қызмет ету мерзімі 3 жылға созылды.

1886 жылғы . Түркістан өлкесін басқару туралы Ереже (болыстық съезді шақыру тәртібі мен болыстық билеушілерді сайлау рәсімі туралы)1891 жылы Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереже қабылданғаннан кейін де өзгермеді. 1891 жылы қабалданған Ереженің 70 тармағында «әскери губернатор сайлауды бекіту немесе бекітпеу құқығы берілген. Соңғы жағдайда губернатор не жаңа сайлау тағайындайды не

болыстық басқарушы және оған үміткер лауазымын өз қалауы бойынша ауыстырады», – делінді [159, л.140]. Аталған тармақ империялық әкімшілікке ұнамаған болыстық билеушілерді ауыстырып отыруға үлкен мүмкіндік берді. Болыстық билеушіні қызметке бекітпеуге негіз ретінде өз үміткерін болыстыққа ұсынған «қарсылас рулардың» өкілдері жазған арыздар бола алды, немесе уезд басшысы ұсынған үміткердің қызметіне сенімсіздік туған жағдайда болды.

1891 жылғы «Ереже» төменгі әкімшілік-территориалдық бірлікті ұйымдастыруынына да өзгерістер әкелді. 1868 жылғы Ереже мәселелерін талқылаудағы жергілікті билік пікірлері де есепке алынды. Біріншіден, 1868 ж. Ережеде көрсетілгеннен бір ерекшелігі, болыс көлемі мен ауыл қауымын жергілікті жағдайға байланысты анықтау. Бірақ, мүмкіндігінше болыста 2000, ауылда-200 түтіннен аспау керектігі айтылды. Екіншіден, ауыл бастапқы әкімшілік-территориалдық бірлік ретінде пайдаланатын ортақ жер иелігі бар түтін иелерінен тұрды [24, с.95].

1902 жылы болыстық билеушілерге басшы қылып шаруа басшысы лауазымын енгізгеннен тұстан бастап, болыстық билеушіні қызметке бекіту үшін шаруа басшысының пікірі маңызды болып саналды. Шаруа басшысының берген мінездемесі әскери губернатордың шешіміне тікелей әсер ететін болды.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы қазақ халқының атақты саяси – қоғамдық қайраткерлерінің бірі Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінің беттерінде өз мақалаларында болыстық билеушілердің, болыстық билердің, елуліктер мен ауыл старшындарының сайлану үдерісін сынға алып, шаруа басшылары мен болыстық билеушілер қол астындағы халықтан заңсыз ақша жинайтындығын жазады. Әлихан Бөкейханов болыстық аппараттың әділетсіз іс-әрекеттерін әшкерелеп қана қоймай, салықты жинаудың басқа балама түрін ұсыну арқылы кедей шаруаларға әділеттілік орнату, қазақ халқының арасында бірлік пен түсіністікті қалыптастыруға жол ашқысы келді. Оның айтуынша, қазақтар мен қоныс аударушы – шаруаларға болыстық билеушілерді сайлау мен басқаруды бірыңғай қылып жасауға болмайды: «Біздің қазаққа шығарған «Степное һәм Туркестанское положение» жобасы орыс мұжығына шығарған заңнан алынған: мұжық сайлауы заң бойынша дәл біздің қазақ сайлауындай тәртіппен жүреді. Заң бір болғанмен, сайлаудың өтуі бірдей емес. Мұжық сайлауы мен қазақ сайлауының арасы жер мен көктің арасындай», - деп жазды [160, 34-35 бб.].

Әлихан Бөкеханов «Киргизы» атты очеркінде, XX ғасырдың басында Қазақ даласындағы жергілікті басқару тәжірибесінің сипаты жөнінде: «Ауылдық қызметтің қиындығы сондай, біздің саяси жағдайымызда қырғыздар (қазақтар) "дозақ" өмірдеміз деп санады. Әрбір 50 түтіннен басым дауыспен біреуді сайлайды, сайланбалы болыстық съезд бір ауылға - бір халық билерін, болыстық басқарушы (болыстық старшын) және осы лауазымға үміткерді сайлады.

Халық билері мен басқарушыны губернатор бекітеді. Дегенмен, шаруа бастығының ұсынысы бойынша губернатор сайлауда дауысқа түскен кез – келген қырғызды (қазақты) басқарушы етіп бекіте алады және бұл заңды

айналып өту әкімшілікте де кеңінен қолданады. Барлық қырғыз (қазақ) қоғамдық басқармасының барлық лауазым иелері полиция жасақтары мен уезд бастығына бағынады, ал заңдық-әкімшілік жағынан – шаруа бастығына бағынады (уезге – соңғылары 2-ден 4-ке дейін келеді»[160, 103-105 бб.].

1908 жылы сәуір – маусым айларында Нұржанов, Қалиев пен Тәукебаев болыстық билеуші қызметіне және оған кандидаттыққа бекітілмеген қалған еді. Оразбаевтар ерекше мысал бола алады. «Қараоба болыстығы бойынша жергілікті болыстық әкімшілік лауазымына 1908 жылдан бастап үш жылға қазақ Сүлеймен Оразбаев және оған үміткер Қасқырбай Оразбаев сайланды. Шаруа бастығы сайлау нәтижелерін бекітуге ұсынған кезде Сүлеймен Оразбаев саяси тұрғыдан сенімді емес, дей келе Қасқырбай Оразбаевты басқарушы – үміткер ретінде бекітуді сұрады» [161, л.9]. Бірақ та, тексеру барысында Павлодар уезінің басшысы арқылы шаруа басшысының мәліметімен мына нәрсе анықталды: «…өте бай және қуатты адам ретінде Сүлеймен Оразбаев тек қана өз болыстығында ғана емес, оның маңайындағы Павлодар уезінің басқа да болыстықтарында үлкен беделге ие. Ол қай саяси партияға жататынын анықтау мүмкін болмады, бірақ қолға түсірген мәліметтер бойынша және оның өзімен жеке сөйлесу барысында 1907 жылы Омбы қаласында өткізілген болыстықтар өкілдерінің съезіндегі шаруа басшысы институтын жою және қазақтардың халықтық билігін орнатуды яғни сайлауға негізделген, орыс өкіметінің бақылауынсыз сайлауды енгізу жөніндегі Жобаға өзінің оң көз қарасын білдіргендігі үшін де халық ықыласына ие болған. Содан кейін Оразбаев 3-сыныпты қалалық училищенің инспектор оқытушысы Құмыновтың ауыл мектептерін аралап шығуға кететін жол ақысы мен үкімет тарапынан қырғыздарға (қазақтар) қысым көрсету шағымдарын қарады. Императордың атына өзінің наразылығын білдірді: біздің орыстардың қол астына өтуіміз жерімізды алмасын дедік, бірақ қазіргі билеуші біздің жерімізді тартып алды», – деп жазды [161, 9-9 об.л.]. Осыған байланысты губернатор қызметінің міндетін атқарушы шаруа басшысына болыстық билеуші және оған үміткер қызметіне болыстың ішінен, жүзі таныс өзге сенімді адамды қызметке ұсынуын талап етті. Шаруа басшысы өзіне жүктелген міндетті орындап, 21 наурызда № 89 – бұйрықпен Қара оба болысына билеуші қызметіне, бірнеше жылдық болыс болып қызмет еткен тәжірибесі бар, марапаттауларға ие Тереңтұл болысының қазағы Ілияс Жанқарин , болыстық билеушіге үміткер болып, Қараоба болысының қазағы Жолдасбек Жүсіпов бекітіледі. 1908 жылы әскери губернатор міндетін атқарушы Дала генерал-губернаторына баяндауында былай деп жеткізеді: «Дала жағдайының 70-бабы тәртібінде басқару лауазымына басқа болыстан адамды тағайындау бұрын да тәжірибе жүзінде болды және 70-баптың талабына қайшы келмейді, онда басқарушы және үміткер лауазымы сол болыстықтың тұлғасын тағайындау бойынша жүрді, ... сонымен қатар сенімді адамды тағайындау болыстық партияларға тәуелсіз, көптеген пайымдаулар бойынша неғұрлым қалаулы және мақсатты жауапты тұлға болып табылады» [161, л.10]. Сонымен қатар оның мәртебелі билеушісі Қара оба болыстығының басқарушысы лауазымына бекітуде кемшіліктерге

назар аудармаса және басқа Тереңкөл болысы Ілияс Жанқариннің де қателігін көрмесе, онда Дала ережесінің 64 бабы бойынша болыстықтағы әрбір түтін иесі немесе соған жататын ауыл қауымдастығынан сайланаалады [161, л.11]. Далалық генерал-губернаторының кеңсесінен 1908 жылы 24 – маусымда № 4232 хаттамамен былай деп жауап келеді: «Сонымен қатар, оның Мәртебелі билеушісі Тереңкөл болыстығынан Ілияс Жанқариннің Кара оба позициясын мақұлдауына назар аудармайды, өйткені нақты 64 бап талаптары бойынша дала позицияларының штаб-пәтері мен ауылдық старшындар лауазымына әрбір түтін иесі немесе ауыл қауымдастығының иесі сайлануы мүмкін. Бұл құжаттан көретініміз болыстық билеушіні сайлау үдерісін қиындатқанына қарамастан, болыстық билеуші болып Ресей әкімшілігінің алдында беделі бар және қазақ жерінде болып жатқан өзгерістерге өз ойы бар қазақтар сайланатын болды. 1905 жылы 17 қазандағы Манифестен кейін қазақтардың жерді пайдалану құқығына, жергілікті аймақтарда қазақ тілінде кеңейтіп, Мемлекеттік Дума депутаттары арқылы қалыптасқан жерді пайдалану мен салық жинау нормаларын қайта қарауға үміттері артты. 1905 – 1907 жж. төңкеріс оқиғалары, Дала өлкесіндегі сайлау мәселесіне қатысты қазақтардың арыз-шағымдарын генерал – губернатордан бастап жоғарғы басшылыққа дейін мұқият қарап, заңға сәйкес болуын қадағалады. Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінде жарияланған «Сайлау» деген мақаласында (№ 15,1913 г): «1905 - жылы 16 июньде бір заң шықты, орысшааты мынау: Мемлекеттік Кеңес пікірінің 1905 жылғы, 16 маусымда мәртебелі бекітілуі. Осы заңның алтыншы бөлегінде айтылғанды ішкі министр 70-бапты өзгертуге қатысты, орнына заң жобасын кіргізсін: Қайта сайлау үшін Ақмола, Семей, Жетісу, Орал һәм Торғай губернаторлары қазақ болысын шығарсын делінеді. 1905-ші жылы жұртшылыққа жақсылық жасайтын, қазаққа бұралқы болатын болыс болмасын, болыс сайлану арқылы тағайындалсын деген заң шыққан», – делінеді [160, 34 б.]. Осылайша 1891 жылғы Дала Ережесінің 70 бабында қазақ халқы үшін маңызды өзгерісенгізілді: әскери губернатор ендігі жерде болыстық билеушінің кандидатурасын бекіту немесе бекітпеуді өз еркімен шешу құқығынан айрылды; қызметке бекітуді ол енді тек қазақ халқының сайлау нәтижесіне байланысты жүзеге асыратын болды.

Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетіндегі «Сайлау» деген мақаласында былай деп жазды (№ 15, 1913 г): «Заң сайлауды халықтың даусына береді. Қазақ жұрты адам болатын болса заң арқылы өз тізгінін өзі алып жүретін жүзі бар» [160,33б.].

3.2 Болыстық билеушілердің қызметтік міндеттері

Жоғарыда айтып өткендей, болыстарды сайлауда шығу тегінің сұлтандық белгісі мен генеалогиялық жағынан үлкендігіне көп мән берілгендігін білеміз. Мысалы, Омбы облысының бастығы қызметін атқарған С. Броневскийге жазған Қарқара приказының 1826 ж. рапортында: «... Қаракесек болыстығынан Дүйсенбай мен Шеншек бұрынғы Бөкей мен Шыңғыс хандар билігінен келе жатқан, сұлтандар Солтан мен Абдулла сайланған сияқты, өз болыстығын

мұралықпен басқарып келе жатқандығын мәлімдейді», – деп жазады [162, с.130]. Дегенмен де сұлтандарға бұл әкімшілік бірліктерді басқаруға шектеу қойылмады деген сөз емес. Халыққа билік жүргізуде болыс билеушілері мен сұлтандардың ролі деайтарлықтай маңызды бола қойған жоқ. 1826 ж. облыстық басқарманың Қарқара приказы төңірегінде жазылған хатта: «Болыс сұлтандары Приказдың ұсынысымен бекітілсе де, өздерінің міндеттері мен құқығын нақты білмеді, олар тек болыс билеушісі деген атпен белгілі болды, бірақ шындығында олардың атағының мәні мен мағынасы қазақтардың оларды мойындауына қатысты болмады», – деп жазылды [162, с. 230]. Кей жерлерде болыстық қызметке сұлтандарды мойындамау «қарасүйектен» би мен старшындарды сайлау бағытына әкелді. Осы кезеңдерде-ақ, яғни 1828 жылы Орта жүздің соңғы ханы Уалидің әйелі Айғаным ханша орыс өкіметіне хат жіберіп, Атығай, Керей және Уақ болыстықтарының көпшілігін хан тегінен емес адамдардың басқарып отырғанын мәлімдейді. Оның сауалына берген жауапта: шындығында көптеген болыстарды сұлтандар басқармайды, оларды билер мен старшындар басқаратындығын, олардың беделі халық арасында сұлтандардан кем емес екендігін және өздерінің өкіметіне адал қызмет етіп отырғанын мәлімдеген хат алады. Мәселен, 1826 жылы Қарқара округының Алтай және Ағыз-Алтай болыстығына старшын, би Жарылғап Сексенбаев, 1828 жылы Құдайберді Атығаев болыстығына 12 кластық дәрежесі бар Төрежан Итемгенов старшын болып сайланады [25,с.131]. Көріп отырғанымыздай, орыс отаршылары өзінің билігін қазақ арасында еркін жүзеге асыруда қалыптастырған лауазымдарға енді дәстүрлі жүйе бойынша сұлтандар ғана емес, халық арасында беделге ие, сөзін өткізеалатын би, старшындар, тіпті қара халық арасынан да сайлана бастаған. Қарадан шыққан кейбір билеушілердің халық арасында беделінің мықтылығы соншама, тіпті олар біреулердің жетегінде жүруге қарсы болды. Мысалы, төртуыл болыстығының билеушісі белгілі би Шон Едиге Қарқара округінде Бөкей сұлтан билігінде болудан бас тартқан. Мысалы, Батыс Сібір генерал-губернаторлығына Омбы облыстық басқарманың жазған хатында: «Белгілі би Шон Едиге төртуыл болысын сұлтандарға қарағанда үлкен билікпен және сеніммен басқарды, өзіне сондай жағдай жасап алғаны сонша, енді ол ешқашан сұлтанға бағынышты болмайды, себебі, оған тиесілі болыстықтың құқығына нұқсан келтіруі мүмкін», – деп жазды [25,с.132]. Осыған байланысты 1826 жылы Төртуыл болысы үшін жеке Баянауыл сыртқы округі ашылып, оны басқаруға аға сұлтан болған Шон Едиге тағайындалған болатын. Бұл жағдайдан көріп отырғанымыздай округтік жүйе пайда болған кезден бастап қазақ жеріндегі жоғары әкімшілік лауазымдағы қызметте сұлтандардың құқығы бірнеше рет бұзылып отырды.

Сайлауға түсіп, аға сұлтан және болыс сұлтандары қызметтік лауазымын ие болған адам өзінің көшпелі қауымының экономикалық мүддесін білдіруші болды. Олар ел арасындағы жайылым жерлерді тартып алу, барымта, ру арасындағы дау-жанжал, т.б. мәселелермен айналысты. Мысалы, жоғарыда айтылған Шон Едиге 1835 ж. Баянауыл округтік приказына жазған хатында: «керей болысының старшыны Тұрдыбек Көшенов өзінің қол астындағы

қазақтармен бірге бізге тиесілі жайлауларға жібермей бізді қысуда, біздің жылқыларымызбен ірі қара малымызды жыл сайын барымташылықпен айдап кетуде», – деп хабарлайды [25,с.107]. Болыстардың өзінің иелігіндегі қазақтардың мүддесін қорғап жазған осындай арыз, шағымдарын көптеп келтіруге болады. Сол сияқты, Қарқара округіне қарасты Дадан-тобықты және Қояншы-тағай екі болыстық арасындағы дау-жанжалда тобықтылардың билеушісі Сарықұл Садырқожин окружной приказға қояншы тағайлардан қорғану және тәртіп орнату үшін казактарды жіберу жөнінде өтініш білдірген [162,с.110]. Келтірілген деректерден байқағанымыз, қазақ арасындағы дау-жанжалдарды басуда орыстың казак әскерлері қатысқан.

Ауылдар арасында жайылымдарға байланысты жиі болатын даулы мәселелерге де болыстар араласты. Мәселен, Бөрлі болысының №3 ауылы шығыстағы Теректі болысының №1 ауылының көші-қонын шектеді, олардың арасындағы жайылым шекарасы өзара наразылықтың нысаны болды. Нәтижесінде Бөрлі болысының қазақтары 825 сом мөлшерінде айыппұл талап етсе, ал Теректі болысындағы (жағалбайлы руы) № 1 ауылы 1307 сом мөлшерінде айыппұл талап етті. Олардың арасындағы үнемі болып тұратын барымтаны талқылау үшін Актөбе уезі басшысының кіші көмекшісі Дербісәлі Беркімбаев жіберілді. Бұл мәселені талқылау мәселесінде Бөрлі болыстығының болысы Нысан Чунатов, билер Досан Кышкынбаев және Калыбай Трушев, Бөрте болысының №6 қазақ ауылынан қатысқан Мендықожа Ешмухаметов аралық бітімші болды. 1889 жылы өзара жер туралы шағымдарды талқылау нәтижесінде, 3 жерде шекара жүргізілді: 1) Ақтоқалдың бас жағына дейін; 2) Қызыл-Адыр мен Алімбай жыралары арасында; 3) өзеннің солтүстігі Қамба өзенінен солтүстікке – Орал маңында [104,с.31]. Десе де, болыс билеушілер өздері сайлаған көшпелі халық тобының мүдделерін де қорғап жүрді. Мысалы, Келтесор шатқалында орналасқан көшпелі екі болыстық топ арасында туындаған жанжал туралы, баба-бағыс болыстығының билеушісі Егемберді Елемесов былай дейді: «Құсмұрын округының қазақтары көшіп қонатын Келтесор шатқалын, менің болыстығымдағы қазақтардың иелігіне беру керек, себебі, менің иелігімдегі қазақтардың бір бөлегінің көшіп қонуына орын жоқ», – деп көрсетеді [162,с.133]. Мұнда болыс билеушісінің өз ру болыстығы мүддесін қорғап, халық арасындағы наразылықты жеткізуде.

Болыстықтың өз ішінде болыстар әкімшілік және басқада қызметті жүргізе отырып, билік құралы көмегімен өздерінің ру тобына көші-қон бағытын анықтауда, қыстау және салық мәселесінде артықшылықтар беріп отырды. Мәселен, Ақмола округінің Есенбақты-керей болыстығының құрметті қазақтары Батыс Сібір генерал-губернаторына шағым түсіреді, онда: «... жыл сайын өзіміздің болыс билеушіміз би Д. Күлмешовтен қысым көріп отырмыз, біздің ру басыларымызды сыйламайды, старшындарға да құлақ аспайды, қыстауларымыздан ығыстырып, бір жерді басқаға сатады, істерді өз еркімен қалай болса солай шешеді, ... жыл сайын әрбір киіз үйден 2 сомнан жинайды, бірақ не үшін жинап жатқанын айтпайды, оны тек бізден жинайды, өзінің руынан жинамайды ..., сондықтан оны орнынан алып, қоғам болып өзіміздің ортамыздан

басқаны сайлауға рұқсат беруіңізді сұраймыз», – деп жазылған [163,с.135]. Осындай шағым-арыз тілектерді көптеп келтіруге болады.

Болыстардың арасында дау-жанжал ұзақ мерзімге созылып кеткен жағдайда, болыс билеушілерінің өзі заң бұзушылыққа жол беріп, жауласқан көшпелі топқа шабуыл жасау не малын айдап әкетудің бастамашысы болып отырды. Мысалы, XIX ғ. 40 жылдары ресей әкімшілігі аға сұлтан Қ.Құдаймендінің арызын қарастырды, онда бағаналылардың болыс билеушісі, би Қазыбайдың шабуыл жасағандығы жөнінде айтады [25,с.112]. Сол сияқты, әскери шекара отрядының бастығы, подполковник Шубин өзінің облыс бастығына жіберген баянатында: «Шанхай Ешимов сұлтан (Қоян-тағай болысының билеушісі) өзінің қол астындағыларды күн сайын Қоңыр-құлжа сұлтанына және оған қарайтын қазақтардың малын айдап әкелуге жұмсайды», – деп жазады [25,с.113].

Болыс билеушілер өздерінің қызметтік лауазымын асыра пайдаланып, әділетсіздік іс-әрекеттерге барған басшысыларға белгілі бір жазалау шарасын қолдануды талап еткен арыз шағымдар аз бола қойған жоқ. Мәселен, 1866-1867 жж. Верный уезінің басқармасында болыс билеушісі болған Солтанбек Жанкерейдің жалайыр болыстығының қазақтарынан салықты заңсыз жинағандығы жөніндегі болыс ақсақалының шағымы негізінде қозғалған іс. Арыз хатта: «Біз, мырза-қара шапан және Ораз руы Солтанбек болыс билеушісімен бірге болғымыз келмейді, болыс екіге бөлініп отыр, мемлекеттік салықтан басқа, басқа да салықтарды мойынға ілуде, неге біз 600 түтіні, ақсақал, биіміз бараман руы оған бағынамыз, бізді бұрын 23 жыл бойы болыс билеушісі болып қызмет атқарған Жайнаққа қайтаруыңызды сұраймыз», – деп жазады [25,с.193]. Осы сияқты басқа шағымда 1881 жылы Петропавловск уезі, Полуден болыстығында да 51 түтін иесінен салықтың дұрыс жиналмағандығын жазады. Мұндай арыз шағымдар әкімшілік-саяси жүйеге тән нәрсе болды, олардың көпшілігін тіпті қаралмады.

1868 жылғы 21 қазандағы «Уақытша жағдай...». қазақ даласын басқарудың әкімшілік жүйесін ғана емес, сонымен қатар, жаңа әкімшілік бірліктердің қызметкерлері болып саналатын уезд бастықтарының, болыстардың қызметтерінің міндеттерін кеңейтті. Уақытша Ережеге §65 сәйкес, болыс билеушісі лауазымына бұрын соңды сотты болмаған, тергеуге алынбаған, халықтың құрметіне және сеніміне ие қазақ (кемінде 25 жаста) сайлана алады. Болыс билеушілері, болыстағы 50 түтіннен бір адам қатысқан болыстардың съезінде (сайлаушылардың жиынында) сайланып отырды. Сайлаудан өткеннен кейін, болыстық билеушілерді үш жыл мерзімге әскери губернатор тағайындап отырды [164, 53б.] Болыстықтың географиялық конфигурациясына және шекаралас аймақтан шалғайлығына қарай, болыстардың жалақысы 350 мен 500 сомаралығында болды. Сондай-ақ, болыстықтың әкімшілік шығындарын сол болыстың тұрғындары қосымша міндетті салық ретінде төлеуі міндетті болатын. Болыс билеушілеріне арнайы қызметтік міндеттерін орындау кезінде міндетті атрибуты болатын арнайы қола белгісі тағайындалды. Сонымен қатар, кеңсе жұмысын ұйымдастыру мақсатында оларға кеңсе жұмыстарын үйлестіру үшін

қажетті дәстүрлі қолтаңба немесе таңбаның орнына, арнайы мөр берілді. Мөр мен белгілердің нысанын ішкі істер министрі бекітіп, оларды дайындау мемлекеттік қазына есебінен жүзеге асырылып отырды. Қызметтен босаған кезде, лауазым иелері өздерінде бар белгілер мен мөрлерді уезд бастығына алдағы уақытта жаңадан тағайындалған лауазым иелеріне беру мақсатымен қайтару тиіс [57, с.460.]. Болыс билеушілері өздерінің қоластына полиция мен ұйымдастырушылық билікті шоғырландырып, болыста тыныштық пен тәртіпті сақтауды, әсіресе, барымта жасауды болдырмау үшін Ресейдің заңдарын жүзеге асыруды қадағалап, салықтар мен алымдарды уақтылы төлеуді бақылап отырды [141, л.211].

1868 жылғы жаңа Ереже бойынша жергілікті халықтан сайланатын болыс билеушілерінің қолына полицейлік және әкімшілік билік шоғырланды. Олар болыстықтағы тыныштық пен тәртіпті әсіресе барымтаны болдырмауға жауапты болды. Сондай ақ, оларға би шешімдерін орындау жүктелді. Сонымен, Түркістан генерал-губернаторлығының әкімшілік жоғарғы сатысынаорыс шенеуніктері тағайындалды, ал, төменгі сатысына қазақ халқы өкілдері сайланды. Жалпы алып қарағанда, бұл жүйе отаршылардың әкімшілік жүйесіне жақын болған еді.

Болыстың ордасы уезд орталығына жақын жерде орналасатын. Мәселен, Бестамақ болыстығының болысы Ахмет-Керей Қосуақавтың ордасы Байбақты өзенінің бойындаорналасқан № 4 ауылда, Ақтөбеден 35 шақырым жерде қоныстанған. Қаратоғай болыстығының болысы Кенжеғұл Қошқымбаевтың ордасы Танаберген өзенінің бойында № 4 ауылындаорналасқан. Уезі қаладан 35 шақырым жерде болса, Қаратоғай теміржол станциясынан 40 шақырым қашықтықта еді [165, л. 6]. Болыс билеушісі кезінде ерікті жалдамалы хатшының лауазымы құрылды, олардың еңбекақысы қоғамдық салық есебінен қамтамасыз етілді [165, 5 об.л.]. Осылай Ермұхамед Нұрмұхамедов әртүрлі жылдарда, Қаратоғай, содан кейін Бестамақ болыстарының хатшысы болды. Кейінірек, Николай Денисов Каратоғай болысының хатшысы болды. Ол өзінің қызметі үшін, кеудеге тағылатын Станислав лентасындағы күміс төс белгімен марапатталған [113].

Болыс билеушілері өздерінің қызметін асыра пайдаланып, қызметтік міндеттерін тапсырылған деңгейде орындамаған болса, уезд басшысының ұсынысы арқылы губернатордың бұйрығымен қызметінен шеттетілетін. Төтенше жағдай орын алған кездеуезд басшысы өз еркімен әскери губернаторға болыс билеушісінің қызметті орындаудан бас тартқанын хабарлап,сол үшін оны уақытша қызметінен аластата алатын құқыққа ие болды. Бұған қатысты мына бір мұрағат құжатын келтірсек: «Түзтөбе болысындағы №1 және №2 ауыл тұрғындары (К.Қойгельдин, Н.Жекимбетов, К.Куттыбаев, М.Балғабаев, М.Бектұрлин) Тұзтөбе болысының билеушісі А.Түлкібаевтың оларға әртүрлі қысым көрсетіп, ақшаалып, яғни жемқорлығы туралы мәлімдеген. Істің мән-жайларын түсіндіру анықтау мақсатында, майор Хонтинскийге аға атқамінерді айрықша тапсырмамен жіберіп, ол болыс билеушісін «далада еркіндік және тыныштық орнату үшін» қызметтен уақытша аластауды уезд басшысына ұсынады [166 , л.3]. Уезд бастығында көмекші, еркін жалданушы полицей

қызметкерлері болды. Өз кезегінде, болыстар әкімшілік ауылдар аумағы үлкен болғандықтан ауыл старшындарының жалға жер беру бойынша қызметтерін бақылауға мүмкіндіктері болмады. Бұдан басқа, «Уақытша Ереженің» 61§ сәйкесауылдық старшын оларға тапсырылған аумақта көшу барысын реттеуге мәжбүр болды [167, л.21].

Ауыл старшындары, көшпелілер бірлестігінің әлеуметтік-экономикалық тобының бірі болды, олар тәртіпке келтіру және билік ету құқығына ие болаотырып, топтарарасындағы өзара қарым-қатынасты реттеуге көбірек көңіл бөлді. Ауыл старшындарының көпшілігі 10 жылдан 30 жылға дейін жұмыс істеді. Әдетте олар ықпалды адамдар, көбінесеру билері болды. Осылайша, 1869 жылы Табын руының белгілі билері Жасанбай Димулдин, Тұрым Саржимбетов, сонымен қатар Тұзтөбе болысына қарасты №3, жіне №6 ауылдарынан сайланған старшындары болды. Бұл қызметті Бестамақ болысының № 3 ауылының старшыны Шакен Мустафин 30 жылдан астам уақыт бойы атқарды, ал Сарбаз Талтанов 33 жыл қатарынан Бестамақ болысының №1 аулының старшыны болды [154, л.7]. Болыстардың басқа болыстармен арада тундаған дау-жанжалында болыс билеушілері тұтас сол өз болыстығының мүддесін көздеп отырды. Мәселен, Перовск уезіндегі Аққыр болыстығымен Қазалы уезінің Көшербай болыстығының арасындағы жан-жалда Аққыр болыстығының билеушісі шағым түсіріп, қарсылас жағы олардың адамдарын егістік жерінен ығыстырып, өздері егін салып алғанын айта келіп, екі уезд болыстықтары арасындағы шекараны нақты анықтауды, себебі, мұндай жанжалдар бір ғана емес екенін айтады [168, с.197]. Бұл жерде айта кету керек, болыс билеушілерінің ұстанымы көбіне сыртқы не ішкі жанжалдармен байланысты болды.

Дегенмен де, «Уақытша ереже» жергілікті басқару органының қызметі мен біліктілік реттілігін нақты көрсетеалмады. Ереже жалпылама еді: « олар болыста тыныштық пен тәртіпті бақылап отырады, әсіресе барымтаны болдырмау, заңның орындалуын, салық пен өтемді төлеу, т.б.», – делінген [24, с.83.]. Байқасақ, орыс билігі оларды ұстауға қазынадан ешқандай материалдық шығын жібермей ақ, болыс билеушісі мен ауыл старшындары сипатында, жоғары биліктің талабын жергілікті жағдайда жүзеге асыратын төменгі жергілікті әкімшілікті құрды.

XIX ғ. 80 жылдары қазақ даласының әкімшілік-территориалдық құрылымында ұйымдастырылған өзгерістер болды. 1881 ж. 11 шілде де Орынбор генерал-губернаторлығы қысқарды. Сол сияқты Ақмола, Семей және Жетісу облыстарында да жағдай басқаша өрбіді. Аталған облыстардың жер көлемі миллион кв. км. асып кетті. Территориясының үлкендігі жағынан бұл жерлер Европалық Ресейдің бестен бір бөлігімен теңесіп, Германия мен Австрия-Венгрияның жалпы территориясынан асып кетті. Осы кезеңдерде орыс пен қытай арасында да шекараға байланысты келісім шарт болғандығы белгілі. Сондықтан орыс әкімшілігі жаңадан жүргізілген батыс қытай провинциясымен болған шекараға көп көңіл бөлді. Саяси оқиға болған жағдайда жаңадан құрылған аймақтарда әскери күштерді шоғырландыру, орыстарды орналастыру, бақылау пункттерін құру, т.с.с. Бір жағынан қазақ жайылымдарына орыс қоныс

аударушыларының көшіп қонуына жол ашу болды. Бұлардың барлығын жүзеге асыруда шалғайда жатқан Европалық Ресейге қиындық туғызды. Әрине, Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы бұл міндеттерді орындай алмады. Сондықтан 1882 жылы Жоғарыда айтылған үш облыс кірген Дала генерал-губернаторлығы құрылды. XIX ғ. 80 жылдарының ортасында Ресей әкімшілігінің әскери-саяси, әлеуметтік міндеттері күрделене берді.

1868 ж. енгізілген аудандарды басқарудың заңнамалық ережелері қайта қарауды қажет етті. Уезд бастығының құқығы 1868 ж. «Уақытша Ережемен» салыстырғанда нақтыланып кеңейтілді. Онда уезд аумағындағы болыстың, ауылдың және селоның сьезд кезінде қабылдаған барлық шешімдерін қарай алатын. Олардың шешімдерімен келіспеген жағдай болса, уезд бастығы облыстық басқармаға қайта жіберіп, облыстық басқарма өз кезегінде уезд бастығының шешімін дұрыс деп тапса, ондасьезд шешімін бұза алады. 1891 жылғы «Ереже» жергілікті органдардың 1868 ж. реформа құрған «қоғамдық өзін өзі басқару» құқығын ашықтан ашық шектеді. Сондай ақ, уезд бастығы тегі орыс еместі 7 күнге дейін қамауға және 15 сом айыппұл салуға құқылы болды. Оған төмендегі себептер байланысты: заңға, билік шешімдеріне құлақ аспаған жағдайда, билік өкілдеріне дөрекілік көрсеткен болса, қоғамдық орындарда төбелес шығарса, т.с.с. [24, с.94.].

1891 жылғы «Ережеде» шенеуніктердің қызметіне ерекше көңіл бөлінді. Отаршы шенеуніктер төменгі шенеуніктердің заңға қайшы әрекеттерін білген болса, оларды лауазымынан шеттетуге немесе сайлауды бекітпеуге, немесе жаңа сайлау өткізуге құқылы болды [25, с.169].

3.3. Болыстардың қоғамдық қызметі

Қазақ даласындағы болыстық билік халық арасындағы әлеуметтік-мәдени мәселелермен де айналысып отырды. XIX ғасырдың 20-шы жылдарының аяғынан бастап ақ қазақтың көзі ашық, білімді азаматтары, патша өкіметінің құрған әкімшілік-территориалдық аумақтарындағы әртүрлі қоғамдық жұмыстарға тартыла бастады. Мәселен, Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының сыртқы округтарындағы хатшылық қызметке қазақтар тартыла бастады. Оған дәлел ҚР Орталық Мемлекеттік Архив құжаттарындағы келтірілген мәліметтер. Мысалы, Көкшетау бұйрығында – Әлен Жантілеуов (1828-1842 жж.), Қасағұл Шопанов (1828 жылдары), Сухан Тоқтамышев (1842 жылдары), Абдулхаир Дербісалин (1842 ж.), Баян-Ауыл бұйрығында – Жан Мұхамет Ермеков (1835 ж.), Ахунжан Итемгенев (1847 ж.), Ақмола бұйрығында –Үштілеу Шоқаев (1856 ж.), Мұхамедияр Ибрагимов (1858-1864 жж.) хатшылық қызмет атқарғандығы жөнінде мәліметтер бар. Олардың барлығы Омбыда білім алды деп нақты айтуға болмайды, кейбіреулері басында қазақ сұлтандарының, одан соң старшын мен болыстық билеушілер өтініші бойынша ұйымдастырылған мектептерде оқуы мүмкін. Көзі ашық азаматтар хатшылық қызметтен басқа, тілмаштық, болыс, старшын, т.б. қызметтерді атқарды.

1822 жылғы Сібір қазақтарының Жарғысы, VI «Ерекше қағидалар» тарауының үшінші бөлімінде «қоғамдық білім бөлімі бойынша» кейбір ережелер

анықталды. Христиан дініне өткен қазақтардың саны көбейгендіктен, оларға аймақтық билік органдары онда шіркеулер салу және «жанында мектептер құруға міндетті болатын» дін қызметшісіне қаулы шығару үшін көмек қаражат сұрайды. Сондай ақ, §249-де көрсетілген ережеде: «Мектеп мекемелеріне діни қызметкерлер тағайындаудан басқа, қырғыздарға (қазақтарға) тиым салмай, керісінше, барлық жолмен көмектесу керек», -делінген [129, с.105.].Соған байланысты, 1825 жылдың 11 маусымында Омбы қазыналық экспедициясының шаруашылық бөліміне келесідей № 120 мәліметтер жеткізілді: «...азиаттықтардың өтініші бойынша мешіттер мен мектептер Мұхаммед пайғамбардың шариғаты бойынша олардың сыйынуы, сонымен қатар кішкентай балаларды сауаттылыққа үйрету үшін салынып жатыр, қазірдің өзінде қазынаның есебінен ең жоғарыдан келген бұйрықпен салынған және Ертіс шебі бойынша Сырымбет тауындағы Пресновская бекінісінен 250 шақырым жерде орналасқан қырғыз (қазақ) даласындағы Подпускной және ханша Айғаным Уалиеваның алдыңғы шебі маңында сұлтан Шаншар Сұлтанмаметовтың шын бағынған адамдары да бар»[169, л.2].

XIX ғасырдың 30-жылдарының ортасында сыртқы округ ауылдарында мектептер салу, іске қосуды ұйымдастыру байқалды. Мәселен, Аман-Қарағай округінің төрағасы Тәбей Барлыбаев өз қаражатымен мектеп ұйымдастырды. 1841 жылдың наурызында Күшебе-Керей болысының мал санын есептеу барысында ресейлік сарапшы, сарай кеңесшісі Патриченко: «...төраға Тәбей Барлыбаевтың жеті жылдан бері тұрған мектебі бар... бұл мектепте қазіргі уақытта татар және араб сауаттылығына оқитын 16-жасқа дейінгі қырғыз (қазақ) балалары бар... олар өзінің орыс үкіметіне деген құлшынысынан, тіпті орыс ұстазын да ұстауды қалайды...» , – деп жазады [169, 1-1об.л.]. Осыған байланысты Сібір қазақтары шекаралық бастық Н. Вишневскийден 1841 жылдың 7 қарашасы № 81 ретпен жауап келеді, онда: «Сізге орыс мұғалімді анықтауға келсек, біраз уақытқа дейін бұл жағдайды ыңғайсыз деп санаймын. Егер Сіздің қыстақта орналасқан мектепті Аман-Қарағай бұйрығы бойынша белгілей алсаңыз ... сол кезде мен сіздерге бұл жағдайда көмектесуге дайынмын», – деп көрсетеді [169, 4 об.л.]. Далалық аймақтарда мұндай мектептерді ашу қазақ балаларына Омбы қаласының оқу орындарына түсуге дайындалуға мүмкіндік беретін, онда жалпы негізде емтихан тапсыруға тура келді.

1857 жылы Сібір қазақтарының Облыстық басқармасында құрметті қазақтардың балаларынан 20 тәрбиеленуші үшін мектеп ашылды. Бұл туралы 1857 жылдың 3 шілдесіндегі «Қазақ балалары үшін мектеп ережесінде» хабарланады. Осы Ережеде: «Мектептің басты мақсаты – облыстағы Сібір қырғыздарының лауазымдарына, болыстық билеушілердегі сұлтан хатшылары мен басқа да тек қырғыздар тағайындалатын лауазымдарға қабілеті бар адамдарды дайындау» деп айтылды [163, с.427]. Облыстық басқарма құрамының ішінен шыққан қазақтар кеңесші мектептің бақылаушысы болып жұмыс істеді. Бірақ, бұл кезеңдерде 1856 жылы сұлтан Шыңғыс Уалиханов Көкшетау сыртқы округінде аға сұлтандыққа, ал би Исіней Естемісов 1859 жылдың мамырайынан

бастап кеңесші қызметке кірісетіндігіне байланысты бұл қызметке ешкім тағайындалмады. Мектепке қабылданатын қызмет түрлері мынадан тұрды: 1) бақылаушы, 2) орыс тілі, көркем жазу және арифметика мұғалімі, 3) татар тілінің мұғалімі және 4) Мұхаммед пайғамбардың шариғатын үйретететін мұғалім». Мектепке тек қазақ тәрбиеленушілері қабылданады. «Балаларды анықтау, қабылдау құқығы мыналарға беріледі: а) барлық сұлтандарға; б) ең жоғары дәрежелі атақтар мен медальдарға ие сұлтан емес құрметті қырғыздарға (қазақтарға), төраға және болыстық билеуші қызметтеріне сайлау арқылы ие Сібір қырғыздарына (қазақтарына), сондықтан бұл лауазымдарда болғандар, тіпті егер олар сұлтаннан шықпаған және атақ немесе медальдары болмаған болса да, оларда тең құқылы болды. Қалай болғанда да, үкіметке үлкен қызметтер көрсететін және оларға айрықша берілгендігімен танымал адамдарға артықшылық беріледі» [163, с.427]. Аталған Ережеге сәйкес сұлтан хатшылары лауазымына бос орын болмаған кезде тәрбиеленушілер болысқа «аймақтық басқармаға ерікті түрде жалданатын хатшы немесе болыстық билеушілікке» тапсыру құқығымен бара алатын еді. Оларды қызметке тағайындаған жағдайда, бұл туралы Сібір қазақтары Облысының әскери губернаторы Батыс Сібір генерал-губернаторынаесеп беру кезінде хабарлауы керек. Айта кететіні, мектеп түлектерінің сыртқы аймақтық басқарма немесе болыстарда болыстық билеушілер немесе сыртқы округ сұлтандарымен бекітілген 6 немесе одан азырақ жыл ішінде «мінсіз тәртіпті» болған болса, оларға болыстық билеуші немесе сыртқы аймақтық басқарманың қазақ төрағасы лауазымдарына сайлануға мүмкіндікпайда болатын: «...егер олар кәмелеттік жасқа толса, яғни 21 жаста болса, қоғам болыстық билеуші және аймақтық басқармаға қырғызды (төрағалыққа) төрағалыққа таңдай алады» [163, с.427]. Сол секілді, 1858 жылы 8 қаңтар күнгі № 6 есебінде Інем-Тұңғатар болысының билеушісі хорунжий Жәнібек Байбеков Ақмола басқармасына осы жылдың көктемайы келісімен оған тиесілі Қотыр-Оба мекеніндегі қыстағында тақта тастардан мешіт, мектеп және үй салуға ниетті екенін, сол үшін жоғарыда аталған құрылыспен айналысуға рұқсат сұрайды [170, л.1]. Ақмола округінің Інем-Тұңғатар болысының құрметті қазақтарынан, старшын және билерден Қотыр-Оба мекеніндегі қыстақ шын мәнінде оған тиесілі екендігіне куәлік талап етілді. 1858 жылдың 31 наурызында біздің билеуші хорунжий Жәнібек Байбеков мешіт, мектеп және үй салуды көздеп отырған Қотыр-Оба мекені шын мәнінде оған тиесілі және сөзсіз Байбековтың қыстағы бар дей келе, оның әділеттілігіне мөр мен таңбаларды қоса тіркейміз», – деп жазады [157, 4- 4об.л.]. Болыстық билеуші Жәнібек Байбеков 1858 жылдың 15 қазанында мектеп пен мешіт ашу туралы өтініші ақпаратына қоса сұранысты қанағаттандыру үшін төмендегілерді жазады: «...менің оларды қажет деп санайтын ниет пен сенімділік ықыласыммен мешіт және мектеп салғым келеді, тіпті мен мешіт пен мектеп салуға рұқсат сұрап отырған менің тұрақты қыстағым бар Қотыр-Оба мекені барлық жанынан Қуандық аймағының әртүрлі қырғыз (қазақ) қыстақтарымен қоршалған және діншілдер мен оқушылар тапшылығы болуы мүмкін емес; мешітті салудың тағы да бір себебі менің және басқа да көптеген қыстақтар маңында бір де бір мешіт жоқ жәнеолардың ең

жақыны 350 шақырым жердегі Ақмолада орналасқан. Мешіт өлшемдері бойынша ұзындығы 17, ені 8 аршын, ал биіктігі әдеттегі мешіттердікіндей, ал мектеп ұзындығы 9, ені 7 аршын» [157, 20 об.-21л.]. Бұл болыста мектеп пен мешіттің салынуының шарттары мен мүмкіндіктері туралы толық ақпарат жиналғандығына қарамастан, сол кезде бұл сұрақ өзінің рұқсатын алған жоқ. Мектеп және мешіт ғимараттарын салу туралы өтініш Жәнібек Байбековтың ұлы – сол кезде 1868 жылғы реформадан кейін уақытша Ақмола облысының Сарысу уездінің құрамындағы Інем-Тұңғатар болысының билеушісі лауазымындағы Мұстафа Жәнібеков кезінде 1869 жылы 6 сәуірде қайта жаңғырды: «...менің әкеме осы уақытқа дейін ештеңе белгісіз, ал соның арасында, құрылысқа қажетті материалдар дайындалып қойған және тек рұқсат алынбағандығы үшін әкем екеуміз құлшыныспен тұрғызғымыз келетін мешіт, мектеп және үй құрылыстары салынбай тұр», – деп жазады Тек қана 1869 жылдың 6 қарашасында Батыс Сібір генерал-губернаторы Дюгамельден мешіт және мектеп үйін салуғарұқсат алынды [158,71 об.л.].

XIX ғасырдың ортасы – 60-шы жылдарының басында Сібір ведомствосы қазақтарының ішінен шыққан лауазымды тұлғалардың тек мектеп салып, мешіт ашу ғана емес, сонымен қатар тұрақты тұрғын үй, тіпті қоныстар салуға талпыныстары байқалды. Мысалы, Ақмола округінің аға сұлтаны Ибрагим Жайықпаев балалары, қызметшілерімен бірге 15 үйден тұратын қыстақ және мектеп пен мешітке рұқсат беруін сұрады» [162, с.499]. Осыған байланысты Есіл өзенінің бойында орналасқан Ақпан деп аталатын Жайықпаевқа тиесілі жерлерде қыстақ, мешіт және мектеп тұрғызу үшін көршілес үш болыс тұрғындарынан келісім алынып, бұйрық шығарылды [162, с.499]. Оның балалары Ақмола уезі құрамында болыстық билеуші қызметін атқарған еді.

Ақмола округіндегі облыстық басқарма кеңесшісі жүзбасы 1865 жылы Ноғарбек Көшенов, Түлек-Киреев болысының 2-ші биі Мұса Құдасов және Сағынай Исовтың берген мектеп пен мешіттің жалпы саны туралы тізімінде 4 мектеп бар екені айтылған, олардың ішінде біреуі – Ақмоладағы собор мешітінде орналасқан [162, с.499].

Баян-Ауыл сыртқы округінде аға сұлтан Мұса Шорманов қазақтар үшін білім беруді дамыту және мектептер ашуға аса көңіл бөлген. Өзінің қызметін ол Аққелін болысының билеушісі (1835 -1841 жж.) ретінде бастаған. Билігінің өкілеттігін пайдаланып, Мұса Шорманов болыстық билеушілер және бай қазақтарды халық арасынан бір немесе екі баланы орыс мектептеріне сауаттылықты оқып үйренуге жіберуді жасырын міндеттеген және оларды өз қаражаттарынан қамтамасыз етулері керек болған, ал ол балалар оқу аяқталған соң өз ауылдарына келіп, жерлестерін әртүрлі ғылым мен сауаттылыққа үйреткен. Ол қоғамның бай қабатының өкілдерін Омбы қаласындағы қайырымдылық мекемелері – қазақ қыздарына арналған балалар үйі және интернаттар үшін қаражат жинауға жұмылдырған. 1865 жылы Омбы қаласында оның белсенді қатысуымен болыстық кеңсе хатшыларын дайындайтын қазақ мектебі ашылды [161,с.20]. 1904 жылы Аққелін болысында Мұса Шормановтың

баласы Садуақас Мусин Шорманов құрметті қорғаушысы болған ауыл мектебі ашылды.

Болыстық орыс-қазақ мектептерін ашу туралы сұрақ XIX ғасырдың 70-ші жылдары Торғай облыстық басқармасында да қаралды. Болыстық мектептер қазақ көшпелі салтына сәйкес болуы керек болған (қыста 15 қыркүйектен 1 мамырға дейін қыстақта, жазда – жайлауда). Мектіптің орналасқан территориясы өте маңызды еді. Себебі, мектепте бір ғана болыстың емес, жақын орналасқан бірнеше болыстың балалары білім алатын болған. Мектептер жергілікті қоғамдық қаражатпен қамтамасыз етілуі тиіс болып, мектепке жақын орналасқан болыстың билеушісінің бақылауында болған [162, с.357-358.].

Сондықтан XIX ғасырдың 70-ші жылдарының ортасында болыстық мектептерді жетілдіру үшін болыстың әр түтінінен 20 тиыннан ала бастады. Бірақ қазақ оқытушыларының болмауы, ал қазақ тілін білетін орыс мұғалімдерінің санаулы болуынан болыстық мектептерді ашу талабы алынып тасталды. Сондықтан жергілікті әкімшіліктің барлық күші уезд орталықтарында 2 сыныптық мектептерді ашуға бағытталды. XIX ғасырдың 80-ші жылдарының ортасында жағдай өзгерді. Орынбор оқу округінің қазақ, татар, башқұрт мектептерінің инспекторы В.В.Катаринский (1846-1902 жж.) қазақ даласында болыстық мектептерді ашуға кедергі жоқ деп есептеді. Оған себеп: 1) 1886 жылдың мамыр айында Орынбор оқытушылар мектебінен алғашқы қазақ-оқытушылардың шығарылуы күтілді; 2) болыстық қоғамның қайырымдылық іс-әрекеттері нәтижесінде бір сыныптық мектептер ашуға жеткілікті қаражат жиналды; 3) орыс-қазақ мектептерінің жеткіліксіз болуы (Торғай облысының 300 мың қазақ тұрғынына тек төрт 2 сыныптық мектептен келді) орыс сауаттылығының таралуына аз әсер етті [162, с.339-341]. В.В.Катаринский ұсыныстары Ресейдің басқарушылар шеңберінде жауап және қолдау тапты. Сонымен қатар, білім беру министрі, граф И.Д. Делянов Ақтөбе уезінің Бөрте болысында мешіт ғимаратында алғашқы болыстық мектеп ашуды ұсынды. Бұл мектепте көрші Қаратоғай және Теректі болыстарының балалары да оқитын еді. Ал екінші мектепті Министр Қарақсы мекеніндегі Аралтөбе және Ойсылқара болыстарының шекарасында ашуды ұсынды [162, с.251-257]. Осы ұсыныстардың негізінде 1887 жылдың 17 қыркүйегінде Бөрте бір сыныптық болыстық мектебі ашылды (Бөрте өзені жанындағы), оған үш ауыл мектептері кірді: Әлімбет, Қарамола, Михайловск [162, с.253-254]. Мектеп меңгерушісі Орынбор оқытушылар мектебінің түлегі Асауов (1887-1891), оқытушы Тойходшин болды. Ал, 1893 жылы мектеп меңгерушісі И. Хохлов болды. Оқушылар саны 25 адам болды. Болыстық мектепте оқу курсы төрт жылдық болды. Курсты аяқтаған соң үздік оқушылар 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінің екінші сыныбына өтуге құқылы болды [163, с.97].

1887 жылдың 1 қарашасында Қарабұтақта бір сыныптық болыстық мектеп ашылды. Ы. Алтынсарин атап өткендей, мектептің ашылуы салтанатты жағдайда өтті және дастархан жайылып, аста төк тамақ, ат жарысы және қазақ халықтық ойындарымен бірге жүрген. Қазақтардың мекептің ашылуына аса мән беріп, той думанға айналдыруына қатысты Ырғыз уездінің басшысы Гайжевский былай

деп жазған: «барлық қазақтар оқудың пайдасын анық түсінеді, сондықтан өз балаларына жақсы кеңес және нұсқаулық беріп, мектептің өркендеуіне үлестерін қосуға дайын» [162, с.295]. Сол сияқты Торғай облысындағы ұлттық мектептердің инспекторы А. Василев (1861-1943 жж.) «әрбір орда адамы, баласының отбасынан алыстауымен және дағдылы өмір жағдайының өзгерістерімен байланысты болмаса, баласына білім мен сауаттылық және басқа да пайдалы ақпаратты беру мүмкіндігін қуана пайдаланады» деп атап айтты [163, с.79]. Қарабұтақта ашылған мектеп жылына 200 сомға жалға алынған Тушлинскийдің (Қарабұтақ тұрғыны) үйінде орналасты, кейін бұрынғы әскери казарма ғимаратына көшірілді [164, л.26]. Бірінші жылы мектепке 25 қазақ және 18 орыс жастары түсті. Қарабұтақ мектебінің атақты түлектері Сырлыбай Бекбаев (1881-1926) және Оразалин Сейдалы (1836-1886) болды. Торғай облысының халық мектептерінің инспекторы А. Васильевтің айтуы бойынша 1891 жылы Қарабұтақ мектебінің меңгерушісі «ең тәжірибелі және еңбекқор мұғалімдердің бірі», Орынбор оқытушылар мектебінің түлегі Ғабдығали Балғымбаев (20.04.1866 – 1942жж.) болды. Ғ. Балғымбаев өзінің тәжірибесі мен күшін оқу үдерісінің және мектептің материалдық базасының жақсаруына бағыттады. Қарабұтақ мектебіндегі оқу-тәрбие ісінің жақсы қойылымы меңгерушіге үш жылдан соң болыстық мектепті 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне өзгертуге өтініш беруге мүмкіндік берді. Нәтижесінде, 1894 жылдың 4 қаңтарында Қарабұтақ болыстық мектебі 2 сыныптық орыс-қазақ мектебі болып өзгерді. Училищеге төрт ауылдық мектеп кірді: Аралтоғай, Қыналыкөл, Соналыкөл және Белқопа. Қарабұтақ училищесінің меңгерушісі Г. Балғымбаевтың міндетіне осы мектептердегі оқу үдерісін ұйымдастыру кірді. Халыққа білім беру министрлігінің қарамағында 10 жылға жуық қызмет еткендіктен, XIV сыныпқа сәйкес келетін, колледжі тіркеугеқол жеткізді. Сол себепті, 1900 жылы А.А. Ломачевский (Торғай аймағының әскери губернаторы) Г. Балғымбаевқа бірінші классты шенін беруді өтінген еді. Өкінішке қарай, білім беру жүйесіндегі қызмет «мемлекеттік қызметтің құқықтарымен іргелес емес» болғандықтан қабылданбай қалды [165, 33об.л.].

Мектептердің көптеп ашылуы Қазақстанның әр аймағынан көрініс тапты. Мәселен, 1892 жылғы 31 қарашада Ақтөбе уезінің басшысы Тілеу Сейдалиннің баяндауынша, Бестамақ болысында №5 ауылының старшыны Т.Качалин қыстағында ауыл мектебі ашылды. Оразбай Қалтынов Ақтөбенің 2-класты орыс-қазақ мектебінің түлегі оқытушы болып қызмет атқарды [166, 66 л.]. Бір жылдан кейін төмендегі ауыл мектептері ашылды: Теректі болысында бұрын билік еткен азамат Ибрагим Есенов (Ақтөбеден 100 шақырым); Ойсылқара болысының 3-ші және 4-ші ауылдарында да мектеп ашылды. Одан соң, Қайыптөре Асанов пен Қалмағамбет Шорановтың қыстағында (Орск-Теректі трактісінің жанында, Ақтөбеден 120-130 шақырым), Ақтөбедегі № 2 ауылда, сұлтан Құсаиын Аманғазиев (тарихқа Арунгазиевская болып енген, зауряд-хорунжи,) қыстағында ашылды. Бұл мектепте 1895 жылы Орынбор мұғалімдер мектебінің тәмамдаған, атақты лингвист ғалым Ахмет Байтұрсынов өзінің оқытушылық қызметін бастаған еді. Бөрлі болысы, №5 ауыл, Бекес Дүйсембаевтың

қыстауында; Қаратау болысы, № 2 ауыл, Ілияс Тастеміровтың қыстауында да (Ақтөбеден 120 шақырым) білім ордалары бой көтеріп, білімге құштар жандарға есігін айқараашты. Бұл мектептің мұғалімі Орынбор мұғалімдер мектебінің түлегі Иманғали Меңдіханов болды. Торғай облысындағы болыс мектептерінің мектеп бюджетінің 70-75 пайызы қазақтардың жанашырлықпен жәрдем етуімен болды [167, с.48].

1895 жылы Орынбор оқу округінің қамқоршысы И.Я. Ростовцев болыстық мектептің тұрмыстық шарттарын және оқушылардың білім сапасын тексерді. Тексеріс барысында мектеп ғимараты ылғалды ауаға соншалықты жарамды емес, ал балалардың орыс сауаттылығы және арифметика бойынша білімдері әлсіз екендігін көрсетті [168, с.167].

Сауаттылықты ашуға осындай мектептер ашылып жатқанмен, орыс өкіметі өзінің түпкі мақсатын жүзеге асырып отырды. Соған байланысты қазақ даласында орыс сауаттылығын тарату, «Ресей империясы саясатына қарсы келетін не зиян келтіретін көзқарастарды болдырмау үшін» тіпті қазақтарда танымал мұсылман мектептерін ысырып шығару мақсатында, 1891 жылы Орынбор оқу округінің қамқоршысы В.В. Катаринский даладағы ауыл мектептерінің талабына өзгерістер енгізу туралы Ережені әзірледі. Бұл мектептердің құрылысы қазақтардың күнделікті өміріне сай болуы керек және тасымалдау үшін ыңғайлы болу керек, атап айтқанда жазда оқу қазақ халқының көшпелі өмірінің жағдайын толығымен қанағаттандыратын, ең бастысы аз қаражат қажет ететін, қарапайым шатырларда жүргізіледі[163, с.79].

Ауыл мектептерінде оқу жылы қысқа (қазан-сәуір) және жазға (мамыр-қыркүйек) бағдарланды. Оқу курстары болыс мектебінің (бірсыныпты) 1-ші және 2-ші бөлімшелеріне сәйкес келіп, сондықтан XIX ғасырдың аяғынан бастап, болыс мектептері ашыла қоймады, есесіне ауылдық жылжымалы мектеп құрудың белсенді үдерісі басталып кетті [166, л.2].

Сонымен, ауыл мектептерінің ашылуы болыс билеушілері мен құрметті қазақтардың бастамасы болды. Қарқаралы уезінің зерттеушісі, Сарыарқадағы жергілікті тарихшы Ю.Поповтың мәліметі бойынша, бірінші ауыл мектебінің негізін болыс билеушісі Нарынбек Бодыков Қызылтауда қалады. Ол бұл мектепте 1903 жылы мұғалім болып алынды, одан кейін құрметті қамқоршысы болған. Содан кейін 1905 жылдың тамызында болыс билеушісі Асанбек Қарабековті құрметті қамқоршысы етіп тағайындайды [169]. Шұбартау болысында мектептің құрметті қамқоршысы болыс билеушісі Оспанқұл Менияков болды. Ауыл орта мектебінің түлектері орыс-қазақ екі сыныпты училищелерде білімін жалғастыра алатын, кейін олар болыс жазушыларына, ауылды орта мектептердегі мұғалімдеріне, аудармашыларға үміткер бола алды.

Қазақтардың қайырымдылық сомасы қалай және қай түрде құрылды? Қазақ халқы арасында зайырлы білім берудің маңыздылығы және болыс мектептеріне құруға жыл сайынғы 80 тиыннан жинауды белгілеу қажеттігіне болыстар түсіндірме жұмыстар жүргізді. Олар Бөрте, Ойсылқара, Аралтөбе, Теректі және басқада болыстардың ақсақалдарымен және болыстарымен бірнеше мәрте кездесті, онда ерікті қайырымдылық туралы зайырлы білім беру

мекемелерінің пайдасына шешімдер қабылдаудың маңыздылығы түсіндірілді [162, с.281]. Ақтөбе уезіндегі 2-ші Бөрті болысының қазақтары Торғай облысындағы түрмелерге қамқоршы қоғамға 341 р.76 тиын сомаға қайырымдылық көмек көрсетті. Бұл жерде болыс билеушісі С. Кейкин айтарлықтай белсенділік танытты [113.].

Ақтобе уезінің Бөрті болысы қазақтары 1897 жылы Орынбордың нақты мектебіндегі стипендия қорын құру туралы сұлтан Бақытжан Қаратаевтың бастамасын қолдады. 1897-1898 жылдары Ақтөбе облысының қазақтары стипендия қорына – 4006 сомға 60 қайырымдылық көмек көрсетті. Б. Қаратаев атаулы стипендия тағайындауда, нақты Торғай облысының әскери губернаторы аға кеңесшісі Иван Иванович Крафтың атын беруді ұсынды.

Б.Каратаев И.Крафты қазақ арасында қазақ халқының өмірі мен мәдениетін терең зерттеген, сондай-ақ көптеген жағдайларда оның танымы қазақтар үшін келісті қолданылған адам ретінде танымалдыққа толық лайықты деп санады. 1898 жылғы 24 қаңтардағы өзінің өтінішінде Сұлтан Б.Каратаев мемлекеттік кеңесші И.Крафт туралы былай деп жазды: «қазақтар арасында материалдық жағдайларын, сонымен қатар орыс халқымен рухани бірлігі мақсаттарында, орыс білімін дамытуда ерінбей-жалықпай және жігермен белсенді қатысты». Нәтижесінде, 1898 жылдың 27 қарашасында халыққа білім беру Министрлігі № 28792 шешіммен Орынбор нақты училищесінде сарай кеңесшісі И.Крафт атындағы стипендиясын құруға рұқсат берді [170 23-23 об.].

1903 жылғы 17 мамыр Торғай ауыл шаруашылық қоғамы құрылды. Бұл қоғамды құрудың бастамашысы Торғай аймағының ветеринар дәрігері И.Ф. Колесников болды. Қоғамның негізін қалаушылар – Ақтөбе облысының ірі мал өсірушілері, болыс басшылары, атап айтқанда:Ахмет-Гирей Косваков, Әбіл Түлкібаев, Мамбетжан Ибрагимов, Сабыр Кейкин, Сейтбалел Нұрмұхамедов, Дербісәлі Беркімбаев, Мырзағұл Кояйдаров, Баймұхамед Наурызбаев және Қостанай уезінен – Корганбек Беримжанов, Шахмұрат Алматов, Сүйін Атабаев болды. Қоғамның мақсаты мал шаруашылығының, мал тұқымын дамытуды жетілдіру болып табылады, өйткені соңғы жылдары «малдың ұсақтау және азғындау» қарқыны жүруде [113]. Қоғамның мүшелері өз қызметінде жергілікті ауылшаруашылық жағдайларына көндігу және бейімделу қабілетті бар етті бұқаларының ең жақсы тұқымдарын бере алатын Мәскеу ауыл шаруашылық қоғамымен өзара әрекеттесуді жоспарлады [113].

4 БОЛЫСТЫҚ БИЛЕУШІЛЕРДІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ

4.1. XIX ғасырдағы қазақ өлкесіндегі болыстық билеушілердің әлеуметтік жағдайлары

Қазақ даласын билеген орыс шенеуніктері мен жергілікті халық арасында дәнекер, байланыстырушы қызмет атқарған болыстық билеушілердің қызметі орыс отаршылары тарапынан бағаланып отырды. Оған дәлел Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының құжаттарында 1870 жылға дейін негізінен сұлтандарға арналған марапатқа ұсынылған (марапаттау құжаттары, мұсылман штабс-офицерлер мен обер-офицерлердің, сұлтандардың, билердің, Ұлы жүздің қадірлі қазақтарының «Ынталы қызметі үшін») тізімдері сақталған.Аймақты жаулап алуының бастапқы кезеңіндересейлік үкімет жүз аумағында негізінен әскери әрекеттермен ерекшеленген қазақтарды марапатқа ұсынып отырған. ҚР ОМА №86 ісінде сұлтандар, билер, соғысқа қатысқаны үшін және Токмак және Пішпекті [171] алуда ерекшеленгені үшін, кіші рангтағы әскери шендер санатындағы Ұлы жүз қазақтарының марапатталғандығы жөніндегі тізімдер кездеседі. Дегенмен де Алатау өңірі бойынша бірқатар құжаттарда 1870 жылға дейін өңірдің болыс билеушілері туралы ақпараттары көрсетілмеген.

Аймақты басқару құрылымында елеулі өзгерістер орын алған, Жетісу өңіріндегі болыс билеушілерінің марапаттары, әлеуметтік жағдайының ерекшеліктері туралы ақпараттардың жиынтығы кейінгі реформа кезеңі мұрағаттық дереккөздерде көрініс тапты. Атап айтсақ, ҚРОММ №47 ісінде Токмақ уезіне қарасты (уезде қырғыздармен қатар қазақтарда болды-автор) «Ресей империясынан марапат алған жергілікті тұрғындар тізімі» атауындағы, соның ішінде қызметтері көрсетілген болыс билеушілерінің марапатқа ұсынылғандығы жөнінде тізбесі бар. Құжатта көрсетілгендей, бұл тізімге енген Ыргайты болысының билеушісі Ноғайбай Дәулетбақов, 1864 жылы жасақтарды жеткізіп салғаны үшін марапаттау қағазын алады, 1865 жылы Әулие-Атаны алуға қатысқаны үшін, 1868 жылы «Қызметке ынтасы үшін» күміс медалын алғандығы жөнінде мәліметтер бар[172, л.2]. Сондай ақ, Шу болысының билеушісі Қазыбек Тайтелинді ынталы, жігерлі қызметі үшін (қызметі көрсетілмеген) 3-ші санаттағы мәртебелі құрмет шапанымен марапаттау туралы ақпаратта кездеседі. Қазақтардың орыс шенеуніктеріне көрсетілген қызметтің барлық түрі назардан тыс қалмай, жергілікті билеушілерді ынталандырып отырғандығын осы сияқты құжаттардан жиі көруге болады. Мәселен, 1855 жылы 31 тамызда Дулатов болысының болыс билеушісі Дәуіт Әли Бақтыбаев ынталы қызметі үшін, құрмет шапанымен марапатталса, 1856 жылдың 15 желтоқсанында адал атқарған қызметі үшін прапорщик шенін алды. 1868 жылы Нарын болысының болыс басы 3-ші санаттағы құрмет шапанымен, ал 1869 жылы Нарын экспедициясы кезінде ерекшеленгені үшін «Ынта –жігері үшін» жазуы бар күміс медалмен марапатталды. 1870 жылғы мамырда Бурукчи болысының болыс билеушісі Шатен Кутук-Сеитов ынталы қызметі үшін 3-ші санаттағы

құрмет шапанымен, осы жылы мамырда Кетпен Төбе болысының болыс билеушісі Керімбеков Нарбұтин ынталы қызметі үшін 3 -санатты құрмет шапанымен марапатталды. Сол сияқты 1870 жылы ынталы қызметі үшін Қаскелеңнің болыс билеушісі Ниязбек күміс медалімен, Сары тоқымның болыс билеушісі Мухамед Халык Сарт 1864 жылы ынталы қызметі үшін шағын күміс медалімен марапатталады [172, с.5]. Келтірілген мәліметтерге қарағанда патша өкіметі өзіне аянбай еңбек еткен қазақ даласының билеушілерін барынша қолдап, оларды ынталандырып, марапаттап отырған. Тіпті, өздеріне адал қызмет еткендерге шен беруге дейін барған. Мәселен, 1803 ж. Түргеннің болыс билеушісі Өмірәлі Айдаров өте жақсы қызметі үшін прапорщик шенін алып, 1859 жылы күміс төс белгімен 1870 ж. алтын төс белгімен марапатталды. Сол секілді, Раимбек Молдабаев Ырғайты болысының билеушісі 1867 жылы ынталы қызметі үшін марапатталғаны, 1870 жылы Күрті болысының болыс билеушісі Ибрагим Кашқынбаев генерал-губернатор келген кезде шекпенмен марапатталып, айрықша аталғандығы жөнінде де деректер жеткілікті [172, с.6]. Бұдан бөлек «Аймақтағы лауазымды тұлғалар және құрметті қазақтарды марапаттауға ұсыну туралы» №361 істе, өлкенің басшысы Атабай Тоқсабаевқа №459 куәлікті беру, 1885 жылы қазанда Сегіз сері болысының билеушісіне құрмет шапанын сыйға беру туралы Жетісу аймағы әскери генерал-губернаторының атына жазылған Өлкелік Генерал-губернатордың канцеляриясында екі баянат сақталған [173, л.7]. Бірақ, кейде марапаттау жағдайлары болыстың қайтыс болуына байланысты қиындық туғызып отырды. Ондай марапаттауды олардың отбасына беруді де талап етті. Мәселен, осыған байланысты Атабай Тоқсабаев қайтыс болғанда артында екі әйелі, жас қызы және екі ұлы қалды, олардың ішінде Қарабай 14 жаста және Бейбіт 8 жаста деп көрсетілген екінші рапорт жіберілді [173, л.7]. Орыс өкіметі тарапынан берілетін марапаттарға ие болуға қазақ билеушілері ынталы болды. Себебі, осы марапаттардың өзі олардың бедел-абыройын күшейтіп, қызметтік функцияларын орындауда күш сипатын берді.

Сондай ақ, марапаттауда төс белгілер мен лентадағы медалдармен де марапаттала бастады. Мәселен, 1905 жылғы 18 наурыздағы қаулымен, мойынға киетін Станиславский лентасындағы алтын медалы «Бестамақ» болыстығының болыс билеушісі Ахмет-Керей Қосбақовқа және мойынға киетін Станиславский лентасындағы күміс төсбелгі – 8 болыс билеушісіне берілді. 1897 жылғы Бірінші бүкіл ресейлік халық санағын өткізуге көмектескені үшін Тұзтөбе болысының билеушісі (1897-1918 жж.) Әбіл Түлкібаев қола төс белгімен марапатталды. Бұған дейін болыстың Станиславский лентасындағы алтын және күміс төс белгісі және Анненская лентасында алтын төс белгісі болған [174, л.4]. Көріп отырғанымыздай, қазақ сұлтандары болыс билеушілері патша өкіметінің билігін жергілікті халыққа жеткізуде және орындауда атқарған қызметтері үшін ынталандыру сый-сияпатын алып отырған. Патша өкіметінің қолынан алынған марапаттаудың өзі олар үшін бір дәреже болып табылды.

Сонымен жергілікті билік органдарының барлық талаптарын орындап, империяның қызметіне жауапты бола білген, ұйымдастырушылық қабілеті

жоғары қазақтардың ведомствалық қызметке тартылуы арқылы болыс билеушілеріне ынталандыру жүйесі жасалды. Оларды материалдық (ең жоғары бағалы сыйлық, алтын немесе күміс затпен марапаттау) және ақшалай сыйақымен (біржолғы сома беру), моральдық тұрғыда марапаттау - медальдарға ұсыну, «патша мен отанға» деген анттың адалдығы үшін және Ресей мемлекеті алдындағы еңбегі үшін үлкен алғыс тағайындау сияқты марапаттар жүйесі жасалынды.

Жоғарыда айтып өткендей, марапаттарға ие болған болыс билеушілері өздерінің қызметін нығайту, немесе өз ұрпағына қалдыру мақсатында не басқадай жеңілдік алу мақсатында атақ, даңқ, дәрежесін көрсете отырып, орыс генерал-губернаторларына, орыс шенеуніктерінеарыз, шағым не өтініш білдіріп отырған. Мәселен, ҚР орталық мұрағатында Пішпек уезінің Сиқым ауылының болыс билеушісі милиция подпоручигі сұлтан Құтан Султанбековтың әлеуметтік жағдайын куәландыратын өте қызықты құжат сақталған. ҚРОМА №1211 ісінде Құтан Султанбеков 1899 жылы мамырда II император Николайдан оған ақсүйектікті мұрагерлік тарту етуді сұрайды. Өзінің өтінішінде ол «Мен ұлы қырғыз-қасақ ордасын басқарған, үстемшіл султандар Шыңғыс хан мен Абылайхан ұрпақтарынан тарағанмын» деп көрсетеді. Жергілікті аймақты жаулап алғанда, менің әкем және мен әскерге аймақты басып алуға және халыққа Сіздің Империялық ұлықтығыңызға азаттықты мақұлдауына көмектестік және сол менің еңбегім үшін подпоручик шенімен марапатталдым. Қазір мен қартайдым, ұрпақтарыма ата-бабаларым мен өзімнің еңбектерім туралы естелік қалдырғым келеді, сондықтан өзім құзырлы азамат ретінде тіркелген құжаттар негізінде, мені, менің әулетім ұлдарым 40 жастағы Тоқбаулы, 30 жастағы Қоңырды, 27 жастағы Ахмедті, 22 жастағы Жапарды және 17 жастағы Сеитті сұлтан тұқымынан шыққан мұралыққа ие болушы ретінде көтеруге бұйыруыңызды өтінемін», – деп сұрайды [175, л.2]. Бұл іскекезінде Алатау өңірін басқарған, өтініш беруші азаматтың әкесі сұлтан Сұлтанбек Жанғыровтың атына1864 жылғы 2 сәуірінде жазылған №112 хаты, 1824 жылдың 13 мамырда султандарға (оның ішінде Әділовке) және басқа дару байларына, старшындарға, барлық қырғыз-қайсақ халықтарына берілген мақтау қағаздарының көшірмесі тіркелген. Бұдан бөлек, 1860 жылғы 14 қарашадағы, өтініш берушінің әкесінің атына берілген Батыс Сібірдің генерал-губернаторы мен жеке Сібір корпусының қолбасшысының №21799 куәлігі, 10 желтоқсан 1864 жылы сұраушының өзінің атына берілген №2178 куәлік. Сонымен қатар,Алатау өңірі мен Ұлы орда қырғыздарының басшысының 1864 жылғы 5 қыркүйектегі сұраушының атына № 2927 куәлігі және 24 наурыз 1868 жылғы №255-ші Токмақ Уезінің қайта ұйымдастыру комиссиясының төрағалығына берілген куәліктер тіркелген[175, л.4]. Істегі қосымша парақта ақсүйектікті мұрагерлікке сұраушы Құтан Султанбеков 1870 жылдың тамызынан бастап Пішпек округінде Сиқым болысында болыс билеушісі, 1870 жылдың мамырынан бастап Токпақ уезінің басшысының кіші көмекшісі қызметін, 1871 жылдың маусым айынан 1898 жылға дейін қайтадан Сиқым болысында болыс билеушісі қызметін атқарғанына көңіл бөлуді сұрайды [175, л.4]. Құжатта айтылған қызықты факті, сұранысты

өтініш берушінің сөзінен кеңсе хатшысы Михаил Александрович Кацман жазған, сұранысқа милиция подпоручигі Құтан Сұлтанбеков сауатсыз болғандықтан өзінің атындағы мөрін қойған. Бұндай сауатсыздық Жетісу аймағындағы «бірінші буынды», ақсүйектен шыққан, болыс билеушілерінің білім деңгейін көрсетеді, бұл жағдай қазақ шенділерінің сол кезеңдегі басым бөлігіне тән.

Болыс билеушілері бірнеше жыл бойы қатарынан бірнеше мерзіммен болыс болғандығы белгілі. Олар тек денсаулығына байланысты ғана өз қызметін тоқтатуға тура келген. Осыған байланысты ҚР Орталық мемлекеттік мұрағат ісінде денсаулығына байланысты өз өтінішімен жұмыстан босату туралы «Пішпек әкімшілігінің хат аудармашысының өтініші бойынша губерния хатшысы Мұраталиннің қызметтен босатылғаны туралы» құжаттар бар [176, л.6]. Бұл істе Түркістан генерал-губернаторының кеңсе бланкісіндегі құжатта «Бас штабтың ұсынысы бойыншаосы жылдың 29 қыркүйегінің №74805 өтінішінде 1907 жылдың 26 тамызындағы № 37 азаматтық әскери мекеме шендері туралы Жоғарғы бұйрық негізінде ауруына байланысты қызметінен босатылған губерния хатшысы Мұхамед-Әли Мұраталинге мемлекет қазынасынан жылына 1/3 жалақы мөлшерінде – 57 рубль 15 тиын зейнетақы тағайындалған. Одан бөлек, Омбы қазыналық палатасының Пішпек қаржы мекемесінен белгіленген шегеріммен өндіру үшін қаржы Министрлігіне хабар берілді», – деп жазады [176, л.7]. Бізге бұл құжат болыстық билеушілердің зейнетақымен қамтамасыз етілгендігін анықтау үшін қызықты, себебі басқа істе М. Мұраталин 1904 жылы Шәмші болыстығының билеушісі ретінде минералды суларда отбасы мүшелерін емдеу үшін демалыспен қамтамасыз етуге өтініш бергендігі туралы ақпарат бар [177, л.25]. Мұраталин зейнетақыға шыққанға дейін губерния хатшысы қызметін атқарған, оның жұмыстан отставкаға шығуы барысында болыстық басқарушы міндетін атқарғандығы туралы ақпарат жоқ.

Сондай ақ, ҚР Орталық мемлекеттік мұрағат қорындағы № 2044 істе Полковник Ивановтың 1904 жылы 2 шілдеде Торайғыр болыстық билеушісі Шолпанбай Нұрдәулетовке берген медициналық куәлігі табылды. Сазан аймақтық дәрігері ауырған билеушіні қараған соң келесідей қорытынды жасады: «Нұрдәулетов осы жылға дейін сау болатын, ал осы жылдың ақпан айында қабақты байланыстыратын қабықшалардың қайталанбалы қабынуы және жаңбырлы маусымда қатты асқынатын аяғының ауруынан атқа отыруы қиындады. Ауруды қарау барысында тізе буынында кішкене ісіну және сүйек бетінде кедір-бұдырлық байқалды. Ауру, әсіресе, ылғалды кезде пайда болып, тынышсыз жағдай, бас ауруы қосылады. Ол Сазан қабылдау бөлмесінің құралдарын пайдаланды, нәтижесінде көздің қабынуы кетті, ал аяғындағы ауырсыну тоқтамады. Жоғарыда айтылғандар негізінде, Шолпанбай Нұрдәулетов созылмалы буын ревматизмінен зардап шегеді және ол қызметтік міндеттерден босатылып, тыныштық жағдайында жылдың қазіргі емделуге қолайлы уақытын пайдаланып, үйде немесе жылы жерлерде емделуі керек деген қорытынды жасаймын» [177, л.40]. Аталған құжаттың (іс қағазының) 46-шы парағында Жетісу облысының әскери губернаторы Осташкиннің 1904 жылдың

17 шілдесіндегі № 250 приказысақтаулы, онда Пржевальск уезінің Торайғыр болыстық билеушісі Шолпанбай Нұрдәулетов уезд бастығының өтініші және ұсынысы бойынша ауруынан емделу үшін екі айлық демалысқа шығатыны көрсетілген. Нұрдәулетов демалыс кезінде болыс билеушісінің міндеттерін атқарушы ретінде Күлембек Тоқсобынға жүктеледі [177, л.46]. Сонымен, қазақтарарасынан шыққан болыстық билеушілер және басқа да қызметкерлердің демалысқа шығуы туралы істері, болыстық билеушілердің іс-қағаздарына талдау жүргізуікезінде мәлім болды. Жетісу облысының болыстық билеушілері түрлі мақсатта, мысалы емделу үшін, малдарын сату, сауда-саттық үшін шекаралас Қытайға бару демалысқа шығуға жиі және жүйелі түрде өтініш берген қағаздары да мұрағаттық құжаттарда көрсетілген [176, л.9]. Бұл құжаттар орыс әкімшілігі болыстық билеушілердің денсаулық жағдайын бақылап отырғандығын куәләндырады, себебі олардың қызметін атқаруға ештеңе кедергі келтірмеуі керек болған. Бірақ осындай медициналық тексеріс тек әкімшілік қызметкерлеріне ғана қолжетімді болған, қарапайым халық ол кезде медициналық тексерістен өтпеген және олардың тексерістен өткендігін растайтын құжаттар мұрағат қорларында сақталмаған [176, л.46].

Жоғарыда көрсетілгендей, болыстық билеушілер өз кезегінде атқарған қызметтері үшін жалақы да алып отырған. Оған ҚР мұрағат қорындағы болыстарды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы құжаттар да жеткілікті. 1902 жылдың ісінде Түркістан өлкесі жергілікті тұрғындарының болыстық билеушілеріне көпжылдық қызметі үшін земстволық сомадан зейнетақы тағайындап отырған. Түркістан генерал-губернаторының кеңсесі аймақтың барлық губернаторларына, оның ішінде Жетісу генерал-губернаторына болыстық билеушілерге зейнетақы тағайындау сұрағы бойынша өз тұжырымдарын жедел түрде жеткізу туралы жолдама таратты [177, л.16].Сұраныс-жолдамаға губернаторлар, уезд басшылары өздерінің жазбаша жауаптарын жіберді. Бұл құжаттар өлке болыстық билеушілерінің әлеуметтік бейнесін, олардың қызмет көрсетуі, әлеуметтік қамсыздандыруын орыс әкімшілігі көзімен суреттейді. Осылай Самарқанд уезінің басшысы полковник Чернеявский сұраныс-жолдамаға өзінің жауабында былай деп жазады: «1892 жылдың басылымына сәйкес, Түркістан өңірін басқару жөніндегі қаулыда Түркістанның отырықшы және көшпелі халқының таңдауы бойынша, ал ерекше жағдайларда, Түркістан генерал-губернаторының жеке өкімімен болыстық билеушілерүш жыл мерзімге басқаратын болыстарға тағайындалады. Болыстық съезд болыстық билеушілердің жалақы көлемін (болыстықтың мөлшері мен әл-ауқатынасәйкес үш жүзден бес жүз рубльге дейін) сайлау болмай тұрып анықтайды, сондай-ақ съезд барысында хатшы жалдауға кететін жылына үш жүзден төрт жүз рубльге дейінгі сомма бекітіледі (91 бап. Ережелер). Бұндай ақпарат қоғамдық тәртіп бойынша тұрғындардан жинақталып, салықтарымен бірге қазынаға, уезд бастығының депозитіне өткізіледі, кейін уақыты келгенде белгіленген мөлшерде Облыстық Басқармаларға бұйрық бойынша беріледі (96 бап. Ережелер).

Түркістанның болыстық басқарушыларының қызметтік және қоғамдық жағдайы ерекше. Себебі, олардың басқару аумағы өте кең. Әсіресе, болыстық билеуші қызмет бабына сәйкес жергілікті жерде губернатор, уезд бұйрықтарын жүзеге асыру мақсатында болыстықтың әр жерінде әрқашан бірнеше аты бар, қызметкерлердің көп саны қажет. Себебі, таулы жерлерде шашырап орналасқан көшпелі тұрғындары бар болыстардың бәрін қамту өте қиын. Сонымен қатар қызметкердің қасында әкімшілік-полициялық әрекеттердің барлық саласын, ирригациялық және басқа дасалалар бойынша қызметкерлер талап ететін, іске қатысты хат-хабарларды жазатын, аса маңызды және өте ауқымды әртүрлі статистикалық елеулі материалдарды жинақтау үшін де тұрақты бірнеше хатшылары болуы керек. Болыстық билеушілер, өздерінің жергілікті қоғамдастықтарының өкілдері бола тұра, өкілдікке және өздерінде ресейлік билікті орындауға өз қаражатын жұмсайды. Соңғылары, болысқа қызмет бабы бойынша келіп, демалуды қажет етіп, әдетте болыстық билеушінің үйінде тоқтайды және мүмкіндігінше осындай қабылдауға кеткен шығындарды өтейді, бірақ әрқашан шын мәнінде өндірілген сомма түрінде емес, себебі іс жүзінде мұндай есептеулер жүргізілмеген, ал осындай қонақжайлықты қолданған тұлғалардың сый ақыны анықтау барысындағы көзқарасы кей кездері шындықпен сәйкес келмейді. Ақыры қожайынның оларға жұмсаған шығынын өтеу үшін қонақтардан қандай да бірсыйақы алу жергілікті халық үшін жат болып келеді, сондықтан олар мұндай сыйақыдан барынша бас тартады; олардың ішіндегі аса құрметті және беделділері мұндай жағдайды өздерін қорлау деп қабылдайды, бұндай қонақжайлылық салтты талқылай келе біздің орыс режимінің пайдасына емес деп шештік», – деп жазылады [178, с.1-2].Одан әрі полковник болыстық билеуші қызметіне негізінен бай, жақсы үміткерлердің таңдалуын былай түсіндіреді: «Осылай болыстық билеуші өзінің барлық дүниесін өзінің өкілдігі үшін және қызметкерлерді жалдауға жұмсайды, одан қара күнге қандай да бөлігін қалдырмай, керісінше, олардың көпшілігі өзінің бірнеше үшжылдық қызметі кезінде бұрынғы дүниесін жаратып және соңында қызметті тастайтын кезде шығынға ұшырап қалады. Осының барлығына болыстық билеушінің аз немесе көп уақыт созылмалы қызметі болыстағы ерекше таңдау бойынша әрбір үш жылдыққа оны осы орынға таңдаудан тәуелді, әр кез сайын оны таңдағаны үшін көп ақшалай сомманы жаратып, сый көрсетуге міндетті болады. Сондықтан болыстық билеушілерге халық сайлайтын немесе билікке тек «құрмет» үшін қызмет еткісі келетін аса бай және қызметке нақты пайда тигізетін адамдар таңдалады, немесе бір-бірімен қасрулық партиялардың біреуін таңдау кезінде пайда болатын, егер мұндай адамдаролардан бұрын болмаса, кейін таңдалған үш жылда тек өзіне қас әлсіз партия есебінен «баюды» қалайтын ештеңеге қабілеті жоқ және күдікті басшылар таңдалады, көп жағдайда өз тағайындауына сай емес болғаны үшін қызметтен босатылады [178, с.3].

Полковник болыстық билеушілерді лайықты зейнетақымен қамтамасыз ету қажетті болып табылатындығымен келіседі, ол «Түркістан өлкесінің жергілікті халқына болыстық билеуші лауазымын иелену үшін Үкіметке шын мәнінде пайдасы тиетін аса беделді тұлғаларды тарту, осы тұлғалардың қызметін

аяқтаған соң мүмкін олардың қызметі үшін нақты жұмыс жасайтын, тіпті олардың отбасына зейнетақылық құқықты бермей земствосомасынан зейнетақы тағайындау арқылы келешегін қамтамасыз ету әділ болатын еді, және бір қызметте болыстық билеушілерді көп уақытқа дейін ұстауға» кепілдік болып табылады» [178, л.3].

Зейнетақы мөлшері туралы полковник Черневскийдің қызметтік хатында есептеулер берілген. Оның пікірі бойынша, «осы зейнетақы мөлшерін жалпы алғанда, өмірдің өте қарапайым қажеттіліктерінде зейнетақы алатын тұлғаның жұмыс жасаған жылдарына тәуелді шамамен келесі мөлшерде тағайындау керек: ең жоғарғы жылдық зейнетақы төлемі 300 сом, ең азы 200 сом, осындай зейнетақы алу үшін қызмет атқару мерзімі: а) ең жоғары қызмет ақы алу үшін болыстық билеуші қызметінде 25 жыл жұмыс жасау керек, б) ең аз қызмет ақы алу үшін өмірдің қандай да бір келеңсіздіктерінен болған жағдайда немесе қызмет барысында денсаулығы бұзылса және болыстық билеуші қызметінде 20 жыл жұмыс жасау керек. Тағайындалған зейнетақыны олардың басшыларының өтініші бойынша және тек соған лайықты болыстық билеушілерге ғана берілу керек.

Жоғарыда келтірілген зейнетақы алуға құқық беретін қызмет жылдары Түркістан өлкесін басқару туралы Ереженің 83 бабы бойынша болыстық билеуші үміткерлерін 25 жастан жоғары азаматты жергілікті халыққа таңдауға мүмкіндік беріледі, бірақ таңдау қызметінің тәжірибесінен бұл жастағы Түркістан өлкесінің жергілікті халқы мұндай қиын және жауапкершілігі мол жұмысқа тағайындауға сай болуы үшін көбінесе ақыл-ой мен адамгершілік дамуы жағынан айырмашылығы жоқ, сондықтан көптеген болыстық билеушілер үшін бұл лауазымдағы қызмет 30 және 40 жасаралығында басталатындығын қалыпты құбылыс деп санауға болады және сәйкесінше, болыстық билеуші 25 жыл жұмыс жасаса, қызметтен қартайған шағында кетеді. Сонымен қатар, осы хатта келтірілген шарттардан әр облыстан зейнетақы алуға 4-5 адам ғана құқылы болады» [178, с. 58.].

Жазбаның соңында ол Түркістан өлкесінде ауылдық лауазымды тұлғалардың міндеттеріне қатысты нұсқаумен қоса берілетіндігі көрсетілген, онда болыстық билеушінің кең және көпқырлы қызметінің әрекет шеңбері толық келтірілген. Бірақ мұрағаттық істе бұл нұсқаулық сақталмаған.

Ресей билігі аталған нұсқаулықтан бөлек жергілікті тұрғындар (қазақтар) арасынан шыққан қызметкерлер өздерінің қызметтік міндеттерін ұмытып қалмас үшін «Ауыл старшындары, болыстық билеушілер және халық судьяларынаарналған анықтамалық кітаптар» құрастырып шығарған [179].

«1929 жылғы 19 қаңтардағы № 1030 бұйрығына сәйкес, құрметті Жоғарғы Мәртебеліге, полковник Черневскийдің, лайықты болыс билеушілеріне жыл сайын 200-ден 300 сомға дейінгі зейнетақы тағайындау туралы жобасы өте дұрыс және әділ, сондықтан мен онда көрсетілген зейнетақылар туралы айтылған көзқарастарға толығымен келісетінім туралы құрметпен айтқым келеді» деген мәтінмен 1902 жылдың 24 қаңтарындағы сұратым – жолдамаға Верныйдың сол

кездегі басшысы полковник Черневскийдің жобасымен келісетінін білдіріп жауап береді: [178, с.71].

Пішпек уезінің бастығы да болыс билеушісі земство жиналысындағы Самарқанд уезінің басшысының баяндау жазбасында жобаланған мөлшерде қызметінде 20-дан 25 жылға дейін мүлтіксіз қызмет еткен тұлғаларға жыл сайын 300 сомға дейін еңбекақыны қамтамасыз ету керек деп есептейді. Ол өзінің жауабында: «Черневскидің жазбасының маған жіберген көшірмесіндегі болыс билеушілерінің қызметіне қатысты айтылғандар әділ және болыс билеушілері өзінің өкілеттілігіне және қызметке сайлауда үлкен шығын шығаратыны да шын, және соның салдарынан кейде кедейленіп қалады», –делінеді [178, с.88].

Лепсі уезінің басшысы Полковник Черневскийдің жобасына Түркістан генерал-губернаторының сұранымы бойынша берген өзінің жауабында мүлде қарама-қарсы жауап қайтарып, Жетісу генерал-губернаторына мынадай мәтінде хат жазған:«Жоғары мәртебелі осы жылдың 19 қаңтарындағы Сіздің № 1032 бұйрығыңызға байланысты өз ойымды білдіріп, төмендегідей жауап беру құрметіне ие болдым. Түркістан өңіріндегі, үкіметке лайықты және пайдалы адамдарды қзметкетарту және аталған қызметте адамдарды ұзақ уақыт сақтап қалу мақсатында, болыс билеушілеріне земствосомасынан зейнетақы беру мәселесі, менің ойымша, сол аймақтың басқа да ұқсас, сайлау арқылы лауазымдарға ие болуына қатысты адамдарға әділетті ісемес. «Түркістан өңіріндегі болыс билеушілерінің жағдайын Черневскийдің жазбасында тізілген себептермен бірыңғай деп тану екі-талай, біріншіден оның заңды бұйрықтарының орындаушысы, ол өзіне жеке түсінік беру үшін жинап алатын, қашықтауларына жақын көршілері арқылы хабарлайтын, ауыл старшындары. Болыстың барлық орындайтыны – ол өзіне бағынатын ауыл старшындарын, оның бұйрықтарын орындамау немесеосы мәселедегі соңғының баяулығының себептерін бағалауға кіріп, қадағалау. Осылайша, болыс билеушісіне бірнеше жігіттерге шығынданбауға болады, сонымен қатар, әрдайым оның ауылында оның асырауында тұратын, болыс билеушісінің бұйрығын әрқашан орындайтын, туысқаны табылады. Екіншіден, қызметтік міндеттерімен болысты аралап шығу үшін қаншааты бар болса да, болысқа бірат қана керек жәнеегерол жолға 25-30 шақырым жүргісі келсе бірден басқаат алады [178, с. 69].

Ақырында үшіншіден, ақпараттарды (статистикалық) жинау, негізінен, болыс билеушісіне ауызша айтатын ауылдық старшындарға жүктелген, және ол болыс хатшысы арқылы басшыларға жеткізеді, сондықтан бірнеше мырзаны осы мақсатта ұстаудың қажеті жоқ. Басқа тұлғалардың өкілдігі мен қабылдауына келсек, менің жеке қадағалауымнан, бұл туралы ашыпайтуға болады, бұл мәселегекететін шығын аз болғандықтан болыс билеушісінің әл-ауқатына ешқандай әсеретпейді. Егерде, болыс билеушісі пайдаланатын сый-құрмет пен жұртшылыққа көрсете алатын ықпалын назарға алатын болсақ, онда толық сеніммен қолда бар қызметті пайдаланажүріп материалды жағдайын түсіріп емес, керісінше өзінен бөлек жақын туғандарын да өсіре алады. Аталған жағдайлар, болыс билеушісін сайлау барысында партияның жұтауына қызмет етеді [178, с. 171].

Осылардың негізінде Түркістан өңіріндегі тұрғылықты халықтың болыс билеушілерінің, орыс халқы өкілдерінің ұқсас қызметкерімен салыстыратын болсақ айрықша жағдайын мақұлдамай және земство жинағынан қоғам сайлаған қызметкер тұлғаретінде зейнетақы тағайындауға себепті көңілге қонымды санамай, батылым барып, мақұлдаған жағдайда да бұл шара іске пайда келтірмейді және болыс билеушісіне тән «құрмет» үшін саналы түрде 20-25 жыл бойы, 200-300 ақы төлемін ескеріп, жұтауға баратын адам табыла қояр маекен деп ойлаймын [178, с.160].

Бұл архивтік іс материалынан көрініп тұрғандай, өлке әкімшілігінің зейнеткерлерді зейнетақымен қамсыздандыру туралы көзқарастарында бірлік болған жоқ, 1905 жылы кейінгі тарихи оқиғалар болыс билеушілерінің зейнетақы жүйесін реформалау әрекетін тіпті артқасырып тастады, сондай өлкеде 1917 жылға дейін өзгеріссіз қала берді. 1892 жылы «Түркістан даласын басқару туралы Ережеде» жалақы мен зейнетақы мөлшерін реттейтін тармақтар жоқ екендігін атап өткен жөн. Болыстық билеушілердің жалақы мен зинетақы мөлшері туралы ақпаратты 1866 жылғы «Орал, Торғай, Ақмола жәнеСемей өңірлеріндегі басқару туралы Уақытшаереженің» 5-тарауының 77 тармағынан қарап алуға болады [179, л.34]. Аталған ережеге сәйкес, болыс билеушісі және ауылдық старшын жұмысына жалақы алады: біріншісі жылына - 300-ден 500 сомға дейін, екіншісі - жылына 200 сомға артық емес. Таңдалған адамдарға жалақы алыммен бірге қоғамдық тарату бойынша жиналады және уезд қазынасына тапсырылады, олардың қарай лауазымды тұлғаларға бөліп береді. Өздерінің қызметтік міндеттерін атқару үшін болыстық және ауылдық старшындарға лауазымына қарай киюге арнайы белгілер беріліп, біліміне және сауатына қарамастан олардан шығатын ресми қағаздарға басу үшін мөр беріледі» [179,л.7]. Жетісу аймағының болыс билеушісінің, осы мұрағаттық дереккөздер негізінде бейнелеуге болатындығын, әлеуметтік кейпіне толықтауыш ретінде, айтқым келетіні өңірде қызметтің қиындығына байланыссыз, қазақ қызметкерлерінің жанұялық әулеттері соның ішінде болыстарда да, пайда болуда, бұл фактыны да қор құжаттары растайды. Алдағы үшжылдық кезеңде әртүрлі аймақ уездерінің сайлау туралы істерінде сайлауға дауысқа салу парақтарында ағайындық қатынастағы үміткерлер кездеседі [180, с.49].

Тоқмақ уезіндегі Кетмен болысында Ахмет Рысқұлбеков болыс билеушісі болып сайланды, оған үміткер Атыған Рысқұлбеков, Аларшы болысында –болыс Байсал Байтықов, оған үміткер – Абрахман Байтықов, Аламедин болысында сайлауға қатысқан – болыс Рыспек Усманбеков, үміткер –ауылындағы Байзал Байтиков, сайлауда Ризекбек Усманбеков, үміткер – Джиенгора Усманбеков [181, с.57].

Болыстық билеушілердің білім деңгейі. Орыс отаршыларының қазақ даласын жаулап алуымен байланысты орыс тілін білетін тілмаштарға, іс қағаздарымен жақсы таныс сауатты адамдарға деген қажеттілік арта түскені белгілі. Бұрынырақ орыстар арасында да тіл білетін адамдар және сауатты татар ұлтының өкілдері қызмет етсе, кейін келе қазақ сұлтандарының билікке қол жеткізуіне байланысты және олардың орыс тілін білу талабынының күшейгеніне

қарай қазақтар арасында білім алуға деген құлшыныс арта түсті деуге болады. Мәселен, бұрынғы Орынбор және Самара генерал губернаторларының 14 қараша 1859 ж. Уақытша кеңеске ұсынған №1170 хатында Орынбор кадет корпусын бітірген Ішкі Орданың қазақ балаларын қызметке алу жөнінде мәліметтер кездеседі. Соның бірі Генерал-адьютант Катенин корпусты бітірген Салахитдин Шигаев және Шарафитдин Шигаевты білім деңгейіне қарай қызметтік орынға алуды Уақытша кеңеске ұсынады. Осының негізінде Шарафитдин Шигаев 1858 жылы Орданың аудармашысы болса да 1860 жылы 17 ақпанда кеңес төрағасы, полковник Герннің бұйрығымен Ордаға жіберіледі, онда оған Нарын бөлімін басқаруды міндеттейді, ал 1 шілдеден Қалмақ бөліміндегі аудармашылық қызметін сақтап қалады. Салахидтин Шигаевта Қамыс–Самар бөлімін басқарады [182, с. 41]. Көріп отырғанымыздай, орыс шенеуніктері білім алған, қазақ арасынан шыққан сауатты қазақтарды қызметке ешқандай кедергісіз, сайлаусыз қызметке тағайындайды. Негізінен жоғарыда айтып өткендей, іс қағаздарын жүргізетін, тілмаш болатын адамдарсаны өте шектеулі болды. Оның себебі, орыс шенеуніктері арасынан шыққан тіл білетін тілмаштар да өтеаз болды. Бірлі жарым тіл білетін тілмаштар қазақ даласындағы даулы мәселелерді шешуге шенеуніктерге аудармашылыққа жіберіп отырды, осыған байланысты қаралатын халықтың арыз тілектері айлап жатып қалатын. Осы жөнінде мына құжатта былай делінеді: «Есауыл Рогожников аудармашы боламын деп, қазақ мектептерінде өтілетін орыс тілін оқыту міндетінен үнемі орындай алмай жатады. Осындай жағдайда қағаздарды татар тіліне аудару 4 айға дейін созылып жатады. ... Жоғарыда айтылған жағдайға орай, Кеңес шенеуніктерінің құрамын күшейту мақсатында осы жердегі корпустың курсын бітірген Орданың тәрбиеленушілерін аудармашылық іске көбірек тарту керек, дей отырып мынадай шешімдер қабылдау қажет: 1. Орда есебінен оқыған Ішкі Орданың барлық корпус тәрбиеленушілері 3 жыл қатарынан Кеңес құрамында болу керек, олар тек аудармашылық қызметпен ғана шектелмей, орыс тіліндегі бұйрық беру және тергеу жұмыстары саласында іс қағаздарын да жүргізумен айналысу. 2. Бұл тәрбиеленушілерді алдымен Ордадағы қызметке, 3 жыл өткен соң Кеңес қызметіне тағайындауды Кеңеске ұсыну. Кеңесте қызмет ететін корпустың әрбір тәрбиеленушілеріне штаттық қызмет анықталғанша олардың қабілетіне қарай зекет ақшасынан 150 рублден 200 рублге дейін күміспен және пәтерге жылына 60 рубль бекітуді сұрайды. 3. Корпусты бітірушілердің ішінен дайын, қабілетті адамдарды старшын мен депутаттыққа және Кеңес қызметіне тағайындау үшін жас ордалықтарды корпусты аяқтамаса да сауатын ашқан болса қызметкеалуды анықтау. Сондықтан зекеттен айына 3-10 рубльге дейін жалақы төлеуді сұрайды» [182, с.32]. Қазақтар да патшалық басқару жүйесінде орыс тілін білудің, сауаттылықтың қажеттігін түсінді. Сондықтан балаларын оқуға беруге ынталы болды. Оған мына бір архив құжаты дәлел, онда есауыл Қарауыл-қожа Бабаджановтың жесірі Орынбордың әскери губернаторына хат жазып, балаларын оқытуды жәнеоқыған балаларына қызмет беруді сұраған. Құжатта: «Қайтыс болған күйеуім мәртебелі императордың игілігіне 30 жасынан бастап 75-ке дейін мүлтіксіз қызмет етті. Қызметте жүргенде үш ұлының білім алуын

қалаған ол өз өтініші бойынша ұлдарын Неплюев кадет корпусында оқытты, бірақ оның екеуі ерте қайтыс болып кетті. Үлкені корпусты аяқтап офицер шенінде қызмет етуде, қалған балаларымыз бен немерелерімізді де осы Неплюев корпусында оқытуды анықтауыңызды сұраймыз. Оның үстіне біз шенеуніктердің балаларына артықшылық береді деп естідік», – деп жазады Қарауыл қожаның әйелдері Жамилә Пірәлиханова және Ұлбибі Данишмендова[183, л.2-3]. Мұнда да өзінің әулетінің, балаларының болашағын ойлаған қазақтар өз ұрпақтарының білім алуына мүдделі болды. Десе де, бұл жерде ескере кететін жағдай, балалаларын оқуға беруге көбіне көзі ашық, білімнің маңыздылығын ұққан, өздері де сауатын ашқан сұлтандар мен болыс билеушілер, старшындар мүдделі болғандығын байқауға болады.

Торғайдағы болыс билеушілерінің білім деңгейі бірден жақсара қойған жоқ. Алғашқы кезеңде (1868-1891 жж.) болыс билеушілерінің басым көпшілігі Орынбор аймақтық басқармасы жанындағы мектепте білім алған еді, араларында орыс жерінен арнайы барып сауат ашып келгендер болмаған, дегенмен, өздерінің руластарының және орыс әкімшілігінің арасында ықпал мен беделге ие болған себепті лауазымға тағайындалып, болыс билеуші қызметін атқарған қазақтар көп болды. XIX ғ. Соңында қазақтар үшін қолайлы болып келген жағдай өзгеріп, қазақ даласында ресейлік сауаттылықтың таралуына және іс-қағаздарын жүргізу орыс тіліне өткеніне байланысты орыс тілін оқып-тануға деген қажеттілік арта бастады. 17 қаңтар 1897 ж Торғай аймағының әскери губернаторы Я.Барабаш болыстарға, ауыл старшындарына орыс тілін білу қажеттілігі туралы жазбаша өкім шығарды, өйткені, «лауазымды тұлғалар ретінде олар өздерінің басшыларының заңдары мен бұйрықтарын білуге ғанаемес, сонымен қатар олардың нақты орындалуын қадағалауға міндетті». Әскери губернатордың пікірінше, болыстар «Өкіметке адалдығы және халыққа ерекше жағымды ықпалымен» ерекшеленуі керек. Осыған орай, жұмыс жүргізілетін мемлекеттік тілді білу «өте қажет», өйткені болыстың хатшыға тәуелділігіне жағдай жасайды, ал соңғы болмаған жағдайда, «маңызды әкімшілік бұйрықтар ұзақ мерзімге орындалмай қалды», ал болыс билеушілерінің қызметіне «елеулі түрде зиян келеді» [184, л.13]. Сонымен қатар, «ең жақсы және ең құрметті» қазақтардың көпшілігі орыс тілін үйренуге мүмкіндіктері болмады және «оларды қызметтен босатудан аулақ болу үшін», Я. Барабаш болыс билеушілерін орыс білімін алушылармен біртіндеп ауыстыру үшін 12 жылдық мерзім (4-үш жылдық сайлауға сәйкес келеді) ұсынды. Я Барабаш он жыл уақыт ішінде өздерінің ұлдарын құзыретті лауазымға ие болуға құқықтық қабілеті болу үшін қазақтар оларды алдын ала орыс мектептеріне беру мүмкіндігі бар деп есептеді» [184, 13-13об.л.].

Орыс империясы билігінің алғашқы кезеңінде қазақтардың орыс білімін алатын орыс-қазақ мектептері өтеаз болды, ал, орыс оқу білімдерімен көзін ашқан қазақ жастары аудармашы, мұғалім, уезд бастықтарының кіші көмекшілері қызметін атқарды. XIX ғасырдың аяғына қарай қазақ даласында орыс тілін оқыған көзі ашық сауаттылардың қатары толыға түсті деуге болады. Бұл кезеңдерде облыста әртүрлі үлгідегі 70 мектеп ашылды, Орынбор, Қазан,

Петербург, Мәскеу, Троицк және Красноуфимскідегі жоғары, орта және төмен оқу мекемелеріндегі қазақ балалаларына 50-ден астам стипендия тағайындалды [184, 13-13об.л.]. Бірақ мұның өзі де қазақ жастарының білімді болуына аздық етті, сондықтан қазақ қоғамы мектептердің көптеп ашылуына байланысты ұсыныстар беріп отырды. Себебі, не дегенмен деорыс тілін білетін, осы тілде білім алған адамдарға қызметке орналасуда да, болыс болуда да артықшылық беріліп отырды. Оны Торғай облысы әскери губернаторы циркулярының Торғай облысы уезд бастықтарына жазған хатынан байқауға болады. Онда былай делінген: «1. 1899 жылдан бері болыстық билеушілерді 3 жылдық қызметке бекітуде осы кезге дейін қолданылған тәртіп орыс тілін кім жақсы біледі, соған артықшылық беріледі. 2. келесі үш жылдыққа сайлауда орыс тілін білмейтін бәсекелеске қарағанда орыс тілінде білім алған адам аз дауыс жинаса да соған беріледі. 3.үшінші үш жылдыққа болыстық билеушігесайлауда тек оның еңбегі маған таныс болса, өкіметке әбден берілген, халыққа пайдасы тисесауатсыз болса да тағайындалады. 4. Төртінші үш жылдыққа сайланатын қазақ сауатсыз болса болыстық билеуші қызметіне жіберілмейді», – деп жазады [184, 13-13об.л.]. Бұдан шығатын қортынды үш жылдықтан төрт рет болыстық билеуші қызметіне сайлануға мүдделі адам, алдын ала болашағын ойлап, балаларын орыс мектептеріне беруге мүдделі болады. Сондықтан қазақтар болыс сайлауына адамдардың дауысын сатып алған шығыннан гөрі, жағдайы бар қазаққа мектеп ашып, оны күту тиімдірек болды.

Зерттеу барысында келтірілген мәліметтерге қарағанда XX ғасырдың басында, шынында да ауылдық жерлерде орыс тілін білмейтін болыстар кемде кем еді. Олардың барлығы, кем дегенде, 2-деңгейлі орыс-қазақ мектептерінің түлектері болды. Оларды атап айтатын болсақ, болыс билеушілерінің әулеттері: Кейкиндер (Бөрте болысында), Нысановтар (Бөрлі болысында), Беркімбаевтар (Аралтөбе болысында), Нұрмұхамедовтар (1-ші Бөрте болысында) қызмет етті. Ең беделді және танымал болыс билеушілерінің бірі Орынбор аймақтық әкімшілігі мектебін бітірген, 1866 жылы зауряд-хорунжий атағын алған Сейтбатал Нұрмұхамедов (1847-25-XI.1905) болды. Ол білімді қазақ болғандықтан, далада «Уақытша тәртіп ережесін» енгізу бойынша Комиссия жұмысына аудармашы ретінде қатысқан. С.Нұрмұхамедов Торғай облысының әскери губернаторы кезінде 3-ші дәрежелі хатшыдан арнайы тапсырмалар бойынша штаттан тыс кіші қызметкерге дейінгі қызмет сатысынан өтті. Үштік мерзімге ол Бөрте болыстығына сайланды (1890-1899 жж.) [185, л.1]. С.Нұрмұхамедов қазақтарды басқаруға қатысты мәселелерді талқылауға белсене қатысты. Сонымен бірге замандастары оның шешімдері тәуелсіз және салмақты екенін айтқан. Кәдімгі заң нормаларын, қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы жақсы білуі, оған, 1899 жылы Орынбор өлкелік сотында құрметті халықаралық судья болуына мүмкіндік берді [113]. Ол қызметі үшін Станислав, Анненская және Владимир лентасындағы күміс медальмен марапатталған, әулетімен құрметті азамат атағын алды [185, л.9]. Бұған қоса, С.Нұрмұхамедов өз ұлы Пангерейді Орынбордың ерлер гимназиясына берді. Кейінірек, Пангерей

Нұрмұхамедов, өзінің әкесі сияқты 1889-1903 жж. 1-Бөрте болысының болыс билеушісі болды [186, с.20].

Ал, Бөрте болысының болыс билеушісі Баядил Кейкиннің (1875-1877 жж.) білімі болған жоқ, бірақ 1875 жылы лауазымға сайланған әкімшілік жұмыста тәжірибесі болған себепті оны (1844-1856 жж.) дистанттық басшы, (1858-1868 жж.) Орта бөлім сұлтанының бас көмекшісі, 1880 жылдары Торғай аймағының әскери губернаторында арнайы тапсырмалар бойынша кіші директор болды. Көп жылдық қызметі үшін зауряд-жүздік болды, мәуітті шапанмен, күміс ожаумен, Анненская және Владимир лентасындағы күміс медальдармен және Александров лентасындағы алтын медалымен марапатталды. Он тоғызыншы ғасырдың соңына қарай, ол әулетімен құрметті азаматтың атына ұсынылған, Ақтөбе уезінің беделді қазақстандық шенеуніктерінің бірі болды [187, л.5]. Қазақ арасынан шыққан беделді болыстар лауазымды тұлғалар ретінде патша үкіметінің ресми іс-шараларына да қатысып отырған. Мәселен, 1912 жылы 30 мамырда Мәскеуде император III Александрдың ескерткішінің ашылуына қатысты ұйымдастырылған салтанатты жиынғаарнайы Торғай аймағының қазақстандық делегация құрамынан Бестамақ болысының билеушісі Ахмет-Керей Қосбаков қатысты[113].

Жоғарыда келтірілген деректерге қарағанда, қазақ даласында XIX ғ. екінші жартысынан 1870 жылдарға дейін көзі ашық, сауатты болыс билеушілері көп бола қойған жоқ. Болса да кадет корпустарын бітіргендер қазақ қоғамындағы барлық жұмыстарға (мұғалім, аудармашы, хат жазушы, болыс, старшын) тартылды. Олардың өзі қазақ арасындағы әртүрлі мәселелерді шешуге қатысуға жеткіліксіз еді. Осыған байланысты патша өкіметі қазақ балаларының сауатын ашуды да қолға алды. Оның үстіне тіл білмеушілік ел арасындағы мәселелерге қанық болып, оған араласуға да қиындық келтірді. Себебі, патша өкіметі жергілікті халықты емін еркін басқаруында болыстардың қолдауына сүйенді, ал ол үшін олардың орыс тілін білуі, іс қағаздарын жүргізе алу қабілетіне назар аударды.

4.2. Болыстық билеушілердің қызметіне қазақ халқының көзқарасы

Қазақ жеріндегі тарихи оқиғалар мен тарихи үдерістерді айтып, сипаттауда халық арасынан шыққан, қарапайым халықтың қажеттілігі мен сұранысын жоғарыда отырған билік өкілдеріне жеткізуде, қазақ ақындарының атқарған роліерекше болды. Себебі ақындар, XIX – XX ғғ. басындағы қазақ даласында болған барлық саяси, әлеуметтік және тарихи жағдайларды қарапайым халық тұрғысынан тарихи обьективтілікпен сыни көзқараспен қарап өз өлеңдерінде көрсетіп билікке жеткізді. 1824 жылы қазақ жерінде хандық билік түбегейлі жойылып, аға сұлтандық билеу тәртібі орнаған болса, 1868 жылы аға сұлтандық жойылып, уезд басшылар мен болыс билеушілердің бсқаруы арқылы жүзеге асырылған әкімшілік билік орнай бастады. Ресей империясының көздеген бір ғана мақсаты бар болатын, ол хандық билікті жойып, рулық билікті ыдыратып, қазақтың ұлттық дәстүрін халық санасынан жойып жіберу. Сол ойды жүзеге асыру үшін, әр руды бірнеше болысқа бөліп ел бірлігін бұзғысы келді. Бұл

жоспарды ұққан қазақтар қатты ашынып, ел арасынан шыққан ақындар осы ашынуды, іштегі мұң-зарды өздерінің жүректен шыққан шығармалары арқылы беріп отырды. Қазақ елінде болып жатқан барлық өзгерістерді ақындар өз туындылары арқылы көрсетуге тырысып, билікті сынға алып, түйгендерін жалпақ жұртқа жария етуге тырысып бақты. Қазақ тарихындағы бұл кезең зар заман ақындары шығармаларымен тұспа-тұс келген еді. Зар заман ақындарының алғашқы буыны сонау Абылай хан заманынан басталып, соңғы буыны Абай Құнанбаевқа келіп тірелгендігі белгілі. Болыс және болыстық басқару деген түсінік қазақ халқына теріс көзқарас тудырғанына бағамдайтын мәлімет, әдеби шығармаларда жазылған сыни шығармалардакөптеп көрініс тапты. Зар заман деп аталуының өзі де тегін емес еді, ол сол тарихтың көрінісі екенін айғақтаған. Сол зар заманды жырлап өткен Шортанбай Қанайұлы (1818 - 1881 жж.) Жамбыл облысында дүниеге келгенеді, сол шығармаларына арқау болған жылдарда өмір сүрген ақын, өзінің «Зар заман» толғауында:

Ағашты тауға үй салып,
Алды кәпір ақылдап,
Елді еркіне қоймады,
Буыршындай тақымдап.
Дәурен бексіп болыс тұр,
Кәпірдің сөзін мақұлдап... [188, 191б.].

Автордың осы бір шумағынан ақ көп нәрсені аңғаруға болады. Біріншіден, қазақтарда тұрақты баспаналардың салына бастағанын, екіншіден, болыс билеушілерінің орыс шенеуніктерінің ықпалынан аспайтындығын көруге болады. Сол сияқты, қазіргі Ақмола облысының Қызылту ауданында дүниеге келген Шөже Қаржаубайұлының (1808-1895 жж.) шығармаларынан бай-шонжарларды мақтап, мадақтаумен қатар парақорлық пен озбырлықты, әлдінің әлсізге тізе батыруы, т.с.с. келеңсіз көріністерді де көптің алдында кімді болса да қатты сынғаалып шенеп отырған. Мәселен, ол бір өлеңінде Мұса деген байдың болыс болып тұрғандағы тәкаппарлығы мен сараңдығын былайша сынайды:

Мен келдім сәлем бере Мұса мырза!
Көргендеақ жүзіңді көңілім ырза.
Шөже келсе басыңды көтермейсің,
Біз келген кісі жейтін қасқырмыз ба?
Бақ қонып, қыдыр дарып тұрса-дағы,
Істейтін тәкаппарлық бар мінезің ...
Қарынбай секілденіп көзің тоймай,
Көрмейсің мал мен бақты тұрған шалқып.
Бергеніне құдайдың риза болмай,
Барама бір жеріңді теңіз тартып, **[**189, 265б.**]** – деп, болыс болған байлардың сараңдығын әртүрлі сипаттамаларымен өте шебер көрсетеді. Ол бірін надан, нас, сараң десе, екіншісін өз дәулетінің қызығын көре алмай, қалтырап жүрген пайдакүнем дейді. Ал, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм ауданының Қожатоғай кеңшарында (бұрынғы Ақбұлақ болысы, Бадам жерінде)

дүниеге келген Мәделі Жүсіпқожа ұлы (1816-1888 жж.) болыс билеушілерінің атақ үшін мал шашып, сатып алатынын, яғни оған іскерлік қабілетімен халықтың қалауымен емес, қысқасы болыс сайлауларының әділ өтпейтіндігі, оны оған қалталылардың ғана қолы жететіндігі жөнінде мәліметтер береді.Мысалы, «Бір жан жоқ болыстыққа таласемес» атты өлеңінде:

Бір жан жоқ болыстыққа талас емес,
Бір-бірінен көңілі алас аемес.
Бәз болыстар қарызға батып жүрсің,
Бал деп ұрттап заһарды татып жүрсің.
Ақша шашқан адамдар болыс болып,
Бәрі де жайына жүрақылдының
Бұрыннан өткен істі қуғаным жоқ,
Болмас іске белімді буғаным жоқ.
Ақылға Апылатындай болсадағы,
Бұл күнде болыс болмас туғаны жоқ.
Оман аққан дарияның құруы жоқ,
Әділ төре билігін бұруы жоқ.
Тіріліп Наушаруан әділ келсе,
Бұл күнде болыс болмас ұруы жоқ.
Насыбайға жарымас шақшасы жоқ,
Қызға көпшік жараспас боқшасы жоқ.
ЫІбыратқа Үрістем Дастан болсаңдағы,
Бұл күнде болыс болмас ақшасы жоқ **[**189, 526 б.**]** – деп, осы өлең жолдары арқылы қазақ қоғамында болыстық билеушінің қызметіне сайлануда орын алатын парақорлық және рушылдық жөнінде мәліметтерді береді.

Сонымен бірге қазақ зиялыларының шығармаларында болыс билеушілерінің сараңдығы мен арамдығы да көрініс тауып жатады. Соның бірі Құлыншақ Кемелұлының өлеңдерінде бай, бек, болыс, датқа болған немесе мансапқұмар, дәулет құмарлар тобын сынап, солардың өзімшіл, құлқынқұмар мінездерін әжуалап көрсетеді. Мәселен, Оңдыбайға деген өлеңі елді билеп - төстеген болысты сынап, оның қонақтарға көрсетілген сараңдығын бетіне басады:

Болысеке, бұл өлең қайдан шықты,
Үйіңде бесінде ішкен шайдан шықты.
Сабадасапырулы қымыз тұрып,
Күбіден айнып кеткен айран шықты.
Қайыр-қош, болысеке, көргенімше,
Бұл қорлық естен кетпес өлгенімше.
Қос қосалғы арқалап құрыған жақсы,
Иткеартып, аттың басын жүргенімше [189, 590б.], – деп ақынның арнауы болыстың өзі жоқта үйіне түскен қонақтың құрмет көре алмай аттануына байланысты айтылған. Оңдыбай болыстың сараң әйеліне мін таққан ақын басқа біткен дәулетті дұрыс бағалай алмай, сараңдыққа салынып, керек жерде бере алмайтын пейілсіздік мінезді әшкерелейді. Сол сияқты, Дулат Бабатайұлы да

(1802-1871) болыстардың екі жүзділігін, Отанды қорғайтын бұрынғыдай батырлардың азаюын жырлап былай дейді:

«Кешегі бір заманда,
Қасиетті еді хан, қараң,
Қайран қазақ, қайтейін,
Мынау азған заманда
Қарасы антқор, ханы-арам!
Төсекте жатып керіліп,
Түзге отырса ерініп,
Алтын буған қойға ұқсап,
Мойнын ұсынып беріліп,
Қол созбайды азатқа!

немесе,

Би мен бектің сәні жоқ;
Елін қорғай алмаса,
Тура жолға салмаса,
Ыстығына күймесе,

Суығына тоңбаса, – деп жазады **[**190, 30,35,111 бб.**]**. Болыстың қызметі,олардың халықар асындағы бедел абыройы жөнінде өткір айтып, қалың жұртшылыққа ойын паш екен қазіргі Түркістан облысы, Сарыағаш ауданында 1835 жылы туылған Майлықожа Сұлтанқожаұлы еді.Ол өзінің туындыларында Қоқан хандығына қарсы тұра білген қазақ батырларының ерлігін, аштық жылдардағы қазақ шаруашылығының күйзелісін,елді билеген би-болыстардың елді қанаған мінездерін, махаббат бостандығын, жалпы адам мінездерін түзету, еңбекке, елге, жерге деген шексіз сүйіспеншілік, егіншілік кәсіпті жырлайды. Сол сияқты, XIX ғасырдың 60-жылдары Майлықожа Сыр бойынан Әулиеатаға келіп, Сыпатай батырасына қатысады. Осы жолда қонақ болып ауылдарына тоқтаған болыстарды мақтанышпен өлеңіне қосады:

Сырдан өттік бастан деп,
Хан Сыпатай асқан деп.
Сырдан арғы үш болыс,
Қасымбек, Иса, Тастанбек.
Онан шығып біз келдік,
Құлан, жылан тауына,
Түйелі болысы ауылына.
Алпысатқа жем берді,
Алты сойыс тең берді.
Алпыс адам қанған-ды,

Қант, науат, шайына [189, 600б.], – деп Сыр бойын мекендеген болыстардың қонақжайлылығын, кең пейіл дархандығы мен жомарттығын дәріптейді. Сонымен қатар болыстық билеушілердің де есімдері айтылады. Сондай ақ, Майлықожа өлеңдерінің біразы қазақтың би, болыстарын сынауға

арналады. Мысалы, «Ескі мырза, манаптар, бегі, салы» деген өлеңіндеел басқарушылардың ұрылар жұмсап, арамнан жеп, халықты аяусыз тонап жатқанын әшкерелейді:

Ұрыларға билер тұр: «берегөр» деп,
Тез мал тауып, ақдаладан «келе гөр» деп.
Биесойып, аузымды майға толтыр,
Мал иесін біздерге «қоя бер» деп.
Болмағанға болыстың поштасы жүр,
Шаршатпаққа жол-жолда тоспасы тұр.
Ұрлық қылған жігіттер тау түлкісі
Болыспенен мал беріп, достасып жүр...
Билер түндесөйлессе бір ұрыға,
Жолыққандай болады қыдырына.
Мал иесі дау даулар билер үшін,
Алған пұлы жетпейді шығынына[189, 605].

Болыс, билердің өз құлқындарынан басқа ойы болмай, халықты аяусыз қанап, ел іреңін алып жатқанын, қара істі – ақ, адал істі – қара етіп, параға батып, жүргендерін батыл сынайды. Дәл осындай болыстық билеушілерді сынаған ақынның келесі өлеңінде де, берекесіздікке бой алдырып, пайдалы істен аулақтап жатқан елге жаны ашиды. Елді жоғын жоқтап, түзеп, халыққа пайдасын тигізіп, халық қамын ойлап, әділ басшылық етеме деген болыстар өз құлқынынан өзгені ойламай, қалтасын ойлап, шен-шекпен, мансап құмарлықпен айналысып жатыр деп, көшпелі қазақ қоғамындағы тәртіпсіздіктерді мына өлеңінде әшкерелейді:

Әкімі жүр ұрыны тыямын деп,
Тіл алмаса желкесін қиямын деп.
Би мен болыс басының пайдасында,
Парасын ап дүниені жиямын деп.
Шен – шекпенді – қалың ну, тоғай боп жүр,
Оған жақсаң, жұмысың оңай боп жүр.
Осы әдетте қалмасаел ішінен,
Енді заман не болар бұл күйінде?![189, 610б.], – деп, ресейлік әкімшілік тарапынан марапатталғандар мен шенеуніктердің көбейіп кеткендігін айта келе, заманның тұйыққа тірелген ауыр халін баяндайды.

Мұнан басқа, қазіргі Алматы облысы, Текелі жерінде дүниеге келген мықты ақындардың бірі Бақтыбай Жолбарысұлы (1842- 1902жж.) да өзінің «Аман болысқа» деген өлеңінде былай дейді:

Баласы Жөңке байдың Аман болыс,
Шаңғарақ арасы сай саған қоныс.
Аруағы Есекемнің сенде дейді,
Тыманшы десе – дағы маған, болыс.
Лайық Амандікі емес пе деп,
Айтыпты күшіктегі Адам болыс.
Жалайыр Дүнгенеге топ құрғанда,

Сыртыңнан әңгіме ғып тәмам болыс.
Өз елін жаудан бетер тоздырады.
Орнына ел жинаудың жаман болыс.
Мансаб кетпейтіндей көрінеді,
Сайланған ел жемеккеарам болыс.
Атадан шын туған ұл елін қорғамақ,

Ел үшін басын берер адал болыс [189, 657б.], – деп XIX ғасырдың екінші жартысында Жетісу аймағында өмір сүрген Аман болыс жөнінде мәлімет келтіреді. Болыстың орналасқан жерін, болыстық билеушінің шығу тегін, қандай рулардан құралғандығын және Аман болыстың ел алдында озбырлығын батыл сипаттайды. Ақын өзінің тағы бір өлеңін «Қареке болысқа» деген болыстық билеушігеарнайды. Өлең жолдары былайша жазылады:

Ей, Қареке болысым,
Туысым бір қонысым.
Теңдігімді алып бер,
Түсіп тұрсаған зор ісім.
Әділетпен шешпесең,
Халықтың бір сорысың.
Түйінін дәлдей шешсеңіз,
Ақиқаттың жолысың.
Тыңдамасаң сөзімді,
Алып берерорысым.
Саған айтып кетуге,
Келіп едім сол үшін.
Осындайда бермесең,
Бересің қашан қол ұшын? [189, 659б.], – деп Қареке болыстан көмек сұрап келеді. Бұл жерден болыстық билеушілердің елге ықпалының мықты екендігін, ел арсындағы көптеген мәселелердің шешуі осы болыстардың қолында екендігін аңғартады.

Сол сияқты, XIX ғасырдың белді ақындарының бірі, қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау ауылында дүниеге келген Мұрат Мөңкеұлының да (1843-1906 жж.) көптеген өлеңдер жинағы осы болыстық билеушілерге арналған. Олардың қатарында: «Айжарыққа», «Есенғали болысқа», «Есентемір Тұрабай болысқа», «Қарақожа болысқа» деген өлеңдері бар. Өлеңдерде көбіне қазақ еліндегі болыстық билікке, патшалық Ресей билігінің сайлау жүйесіне енгізілген өзгерістеріне наразылығы айқын көрініс табады. Мысалы, «Есенғали болысқа» өлеңінде:

Есенғали болыстың,
Арғы атасы Әліқұл...
Тұқымының бәрі құл,
Ұяты кеткен кәрі құл...
Екін (рет) болыс қоймаңыз,
Базарына Хиуаның

Тек бес мәнетке сатылған – деп жазған өлең жолдарында Есенғали болыстың тексіз, сараң, өзімшіл, елге, жоқ-жітікке қайыры аз адам екендігін көрсетеді. Ал, Тұрабай болыс жөнінде, елді әділдікпен билеп, халық мұңын көздеу емес, жеке басының қамы деп батыл әшкерелейді. Ол өлеңінде:

Талабы Тұрабайдың келіспеген,
Халық тату болар ма, керіспенен.
Ел бұзу Тұрабайға ұят болды,
Секілді қара төбет жер иіскеген [189, 682-683 бб.], – деп өз заманында болыстық билеушілер мен оның маңайындағылардан халықтың өзбырлық көріп, әділетсіз басқаруының куәсі болғандығын ашына айтады.

XIX ғасырда Қазақ жеріндегі басқарушы билік өкілдерін, болыстық билеушілерді өз өлеңдеріне ақындар ғана емес, елді өзіне қарата білген сал серілерде қосатын болған. Атап айтқанда, қазіргі Ақмола облысы Еңбекшілер ауданында дүниеге келген Біржан Қожағұлұлы (1834-1897жж.). Болыс әкімшілігінің қызметкерінен жәбір көрген Біржан сал «Жанботаға» атты арнауында:

Жанбота, өзің болыс, әкең-Қарпық,
Ішіндесегіз болыс шенің артық.
Өзіңдей Азынабайдың поштабайы,
Қолымнан дамбырамды алды тартып.
Тартса да домбырамды бергенім жоқ,
Есерді поштабайдай көргенім жоқ.
Қамшымен топ ішінде ұрып еді,
Намыстан уа, дариға, өлгенім жоқ.
Жанбота, жоқтамадың кетті кегім...[189,707б.], – деп, өлең жолдарын арнайды. Біржан сал жас шағында өзін еркін ұстап, ешкімнен именбей, елдің еркесі болып өскен еді. Болыстық билеушінің айналасындағы жігіттерден таяқ жеп қысым көргендігін, ақысының кетіп бара жатқандығын туысы Жанбота болысқа жеткізеді.

Сондай ақ, қазіргі Ақмола облысы, Үлкен Қоскөлдің маңында дүниеге келген Ақан сері, Ақжігіт Қорамсаұлы да (1843 – 1913 жж.) қазақ даласындағы болыстық билеушілер қызметіне наразылығын өзінің мынадай өлең жолдармен білдіреді:

Болғанда мұндай күйде заманымыз,
Жай жатып сахарада қамаламыз.
Болыс, би ет пен шайға мәз болуда
Қайткенде тура жолды табааламыз... [189, 754б.], – деп, ел тізгінін ұстаған болыстар мен билердің екі жүзділігін, қорқаулығын, жағымпаздығын сынға алады. Ақынның «Парашыл уезд басшысыной», «Шалабай болысқа», «Бір болысқа» т.б. өлеңдерінде қазақ арасындағы отаршылар орнатқан болыстық билікті сынауға арнайды. Олардың болыстық сайлау тұсындағы келеңсіз әрекеттері, партия күрестері, пара алып баю жолдары әшкереленеді. Болыстардың империяның мүддесіне жұмыс істеуі, қараулық іс-әрекеттері, екіжүзділікті, қорқаулық жалтақ мінездері, қулық-сұмдықтары талдау арқылы

сипатталады. Ал, осы жағдайды пайдаланған уезд басшысылары екі жақты бірдей шығынға ұшыратады, яғни параны қай жақ көп берсе соны қолдап отырған.

Болыстық билеушілердің бейнесін айқын көрсете алған Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарақастек ауылында дүниеге келген Сүйінбай Аронұлы (1815 – 1898) жж. болды. Оның өзі деел басқару ісіне араласқан. Мәселен, 1871 жылы Ұзынағаш болыстығына сайлау барысында болыс басшылығына, ауыл билігі мен би қызметіне өзін ұсынып, одан кейін де бірнеше рет би қызметіне таласқа түсіп, сайлауда жеңген. Тарихи материалдарға көз жүгіртіп, деректерді негізгеалып қарайтын болсақ, Сүйінбай Аронұлының замандастары билектен алшақ емеседі. Иса болыс, Ноғайбай болыс, Бәзіл болыс, Құтан болыс, Шынасыл болыс, Саржан болыс, Ысмайыл болыс, Жайнақ би, Сарыбай билер болған. Сүйінбай ақын өзінің «Болыстарға баға» өлеңінде:

Болысың - Тілеуберді ана отырған,
Халқыңа оның өзі емес дұрыс.
Ақылсыз жігіт екен тыртаңдаған,
Бұл заманның болысы күй таңдаған.
Жек көргенін халық та сыйламайды
Пәлекөр, ұры-қары келдің қайдан?
Әбілез, ұлы жүздің төресі едің,
Қарасам сендердің кең өңештерің.
Жақының - Байұзақты мақтасаң да,
Тұңғұйық қарасудың кемесі едің.

Жаныста әзіз Төле әділ болған...[191, 48б.], – деп, болыстыққа сайланған азаматтардың бейнесін жасап, іс-әрекеттерін сынға алып, олардың арасында жеке-жеке суреттеп бейнелеп беріп отырады. Өлең жолдары арқылы, олардың тарихи портретін жасап, қарапайым бұқара мен болыстың қарым-қатынасын айтып, мансап бен билік жолында бірін құрбан ететін болыстардың өр көкірек, таяз ойлайтын ақылы аз мінездерін жасырмай ашық айтып сынға алып отырды. Сондай-ақ, ел басқараып, тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс болыстар мен олардың маңайындағы азаматтардың ұрлық жасап, халықты тонап жемқорлық әрекетін жасап жүргенін де бүкпесіз ашық айтып жүрді.

Билікте отырған болыстардың түр-тұлғсына, мінез-құлқына терең тоқталып, олардың бейнесін барлық жағынан аша білген, әрине, қазақтың біртуар ақыны, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлы еді. Абайдың 1889 жылы жазған «Болыс болдым, мінеки» атты шығармасы сол заманның ел басқару ісіндегі «болыс» сөзінің мән-мағынасын ашық көрсетіп, болыстардың ішкі ой түйсігіне дейін баға береді. Абай бұл өлеңінде жиған-терген малын шашып, болыстыққа жеткен адамның әлеуметтік-психологиялық портретін жасайды. Ұлы ақынның шығармаларына талдау жасай білген Ә.Жиреншин: «Өлеңнің мағыналық құрылымында айтылатын үш тұлға бар. Олар:а) болыс ә)уезд басшысы б) ел. Бұл үшеуінің бастысы – болыс. Шығарманың бірінші бөлігіндеенді ғана болыс болып сайланған адамның болыстық мансапқа жету жолы мен көңіл-күйі көрсетіледі. Бар малын шашып,

шығынға батса да, оның бар тілегі болыс болып, билікке қол жеткізу. Бірақ, болыстыққа қолы жетсе де, оның көңілі орнықпай, өзінен күштілерге басын иіп, әлсіздерге ыңғай бермей, қырын қарап жүреді. Сыртқы жұртқасыр берместен, сырбаз жүрсе де, съезд бар деген хабарды құлағы шалған беттен, жүрегі суылдап, мазасы қаша бастайды. Өйткені съезд болса, елг еуезд басшысы келеді. Елге уезд басшысы келсе, болыстан тыныштық кетіп, үй тігу, сый-сияпат жасау бағып-күту – бәрі де болыстың не өзі жасайтын, не елге жасататын ісі; егеруезд басшысыға не ісі, не өзі ұнамай қалса, онда болыстықтан түсіп қалуы да қиын емес. Өлеңнің екінші мағыналық бөлігінде болыстың съезд үстіндегі іс-әрекеттері мен ой-толғаныстары баяндалады. Уезд басшысыбен оңаша қалған болыселін мақтарғасөз таппай, ықылас танытпай, елдің ел болып отырғаны өзінің, қала берді – уезд басшысыдың арқасы екендігі туралы ойды шиырлай беретін болса, елімен, жұртымен бетпе-бет келгенде, уезд басшысыға өзі сенімді, сөзі өтімді кісімсіп, ел мүддесін қорғай жүрген адамға ұқсап маңызданып, сыртқы жүнін қампитып шыға келеді. Алайда съезд үстінде болыс та, уезд басшысы да ел ішіндегі талас - тартыстардың бірқатарын халықтың, халық билерінің қатал талабы бойынша әділ шешуге мәжбүр болады; оның нәтижесінде болыстың өз малым, өз мүлкім деп иеленіп қалған мал-мүлік иелеріне қайтарылып беріледі. Өлеңнің келесі мағыналық бөлігінде болыстың съезд бітіп, уезд басшысы кеткеннен кейінгі хәлі бейнеленеді. Әуелден артының қуыстығын білген болыссъезд бітсе де, елінің ұрысы мен қарысын тиып, телі мен тентегін жөнгесаларлық ірі іске бараалмайды. Ел алдындауезд басшысы барда жасаған қылығын уезд басшысы кеткеннен соң жасай алмай, кәкір-шүкір,көр-жерді пайда керіп қала береді, келесі сайлауда бүл күніне де зар болып қалардай қиналады. Ақын болыстың өз күйін өзіне баяндатып қана қоймайды, оның ел туралы ойларын дааша түседі. Болыс өзі билеп отырған еліне көңілі толмайтынын айтудан да тайынбайды. Табанынан тозып, жүгіріп жүруі, ел ішіндегі істергеуезд басшысыдың разы болмай, шартылдап ашу білдіріп жатуы - бәрі де, оның ойынша, елінің бұзықтығынан. «Қайтіп көмек болады, Антұрған өңкей ұры-қары?» – деп күйіне отырып, болыс өзінің бұл елді ұстарлық кісі еместігін деайтып салады, өзін бұл азапты, рақатсыз істен құтқарушы іздейді. Сөйтіп ақын ел басқарған кісінің ісі мен ойының барша маңызы мен мәнін толық ашып береді», – деп көрсетеді» [192, 133б.]. Ақын сол замандағы адамдардың құбылмалы өмірін суреттеп, өтпелі кезеңнің шындығын паш етеді. Абай Құнанбайұлының болыстардың болмысын ашатын тағы бір шығармасы – «Мәз болады болысың» деп аталады.

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға,
Шелтірейтіп орысың,
Шенді шекпен жапқанға.
Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?!

Күлмең қағып қасқайып,
Салынып ап мақтанға,
Таңқаламын, қампайып
Жоқты-барды шатқанға,[192, 134б.], – деп жырлайды. Бұл өлеңде де болыс болу үшін малын сатып, ар-ұятын сататындардың халыққа ешқандай пайдасы тимейтіндігін айтады. «Ақын болыстың қолымен жасаған нақты ісін ғана емес, сонымен қатар оның көп сырын бүгіп, бүркіп жатқан ішін де ашып керсете отырып, адам мінезін ашудың ұтқыр да, ұтымды тәсілін шебер пайдаланып, болыстық билеушінің бейнесін анық көрсете біледі:

Болыс болдым мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап.
Сөйтсе - дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Съезд бар десе жүрегім
Орнықпайды суылдап.
Сыртқыларғасыр бермей,
Құр күлемін жымыңдап.
Жай жүргенде бір күні,
Атшабар келді лепілдеп:
«Уезд басшысы шықты, съезд бар»,
«Ылау» деп, «үй» деп дікілдеп.
Сасып қалдым, күн тығыз,
Жүрек кетті дүпілдеп [192, 134б.], – деген өлең жолдарынан XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басында Қазақ даласындағы болыстық билеуші қызметінің мән-мағынасын көруге болады. Болыстың жаман қылықтарын көрсетеотырып, ойлы жанға болыстан да, оның ықпалынан да алыс болуға кеңес береді. *«Миың болса, жолама, Бос желігіп шапқанға»* дей келіп, өзіне-өзі мәз болып, өз буына өзі піскен надан болыстың өзге түгіл, өзінің табан жолына да жарығын түсіреалмайтын қараңғылығына, оның ісінде, өзініңде баянсыз, опасыздығына білім нұры, ғылым жарығы қарама-қарсы қойылады» [192, 128-131.бб.].

Абай Құнанбайұлы өзінің шығарған өлеңдерінде ғана емес, өзінің пәлсапалық шығармаларында, 1891 жылы жазылған кара сөздерінде де болыстық басқарудың ұнамсыз жағын атап өтеді. Үшінші қара сөзде: «...Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және деептеп мал жиюға күшім жетімді болсын деп, қызметке болыстық, билікке таластық. Сонан соң не момынның баласы бөтен жаққа шығып, еңбек қылып, мал іздемейді, егін, сауданың керегі жоқ болады. Өз басын өзі осындай таласпенен кісі көбейтеміз

деп партия жиғандардың бүгін біреуіне, ертең біреуіне кезекпен сатады да жүреді. Ұрылар тыйылмайды. Ел тыныш болса, оның ұрлығын ешкім сүймеседі. Ел екі жар болған соң, кім ант ішіп ақтап, арамдығын жақтап, сүйеймін десе, соған жақ болып сүйеніп, бұрынғыдан ұрлығын әлденеше есе асырады. Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік «шапты, талады» деген әртүрлі қылмысты іс көрсетіп, арыз береді. Оған дознание - тергеу шығарады. Өтірік көрмегенін көрдім деуші куәлар да әлдеқашан дайындап қойылған, бағанағы жақсы адам сайлауға өтпеуі үшін. Ол адам басын құтқармақ үшін жамандарға жалынса, оның да адамдығының кеткені, егер жалынбаса, тергеулі, сотты адам болып, ешбір қызметке жарамай, басы қатерге түсіп өткені. Ол болыс болғандар өзі қулық, арамдықпенен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер қас болса, бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келеді деп. Осы күнде қазақ ішінде «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: «ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісіңнің амалшы, айлалылығынан жетерсің» деген сөз. Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па?» деп елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпенен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді. Енді несі қалды? Осы қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң, менің ойыма келеді: Халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадірлі орысша білім алған кісі болсын. Егер де орталарында ондай кісісі жоқ болса, яки бар болса да сайламаса, уездный бастық пен әскери губернатордың тағайындауымен болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болареді. Оның себебі: әуелі – қызмет құмар қазақ балаларына білім беруге ол да – пайдалы іс, екінші – тағайындаумен болған болыстар халыққа міндетті болмас еді, ұлықтарға міндетті болареді. Уәжәне тағайындау қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса, өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлки жоғалар еді. Уә және әрбір болыс елде старшина басы бір би сайланғандық, бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінді. Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді...» [192, 440-442 бб.], – деп, қазақ азаматтарының мәнсапқа, билікке, және лауазым алуға қандай оймен барып, сайлауға түсуге өтініш білдіретінін ашық еш бүкпесіз айтады. [192, 446 б.] Болыстық билеуші қызметіне барғандардың барлығының кәсіби деңгейге сай келмейтіндігін айтып, бұқара халық арасында билікке талас барысында бір-бірінің үстінен жазылатын домалақ арыздардың шығу себебін түсіндіреді және сайлау механизміне өзгерістеренгізу жөнінде өзінің нақты ұсыныстарын айта біледі. Сонымен қатар Абай 1894 жылы жазылған жиырма екінші қара сөзінде де мынадай өзекті мәселені көтереді: «...Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ», – [193, 128-132 бб.]деп, Абай Құнанбайұлы өз басынан өткен жағдайларды жәнесол кезеңде бастан өткен сезімдерін айту арқылы халық санасына терең ойсалады. Абай өзінің басқа да, 1891 жылы жазылған сегізінші

қара сөзі және 1896 жылы жазылған отыз жетінші қара сөздерінде де болыстық билеуші қызметі жөнінде айтылады.

Жетісу аймағында болыстық билеушілерді өз өлеңдеріне қосқан келесі ақын Жамбыл Жабаев. Жамбылдың «Мөңке туралы», «Шалтабайға», «Қалиға» атты арнау шығармаларында елді билеген, басқарған төрелер мен болыстардың тарихи бейнесін ашып көрсетеді. Жамбыл Жабаев «Шалтабайға» атты шығармасында:

Салқын келіп тоң- торыс,
Сыртқасыздап қарайсың.
Сенен басқа жоқ болыс,

Деп өзіңді санайсың, [194, 178б.], – деген өлең жолдарынан болыстың портреті мен ішкі жан-дүниесін көруге болады. Ақынның «Мөңке туралы» арнау өлеңі өзі куә болған оқиға желісі негізінде құрылыпты. Жамбыл ақынның бір жылдары тұлпарын ұрлап кетеді. Ұрылардың кім екеніне көзі жеткен Жамбыл сол кезеңде елді басқарған Мөңкеге арызданыпты. [193, 182б.]. Оның сөзі жерде қалып, ұрылар жазаланбайды. Мұның себебі қазақ қоғамында кең таралған жемқорлық екендігін білген Жамбыл қатты ашуланып, ашуын өлең жолдары арқылы жеткізеді.

Жаңғойлық болысы пысық келеді.
Мұрындары пұшық келеді.
Екі арадан ептеп жерінде,
Көздерін қысып келеді.
Сөздерін ұзарта келеді.
Өңешін қызарта келеді»..., – деп жазады [195, 69б.].

Абай Құнанбайұлының тікелей шәкірті Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Нармамбет ауылының тумасы Нарманбет Орманбетұлы (1859 – 1918жж.) патша өкіметінің жүргізген саясатына қолдау білдіре отырып, елді қанап жүрген болыстар жайында жазған шығармасынан, жанының қатты күйзелгенін байқауға болады:

Аждаһаның аузында,
Айырылып қалдық қоныстан.
Бекіліп мизам шықпай тұр,
Әлі бізге Орыстан.
Әділеттік азайды-
Би, старшын болыстан.
Ел ішінде азғында,
Төр тимеген құзғындар,

Партия жасап жұлысқан» [196, 98б.], – деп, орыс билігін қолдап, партияға жағып, ел бірлігіне іріткі салып жүрген лауазым мен шен құмар болыстарды сынап, шығарма жазып оны жарыққа шығарады. Мұндай шығармалар, билікті сынап жазу және келеке ету, бар жағдайды сол күйінде баяндап Нарманбет шығармаларында жиі кездесетін еді.

Болыстардың қазақ халқына көрсеткен озбырлық іс-әрекеті ақындардан бөлек жазушылардың еңбектерінде де жарық көрді. Мысалы, Мұхтар

Омарханұлы Әуезовтің «Қараш-қараш» повесіндегі басты кейіпкердің басынан кешкен ауыр, қиын қасіретке толы тағдыры, ақырында Жарасбай болысты Қараш асуында өлімге әкелгенін, ол болыстың әрекетінен басты кейіпкер Бақтығұл ғана емес, Тектіғұлдан азап шеккені айтылады. Тектінің ұрпағы, қиянатқа жаны қарсы, кедей болса да намысқой Бақтығұлдың ұзақ жылдар бойы ішінде сақтап келген ыза мен кектің іштен шыққан кезі еді. Бақтығұлдың ұрпағы Сейіт бұл жағдайға куәгер болып, оның да ішкі жан дүниесінде әкенің қаны арқылы берілетін ұлттық намыс пен сана оянады. Осы жерде рух салтанат құрып, қазақтың мінезі суреттеледі» [197,6б.]. Бақтығұл дегеніміз қазақтың ардақты ұлы Тұрар Рысқұловтың әкесі Рысқұл Жылқайдароведі, ал бала Сейіт дегеніміз Тұрар Рысқұловтың өзі еді. Жан дүниені жегідей жеп бара жатқан күйік пен ызадан қан жұтқан, өмірінің бәрін тас-талқанын шығарып ойран еткен бай-болыстарға қарсы тұра алмай ақыры Қараш тауының қасында өлім құшқан Жарасбай болыс шын өмірде елді қанап, қара халықтың қарғысын арқалаған болыс Саймасай Үшкемпіров болғанеді. «Қараш-қараш» повесінде Тектіғұл деп көрсеткен ағасы Бердіқұлды Дауылбай болыс тепкінің астынаалып өлтірген болатын. Ызаға әбден булыққан Рысқұл, осы оқиғадан кейін, 1885 жылы Майлыкент болысынан Талғарға көшіп кетеді. Ақырында, Талғарда елге көрсетіп отырған корлыққа шыдамаған ол болысты атып өлтіріп, Верный қласының түрмесіне, содан кейін Сібірге жер аударылған еді [197,167б.].

Қазақ жерінде елді басқарған қазақтан шыққан болыс билеушілерінің барлығы дерлік біз айтып өткен жағымсыз қасиеттерге ие, халықтан көрі қара басының мүддесін жоғары қоятын адамдар деп айтуға болмайды. Мысалы, «Күлтай болыс» атты Бейімбет Майлиннің әңгімесінде бұрын үй шаруасында болған, билікті және болыстықты еш уақытта ойламаған Күлтайдың болыс болып сайлануы, оның алғашқыда тартыншықтап өзіне сенімді болсай, кейін келе кез-келген мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарап, елигілігі үшін әділ басшы бола білгені жайлы айтылады. Бұның өзі жазушының болысқаберген оң бағасы еді. Елді басқарып, биліктің тізгінін ұстаған болыстардың барлығы дерлік өз қамын ойламаған, халық қамын ойлап, ел ішіндегі алауыздықты жою үшін еңбек еткендері де болғанын жазушылар шығармаларынан аңғаруға болады.

Қазақ даласындаелдің сеніміне ие болып, халыққа жақын болған болыстар жайында Ақылбек Шаяхмет «Тақыр жерге шөп шықпайды» деген мақаласында Бекмұхамбет Қарпықов (Торғай өңірінің болысы) жөнінде былай дейді: «Бекмұхамбет Қарпықов Шұбар болысының болыстығы қызметіне 1869 жылы кіріскен. Торғай өңірінің әскери губернаторының штаттан тыс кіші шенеунігі ретінде қызмет атқарып, Ресей билігі тарапынан үш алтын, төрт күміс төсбелгі, алтын сағат және т.б. сый-құрметке ие болған екен. Оқу орындары мен кітапханаларға қайырымдылық көмек көрсетіп жүрген. 1880 жылы соғыста жараланған адамдарға көмек көрсеткені үшін Қызыл крест белгісімен марапатталған. Ресейде аштықтан зардап шеккен шаруаларға мал жинау жұмыстарына белсенді қатысқан. Өзінің мінсіз еңбегі арқасында 1899 жылы ол Қостанай уезі бойынша құрметті мировой судья болып тағайындалды. 1902 жылы денсаулық жағдайына байланысты өз еркімен отставкаға шыққан», - деп,

тарихи деректерді де тізіп береді [198, 7б.]. Бұдан бөлек, Қостанай өңірінің Түйемойнақ жерінде өмір сүрген Бейбіт ақынның:

“Болмады бұрынғыдай заманамыз,
Құлады не бір мықты бағанамыз.
Алдымда сүйенерге адамым жоқ,
Осыны ойлаймыз да қамаламыз”, – дейді.
“Шұбардан көшуші едік шыға жайлап,
Әдетте қонушы едік бие байлап”, – деп өткен күнін аңсаса,
«Наурызбай, Бекмұхамбет қайда кетті?
Сабаздар бұлбұлдай-ақ сайрап өтті” [198, 7б.], – деп көшбасшы болған ел ағасын сағынышпен еске алған өлең жолдарынан үзінді жариялаған.

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы қазіргі Тұрмағамбет ауылында дүниеге келген Тұрмағамбет Ізтілеуұлы да (1882 – 1939 жж.) Қуаңдария болысының Көшекке айтқаны» деген өлеңінде:

Жүрмісің сау саламат, інім Көшек,
Ередің ел билеген, ермей өсек.
Тапсырған жұмысыңды жөндеместен,
Жоқ болды Өміруақ деген есек.
Өзіңмен ойласуға келе жатырмын,
Болады бұл туралы қалай десек?[199,45б.], – деп, Қуаңдария болысының билеушісі Көшекке, өзінің жақындығын шығармасы арқылы жеткізе отырып, болыс айтқан тапсырмасын қарамағындағылар орындамай қойғанын айтып, өз шағымын жеткізеді. Бұдан көріп отырғанымыз Ақын мен болыстық билеуші арасында тығыз байланыстың болғандығы.

Дегенмен де жоғарыда келтірілген қазақтың ақын, жазушыларының еңбегінде, жалпы қазақтың түсінігінде «болыс» жағымсыз образ ретінде қалыптасып кеткені белгілі. Бұл жерде, орыстың орталау саясатының әсерін көрген қара халық ата-бабасынан бері келе жатқан жерінен айрылып, рулық ыдырап, халықтан салық жиналып, уез бен болыстыққа бөлініп, оның территориясы белгіленіп аз уақытта көптеген өзгерісті бастан өткенген қазақ қоғамына болыстық билікті бірден дұрыс қабылдау оңай болмады. Ресей империясы халықты әбден зерттеп, ішінара тек қана қара басын ойлаған атқамінер азаматтардан болыс басшысын жасау арқылы алауыздық тудыруды көздеді. «Іштен шыққан жау жаман» демекші, қазақты қазаққа қарсы қоя отырып, қазақ еліне орыстандыру саясатын жүргізуді мақсат етті. Тарихи деректерде қазақ даласында қазақтың берекесін алып, қара басының мүддесі үшін ресей үкіметінің барлық талап-тілектерін орындап, айдағанға көніп өз халқын өзі зар жылатқан болыстардың көп болғанын ақын-жазушылардың шығармасынан байқауға болады. Десе де, ел тарихында озбыр болыстармен қатар, қара халықтың қамын ойлаған, елдің бірлігін көздеген болыстардың да болғаны хақ.

4.3. 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі болыстық билеушілердің рөлі

Болыс билеушілері қазақ даласындағы саяси оқиғаларға да белсенеараласты. Біз, бұл тараушадасол оқиғалардың ішіндегі ұлт-азаттық қозғалыс - 1916 ж. көтерілістегі болыс билеушілерінің ролін көрсетеміз.

1916 жылы 25 маусымда император II Николай «Империяға қарасты елдердегі өзге ұлт өкілдерінің 19-бен 43 жасаралығындағы ер азаматтарын әскер аумағында қорғаныс құрылыстары мен әскери хабарламалар құру жұмыстарына және де басқа мемлекетті қорғауға қажетті жұмыстарға тарту туралы» аса маңызды жарлыққа қол қойғандығы белгілі. 27 маусым, 1916 жылы жарлықтан кейін «Әскердің алдыңғы шебінде реквизицияланған тәртіппен құрылыс жұмыстарына өзге ұлт өкілдерін тарту туралы» Ішкі Істер Министрлігінің жазбаша өкімі шығып, 1916 жылғы 29 маусымдаотарелдердегі барлық халықты жұмылдыруды бастады. Аймақтарға Жарлық кеңінен жарияланды. 1916 жылдың 25 маусымындағы империяның бұратана халықтарды тыл жұмыстарына тарту туралы Жарлығына барлық болыс билеушілері жарыса атсалысты. Жарлықтың мазмұны аймақтарда ұйымдастырылған съездерде толық айтылып, қазақ даласының барлық территориясында осындай болыстық съездер өтті. Болыстар съезінде болыс халқының бағыты айшықталып, қалыптасқан дәстүрге сай болыстық билеушілер және бұрын болыс болғандар арасынан басшылар тағайындалды. Бірінші жиналыс – 1916 жылы шілденің басында Жетісу өңірінде болды [200, 22б.], Атап айтсақ: Ұзынағаш болысында, Верный уезі Үлкенсаз жерінде (8 болыстықта – Күрті, Ұзынағаш, Қарғалы, Бидайлы, Ботпай, Шығыс-Қастек және Батыс –Қастек, Тайтөре болыстарында) өтті [202, с.-33-34, 122.], Қарғалы болысындағы таудағы жайлауда[201, с.71], Үшқоңырда (Жайылмас, Шамалған және Шапырашты болыстарында) [200, 24б.].Бұл бас қосуларда қабылданған шешімдер мыналар: қазақ жігіттерін тыл жұмыстарына жібермеу, оның орнын ақшамен толтыру, қазақ халқын тыл еңбегінен мүлдем босату туралы жоғарғы лауазымдарға өтініш жіберу, егерде қазақтарды шақырған жағдайда орыс ауылдарына шабуыл жасау, 1916 жылғы 25 маусымда патшаның өкіміне бағыну және ауылдардағы «тәртіпсіздіктерге» жол бермеу .

Шілде айының ортасынан бастап осы жиналыстарға Ресей әкімшілігінен уезд басшылары және өлкелік губернаторлар қатыса бастады. Мысалы, 14 шілде күні Қарқаралы жеріне Ф.Ф. Чернецов (Семей облысының әскери губернаторы), болыс билеушілеріне 1916 жылғы 25 маусымдағы [203, 40б.]. Жарлықты түсіндіру мақсатында келіп, 1916 жылғы 17 шілдеде Ақтөбеде уезд басшысы Мясищев жергілікті басқару өкілдерін жинады, осы кездесуге Орынбордың әскери губернаторы С.М.Обухов қатысты [204, с.11]. Шілдеайының екінші жартысында осы съездерде қарулы жасақтар құрыла бастайды. Қорғалжын көлінің маңында Ақмола уезінің 8 болысы: Қорғалжын, Көң - Қорғалжын, Саналы- Қорғалжын, Жақсыкөң, Сарыөзен және Аққұм-Нұра, Нұра және Құлан-Өтпес-Нұра болыстарынан адамдар жиналып қаруланды, оларға Ақмола аумағының Атбасар уезінің шығыс бөлігінен 5 болыс қосылды [205, с.518], – Ақмола уезінің басшысы А.С. Веретенниковтың Ақмола аумағының әскери

губернаторы П. Н. Масальскоға 1916 жылғы 27 шілдедегі көтеріліс барысындағы баянатынан алынған. Осы уездің басқа бөліктерінде қазақтар екі-үш немесе одан да көп болыстарда бір жерде шоғырланды. Семей облысының Қарқаралы уезінің оңтүстігіндегі 24 болыстарының барлығы Сары-Су [205, с.519.] өзеніне топтастырылды. Тамыз айының басында Қарқаралы (Семей облысы) және Ақмола (Ақмола облысы) болыстары бөлігінде реквизиттерге бағынбауға, аяғына дейін қарсыласуға шешім қабылдаған съезд болып өтті. Осындай съездер тамыз айында Ақмолаоблысының Омбы уезінде, Семей облысының Павлодар уезінде өтті.

Дала өлкесінің генерал губернаторы Н. А. Сухомлинов 1916 жылдың 26 тамызындағы ішкі істер Министрлігіне жолданған өзінің жеделхатында Семей облысына қарасты Зайсан, Павлодар және Қарқаралы уездерінің болыстарындағы көтеріліс барысы туралы дәл осылай сипаттады [205, с.558.] 1916 жылдың 1 қыркүйегіне Торғайда белгіленген съезд нәтижесін күту үшін тамыздың аяғында Қостанай уезінің Аман-Қарағай болысы және Перовск (Сырдария облысы) пен Атбасар (Ақмолаоблысы) уездерінен көптеген қазақтар Торғай уезіне қонысаударды. Көтерілісшілердің болыс басшыларынан отбасылық тізімдерін алғандығы және жұмысқа мәжбүрлеп жұмылдыру жағдайында олардың қарулы қарсылық көрсету ниеті туралы Торғай уездінің басшысы Р. Г. Гарф 1916 жылдың 30 тамызында Торғай облысының әскери губернаторы М. М. Эверсманға баяндайды [205, с.579.]

1916 жылдың 17 қыркүйегінде Торғай уезінің 1-ші бөлімшесінің шаруа басшысы А.А.Карешников Торғай облысының әскери губернаторы М. М. Эверсманға Торғай уезіндегі көтеріліс барысында болыс басшыларымен байланыстың жоқтығы туралы хабарлай отырып: «Қыркүйек айының басында Торғай уезінде Петропавл жәнеАтбасар (Ақмолаоблысы) уездерінің, Перовск (Сыр-Дария облысы) уезінің және Қостанай (Торғай облысы) уездерінің қазақтары «шақырудан жасырыну, ал егер қажет болған жағдайда Торғай уезінің тұрғындарымен бірге қарсылық көрсету мақсатымен жиналды», – деп жазады [205, с.585.] Келтірілген мәліметтерге қарағанда болыс билеушілерінің барлығы патша жарлығын құп ала қойған жоқ. Дегенмен де келген бұйрық бойыншаелдегі азаматтардың талап етілген жасаралығындағы тізімін жасауға қатысты.

Айтып өткендей, барлық болыстар жарлыққа белсенді түрде қарсылық көрсетпеді, Ақтөбе уезінің Белқопа болысы және Бақсай болыстарының жеке ауылдарының қазақтары жиналу пунктіне келуге дайын екендіктерін білдірді, және осы уезд бүлікшілерінің қатер көрсетуі және қысымына байланысты оларға қосыла бастады. «Бақсай болысының №1 ауылының қазақтары және Белқопалықтар бүлікшілердің көзқарастарымен бөліспей, оларға қосылудан бас тартқаны үшін, лаңкестік жасады. Зорлық-зомбылықтан қорыққандықтан олар қыстайтын жерлерін қалдырып, басқа бір жерге жинақталса, олардың кейбіреулері, бүлікшілердің құдалауынан құтылу үшін малдарымен бірге Қостанай және Ақтөбе уездеріне қаша бастады. Себебі, олар өздерінің жақтастарынаайналғысы келмейтіндерді жазалай бастады», – деп жазады Ақтөбе уезінің басшысы А.И.Мясищев Торғай облысының әскери губернаторы

М.М.Эверсманға бүлікшілер жасақтарының ұйымдасуы туралы 1916 жылдың 30 қазанындағы есебінде [205, с. 596.] .

Бұйрыққа бастапқы кезеңде қазақ зиялылары да оның ішінде Ә. Бөкейханов бастаған топ 1916 жылы 11 тамызда «Қазақ» газетінің редакторлары А. Байтұрсынов пен М. Дулатов қазақ халқына өзінің үндеуін жазды. Олар халықты қорықпауға, тыныштық сақтауға бағыттаған мақалаларын жазды. 1916 жылы 30 қарашада «Қазақ» газетінің №207 санындаА. Байтұрсынов, С. Қадырбаев, М. Дулатов және М. Тұнгашин қол қойған жаңа үндеу Торғай және Ырғыз уезі халықтарына жолданды. Онда былай делінді: «... көпшілігі патша бұйрығына бағынды, тек кейбір халықтар, мысалы түркістан сарттары өздерін жұмысқа емес, соғысуға әкетеді деп ойлап, қарсылық білдірді. Онан әрі қарай, мұндай қарсылық көрсеткендерге әскер жіберілгендігі баяндалып, Жызақ қаласындағы оқиғамен қорқытады, ол жерде 20 мың адамды қырғанын, ал тірі қалғандары мал мүлкінен айырылғандығын баяндайды. Бірақ түркістан халқы патша құрығынан құтыла алған жоқ, сондықтан бәрібір бағынуға тура келді», – деп көрсетеді [206, с.116-117.] Мұндай үндеулер Ақмола және Семей облыстарының кейбір уездері халықтарына да жолданып, бекерге қан төкпей, әйелдер мен балалардың көз жасына қалмай бағынуды сұрады. Әрине бастапқыда алашордалықтарда мұндай жағдайлардың орын алғандығын жоққа шығара алмаймыз. Оны, С. Асфендиаровта бұл сол кезеңдегі буржуазиялық интеллигенцияға тән қасиет, себебі, олар халықтың басында болғысы келді дей келе, сонымен қатар қазақ зиялыларының қатарында ұлттық сезімнің көтерілгендігі жөнінде айтады.

1916 жылғы көтерілісте қазақтардың белсенділігі Ресейдің ішкі аумақтарымен шекаралас аудандарда, мысалы, Ақмола облысының Петропавл уезінде жекелей жасақтардың ерекше табандылық көрсетуі байқалған. «Торғай облысының орыс елді мекендері жоқ, тек қазақ тұрғындары бар оңтүстік уездері соңғы уақытқа дейін (1917 жылдың қаңтар айы) көтеріліс жағдайында болды. Бұл уездердің аумағының кеңдігі мен шалғайлылығы наразы қазақтардың бейбіт бөлігінің бұйрыққа бағынуына, ал қазақ лауазымды шенеуніктерге өз міндеттерін атқаруына зорлық-зомбылық, ұрлық арқылы кедергі келтіретін қарулы топтар құруға мүмкіндік берді. Мәселен, Ырғыз теміржолынан алыс жатқан, одан да шалғай Торғай уезді әлі де көтеріліс жағдайында, – деп жазды 1917 жылғы 25 қаңтарда Торғай облысының әскери губернаторы М.М. Эверсман полиция Департаментінің директоры А.Т. Васильевке жазған жеделхатында [204, с.623.]. Осылайша, көшпелілік жағдайындағы қазақ болыстары мен уездерінің географиялық орналасуы, темір жолға алыс не жақын орналасуы, үнемі қоныс аудару үдерісі және қазақтардың елді мекендеріне жақын орналасуы осы әкімшілік бөлімшелердегі қазақ халқының белсенділік дәрежесіне әсер етті.

Дегенмен де 1916 жылғы көтеріліс кезінде жоғарыда айтып өткендей, болыстық билеушілер Жарлықты орындауға мәжбүр болды. Оның себебін болыс қызметінің (лауазымы) мынадай сипаттамаларымен түсіндіруге болады: ең алдымен, болыстық билеушілер – бұл шенеуніктер, сондықтан олардың көпшілігі өздерінің тікелей қызметтік міндеттерін орындайды, себебі олар

мемлекеттен жалақы алмаса да, қоғамдық қаражаттан жалақы алған, қызметке кіріскенде ант берді. Сондай ақ, көптеген болыстық билеушілер бірнеше ұрпақ әулет өкілдерінен тұрды. Ал, олар бір-бірін қолдап отырды, бірі ауырса, басқасы болыстықты жалғастырды.

Сондықтан XX ғасырдың басындағы далалық облыстардағы болыстық билеушілерді мемлекеттік қызметтегі шенеуніктерретінде қарастыруға болады. Семей облысының әскери губернаторы Ф.Ф. Чернцов 1916 жылдың 18 шілдесіндегі Дала өлкесінің генерал-губернаторы Н. А. Сухомлиновқа жазған жеделхатында былай деп хабарлайды: «Тізімдер барлық болыстарда құрылып жатыр, көбі дайын», - деп мәлімдейді [204, с.550-551]. Мұндағы тізімдер деп отырғаны яғни жұмысқа алынатын қазақтардың тізімі. Болыстық билеушілердің ресми міндеттеріне сәйкес, тылдық жұмыстарға тартылған қазақтардың тізімдерін жасау бұйырылған болатын. 1916 жылдың шілде айының аяғында кейбір болыстық билеушілер шаруа басшыларына тізімге қатысты есеп беріп отырды. 1916 жылдың 29 шілдесінде Петропавл уезінің 6-шы учаскесінің шаруа жетекшісінің міндетін уақытша орындаушы Н.В. Кучук Ақмола облысының әскери губернаторы П.Н. Масальскийге хат жолдап: «Орта болыстық билеушіге жұмылдырылатын қырғыздар тізімін жасау тапсырылды. 21-ші күні басқарушы өзінің болыстық хатшысымен бірге маған есеппен келді, – деп жазады [204, с.520]. Болыстық билеушілер өз қызметін жүзегеасыру барысында көтерілісшілердің отбасылық тізімдерді тексерудегі тәртіп бұзушылыққа, қазақтардың патша жарлығына сәйкес жұмысшылар беруден бас тартуы, көтерілісшілердің қарулы күштермен өздеріне шабуыл жасағаны туралы есеп беріп, хаттама толтырады. Қостанай уезінің Қарабалық болысының билеушісі С.Кадыров 1916 жылғы 9 шілдеде жасалған хаттамада былай деп баяндайды: «Менің тәртіпсіздікті тоқтату және бүлікшілерді тарату туралы бұйрығыма бүлікшілер назар аударған жоқ, керісінше, мені соққыға жығамыз деп қорқытты», – деп көрсетеді [204, с.572].Сондай ақ, ол отбасылық тізімдерді тексеру үшін құрастырылған №5 ауылдың түтін иелерінің съезінің сәтсіздікке ұшырап жатқанына назар аударады. Көптеген болыстық билеушілердің жарлықты орындауды жалғастырып жатқандығы туралы Ақмола уезінің 5-ші учаскесінің шаруа басшысының 1916 жылдың 11 қыркүйегіндегі Ақмола облысының әскери губернатор қызметін атқарушыға ұсынылған есебі дәлелдейді: «Жеке өзім 16 болыс ішіндегі 11-нен отбасылық тізім алдым. Қалған 5 тізім өз уақытында, олардың 2-еуі 15 қыркүйек алынады деп үміттенемін. Жойылған тізімдер туралы мәліметтер маған келіп түспеді» [201, 33-34 бб.]. Келтірілген дерекке қарағанда көтерілісшілер жасалынған тізімді қолға түсіріп, өртеп жіберіп отырғандығын да байқауға болады.

Сондай ақ, кейбір болыстық билеушілер бүлікшілерді іздеуге қатысып, полиция қызметін деатқарады. 1917 жылдың 17 қаңтарында Қазан әскери округінің әскер қолбасшысы А.Г. Сандецкий Бас штабтың бастығы П.И. Аверьяновқа жазған жасырын баяндамасында: «Майқара болысының болыстық билеушісі Шұбалаң болысының басты бүлікшісі Омар Телімовты ұстап алып келіп, оны сот билігіне тапсырды», – деп жазады [204, с.621]. Әскер басшысы

А.Г. Сандецкийдің хабарламаларынан Торғай облысындағы жазалаушы экспедициялық отрядтың әрекеттері туралы да мәліметтер келтіріледі. Көтерілісті басу кезінде кейбір болыстық билеушілер жазалаушы күштермен бірігіп тұтқынға түскен бүлікшілерді өткізуді қамтамасыз еткен. Мәселен, жазалаушы экспедициялық отряд топтарды аңду барысында болыстық билеушіге 17 қырғызды (қазақ – втор) қолға түсіріп Торғайға өткізуге тапсырады. Бұл жөнінде Қазан әскери округінің әскер басшысы А. Г. Сандецкий Бас штабтың бастығы П.И. Аверьяновқа Қара-Кучинск және Қара-Торғай болыстарындағы полковник Тургеневтің жазалау отрядының көтерілісшілер отрядымен шайқасы туралы 1917 жылдың 28 ақпан – 4 наурыздағы жеделхатында баяндайды [204, с.628].

Қазақ даласындағы болыс билеушілерінің екінші бір сипаты, яғни олардың қызметіндегі екінші бағыт ресми өкілеттілігінің артуы болды. Жоғарыда айтылғандай қазақ болыс билеушілері 1916 жылғы көтеріліске дейін өздеріне бағынышты болыстарда бақылаусыз әрекет еткен, сондықтан көтеріліс кезінде Ресей әкімшілігінің әлсіреген жағдайында олардың көпшілігі өз мүдделерін ашық көрсете бастады, атап айтқанда, қызмет жағдайын асыра пайдалану, «көптеген заңсыз әрекеттер жіберілді, тылдағы жұмысқа жарлықтағы талаппен емес, жасы жетпейтін не асып кеткен адамдар алынды. Ал, тылдағы жұмыстан босатылғандар қызметке алынды. Омск болыс билеушісі Мәди Бибатыров, оның хатшысы Ахмет Татиновтың «тылдағы жұмыстан босату үшін параалғандығы жөнінде де мәліметтер кездеседі. 1916 жылдың 21 қыркүйегінде қазақтарды тыл жұмыстарына жұмылдыру кезінде болыстық ерікті басқармадан Әскери министрлікке берілген шағымда: «Көптеген адамдар тыл жұмыстарына жұмылдыру үшін талап етілетін жас шамасы сай келмейтіндей етіп куәліктер алса, керісінше, кейбіріне қызметке қабылданған куәліктер берілді. Мысал ретінде, туылған жылдары дұрыс емес куәліктерінің арқасында үйде қалған болыс билеушілерінің туысқандарының кішісі 19 жаста болса да, молда болып тағайындалды» [204, с.359 – 360]. Мұндай мысалдарды, яғни жасын үлкейтіп не жасартып тыл жұмысынан қашқан байлардың іс-әрекеті жөнінде көптеп келтіруге болады. Осындай әрекеттердің барлығының астарында парақорлық, жеңұшынан жалғасу, ымыраласу тұрды. Мұндай жағдайды қолында билігі бар болыс билеушілері назардан тыс қалдырған жоқ. Мәселен, Лепсі уезінің болыстарында Мақаншы-Садыр болысының билеушісі Қасым Жақамбаев, оның серіктестері – халық билері Оқыш Омаров пен Жексембек Князев өз болыстарындағы қазақтарды тыл жұмыстарынан босатуға уәде етіп, ақша мен мал талап етеді. Олардың кейбіреулері өздерінің мүліктерін аямай төлесе, басқалары олардың ашық қорқытуларына наразылық білдіріп, әрекеттерін айыптады. Жақамбаев оған төлем бергісі келмеген, бағынбайтын адамдардан кек алғысы келіп орыс шенеуніктеріне Құнамбай және Берші рулары жұмысшылар беруден бас тартып, көтеріліске шықты деп жеткізді. Осы 1916 жылдың қыркүйек айындағы Лепсі уезіндегі оқиғалар жөнінде М.Тынышпаев 1917 жылғы 14 қаңтарда жазған хатында баяндады [201, 286б.].

«Қазақ» газетінде де (20 қаңтар 1917 ж.) былай деп жазылды: «Біздің Таловкіде 1916 ж. 18 қыркүйегінен мобилизация басталды. Байлар өкімет жұмысына тұрды, кейбірі 1-1,5 мың сомды шығындай отырып, ауру не жұмысқа жарамсыз болып шықты. Сөйтіп олар куәлік алып, үйде қалды. Тыл жұмыстарынаең алдымен ден саулығына, жасына қарамай кедейлерді алды. 25 болыстың арасынан осы мақсатқа шығынданған сом жарты миллионнан асып кетті. Кейбір пысықтар комиссия мен аудармашылардың арасында делдал бола жүріп, байып алды. Өз ұлдарын шақыртудан босатқысы келіп, мал мүлкін сатқандардың өзі комиссия не аудармашы мүшелерімен сөйлесе алмай жүргендер қаншама, деп жазады. Сол сияқты 9 қыркүйектегі санында: Ақтөбе уезі Тұзтөбе болыстығынан – 260 адам, Бөрте болыстығынан 291 адам келді, 30 қазанда олар Оршаға жөнеледі. Бұл болыстықтардың темір жол мен қалаға жақын орналасқандары әртүрлі өкіметтік жұмыстарға қалды, ал майданға жұмысқа тұра алмаған тек кедейлері ғана жіберілді»,- деп көрсетеді [205, 286б.]. Келтірілген деректер бұл оқиғаның қазақ арасында жік салғанын, байлар мал мүлкін шашып, өз орнына кедейлерді жіберуге тырысқандығын көруге болады.

Болыстық билеушілер өздерінің жеке мүлкіне, малдарына шабуыл жасаған бүлікшілерді қудалауды талап етті, мысалы, 1916 жылдың 17 қыркүйегінде Павлодар уезінің Ақкелін болысының билеушісі П. Чорманов Павлодар уезінің басқармасына Шорманов әулетінің жылқыларын көтерілісшілер айдап кеткендігі туралы мәлімдеме түсіреді [204, 559б.].

Кейбір жерлерде болыстық билеушілер тыл жұмыстарына жұмылдыруды пайдаланып, өздерінің «партиялық» жауларымен есеп айырысты. 19-31 жасарасындағы қарсыластарының барлығын қосып, жаңа тізім құрастырып, «партиялық» жаулары орыстарға шабуыл жасау үшін құмда жиналып жатыр деп мәлімдейді. Яғни көріп отырғанымыздай орыстарды қара халыққа қарсы айдап салу болды. 1916 жылдың 7 тамызындағы Ә. Бөкейханов төрағалық еткен Торғай, Орал, Ақмола, Семей және Жетісу облыстары жиындағы қазақ халқы өкілдерімен кездесуіндегі хаттамада: «Жергілікті басшылар, әсіресе болыстық билеушілер, бейбіт, халықтың толқуын өздері тудырды, жоғары билікке бағынатын халықты ашуландырды, басшылыққа және заңға бағынбайды деп хабарлады», – деп жазады [201, 33-34бб.]. Бұл деректе де болыс билеушілерінінің өтірік құжаттар әзірлеп, халықтың үстінен көтеріліске шықпақшы деп, айдап салу әрекеттерімен жағдайды ушықтырып жібергендігі жөнінде айтылады.

Қазақ даласындағы болыстық билеушілердің үшінші тобының позициясы олардың өздері бүлікшілердің басы-қасында болды. Бұған көптеген жарияланған мұрағат құжаттары дәлел болады. Мәселен, Петропавл уезінің қазақтары арасында болған толқуда көптеген жылдар бойы жергілікті болыстық билеуші қызметін атқарған Торсан Тілемісов басы қасында болған. Ол Петропавл болысы хатшысының айтуы бойынша болыстарды аралап жүріп, қырғыз (қазақ – автор) халқының арасындағы өзінің ықпалын пайдаланып көтеріліс пайдасына үгіттейді», – деп жазады Петропавл уезінің 2-ші аймағының шаруа басшысы В. М. Хращевский 1916 жылдың 29 шілдесінде Петропавл болысы қазақтарының

көтерілісі туралы Ақмола облысының әскери губернаторы П. Н. Масальскийге жазған мәлімдемесінде [204, с.523].Мұрағаттық құжаттарда көтерілістерге қатысушылардың жауап алу хаттамалары мен құпия агенттердің есептері туралы ақпарат бар. Сондай ақ, олар көтерілген халық жағында болыстық билеушілердің белсенді түрде қатысуы туралы куәлік береді. Осыған байланысты қазақ және қырғыздардың көтерілісі жөнінде Үлкен Алматы болысының қазағы Байбосын Тамабаев тергеу нәтижесінде қазақтар мен қырғыздарды (автордың түсініктемесінесәйкес) көтеріліске арандатушылар мен осы кезеңдерде оларды басқарушылар туралы мына мәліметтерді береді:1) Даупас Ибраим, барлық старшындар, билер және болыстық билеуші Айхотаев, Асқар Ибраимов, Қожманбет, ол түрмеде. Олардың барлығы - Күрті болысынан; 2) Мойынқұм болысында Үлкен-Саздағы ауыспалы болыстық билеуші Жалдыбай, барлық ауыл старшындары, билер құрметті тұлғалардан Верный қаласында бірнеше үйі бар Ғали Ордабаев азғырушылар қатарында болды; 3) Қарғалы болысында көтерілген бүлікшілерді халық судьясы Устен, оның көмекшісі Тамабай Әджі: азғырушылар болыстық билеуші, аты мен тегін білмеймін, барлық ауыл старшындары мен билері; 4) Тайторы болысында көтерілген адамдарды Саке Ниязбеков басқарды, Батыс-Қастек болысын да өз қолында ұстайды, оның көмекшілері ағасы мен болыстық билеуші Темірбек. Азғырушылар барлық жоғарыдааталғандар, барлық болыс старшындары, билер және молдалар; 5) Ргайтин болысында Әджі Қарабаев, Әли Мұраходжаев, біріншісі бүлікшілерді басқарса, екіншісі оның көмекшісі қатарында бұрынғы болыстық билеуші Сарсебек бар, азғырушыларолардан басқаауыл старшындары, билер және молдалар, сондай ақ 2 және 3 ауылдарадамдарының кейбір бөлігі көтерілісшілерге қосылды; 6) Батыс-Қастек болысындағы көтерілісті Шалтобай Әджі Құдабергенов басқарды, ол өте ықпалды, болыстық билеуші болып табылады, оның көмекшісі бұрынғы болыстық билеуші Ақшал, азғырушылар болыстық старшындары және билер; 7) Жоғарғы-Іле болысында көтерілісшілерді Мамұт Қысибеков басқарды, азғырушылар барлық болыстық билеушілер, билерсонымен қатар бұрынғы болыстық билеуші тұтқындалған Ақшал да қатысты; 8) Төменгі-Іле ауылында, бұрынғы болыс билеушісінің үміткері Сарыбай, бүлікшілерді басқарады, азғырушылардың бәрі болыс старшындары және билер; 9) Жаңа-Іледе, бұрынғы болыс билеушісі Джулан Богубаев бүлікшілерді басқарады, барлық болыс старшындары және билер оның көрсетуімен халықты көтеріліске азғырды; 10) Ұзын-Ағаш болысында бұрынғы болыс билеушісі Тайтелі басқарды ал оның көмекшісі Кішібай Сарыбаев; 11) Ботпаев болысында бүлікшілерді басқарған Самалтыр Диканбаев, оның көмекшісі Хасении Адербеков пен Нарыбай және барлық болысстаршындары болды, қатыспағандар: Жанібек Хаджи молда, Куштут Усанбаева және №9 ауылдың старшыны.

Саз» мекеніне жиналып, 1916 жылғы 1 тамызда қазақтардан белсенді әскерде жұмыс істеуге тірі адамдарды бермеуге шешім қабылдап, хаттама толтырады [200, С. 80]. Міне, бұл жерде көптеген болыстықтардағы болыс билеушілерінің өзі халықпен бірге болып, орыс соғысына тылға жұмысшы, әскер

беруден бас тартып, қарсы шығады. Сондай ақ, жасырын қызметкер Нияздың агенті жазбасында: «Ботпаев болысының көтерілісі кезіндегі көтерілістегі бас жетекші болыс билеушісіне үміткер болды. Батыс-Қастек болысында көтерілісті, бұрын болыс билеушісі болған, қырғыз Кавкак басқарды. Қордай болысында көтерілген қырғыздарды осы болыстың болыс билеушісі басқарды. [200, с.130]. 1916 жылғы 10 шілде мен 7 тамыз аралығында Семей аймағында Зайсан уезінде болыс билеушісі Мирсалим Бектенов қарулы қарсылық ұйымдастырды [206, 121-122 бб.].

Ақмола уезінің бастығы А.С. Веретенников «абыройлы» қазақ Н. Саганаевтың «Қарабұлақ халқының тұрғындарын тыл еңбек жолына жұмылдыру туралы» қаулысын орындау барысындағы сәтсіз әрекеттері жөнінде мәлімдемесі бар. Онда: 1916 жылғы 7 тамыздағы хаттамасында: «Қарабұлақ болыс билеушісі Сағит Копенев халықты ақылға шақыру былай тұрсын, тіптен Ақмолаға барудан да бас тартты, Болыстардың барлық ақсақалдары ... халықты билікке бағынбауға шақыруы ашынтады» – деп жазады [201, 30б.]. Осындай мәлімдемелерден кейін 1916 жылғы 1 қыркүйекте Ақмола аймағының әскери губернаторы П.Н. Масальский «Дала өлкесінің» губернаторы Н.А. Сухомлиновке жеделхат жазады, онда: «Бас жетекшілердің бірі – Шерубай-Нұра болысының бұрынғы билеушісі, жеке ақпарат бойынша, жергілікті хан сайлаған, Нұржан Кияшевтің бауырын тұтқынғаалу туралы», –бұйрық берілген [204, с.532]. Жоғарыда айтылған фактілерден, ең бастысы, бүлікшілердің басында бұрынғы болыс билеушілері болғаны анық.

Болыс билеушілерінің төртінші тобын сипаттайтын болсақ, олардың бүлікшілерге бағынуы немесе олардағы аяушылық сезімнің болуы. Оларды келесі деректерден байқауға болады. 1916 жылдың 18 шілдесінде Семей әскери губернаторы Ф.Ф. Чернецов Дала өлкесі генерал-губернаторы Н.А. Сухомлиновке аймақтағы көтеріліс барысын хабарлап, былай дейді: «Лауазымды қырғыз (қазақ-автор) тұлғалары, мүмкін кейбір ақсақалдар, өз мүдделерінде жоғары биліктің талабына бағыну қажеттілігін түсінеді. Бірақ көбінесе, олар, оны ақылға келтіруге аздаған әрекет жасаса билеушілерге шабуыл жасайтын, оларды сатқын санап, ұрып соғып кететін, жабайы халықтың бұқара тобына бұны сендіруге күштері жетпейді, бір бөлігі оларға қойылған талаптарға өзіне нақты есеп бере алмай, кейбіреуі оны жауынгер деп қабылдап, жұмысқа барғысы келмейді», – деп жазады [204, с.550]. Яғни, бұл жерде қазақтардың тылға жұмысқа бару, соғысқа бару деп түсінетіндігі жөнінде айтады.

Болыс билеушілерінің кейбірі халықты аяп не солардың жағында болып не көтерілісшілерге мойынсұнып өзінің баянаттарында орыстарға кім шабуылдағанын көрсетпей, жасырғандар да болды. Сондықтан Колпаковпен хатшы Киселев болыстық билеуші соққыға жығылып жатқан шатырға түнде келіп билеушіден шаруа басшысының атына 11 шілдеде түнде бір топ белгісіз қырғыздар (қазақ-автор) шабуыл жасағанын және олардың отбасы бойынша тізімді алып кеткені туралы баянат жазуды талап етеді. Сол сияқты, қазан әскери-аймақтық сотының әскери - прокурорлық қадағалау қорытындысында

Орал уезі Чилик болысы қазақтарының болыс билеушісі Сүйін Колпаковқа және басқа тұлғаларға 1916 жылдың 6 тамызындағы шабуылы туралы да жазады [204, с.566.].

Петропавловск уезінің төртінші және бесінші бөліктеріндегі шаруа басшысы м.о. Б.П. Васильев 1916 жылғы 1 тамыздағы Ақмоланың әскери губернаторы П.Н. Масальскиге баяндағанындай: «Таң қаларлығы, барлық жағдайларда ... лауазымды тұлғалар ешқандай шабуылға қатысушыны атамады», – деп көрсетеді [204, с.524].

Сондай ақ, Петропавл уезінің 4-тұрағының приставы А. О. Довгайло Петропавл уезінің басқармасына 1916 жылдың 7 тамызындағы орыс ауылындағы көтерілген қазақтардың әрекеттері туралы жауап алу нәтижесі туралы баянатында: «кінәлі болыстардан билеуші, тек қана, көз бояу үшін ғана, 3 ауылдан үш қырғызды (қазақты-автор) Күзбек Оразаковты, Молоджан Ақылбековты және Ғали Сарсеновты көрсетті, олардың ішінде жауап алуда айтқандай..., Оразаков наурыз айында Петропавл түрмесіне жіберілген және қайтып келмеген, қалғандары Торғай аймағында жұмыс істеуде», – деп көрсетеді [204, с.528].

1916 жылдың тамыз айының ортасында Омбы уездік шаруашылық бастықтарының съезінде болыс билеушілерінің ешқайсысы әлі күнге дейін тылға жұмысқа алуға әзірленген тізімдерін жеткізбегенін атап өтті. Сонымен қатар, осы тізімдерді ауыл старшындары мен ақсақалдардың қатысуымен барлық билеушілерге 10 тамызға дейін өткізуі ұсынылған... Қазақ халқы, тыл жұмыстарына кірістіру үшін жасалатын тізім қажет болғаны туралы білгеннен кейін, билеушілергеосы тізімдерді құруға және жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Торғай ауданының басшысы Р.Г. Гарфтан Торғайдың әскери губернаторы М. М. Эверсманға бүлікшілердің отбасылық тізімді алу және 1916 жылдың 30 тамызында жұмысқа мәжбүрлеп жұмылдыруға байланысты қарулы қарсылығы жөніндегі баянатында: барлық Торғай уезінде болыс басқармасының әрекетсіздігі байқалды, бір де бір болыс билеушісі қалаға келмеді, ал соңғы кезде өздерінің ат шабарларын – хат тасушыларын ғана жібереді делінген [204, с.579]. Сонымен қатар, 1916 жылдың тамыз айының соңында Қостанай уезінің басшысы М.В.Кочергин өз баяндамасында бүлікшілердің отбасылар тізімін жою туралы және болыс әкімшілігіне зәбір көрсету, қарулы жасақтар және бақылаушы тұрақтар құруы туралы да баяндайды. Сондай ақ, Торғай аймағының губернаторы М. М. Эверсманға жазған хатында: «олардың кейбіреулері (болыс билеушілері - автор) өздері қырғыздардың (қазақтар - автор) көтерілуіне ниетті болуы тіптен мүмкін» деген болжам айтады [204, с. 582].Осылайша, болыс билеушілерінің рөлі туралы айтқанда, олардың 1916 жылғы көтерілістегі қызметі мен бағыты туралы төмендегідей сипаттауға болады: ынтымақтастықтан бастап қарсыласуға дейін, айта кететіні, көтерілісшілермен де және де Ресей билігімен де. Ресей әкімшілігімен ынтымақтастық көптеген болыс билеушілері, жергілікті әкімшіліктің нақты лауазымды тұлғалары болып, өз міндеттерін дұрыс орындауды жалғастыруына негізделген. Қатысушылармен ынтымақтастықтың бір бөлігі кейбір бұрынғы билік басындағылармен болды, олар өздерінің ресми

өкілеттігін жоғалтқанымен, бірақ өз болысындағы тұрғындарарасында беделін жоғалтпаған, әсіресе өздерінің «партияларында». Дегенмен, өздері көтерілісшілер жасағын басқарушы және ресми билікке қарсылық білдіретін белсенді болыс билеушілері де бар. Болыс билеушілердің ресейлік билік өкілдерімен қарсыласуы Қазақ өңірінде жүргізіліп жатқан және соның салдары халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының күрт нашарлауына әкелген, жер саясаты себебінен болды. Болыс билеушілерінің көтерілісшілермен қарсыласуы бағынышты халыққа қатысты билікті асыра пайдалану негізінде туындады.

Сонымен, болыс билеушілерінің 1916 ж. көтерілістегі әрекеті мен ұстанымын талдай отырып, мынадай қорытындыға келуге болады: көтерілісшілермен де ресей өкіметімен де ынтымақтаса отырып конфронтацияға келу. Ресей әкімшілігімен ынтымақтастығын көптеген болыс билеушілері жергілікті әкімшіліктің іс жүзінде шенеуніктері бола отырып, өздерінің қызметтік міндетін бұлтартпай орындап отыруымен негіздеуге болады. Көтерілісшілермен ынтымақтасу негізінен өзінің ресми уәкілдігінен айырылған, бірақ өзінің болыстығындағы халыққа әсіресе, өз ру тобына ықпалы бар бұрынғы боылс билеушілерінен байқалады. Дегенмен де, өздері көтерілісшілер отрядын ұйымдастырып, ресми билікке қарсы шығып жатқан қызмет етіп жатқан болыс билеушілері де бар. Болыс билеушілерінің орыс билігімен конфронтацияға келуі Қазақ өлкесіндегі жер саясатының жүргізілуімен, соның зардабы ретіндегі бұқара халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының кенеттен нашарлап кетуімен байланысты болды. Болыстық басқарушылардың көтерілісшілермен конфронтациясы ведомстволық бағынысты халыққа қатысты өздерінің биліктік өкілеттіктерін шамадан тысасыра пайдалану негізінде пайда болды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ даласындағы болыстық билеушілер институтының теориялық аспектілерін зерттеу барысында отандық және шетелдік зерттеушілердің тұжырымдамалары талданды. Методологиялық зерттеуде «болыс» терминін анықтаудағы қиындықтар, бізге орыс деревнясымен, қазақ көшпелі қоғамындағы «болыс» ұғымының шегін, әртүрлі шаруашылық-мәдени типтермен байланысты олардың өзгешеліктерін, құрылу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеуге қатысты Кеңес дәуіріне дейінгі әдебиеттерді талдау барысында революцияға дейінгі зерттеулерде Қазақ даласында басқару жүйесін ұйымдастыру мен қызмет етуі жөніндегі ақпараттық және статистикалық материалдардың молдығын байқатты. Бір жағынан революцияға дейінгі зерттеулердің негізгі бөлігі ғылыми жүйелеуден құралақан, тек жалпы мағлұматтар, оның үстіне бұл кезеңдерде болыс билеушілері әлеуметтік категория ретінде революцияға дейінгі кезеңде арнайы талдаудың нысаны бола қойған жоқ.

Кеңестік, отандық және шетелдік тарихи зерттеулерді құрылымдық-функционалдық талдау тарих ғылымында басқарудың болыстық жүйесі, қазақ даласының әлеуметтік-мәдени өмірінің дамуындағы болыс билеушілерінің рөлі мәселелері тарихта ұзақ уақыт бойы зерттеле қойған жоқ. Ал, берілген әдебиеттерде патша өкіметі саясаты түйісіндегі болыстық басқару жүйесінің қалыптасуы жөнінде жеткіліксіз ақпараттар кездеседі. Сондай-ақ Орынбор, Батыс Сібір, Түркістан және Дала генерал-губернаторы уездеріндегі болыстардың саны, болыстар территориясын анықтау тетіктері жөніндегі ақпараттар көп болмады.

Зертеуге қатысты деректерді талдау негізінде болыстардың қызметіндегі негізгі міндеттерді, олардың халық өміріндегі орны жөніндегі, сондай ақ, қызметтік құжаттардан олардың іс жүргізу құжаттары, есептері, мадақтау, шен алу, өтініш беру, т.б. ақпараттарарқылы қазақ арасындағы басқарудың төменгі сатысы болыстық қызмет жөнінде тұтастай сипатын құра алдық.

Қазақ даласындағы аймақтардың әкімшілік құрылымын құру ерекшелігі және XIX-XX ғ. басындағы болыстық қызметті басқару әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктері айқындалды. Егер Батыс Сібір генерал-губернаторлығы территориясында болыстық институттың құрылуы XIX ғ. 20 жылдары басталса, Даланың қалған бөлігінде болыстық басқару құрылымының пайда болуы қырық жылдан кейін жүрді. Болыстар мен ауылдарды басқару құрылымының өзгеруі қазақтардың дәстүрлі өмір-салтының бұзылуына, көшпелі шаруашылықта күрделі қозғалыстардың жүруіне, жаңа әлеуметтік-мәдени құбылыстардың болуына, қорыта келгенде орыс әкімшілігі билігімен байланысты болыс бейнесіндегі жаңа билеушіні тудырды.

Болыс съездерін өткізу тетіктері, XIX ғ. болыс билеушілері мен ауыл старшындарын сайлау жүйесінің ерекшеліктерін және XX ғ. олардың эволюциясы талданды. Болыстық сайлаушылардың съезд өткізу орны мен уақытын уезд бастықтары анықтап, олар тәртіпті бақылай отырып, сайлауға

ықпал етпеуге тырысты. Болыстық съезд екі кандидатты: бірі болыс билеушісі лауазымына сайланды да, екіншісі кандидат болып қалды (соңғысы болыс тәртіп бұзып, халықтың көңілінен шықпаса не қайтыс болған жағдайда).

Жұмыста болыс билеушілерінің жергілікті халықпен және аймақтық өкіметпен (уезд бастықтары, әскери губернаторлар, генерал-губернаторлар) өзара қарым-қатынасы, болыс билеушілерінің орыс өкіметін қабылдау үдерісі және орыс шенеуніктерінің олардың қызметін бағалауы кең көлемде зерттелді. Болыстардың сол болыстықтағы ықпалды қазақтармен өзара әрекеттесуі арқылы өздерінің ұстанымдарын өткізуге және сол лауазымдарын сақтап қалуға мүмкіндік алып отырды. Аталған мәселелерді зерттеу XIX ғ. бойы қазақтың көшпелі қоғамының империялық өкіметтік жаңа енгізулеріне бейімделу үдерісін түсінуге мүмкіндік берді. Сондай ақ, болыс билеушілерінің қазақ халқымен және орыс әкімшілігімен өзара қарым қатынасы, болыстық билеушілердің үстінен жүргізілген арыз, шағымдар, көшпелі қоғамдағы ішкі руаралық қақтығыстар сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы әлеуметтік-мәдени даму деңгейін деанықтауға мүмкіндік берді.

